

КӨРКЕМДІК БІЛІМ БЕРУ ХУДОЖЕСТВЕННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

**ӘОЖ 378.02:37.016
ҒТАХР 14.35.09**

¹М.Ж. Жақыпбекова, ²Д.С. Болысбаев, ³Т.М. Оспанов, ⁴Г. Бахарова

¹ педагогика ғылымдарының кандидаты,

² философия ғылымдарының кандидаты, доцент,

³ магистр оқытушы,

⁴ магистрант,

^{1,2,3,4}М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
Шымкент, Қазақстан

6B02140 – КЕСКЕНДЕМЕ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША СТУДЕНТТЕРДІ КӘСІБИ ДАЯРЛАУДА ҚАЗАҚСТАН БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ СОҒЫС СЮЖЕТТІ ЖАНРЫНЫҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ

Аннотация

Мақалада 6B02140-Кескіндеме мамандығының студенттеріне арналған "Қазақстан бейнелеу өнер тарихы" пәнін оқып үйренуі, Қазақстандағы бейнелеу өнеріндегі баталдық жанрдың дамуы мен қалыптасуы, Қазақстанның қазіргі бейнелеу өнеріндегі дәстүрлер мен жаңашылдықтар, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының ұжымы әзірлеген 6B02140-Кескіндеме білім беру бағдарламасы бойынша өнер бакалаврларын дайындаудағы баталдық жанрдың орны мен рөлі. "Қазақстан бейнелеу өнер тарихы" курстың басты мақсаты мен міндеттері, студент оқу барысында меңгеруі тиіс білім мен құзыреттіліктері анықталған, кәсіби бейнелеу өнерінің дамуының негізгі кезеңдері қарастырылады, оның ішінде Қазақстанның бейнелеу өнеріндегі баталдық жанрдың 1960-1980 жылдардағы дамуы мен қалыптасуы, Бек Тулеков, Қалиолла Ахметжан, Дәурен Қастеев сияқты тарих қайраткерлерінің немесе халық эпосы батырларының суреттерімен жұмыс істейтін біздің замандастарымыздың шығармашылықтары. Мақаланың практикалық мағынасы: Қазақстанның бейнелеу өнерінің баталдық жанрын зерттеу бойынша дәрістік сабаққа теориялық материал әзірлеген.

Түйінді сөздер: бейнелеу өнері, кескіндеме, дәстүр, баталды жанр, студенттердің кәсіби дайындығы.

¹M.Zh. Zhakypbekova, ²D.S.Bolysbaev ³T.M. Ospanov, ⁴G.Baharova

¹candidate of pedagogical sciences

²candidate of philosophy sciences, docent

³master lecturer

⁴master student

^{1,2,3,4}M. Auezov south Kazakhstan state university
Shymkent, Kazakhstan

THE ROLE OF THE BATTLE GENRE IN THE ART OF KAZAKHSTAN IN THE PROFESSIONAL TRAINING OF STUDENTS OF SPECIALTY 6B02140 - PAINTING

Abstract

The article discusses the study of "the History of fine arts of Kazakhstan" in the professional training of students majoring 6B02140 - Painting, the development of the battle genre in the fine arts of Kazakhstan, tradition and innovation in contemporary art of Kazakhstan the place and role of it in training bachelors of art in education program 6B02140-"Painting" was developed by staff of the Department " Fine art and design" in South Kazakhstan state University. M. Auezov. The main purpose of teaching, the goals and objectives of the discipline, the knowledge and competence that a student must acquire in the course of

studying the discipline "the History of fine arts of Kazakhstan", the main stages of the development of professional fine arts, including the development and formation of the battle genre in the visual arts of Kazakhstan in the 1960s and 1980s, the work of our contemporaries artists working on images of historical figures or heroes of the national epic such as Bek Tulekov, Kaliolla Akhmetzhan, Dauren Kasteev. The practical significance of the article is developed by the authors of the theoretical material for a lecture on the study of the battle genre of fine art in Kazakhstan.

Key words: fine art, painting, traditions, battle genres, professional training of students.

¹М.Ж. Жакыпбекова, ²Д.С. Большбаев, ³Т.М. Оспанов, ⁴Г. Бахарова

¹ кандидат педагогических наук,

² кандидат философских наук, доцент,

³ магистр преподаватель,

⁴ магистрант,

^{1,2,3,4} Южно-Казахстанский Государственный университет им. М. Ауэзова
Шымкент, Казахстан

РОЛЬ БАТАЛЬНОГО ЖАНРА В ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОМ ИСКУССТВЕ КАЗАХСТАНА ПРИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКЕ СТУДЕНТОВ СПЕЦИАЛЬНОСТИ 6В02140 – ЖИВОПИСЬ

Аннотация

В статье рассматривается изучение дисциплины «История изобразительного искусства Казахстана» в профессиональной подготовке студентов специальности 6В02140- Живопись, развитие и формирование батального жанра в изобразительном искусстве Казахстана, традиции и новации в современном изобразительном искусстве Казахстана, место и роль его в подготовке бакалавров искусства по образовательной программе 6В02140-«Живопись» разработанной коллективом кафедры «Изобразительное искусство и дизайн» Южно-Казахстанского государственного университета им. М.Ауэзова. Определены главное назначение преподавания, цели и задачи дисциплины, знания и компетенции которыми должен овладеть студент в процессе изучения дисциплины «История изобразительного искусства Казахстана», рассматриваются основные этапы развития профессионального изобразительного искусства в том числе развитие и формирование батального жанра в изобразительном искусстве Казахстана 1960-1980-х гг., творчество наших современников художников работающих над образами исторических деятелей или героев народного эпоса таких как Бек Тулеков, Калиолла Ахметжан, Даурен Кастеев. Практическое значение статьи состоит в разработанной авторами теоретического материала к лекционному занятию по изучению батального жанра изобразительного искусства Казахстана.

Ключевые слова: изобразительное искусство, живопись, традиции, батальный жанр, профессиональная подготовка студентов.

Қазіргі заманауи білім беру жүйесінде өнер танушылық және мәдениет танушылық пәндер циклін оқудың маңызды міндеттерінің бірі ол жеке тұлғаның рухани әлемге тереңірек баулу, ұлттық мәдениеттің барлық қырларын аша отырып, әлім танудың жан – жақтылығын кеңінен таныту, көркем мәнерін ашып көрсету. Өнер тарихын оқу барысындағы гуманитарлық білімдер әмбебап қабілеттіліктердің, негізгі білімдерімен байланыстылығын құрайды. Осы себептен, Қазақстан Республикасындағы Білім беру бағдарламалары кәсіби және жалпы білім берудің этномәдени моделінен тұрады, сонымен қатар, ұлттық аймақтық компоненттер де қарастырылады.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің "Бейнелеу өнері және дизайн" кафедрасының ұжымы әзірлеген 6В02140 - "Кескіндеме" білім беру бағдарламасы бойынша "Қазақстан бейнелеу өнерінің тарихы" пәні өнер бакалаврларын дайындаудың ажырамас бөлігі болып табылады. Қазақстан мәдениетінің көркем сәулелерін кеңінен тану үшін, өткені мен бүгінгісін тану үшін, пән оқу бағдарламасы ХХ ғасыр мен ХХІ ғасырдың басындағы бейнелеу өнерінің сараптамасын қарастырады, жаңашылдықпен дәстүрлінің айырмашылығын, заманауи көркем білімнің жасандылығын көрсетуге, шығармашылықтың мәңгілік идеяларын көрсетуге бағытталған.

"Қазақстан бейнелеу өнерінің тарихы" пәні жоғарыда аталған білім беру бағдарламасына сәйкес «Өнер негіздері» модулінің базалық пәндер циклінен таңдау компоненті болып табылады. Білім беру бағдарламасы бойынша пәнді оқыту нәтижесі бейнелеу өнерінің әртүрлі түрлері мен жанрларын анықтау, Қазақстан өнерін дамытудың стиль және көркемдік үрдістері тұрғысынан көркем шығармалардың мазмұнын және мәнерлілік құралдарын талдау болып табылады. Соғыс сюжетті жанр «Қазақстан бейнелеу өнерінің тарихы» пәннің мазмұнында көрсетілген, сонымен қатар, ол Қазақстан өнерінің жарларының бірі ретінде ұсынылады (№9 дәріс сабағының тақырыбы).

«Қазақстан өнерінің тарихы» курсын оқудың ең басты негіздемесі – Қазақстанның басқа да мәдениеттермен тығыз байланыста дамыған көркем мәдениетінің негізінде студенттердің этномәдени жеке тұлға ретінде қалыптасуы; болашақ мамандардың этномәдени білімге арналған көркем – гуманитарлық біліміне әсер ету болып табылады» [1]. Этномәдени білім берудің негізі жеке тұлғаның көпмәдениетті тәрбиеленуі, жеке тұлғаның өзінің түпкі мәдениетімен үйлесуі, сонымен қатар басқа да мәдениеттермен диалог құру тәсілі, олардың өзара толықтырылып отыруы.

Курстың міндеттері заманауи білімнің даму тенденциясымен тікелей байланысты. Қазақстан өнерінің тарихы бір жағынан түрік этносының рухани тәжірибесін, әлеуметтік мәдени тәжірибесін, екінші жағынан ұлттық өнердің кәсіби тәжірибесін, сонымен қатар шығармашылық қызметтің әдістерін қарастырады.

Студент меңгеруге тиісті білімдер мен біліктіліктер (болашақ өнер бакалавры), келесідей біліктіліктерді қарастырады: өнертанушылық - мәдени даярлық, нақты материалды шығармашылық тұрғыда меңгеру, Қазақстан өнері тарихын «Әлемнің көркем бейнесі» ретінде қабылдау қабілеттілігі, көркем қабылдау мәдениеті, өнер туындыларын сараптай алу мен олардың негізгі құндылықтарын бағалай алу қабілеттіліктерінің болуы. Педагогикалық даярлық болашақ өнер мамандарының этномәдени білім мен шығармашылық қызметке бейім болуы болып табылады. Қазақстан өнерінің тарихын оқу барысында курстың өзекті мәселелі тақырыптарын қарастыру көзделеді.

Тарихи мәдени дәстүрлерді меңгеру барысында ХХ – ХХІ ғасырдағы Қазақстанның заманауи өнері дамиды, кәсіби бейнелеу өнерінің негізгі даму кезеңдері қарастырылады, сонымен қатар, Қазақстандағы бейнелеу өнерінің соғыс сюжетті жанры қарастырылады; 1960-2018 жылдардағы Қазақстандағы бейнелеу өнерінің дәстүрлері мен жаңашылдықтары да сарапталады.

Дәстүр көркем өнердің негізін қалаушы түсінік болып табылады, өйткені көркем мәдениет дәстүрсіз бола алмайды. «Дәстүр» терминімен мұра, сабақтастық, өзіндік ерекшелік деген секілді түсініктермен тығыз байланысты. Өзіндік ерекшелік - «өмірдің негізгі мәні» өз бетінше даму үстіндегі көркем мәдениеттің мәні деуге болады. Жаңашылдық - ол нақты немесе тұрақты қағидалары жоқ, шығарманың бейнелеу – мәнерлі құрылымы.

Қазақстанның бейнелеу өнерінің қалыптасып дамуына орыс совет өнері қатты ықпал етті, сонымен қатар, ол суретшілерге жылжымалы көрмелер арқылы бейнелеу өнерін таныстырып отырды.

Өрімдікәліметтік экономикалық және мәдени өмірінің үнемі өзгеріп отыруының салдарынан кескіндеме шығармаларының тақырыптарына үнемі жаңашылдық енгізіп отыруды меңзейді, сонымен қатар, жаңа өмір талаптары суретшілердің өздерінің де осы жаңа құрылысқа белсенді араласу деген құштарлықтары оятты. Осы орайда алғашқы қадамдардан бастап ақ, Қазақстандағы жанрлық кескіндеме қоғамның сырт бейнесімен, ондағы өзгеріп отырған құбылыстармен тығыз байланысты болды.

30-жылдары совет бейнелеу өнері еңбек, спорт, тұрмыс тақырыптарына толық сіңіп, сюжеттер кеңістігі ұлғайып, картиналарға пейзаж көбірек енгізіле бастады. Осының барлығы дерлік, қазақстандық суретшілердің шығармашылығынан көрініс тауып отырды, алайда ол барлық сәттерде толыққанды болып жатпады, дегенмен жас ұрпаққа тиімді еді.

Қазақстанда кішкентай болса да, өте қызықты суретшілер ұжымы пайда болды, олардың ерқайсысы шығармашылық ұрғидан жеке дара болатын. Осы жеке даралық суретшілердің кәсіби шығармашылыққа барар жолдарында онан да аса айрықша болып түсті. Халық арасынан алғашқылардың қатарында болып - Ә.Қастеев, ағайындар Х. Ходжиков және К.Ходжиков, А.Исмаилов, А. Ташбаев, Б. Сарсенбаев сынды белді суретшілер шықты.

Ұлттық суретшілер өздерімен бірге, бейнелеу өнеріне халық шығармашылығын алып келді, сонымен қатар, ұлттық образдардың шынайылығын жеткізе білді.

Қазақстан бейнелеу өнеріндегі соғыс сюжетті жанрдың ролі мен орынын белгілеуде мұндағы алғашқы тәжірибелер мен Қазақстандағы 30-шы жылдардың соңындағы тарихи маңызды уақталарды

кескіндеу тәжірибесін айта аламыз. Алайда, тарихи соғыс сюжетті жанрға суретшілер көп көңіл бөлді, осы көлемдегі шығармалардың көптегені еңбектер тарихына енбей қалған. Бұған бірден бір себеп ретінде, суретшілердің шығармашылық машықтарының аздығы болды. Кейде композициясы күрделі, көпқырлы жұмыстар алғашқы сатыда тоқтап қалып отырады, себебі, мұндағы ақпарат жинау, шынайы материалдар дайындау, картинаға арналған бірнеше нұсқаларды қарастыру секілді жұмыстар ақсап тұрды. Алайда суретшілер өздерінің шығармашылықтарында және соғыс сюжетті жанр туындыларында бірнеше мәселелерді шешуге тырысады. Тарихи мәселер төңірегінде жазылған жұмыстар әсіресе, атаулы күндерге арналған шараларға дайындық кезеңінде, сонымен қатар, 1940 жылы Советтік Қазақстанның 20 жылдық мерейтойына арналған шараларда көптеген тарихисоғыс сюжетті жанрда шығармалар пайда болды. Осы айтулы шараға арнайы Г.Симкин («Чапаев под Уральском»), Э.Чарномский («Клятва Исатая»), сынды картиналар жазылды, ондағы уақиғалар айтарлықтай шынайы болмағанымен, болашақ шығармашылыққа, суретшілердің өсуіне мүмкіндік болды [2].

Қатаң әрі мәнерлі, қызықты картинаны А.Риттих жазды, ол осы жылдары бейнелеу өнерінің барлық түрлері мен жанрларында белсенді жұмыс асады. «За власть Советов» (1937) шығармасында ол қолында мылтығы бар, майдан шебінде қаза болған командирінің жанында отырған солдатты бейнелейді. Бұл картина сол кезеңдегі қаһармандықты ерекше құралдар арқылы көрсетеді. Картинаның түстерінің шешімі де сондай қатаң, ұқыпты, жайманың аскетикалық ақ түсі, шинельдің сұр түсі мен жалаудың ал қызыл түсі барлығы үйлесім тауып, картинаның маңыздылығын арттырып тұр. Сарбаздық образы ішкі күшімен толықтырылып тұр. Жауынгердің рухани күйзелісі, кез келген уақытта түрегеліп кетуге дайын тұрған кейпіңнен байқалып тұрғандай. Суретші мұнда түстер мен жарықты ұтымды пайдаланған.

Тарихи тақырыптарға шығармалар жазу тәжірибесі әсіресе, А. Бортниковтың «Выступление Д.Фурманова на митинге мятежников в г.Верном в 1920 году» (1940) шығармасы болды. Бұл картинаны сюжетіне арқау болған тарихи фактілер болып табылады. Картинада күрделі психологиялық сәт бейнеленген: Верненск қамалының босқыншылар гарнизонының алдында тұрған Фурманов. Суретші көптеген совет суретшілерінің шығармашылығымен жақын таныс екендігі сөзсіз әрине, әсіресе, И. Бродский шығармашылығы, себебі оның шығармашылығында дәл осы Бортниковтың ықпалын аңғаруға болады.

Бортников Фурмановтың образын поэтикалық қана емес әрекет аумағын тарихи дәлдікпен береді. Осы қасиеттер, уақыттың, әрекет орнының дәлдікпен берілген нақтылығы бейнелеу өнеріндегі соғыс сюжетті жанрдың даму кезеңіне тән болатын.

Қазақстандағы революциялық тарихтың кескіндемесіне А. Қастеев көңіл аударды. Суретші республикадағы уақиғаларға арналған бірнеше соғыс сюжетті шығармаларды жасап шығарды («Организация Красной Армии», «Поход Амангельды»), сонымен қатар Амангелдінің бірнеше портретін жасады. Осы топтамадағы бірнеше картиналардың ішінен ең тартымдысы акварельмен салынған «Атака Амангельды» (1939) болды. 1940 жылы Қастеев үлкен картинаны жасап шығарды, ол акварельмен салынған суретті майлы бояумен қайта қаталап салынған «Атака Амангельды» картинасы еді [3].

Тарихи революциялық тақырып суретші шығармашылығына терең сіңіп, оның өмірінің соңына дейін шығармашылығының негізі болып отырды. Әсіресе, маңызды және өзекті жұмыстардың бірі ол Ә.Қастеевтің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Амангелдінің образын жасан туындылары болатын. 1944 жылы Алматыда Амангелді Имановтың қайтыс болғанына 25 жыл толуына орай көрме ұйымдастырылды. Осы көрмеге ол бірнеше картиналар дайындады, сонымен қатар соғыс сюжетті жанрда да шығармалар даярланды, осыған оның алдында материалдары зерттеу барысында туындаған суретшінің Қазақстанның революциялық қозғалыстарының уақиғасына арналған шығармалары мен Амангелдінің жорығына қатысушылардың қаһармандықтарымен таныстыратын шығармалар болды.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қаһармандық әрекеттерге арналған шығармалар барлық совет өнеріне тән болды.

Сонда да, тарихи және соғыс сюжетті жанрдағы шығармалардың басым көпшілігі осы кезеңдерде тек қана патриоттық тақырыптарға, совет жауынгерлерінің қаһармандық әрекеттеріне арналып отырды. Осы тақырыпты толығымен ашқан А.Риттих «Сильнее смерти», «Последняя граната» шығармалары болды. Және басқа да суретшілердің осы типтес тақырыптағы шығармалары да белең алып отырды. А.Риттих шығармалары таңдалған тақырыптарының өзектілігімен, сюжетінің

мәнерлілігімен, композициялық шешімінің ырғақтылығымен, батыл кескіндерімен ерекшеленді. Расында, оның жұмыстарының арқасында натуралистік, кескіндік түстік біркелкілік көркем шығармалардың даму бағыты қарқын алды.

Л.Леонтьев «Десант балтийцев» шығармасында совет десанттарының таңсәріде қайықтан түсіп жағаға қарай бет алған сәттерінен көріністі бейнелеген. Суретші бұл сюжетте көк, сұр, қара және жасыл түстердің көмегімен қатаң, тұманды, суық таңның бейнесін береді. Леонтьев шығармасының негізгі маңыздылығы Балтық теңізі сарбаздарының психологиялық шешімін төмендетілген формасында болды.

Кейіпкерлердің портреттерінің композициялық шешімдерін толық ашып көрсетуінің арқасында, мәнерлі туындылардың авторы А.Черкасский. Оның «Трагедия на Днепре» (1943) – шығармасы фашистік жорықтардың повесті болып табылады.

Соғыстан кейінгі жылдардағы Қазақстанның суретшілері соғыс сюжетті жанрдағы тарихи тақырыптарды жалғастырып отырды. Олар өздерінің шығармаларын халықтың қаһармандық әрекеттеріне арнап отырды, сонымен қатар, тарихи революциялық уақиғаларға да арнады.

Алайда, Қазақстанның революциялық тарихи 40-50 жылдардағы көптеген суретшілерді қызықтырды, осының салдарынан осындай тематикалық картиналар жанрлық және портреттік жанр шығармаларымен бірдей қарқынды дамып отырды. Тарихи шығармалардың орындалу жолында көркем ойлау шеберлігінің тұрақсыздығы, образдық композициялық шешімдердің тұрақсыздығы аңғарылады. Толыққанды шығарманы жасап шығару үстінде суретшілер көп жағдайда тандалған тақырыптарының өздеріне жақындығын аңғартады. Нақты белгіленген қатаң тәртіптерге аса мән беру суретшілердің соғыс сюжетті жанрдағы бейнелеу өнері шығармашылығына тосқауыл болып отырды. Осы уақыттағы картиналардың біраз бөлігі К.Шаяхметовтың «Токаш Бокин конфискует скот у баев» (1958), Ким Хен Нюнның «Отправление Перовского партизанского отряда на фронт» (1960), П.Данилов пен А.Исмаиловтың «Встреча В.И.Ленина с А.Джангильдиным» (1960) және тағы басқа жұмыстары болды.

Жанрдың даму барысындағы жаңа сапалы бағыт, яғни, тарихи революциялық тақырыптарға арналған шығармалар 50-ші жылдардың соңы мен 60-шы жылдардың аяғына тура келеді. Суретшілер өмірлік сюжеттердің қарабайырлығынан осы өмірлік сюжеттердің пластикалық өзгеруінің нәтижесі, ішкі күйзелістер мен ішкі көңіл күйді толығымен ашып көрсетеді. Сондықтан да біз картиналардан көп жағдайда суретшілердің болған жағдайда анықкөрсетуге деген ынтасы мен сол уақиғаның рухани – эмоционалды атмосферасын беруді көздегендігін көре аламыз.

Бұл тарихи – революциялық тақырыптарға жазылған К.Тельжанов шығармаларында көптеп кездесі, ол өз кезегінде Қазақстанның бейнелеу өнеріндегі соғыс сюжетті жанрдың дамуына үлкен үлес қосты.

К.Телжановтың «Казахстан в 1918 году» шығармасы өзінше ерекшелігімен қызықты. Онда революциялық уақиғалар, олардың халық үшін тарихи ролі халықтың әртүрлі образында бейнеленген. Өсімдігі тапшы далада, жаңалық жаршысы ретінде қызыл әскерді күтіп, жиналып орған халықтың бейнесі. Бір шетте отырған қазақ кемпірдің келбетінде қуаныш нышаны бейнеленген, егде тартқан қазақ кісінің бейнесі әлде нені күткендей, тағы бір бейне салт аттыларға қарсы жаңалықты бірінші білуге ұмтылғандай болған жас әйел бейнесі. Басын салбыратып, қолын ашу ызамен қысып алған молда көрерменге арқасымен тұр.

Шығарманың композициясы үлкен аспанды, даланың кеңдігі мен байтақтығын, көруге мүмкіндік берді, ол өз кезегінде ашық түсті колоритте қуанышты мерекенің келбетін береді. Суретші тарихи картинаның мазмұнын шебер аша білген және оған жанрлық ерекшеліктер бере отырды өмірлік шынайылығымен эмоционалды әсерін күшейте түскен.

Соғыс сюжетті жанрда бейнелеу өнерінің шебері Н.Нұрмұхамедовтың шығармашылығы да өте ерекше, ол 1941 жылдан бері көптеген республикалық және шет елдің көрмелердің қатысушысы» [4].

Суретші СССР суретшілер одағының мүшесі, өнертану ғылымдарының кандидаты, Нағымбек Нұрмұхамедов 1924 жылы Семей облысының (қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл районы) Сайтанды деген жерінде дүниеге келген.

1947 - 1953 жылдары Ленинград қаласында И. Е. Репин атындағы бейнелеу өнері, мүсін және архитектура институтында Р.Р. Френцтің жетекшілігімен білім алып, негізгі мамандық бағыты баталдықжанр болды. 1959 жылы Алматыға көшіп келеді. 1955 жылы өнер Академиясының жанындағы А.М.Герасимовтың жетекшілігіндегі шығармашылық шеберханада аспирант атанды да оны 1961 жылы тәмәмдады. Нұрмұхамедов тек қана реализм, импрессионизм жанрларындағы

картиналармен жұмыс жасады, алайда, сонымен қатар баталдық жанрдағы бірнеше портреттермен пейзаждардың, картиналардың авторы болды. Оның ең атақты картиналарының қатарына ССР теңіз әскерінің адмиралдары Исаков пен Горшковтардың портреттерін, сонымен қатар, «Выступление М.В. Фрунзе перед народными ополченцами в Самарканде. 1920» (1953) , «Д.А. Фурманов среди народного ополчения в городе Верном, 1920 год» (1954-1958) картиналарын жатқызуға болады.

Суретшінің тарихи шығармалары оның тума талантын, дарынын көрсетеді. Ол, ең алдымен – тікелей адамның өзінен көшіріп салу, айнала қоршаған ортаның өмірін белсенді түр де пайдалану секілді қасиеттері еді. Картиналарының кейбір бөліктерінде (ежелгі архитектура, сипатты пейзаждар, халықтық кейіпкерлер мен сахналардың шынайылығы, сонымен қатар, түрлі түсті натюрморттары) Нұрмұхамедовтың үлкен шығармашылық мүмкіндіктерін көруге болатын еді.

«Подвиг» картинасы Мәншүк Мәметованың рухына арналған болатын. Онда қаһарман қыз өзіне қарай төніп келе жатқан жау танкілеріне қарай бірнеше гранаталарды лақтырып жатқан сәті бейнеленген болатын. Суретші мұнда Мәншүк Мәметованың жеке тұлға ретіндегі қасиеттерін ерекшелемейді, тек қана оның образы арқылы, оның әрекетіндегі қаһармандық арқылы жауынгер қыздың патриоттық құлшынысын бір өзінің образымен бүкіл халықтың соғыс жағдайындағы күресін көрсетіп тұрғандай.

Соңғы жылдары Н.Нұрмұхамедов тарихтың тың уақиғаларынан сыр шертетін бірнеше картиналар салды. Олар «Казахский кавалерийский полк», «Отряд Токаша Бокина» және басқа да образдардың психологиялық әрі энергиялық шынайылығын бейнелейтін картиналар болды.

Революциялық тарихқа тағы бір суретші өз қаламын тартты, ол А.Школьный болатын. Оның алғашқы шығармаларындағы лиризм азаматтық қозғалыстарға ұласты. Оның көптеген картиналарында махаббат, жастық шақ, көктем сынды тақырыптар монументальды шешім тауып жатты. Әсіресе мұндай қасиеттер «Вечность» (1967) және «Степная баллада» (1969-1970) триптихтерінде көрініс табады, ол өз кезегінде, біздің өміріміздегі маңызды күндер мен сәттерге арналған болуы мүмкін. Бұл жұмыстар тақырыбымен, азаматтық кескіндердің басымдығымен қызықты болып келеді. Формаларының аумақтылығы, кескіндер тілінің үйлесімі, колорит пен композицияның сәйкестілігі оның картиналарына монументалдылық пен танымалдылық беретін еді.

50-жылдардың екінші жартысынан басталған станокты бейнелеу өнерінің дамуы көптеген суретшілердің шығармашылығына өзгерістер алып келді. Тематикалық картина жұмысына театр, кино, графика, монументалисттер, сәндік өнер шеберлері де ден қоя бастады. Олардың шығармашылығы тематикалық картиналардың дауына жан жақты әсер етті, себебі олар өз кезегінде бұл тақырыпқа ерекше жаңашылдықтар мен ізденістерді алып келді.

Тарихи картиналар жанрына У.Ажиев («Дорога жизни»), Д.Калачев («Наступление»), К.Шаяхметов («Поющие интернационал»), М.Калимов («Юность отцов»), А.Молдабеков («Алматы в боях за Москву») және де басқа суретшілер өздерінің шығармаларымен ден қоя бастады. Ұлы Отан соғысының фашизмге қарсы ұлы жеңісінің 30 жылдық мерейтойына арналған көрмеде Молдабеков картиналары ең шынайылардың қатарынан болды. Суретші мұнда тақырыпты егжей тегжейлі етіп көрсетпей, оның психологиялық сипаттамасын, совет жауынгерлерінің Мәскеу үшін шайқасының қаһармандығын ашық көрсете білген.

Тарихи картиналардың дамуына орасан үлес қосқан картиналар қатарына, 60-70 жылдары дамыған жас суретшілер қатары толықтырды: А.Гордеев («На фронт», «Воспоминание», «Сон»), Е.Невежин («Скорбь»), Д.Джумабеков («Письмо с фронта»), Т.Абуов («Сердце матери»), Т.Тоғызбаев (триптих «Кюй 1941»). Өздерінің картиналарында олар мәселені жаңаша үлгіде, шынайы, азаматтық тақырыптарды өміршең ете отырып тарихи сюжеттерді кескіндеуде жаңа леп алып келді. Олардың әрқайсысы әлемді өзінің көзқарасымен көрсетуге, өзінің қайталанбас қолтаңбасын табуға тырысты.

Т.Тоғызбаевтың «Всадник», «Невеста», «Домбрист» (триптих «Кюй 1941») соғысқа қарсы тақырыптарға жазылған шығармаларында суретшінің қобалжулы күйі, сұмдық соғысқа деген белсенді қарсылы анық байқалады. Соңғы жылдары Тоғызбаев бірнеше соғыс сюжетті картиналар жазды, олардың тақырыптары революция мен Ұлы отан соғысына арналған болатын, сонымен қатар ол мұндағы мәселелерді тіпті өзгеше кескінде бейнелеген. Ол өзінің әлемді ерекше қабылдауын көрсетіге тырыс отырып, бүтін пластикалық әдісті қолдану тәсілі кейіннен жақсы жалғасын тапты [5, 116 бет].

А.Садыханов шығармашылығындағы тарихи картиналар суретшінің өзінің халқы үшін жауапкершілікпен қарайтындығын байқатты. «Покоренные» картинасында ол қазақтардың патша

үкіметіне қарсы шыққандағы қатыгездікке ұшырағандығының саханысын бейнелеген. Бірінші планда ағаштан жасалған дардың үстінде қазақтар өздерінің жазасын күтіп тұр. Шешелері оларға зар илеп қолдарын созып тұр. Дардың артында үш орыс әскері ақ китель киген, бастарында формалы фуражка. Олардың мұртты, топас әрі қимылсыз кейіптерінің өзі тұнып тұрған зұлымдық пен бір беткейлік болып көрініп тұр.

Соғыс сюжетті жанрда жұмыс жасаған жас қазақ мүсіншілері қатарына Бек Түлеков жатады. Ол жанашылдық образдарымен жұмыс жасайды және тарихи революциялық тақырыптарға мүсіндер жасайды.

Бек Түлеков 1926 жылы Ақтөбе облысының Степное деген жерінде дүниеге келген. Ата анасынан ерте айырылған ол, алдымен Ақтөбе сосын Алматы балалар үйлерінде тәрбиеленген. Балалар үйінің тәрбиеленушісі бола отырып ол үрмелі оркестрде ойнады, сурет салумен, жапсырмалар жасаумен айналысты. 1943 жылдан 1949 жылдар аралығында Түлеков Алматыдағы көркем училищеде сәндік қолданбалы өнер бөлімінде білім алды, ал сонынан бітіргеннен кейін Гурьев облыстық театрында қоюшы суретші қызметін атқарды. Мүсіндерге деген үлкен қызығушылықты ұққан ол, театрдан кетіп, 1956-1958 жылдары Алматының көркем училищесінің мүсін бөлімінде білім алды. Осы жылдары жасалған ең үздік жұмыстар: «Охотник с беркутом» (1958), «Далекий друг» (1958), «Портрет дважды Героя Социалистического Труда Куанышпаева Жазылбека» (1961, гальванопластика) болды. Түлековтың ерекше пластикалық жұмысы Амангелді Имановтың ізін жалғастырушы «Портрет Егеубаев Манаттың картинасы» (1962) болды.

1990 жылдардан бастап Қазақстан өнерінде көркем жеке шығармалардың белең алуы байқалады, оның айғағы ретінде Д.Алиев, Г.Баянов, Е.Воробьева, М.Бекеев, К.Дуйсенбаев, А.Есдаулетов, А.Есенбаев, Г.Маданов, А.Менлибаева, Р.Хальфин сынды суретшілердің тың шығармаларын айтуға болады. Е.Мергеновтың «XXI век» («Курios. XX-30», «Предчувствие. XX-30», «Пьета. Возвращение блудных. XX-30») сынды шығармаларының тұсында XX –ғасырдың аяғы мен XXI басында белең алып отырған өзгерістерді байқауға болады, сонымен қатар, Қазақстанның заманауи үлгідегі өнері дәстүрлі өнерге қарағанда анағұрлым көркем тиімді жүйені тапты және ол өнер мен адамның тікелей байланысты, яғни, өзара қарым – қатынаста болуын меңзейді, әрі мұнда көрермен суретшімен бір деңгейдегі өнертанушы ретінде қабылданады.

«Мен жазуды бастамай тұрып көп ойланамын, ол тықырып мені соншалық тебіrentкендігі тіпті мен сезімдерімді қағаз бетіне түсіре алмай қаламын», – дейді Қалиолла Ахметжан. Себебі, тек қана осындай жағдайды басынан кешкен адам ғана көрермендерінен кері байланысты, кері түсіністіктің болуын көздей алады. Қазақ этнографиясына деген ерекше ықылас пен қызығушылықтың шырмауында қалған, дәстүрлі соғыс сюжеттеріне, жауынгерлік шайқастарға, қазақ өміріндегі ерекше қызықты сәттерге, қазақ батырларының қаһармандығына ден қойып, жауапкершілікпен қарайтын суретші академиялық шеберлікке, түстердің үйлесімділігіне, шығарманың мінсіз болып шығуына қол жеткізе алады.

Қалиолла Ахметжан 1949 жылы Ақмола облысының, Алексеевск районының Өрнек ауылында дүниеге келген. Ленинград бейнелеу өнері, мүсін және архитектура институтының бейнелеу өнері факультетінің түлегі.

Студент жылдары Қалиолла бейнелеу өнеріне деген ерекше ынтасымен қатар қазақ тарихына, этнографиясына көп көңіл бөлді, себебі ол баталдық жанрдағы суретші болуды армандады. Оқу кезеңінде ол бар білімді бойына сіңіруге тырысты. Институттағы сабақтарынан басқа ол көп уақытын мұражайларда, кітапханаларда өткізетін, сонымен қатар ол суретшілердің шығармаларын талдап, зерделеп жүретін. Осы тақырыпқа қатты қызыққан Қалиолла жан жақты материал жинақтауға кірісті және соның барлығын бір мезетте жүйелеп отырды.

Көпқырлы бейнелеу өнерінің техникасын бірыңғай жинақтап Қалиолла Ахметжан өзінің технолгиялық стилін, өзінің грамматикасын, көркем тілінің мәнерлілігін жасап шығарды, сөйтті де ол оны «муарография» деп атады. Осы бағыттан басқа Қалиолла сонымен қатар классикалық әдісте де суреттер салды, ал ол өз кезегінде шығармалар тақырыптарына байланысты болды. Ол қазақ батырларының шайқастарының бірнеше айрықша бейнелерін көркем шынайылыққа беттей отырып жазып шығарды, сонымен қатар, автор композиция мазмұнына аттың образын өте сауатты кірістіреді, себебі ат көшпелі қазақ дәстүрінде ерекше орын алатын еді.

«Жекпе жек» шығармасында автор батырлар арасындағы шайқасты кескіндеген, ал ол өз кезегінде екінші пландағы қазақ жоңғар шайқасының кескінін ерекшелеп тұратын әсер берді. Қалиолла кейіпкерлердің келбеттерін кескіндегенде, жауынгерлік шайқастарды бейнелегенде өте

мұқияттылықпен жасайды, себебі осының арқасында ол жұмыстың этикалық маңыздылығын анықтайды. Қарсыластардың тек қана жалаулары ғана белгіленген. Бейнелі колористтік композиция құрылымының жігі құрылуының арқасында картина қарсыластық (жауынгерлердің өмір үшін емес өлім үшін шайқас деген бейнелерін) сәттерді ерекше бейнелеп, үлкен әсер қалдырады. Қазақ батырының образынан оның ішкі күші, жауынгерлік ерлігі сезіледі. Ал жонғардың денесі артқа шалқайған қалпы, осы сәт жеңістің кейпін береді: жоңғар аттан құлап бара жатқан сәті. Картина көрерменді XVIII ғасырдағы тарихи сәттерге, өткен күнге саяхат шектіргендей әсер береді, сонымен қатар соғыс кезеңдеріндегі рухты береді [6].

Алматыда Әбілхан Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайында ұйымдастырылған «Эхо Великой степи» атты көрмеде жүзден аса қазақстандық суретшілер мен мүсіншілердің еңбектері қойылды, олардың басым көпшілігі соғыстан кейінгі ұрпақ.

Картиналар Қазақ хандығы тарихының бірнеше кезеңдеріне арналған, сонымен қатар, қандай да бір тарихи сәттерді, тарихи кейіпкерлерді, тарихи қаһармандарды, халық эпостары кейіпкерлеріне, қазақ халқының дәстүріне арналған. Бұл көрме осы жылы кеңінен атап өтілген қазақ хандығының 550- жылдық мерейтойына арналды. Осы көрменің бір қатысушысы-Дәурен Қастеев, қазақ бейнелеу өнерінің классигі, қазіргі таңда Мемлекеттік мұражайға аты берілген Әбілхан Қастеевтың немересі. Дәурен өзінің атақты атасы қайтыс болғаннан кейін бірнеше жылдан кейін дүниеге келген [7].

Осы көрмеде оның екі картинасы қойылған - «Утро перед битвой» және Қабанбай-батыр портреті. Тарихи баталдық жанрда жазған оның бірінші жұмысы «Анракайская битва» картинасы болатын, алайда бұған дейін Дәурен Қастеев тарихи тақырыптарға тоқталып өткен болатын, мысалы ол Жәнібек батыр жайындағы кітаптың үйлестірушісі болды. Бұл картинасын ол қазақ эпосына арналған конкурсқа ұсынған болатын[8].

Қазақстанның суретшілері өз тарихын түсінуге арналған жалпы символикалық және жалпы монументалды бағыттағы ізденістер жолында көптеген еңбектер атқарып келеді. Олар тұрмыстық деңгейден поэтикалық символдық бейнелерге көшу үшін тырысып, үйлесім мен көркем шынайылықтың сәйкестігіне қол жеткізуге көркем құралдарды пайдалануға, соғыс сюжетті жанрда нақты пластикалық шешімдер табуға ынталарын білдіріп келеді. Соғыс сюжетті жанрдағы тарихи кескіндемені қарастыра келе бұл тек қана өткен шығармашылықтың психологиялық тұрғыдан толық болы мен философиялық ойлардың шынылылығының шеңбері ендігін көре аламыз.

Бейнелеу өнеріндегі баталдық жанрдағы тарихи тақырып – ол ұлттық сананың дамуына, суретшінің жаңашылдыққа деген ұмтылысын бейнелейді. Образдық пластикалық шешімдердің көпқырлылығы қазіргі таңдағы Отан тақырыбындағы картиналар мен тарихи тақырыптағы картиналар рухани бірлігін тауып, Қазақстан бейнелеу өнеріндегі жаңаша, қызықты үлгідегі кескіндеме тарихының бастау алдысы болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Золотарева Л.Р. *История искусств Казахстана: Учеб. пособие.* – Караганда: КарГУ им.Е.А.Букетова, 2000. – 332 с., 97 ил.
2. *Заметки об исторической и историко-революционной теме в советской живописи последних лет.* «Советское станковое искусство». – М., 1974.- 344 с.
3. Рыбакова И.А. *«Живопись. Очерки изобразительного искусства Казахстана».* – Алма-Ата, «Наука», 1979.- 224 с., 48 л. илл.
4. Абденова З. В ГМИ проходит выставка, посвященная 80-летию Нурмухаммедова: [О выставке, посвященной 80-летию художника Н. Нурмухаммедова, уроженца Павлодарской обл.] // *Панорама.* - 2005. - 21 января. - С. 11.
5. *Классические исследования: Многотомник.* – Алматы: «Әдебиет әлемі», 2012. Т. 10: «Избранное. Искусствознание Казахстана». – 392 с.
6. Шайзада Тохтабаева. *Цветовые нюансы мироздания // Журнал «Ветер странствий» №77, 2018 - С. 52-56.*
7. Алексей Азаров *История через выставку «Эхо Великой степи» // электронный ресурс.* [tps://webcache.googleusercontent.com](https://webcache.googleusercontent.com)
8. Сагимбаев А.А., Каушева Р.Т. *Формирование творческой деятельности как часть целостного учебного процесса// Вестник КазНПУ им. Абая, Серия «Художественное образование: искусство – теория – методика» №1(58) Алматы, 2019.*

ӘОЖ 378
ГТАХР14.35.01

¹М.Ж. Жақыпбекова, ²Д.С. Болысбаев, ³А.Н.Джангабылова

¹ педагогика ғылымдарының кандидаты

² философия ғылымдарының кандидаты, доцент

³ магистрант

^{1,2,3,4}М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
Шымкент, Қазақстан

СТУДЕНТТЕРДІ ҰЛТТЫҚ ӨЮ ОРНЕК ӨНЕРІН ЗЕРТТЕУШІСІ Ғ.ІЛЯЕВТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА БАУЛУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Аннотация

Мақалада болашақ бейнелеу өнері мұғалімдердің ұлттық сәндік-қолданбалы өнер саласындағы білім, білік және дағды кешенін меңгерудің мотивациялық - мақсатты шарттары қарастырылады. Өнер, әсіресе халық, эстетиканың жалпы проблематикасында да, кәсіби көркемдік білімде де ерекше орын алады. Ғ.Іляевтің ою-өрнекті өнерін зерттеушінің шығармашылығын зерделеудің дидактикалық шарттарының негізгі элементтері қарастырылады. Дидактикалық жағдайлардың аталған базалық элементтерін егжей-тегжейлі талдау оларды көркем-педагогикалық білім беру, эстетикалық тәрбие беру, студенттердің шығармашылық белсенділігін дамыту, отандық бейнелеу өнерінің мәдени мұрасына, Қазақстан суретшілерінің туындыларына тарту процесінде тиімді пайдалану дәрежесін көрсетеді. Мақаланың практикалық мәні: студенттердің өнерге, халық ою-өрнегі өнерін зерттеуші Ғ.Іляевтің шығармашылығына баулу мысалында дидактикалық жағдайлардың элементтеріне негізделген көркем-эстетикалық білім беру жүйесі ұсынылады.

Түйінді сөздер: ою-өрнек, сәндік өнер, көркем білім беру, эстетикалық тәрбие беру, сәндік - қолданбалы өнер.

¹M.Zh. Zhakyrbekova, ²D.S.Bolysbaev ³A.N. Dzhangabylova

¹candidate of pedagogical sciences

²candidate of philosophy sciences, docent

³master student

^{1,2,3} M. Auezov south Kazakhstan state university
Shymkent, Kazakhstan

DIDACTIC CONDITIONS FOR INTRODUCING STUDENTS TO THE WORK OF THE RESEARCHER HER OF ORNAMENTAL ART G. ILYAEV

Abstract

The article discusses the motivational and target conditions for the development of students-future teachers of fine arts complex of knowledge, skills and abilities in the field of folk decorative and applied art, especially its native, traditional forms. Art, especially folk art, has a special place in the General problems of aesthetics as a science, and in professional art education. The basic elements of didactic conditions for studying the creativity of the researcher of ornamental art G. Ilyayev are considered. A detailed analysis of these basic elements of didactic conditions indicates the degree of effectiveness of their use in the process of artistic and pedagogical education, aesthetic education, development of creative activity of students, familiarizing them with the cultural heritage of domestic fine art, works of artists of Kazakhstan. The practical significance of the article is that it offers a system of artistic and aesthetic education, based on the elements of didactic conditions on the example of introducing students to the art, creativity of the researcher of folk ornamental art G. Ilyayev.

Key words: ornament, art education, aesthetic education, arts and crafts.

¹М.Ж. Жакыпбекова, ²Д.С. Болысбаев, ³А.Н.Джангабылова

¹ кандидат педагогических наук
² кандидат философских наук, доцент
³ магистрант

^{1,2,3} Южно-Казахстанский Государственный университет им. М. Ауезова
Шымкент, Казахстан

ДИДАКТИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ПРИОБЩЕНИЯ СТУДЕНТОВ К ТВОРЧЕСТВУ ИССЛЕДОВАТЕЛЯ ОРНАМЕНТАЛЬНОГО ИСКУССТВА Г.ИЛЯЕВА

Аннотация

В статье рассматриваются мотивационно-целевые условия освоения студентами - будущих учителей изобразительного искусства комплекса знаний, умений и навыков в сфере народного декоративно-прикладного искусства, особенно его исконных, традиционных видов. Искусство, особенно народное, занимает особое место как в общей проблематике эстетики, так и в профессиональном художественном образовании. Рассматриваются базовые элементы дидактических условий в изучении творчества исследователя орнаментального искусства Г.Иляева. Детальный анализ перечисленных базовых элементов дидактических условий свидетельствует о степени эффективности их использования в процессе художественно-педагогического образования, эстетического воспитания, развития творческой активности студентов, приобщения их к культурному наследию отечественного изобразительного искусства, произведениям художников Казахстана. Практическое значение статьи состоит в том, что предлагается система художественно-эстетического образования, основанная на элементах дидактических условий на примере приобщения студентов к искусству, творчеству исследователя народного орнаментального искусства Г.Иляева.

Ключевые слова: орнамент, художественное образование, эстетическое воспитание, декоративно-прикладное искусство.

Білім беру, тәрбие беру мәселелері әрқайсымыздың өмірімізде маңызды шешуші роль атқарады, себебі ол тәрбие беру ісінің негізгі мақсаты болып табылады-ол дегеніміз жан-жақты үйлесімді қалыптасқан жеке тұлға және өскелең ұрпақтың дамуы. Білім беру жүйесінде қазіргі таңда білім алушының қызығушылықтарына деген басымдықты байқауға болады. Кәсіби жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс – әрекеттер оқу үрдісінде бірқатар қайтақұрулардың болуын меңзейді, ол дегеніміз білім қабылдаудың пассивті түрінен өмір сүру барысында қажет болатын дағдылар қалыптастыру үрдісіне күрделі өзгерістер ендіруді қажет етеді. «Көптеген білім беру мекемелерінің озық үлгілерінің тәжірибесі педагогикалық ұжымдардың білім берудің тиімді формаларына, білім алушылармен технологиялық жұмыс жасау, сонымен қатар, эстетикалық тәрбие бері ісіне, яғни өнерге баулу арқылы білім берудің формаларын дамытуға, онымен жұмыс жасауға деген құлшынысын көрсетеді» [1].

Заманауи педагогикалық ғылым эстетикалық тәрбие беру ісін күрделі философиялық және қоғамдық-педагогикалық жүйе ретінде, адамның рухани мәдениетінің негізгі бөлшегі деп түсіндіреді. Адамның шынайылыққа деген эстетикалық қарым-қатынасы оның табиғи және тәжірибелік ортасын, өнерін, әдебиетке деген қарым-қатынасын, жеке тұлғаның дамуы мен рухани тәрбиелілігінің мәнін түсінуге бағытталған заңдылықтарды қоса алғанда, барлығы эстетикалық тәрбие беру ісінің негізгі құраушысы болып табылады [2]. Эстетикалық заңдылықтар қазіргі таңда, табиғат әлемінде, қоғамда, әрекеттер мен ақыл ойдың даму барысында көрініс табады.

Адамгершілік түсініктерді қалыптастыру барысында тек қана танымдық процесстерді ғана қарастырған жөн болмас. Егер де, адам әділдік, кішіпейілділік, шыншылдық дегеннің не екенін білетін болса, онда ол жақсы қасиеттер болып табылады. Алайды, тек білім аздық етеді. Адамгершілік білімдер адамның бойында қандай да бір күйзелістер тудыратын болса, өзінің жинақталған кәсіби тәжірибесінің нәтижелілігін арттыруда белсендендіру әдістерін қолданған жөн.

Өнер, әсіресе халықтық өнер, өн бойында эстетикалық әлеуеті жоғары және мүмкіндіктері де орасан зор, ал олар өз кезегінде педагогикалық ғылымның ұйымдастырылуымен эстетиканың ғылым ретінде қарастыру заңдылықтарын жалпы мәселе деп қарастыру мүмкіндігі қарастырылып отыр.

Ұлттық өнер туындыларының негізінде студенттердің шығармашылық әлеуетін дамытудың педагогикалық жағдаяттарының ең негізгі компоненттерінің бірі ол, ынталандырушы-мақсатты жағдайлар болып табылады. Мақсатты – ынталандырушы жағдайлар дидактикалық жетістіктерге, тәрбиелік және шығармашылық мақсаттарға бағытталған болуы шарт. Дидактикалық мақсаттар, өз кезегінде болашақ бейнелеу өнері мұғалімдері ретіндегі студенттердің бойында халықтық сәндік – қолданбалы өнер саласында біліктілікті, дағдылар мен білімдерін қалыптастыру, әсіресе сәндік қолданбалы өнердің байырғы үлгілерін, дәстүрлі түрлерін меңгерту.

Білім алу барысында студенттер бұйым композициясының жұмыс тәсілі мен құралдарын меңгереді, оюлар мен өрнектердің конструктивті орналасуын, өзіне тән көрінісін олардың бар болмысындағы әсемдігі мен сұлулығын бойына сіңіре отырып өз дағдыларын қалыптастырады. Дидактикалық мақсаттарға жетудің бірден бір жолы, білім алушылардың эстетикалық білімділігінің қалыптасуымен байланысты, ал ол өз кезегінде педагогтардың болашақ бағыты мектеп оқушыларын, колледждер мен лицейлер студенттерін өнерге баулуға арналған жұмыстарды жүргізуге даярланады. Ал, ең маңыздысы –білім алушылардың көркем қабылдау қабілеттілігін арттыру, шығармашылық ойлау қабілетін арттыру, халықтық өнер құралдары арқылы эстетикалық тәрбиенің маңызын түсіндіру секілді мақсаттар жүзеге асырылады.

Бабаларымыздың бай көркем мұраларын меңгерудің ынталы – мақсаттылығын қалыптастыруда, мазмұнды жағдаяттар жасауда, оқу жоспарының теориялық білім беру циклының «Таңдау бойынша компоненті» бөліміне сәйкес бағдарламалар, факультативтер, арнайы курстар, арнайы практикумдар құрастыру маңызды болып табылады. Арнайы практикумдар белгілі бір деңгейде ғылыми – әдістемелік материалдармен, видео және фото материалдармен, шығармашылық жұмыстармен, оқу – әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілген. Мұндағы міндет – білім беру процессін заманауи ақпараттық және педагогикалық жаңалықтармен үздіксіз толықтырып отыру болып табылады.

Студенттерді көркем қолөнердің байырғы түрлеріне оқытудың дәстүрлі формалары мен әдістерінен басқа, дәрістерде, пікір таластарда, оқу шеберханаларындағы оқу сабақтарында, арнайы практикумдардың бағдарламаларында халықтық сәндік – қолданбалы өнерінің мұражайларына экскурсиялар, атакты суретші – қолөнершілердің шығармашылық шеберханаларына бару, сонымен қатар, оларды теориялық жұмыстардың көрмесіне шақыру секілді бірқатар жұмыстар қарастырылған. А.Бакушинский «көркем экскурсиялар түріндегі жұмыстар барысында табиғатты эстетикалық тұрғыда тану өте маңызды тәрбиелік роль атқарады. Ол қабылдаулар өзбетінше көркем шығармашылықтың тір түрі болуы ...» деп есептейді [3, с. 126].

Педагогикалық мақсаттарды ұйымдастырудың соңғы нәтижесі студенттердің бойында ұлттық, халықтық қолданбалы өнерге деген қызығушылықтың тұрақты әрі саналы түрде болуы, осы негізде эстетикалық тәрбие беру мен эстетикалық қабылдау мүмкіндіктері артады.

Осылайша, студенттердің хылақтық сәндік қолданбалы өнер арқылы қалыптасқан шығармашылық әлеуеті педагогикалық жағдаяттардың ұйымдастырылуының тиімділігімен тығыз байланысты, ал ол өз кезегінде болашақ мамандардың эстетикалық дайындық деңгейіне ықпал етеді. Б.Неменский «Өнер – өмірдің барлық құбылыстарына деген мәдениетті көзқарас секілді, ол да өнердің адамгершілікті - - эстетикалық, эмоционалды құндылықтарының бағасы арқылы көрінетін қасиеттерінің негізінде жүзеге асырылады» [4, с.82]. «Эстетикалық тәрбие беру ісінің тұрақты бастаулары – өнер әлемі» - деген түсініктеме береді, тағы бір ғалым И. П. Подласый [5, с.170].

Халықтық өнер арқылы студенттердің шығармашылық әлеуетін дамыту – ол әсемдік пен сұлулықты танып білу процессінде жеке тұлғаның қабілеттіліктерін қалыптастыру, қазақ халқының көркем мәдениетінің тарихы жөнінде толыққанды білімдер қалыптастыру, өзін қолданбалы өнер саласында көрсете алу мүмкіндігін жасау, білім алу өміріне әсемдіктің элементтерін енгізеді [6].

Осылайша, біздің зерттеу жұмысымызда студенттердің эстетикалық тәрбиесі мен өнерге баулуда Ғ.Иляевтың өрнекті өнерін қолдану негізгі құрал болып табылады.

Ұсынылған көркем-эстетикалық білім беру жүйесі, негізінен студенттерді өнерге, халық ою-өрнек өнерді зерттеуші Г. Иляевтің шығармашылығына негізделетін, оның шығармалары ұлттық көркем дәстүрлер мен жалпы әлемдік мәдени мұраның үйлесімді жиынтығының ең жарқын үлгісі ретінде, дидактикалық жағдайлардың келесі элементтеріне негізделеді:

1. Студенттердің Қазақстанның ұлттық мәдениетін, бейнелеу және сәндік өнерін көркем-эстетикалық игеруіне қызығушылығын дамыту;

2. Қазақстанның бейнелеу өнерінің негізін қалаушылардың - Қазақстанның атақты суретшілерінің өмірі мен шығармашылығы туралы дәріс-әңгіме, өнертану әңгімелерін өткізу арқылы студенттердің эмоционалды ықыласын белсендіру;

3. Халық ою-өрнек өнерін зерттеушісі Г.Іляевтің шығармаларының танымдық, дидактикалық, көркемдік-шығармашылық әлеуетін пайдалану арқылы студенттердің құндылықтық бағыттарын қалыптастыру, қоршаған ортаға эстетикалық көзқарасын тәрбиелеу;

4. Студенттер көркемдік-педагогикалық білім беру үдерісінде Г.Іляевтің шығармаларының ұлттық шығармашылық мұрасының көркемдік-эстетикалық маңыздылығын түсінуі;

5. Қазақстан отандық мәдениетінің ұлттық құндылығы болып табылатын Г.Іляевтің бейнелеу шығармашылығын игеру барысында көркемдік талғамын тәрбиелеу; дәріс, әңгіме және практикалық сабақтарды өткізу үшін халықтық ою-өрнек өнерін зерттеушісі Г.Іляевтің белгілі шығармаларын ойластырылып іріктеу

6. Өрнектің негізгі түрлерін зерттеу мен білу және оларды сәндік-қолданбалы шығармашылығында қолдану, көркем мәнерлілік құралдарын игеру, өрнектік композицияны құру практикалық дағдыларын игеру және дамыту, өнерге баулу және игеру үдерісі барысында қойылған міндеттерді күрделенудің бірізділігін сақтау

7. Студенттерді отандық мәдениетінің эстетикалық құндылықтарына тиімді баулуға ықпал ететін, сәндік және бейнелеу өнерінен көркемдік-эстетикалық цикл бойынша пәндердің басқа пәндермен өзара мақсаттық байланысы.

8. Жаңа теориялық білімдерді және практикалық дағдыларды меңгеруге ықпал ететін және студенттердің белсенділігін ынталандыруға бағытталған, сабақ өткізудің белсенді және интерактивті түрлерін жүйелендіріп қолдану

9. Сабақтарда отандық бейнелеу өнерін меңгеру процесінде жаңа әдістемелік ұстанымдары оқу көрнекі құралдарын, сондай-ақ оқытудың заманауи техникалық құралдарын қолдану (экрандық құралдар, видео және аудиоаппаратура, компьютерлік графика, дискілер және т.б.)

10. Әлемдік және отандық бейнелеу өнерін меңгеру барысында студенттердің жеке көркем шығармашылық қабілеттерін белсендіру

11. Суретшілердің кәсіби шығармашылығын, атап айтқанда Г.Іляевтің шығармаларын зерттеудің жеке және ұжымдық формаларының үйлесуі

12. Сабақтың шығармашылық атмосферасын, еркін психологиялық моральдік этикалық климатты қамтамасыз ету – студенттердің шығармашылық жұмысты орындауға эмоционалды эстетикалық көңіл күйіне қажетті жағдайларды жасау.

13. Өнерге тарту процесінде толерантты қарым-қатынасты қалыптастыру, дәстүрлерге, эстетикалық талғамға, сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарын безендіруде ою-өрнекті композицияларды қолдану ерекшеліктеріне қызығушылықты дамыту.

14. Білім алушыларды даярлау білімнің белгілі бір саласында білім алуға бағдарлауды ғана емес, сонымен қатар одан әрі жоғары білікті маман болуға мүмкіндік беретін ғылыми-зерттеу қызметінің барлық сипаттамаларын маманның меңгеруін де білдіреді. Оқу үрдісі шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі түрлері өздерінің тиімділігін дәлелдейді: ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау, ғылыми мақалалар дайындау, әдістемелік семинарларға қатысу, ғылыми-зерттеу іс-тәжірибесі [7].

Дидактикалық жағдайлардың негізгі элементтерін егжей-тегжейлі талдау көркем-педагогикалық білім беру, эстетикалық тәрбие, студенттердің шығармашылық белсенділігін дамыту, олардың отандық бейнелеу өнерінің мәдени мұрасымен, Қазақстанның суретшілерінің шығармашылығымен таныстыру үдерісінде оларды пайдалану тиімділігінің дәрежесін көрсетеді

Студенттердің көркем-педагогикалық білім беруінің маңызды шарты - студенттердің ұлттық мәдениеттің көркемдік және эстетикалық дамуына, Қазақстанның бейнелеу өнеріне, әсіресе, Г.Іляевтің шығармашылық мұрасына деген қызығушылығын дамыту болып табылады.

Шеберлердің көркемдік шығармаларында танымал күнделікті немесе тарихи оқиғалардың айқын эмоционалды қабылдауы, сонымен қатар, ата-бабалардың көркем және эстетикалық артықшылықтары, заңдары, өмір салты, дәстүрлері туралы жаңа көрнекілік-образды білім көзі ретінде қабылдайды.

Қазақстан суретшілерінің шығармашылығына баулу, отандық бейнелеу өнерінің негізін қалаушылардың (атап айтқанда Г. Іляев) туындыларын зерттеу студенттердің рухани-адамгершілік қалыптасуына ықпал етеді, олардың шығармашылық белсенділігін және ұлттық-көркем мәдениетке

танымдық қызығушылықты саналы түрде көрсетуге ынталандырады, студенттердің зияткерлік мүмкіндіктерін жұмылдырады. Бейнелеу өнерінің ұлттық туындыларының эмоционалдық әсерін жандандыру мақсатында көркем шығармаларға тұтас талдау жасауды көздейтін бірқатар сабақтар өткізу қажет. Мұндай дәріс-әңгіме студенттердің көркемдік-эстетикалық талғамы мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ жас ұрпақтың әлеуметтік психологиялық, адамгершілік сезімдерін тәрбиелеуге ықпал етеді.

Қазақстанның танымал суретшілерінің, халық ою-өрнекті өнерін зерттеуші Г.Иляевтің өмірі мен шығармашылығы туралы дәріс - әңгіме өткізу, сонымен қатар көркем декоративтік шығармалардың эмоционалдық-эстетикалық қабылдауын күшейтетін көрнекі экрандық құралдарды талдау арқылы сүйемелденетін фотоматериалдарды, репродукцияларды көрсету арқылы оқушылардың эмоциялық ықыласын белсендіру (2).

Көркем шығармалардың бейнелі мазмұнын өнертанушылық талдау студенттердің шығармашылық қиялын ынталандырады, кейіннен шығармашылық жұмыстарында жүзеге асырылады. Бейнелеу өнері туындыларының көркемдік-эстетикалық қасиеттерін талдау барысында студенттердің назарын суретшілер шығармашылығының жеке ерекшеліктеріне, атап айтқанда Г. Иляев, олардың мәнеріне, өрнектелген композициялық және колористік сипаттарына аудару маңызды.

Бейнелеу өнерінің практикалық сабақтарындағы студенттердің көркемдік-эстетикалық белсенділігінің дамуының маңызды аспектісі - өз бетінше шығармашылықта көркем мәнерліліктің түрлі әдістерін, нысандары мен құралдарын пайдаланудың практикалық дағдыларын меңгеру, біздің жағдайда өрнектелген құралдардың, ою-өрнектелген композицияның ережелері мен заңдарын эстетикалық маңыздылығын зерделеу. Практикалық жұмыс барысында жетекші оқу міндетін белгілеу қажет, студенттерді ою-өрнекті өнер туындыларына, Г. Иляев шығармаларына, шығармашылық ойдың бейнелік мәнерлігін күшейтетін ою-өрнекті композицияның әр түрлі мәнерлі құралдарын пайдалана отырып, жүйелі түрде күрделендіру ретін қарастыру қажет.

Сәндік және тақырыптық ою-өрнек композициясын жасаудың нақты тәсілдерін меңгеру, ою-өрнек шығармасының эмоциялық-шығармашылық мәнерлілігін ойлау және ою-өрнекті өнер туындыларын талдау дағдыларын дамыту жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастырудың қажетті компоненттері болып табылады.

Отандық мәдениеттің шығармашылық мұрасын игеру барысында қоршаған шындыққа эстетикалық көзқарасын тәрбиелеу, әлемдік және отандық бейнелеу және ою-өрнек өнері туындыларының танымдық, дидактикалық, көркемдік-шығармашылық әлеуетін пайдалану арқылы студенттердің құндылықтық бағдарын қалыптастырады (3).

Халықтың рухани тәжірибесін қамтитын және оның көркемдік және эстетикалық идеяларын білдіретін халық өнерінің тәрбиелік және танымдық маңызы жас ұрпақтың дүниетанымын, құндылықты бағдарын, эстетикалық және адамгершілік-этикалық талғамдарын қалыптастыруға елеулі әсер етеді.

Ұлттық шығармашылық мұралардың көркемдік-эстетикалық маңыздылығын ұғыну (атап айтқанда, Г.Иляев өз шығармаларында қазақ ою-өрнегінің ерекшеліктерін көрсеткен) (4) студенттерді жүйелі түрде өнерге баулудың көркем-педагогикалық білім берудің міндетті шарты болып табылады.

Студенттерді бейнелеу өнеріне оқыту барысындағы маңызды бағыт - олардың көркем-эстетикалық ағартуы, Қазақстан өнеріне баулу болып табылады.

Осылайша, әңгімелесу процесінде – автордың шығармашылық ойды ашатын шығармаларының көркемдік-эстетикалық қасиетін талдау кезінде (атап айтқанда, Г. Иляев) өнер туындыларын талдауға ғана көңіл бөліп қоймай, сонымен қатар, Қазақстанның ою-өрнекі өнерінің үйлесімді бірлігін түсінудің, оның көп қырлылығы, көшпенді мәдениеттердің өзара әсерімен негізін қалау қажет. Мұндай тәсіл көпұлтты ұжымда, қоғамда гуманистік нанымдарды, толерантты қатынастарды қалыптастыруға негіз болады.

Көрнекілік оқыту әдісі студенттерде байқағыштықты, қоршаған заттар мен құбылыстарға қызығушылығын, эмоционалдық қабылдау қабілетін және шындықты көркем-шығармашылық қайта ой елегінен өткізу қабілетін дамытады. Шығармашылық талдау, сәндік және бейнелеу өнері туындыларының - форманың мәнерлілігі мен пропорциясын, колористикалық және композициялық шешімдерді, ою-өрнектің зат формасымен байланысын, бұйымның декоративтік-көркемдік қасиеттері мен дайындаудың технологиялық ерекшеліктерін зерттеу дағдыларын дамыту маңызды.

Суретшілердің ең маңызды шығармаларын (атап айтқанда, Ғ. Іляевтің декоративтік жұмыстарын) кіріспе дәрістер мен практикалық сабақтар өткізу үшін ойластырылған іріктеу (5) көркем талғамды тәрбиелеуде, студенттердің шығармашылық белсенділігін бейнелеу өнері құралдарымен дамытудағы маңызды шарт болып табылады.

Кәсіби бейнелеу өнері туындыларын эксперименттік зерттеу үшін таңдау кезінде келесі көркемдік-эстетикалық және психологиялық-педагогикалық принциптерді ұстану қажет:

- белгілі суретшілердің әлемдік және отандық өнер туындыларының көркемдік-эстетикалық маңыздылығын ескеру;
- көркем-эстетикалық құндылығы бар көркем шығармаларды зерттеу және шығармашылық талдау процесінде бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрларының әртүрлілігін пайдалану;
- нақты шығармалар мысалында көпғасырлық ою-өрнек өнерінің өзіндік ерекшеліктерімен суретшілердің кәсіби бейнелеу шығармашылығын қалыптастыруға әсерін қадағалау;
- мұражайларда, көрме залдарында, суретшілердің шеберханаларындағы қол жетімді көркем шығармаларға бағдарлану;
- ұлттық мәдени мұраны игеру үшін шығармаларды тиімді пайдалану мүмкіндігін, оларды студенттерге адамгершілік және көркемдік-эстетикалық тәрбиелеуде қолданудың орындылығын зерттеу;
- студенттердің эмоциялық және психологиялық көңіл-күйін қалыптастыру мақсатында танымал ұлттық сюжеттік-тақырыптық мазмұнның шығармаларын таңдау;
- кәсіби бейнелеу өнері эстетикалық қабылдауы мен студенттердің өзіндік көркем-шығармашылық қызметінің бірлігін қамтамасыз ету;
- бейнелеу өнері бойынша қолданыстағы модульдік білім беру бағдарламаларына сәйкес студенттердің жас ерекшеліктері мен мүдделерін ескере отырып, оқу материалының көлемін анықтау.

Ою-өрнекті өнер шебері Ғ. Іляевтің үздік шығармаларын мақсатты түрде ойластырылған іріктеуі студенттердің эстетикалық белсенділігін жандандырып, шындықты эстетикалық жағынан қабылдауына ықпал ететін, олардың дүниетанымын қалыптастырудың даусыз факторы ретінде болады. Көрнекі материалды анықтаудағы логикалық бірізділікті сақтау студенттерге бейнелеу грамотасының негіздерін, композициялық ережелерді, ою-өрнекті композициялардың колористік шешу ерекшеліктерін тиімді меңгеруге мүмкіндік береді.

Осылайша, студенттер әлемдік және отандық мәдени мұраларға тартылады, бейнелерді көркемдік іске асырудың әдістері мен тәсілдерін меңгереді.

Ғ.Іляев шығармаларын меңгеру барысында міндеттерді күрделендірудің бірізділігін сақтау; ою-өрнекті композиция жасаудың практикалық дағдыларын қалыптастыру және дамыту, көркем мәнерлік құралдарын меңгеру, ою-өрнекті негізгі түрлерін зерделеу және тану және оларды сәндік шығармашылықта қолдану (6) студенттердің теориялық білімдері мен практикалық іскерліктерін жетілдірудің, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың міндетті шарты болып табылады.

Студенттерді отандық мәдениеттің көркем-эстетикалық құндылықтарына, атап айтқанда Ғ. Іляев шығармашылығына жүйелі түрде тарту, жас ерекшеліктерін, жеке қабілеттерін, сондай-ақ қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып жасалған шығармашылық тапсырмалардың кезең-кезеңмен күрделенуі ою-өрнекті композиция жасаудың бейнелеу грамотасының негіздерін, сондай-ақ студенттердің көркем-эстетикалық тәрбиесін тиімді меңгеруге ықпал етеді. Студенттердің шығармашылық белсенділігін дамытуды, олардың шығармашылық әлеуетін барынша жұмылдыруды қамтамасыз ететін оқу үдерісін ойластырып ұйымдастыру оқу процесінде көркем-шығармашылық қызметтің әртүрлі түрлері мен жанрларын пайдалануды көздейді.

Сонымен, бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрларын халық ою-өрнекті өнерін зерттеуші Ғ. Іляевтің шығармашылығын қарастыра отырып, студенттер халықтың көпғасырлық көркем көріністері мен жалпы әлемдік мәдени мұраның үздік дәстүрлерінің үйлесімді бірлігі болып табылатын ою-өрнекті шығармалардың ерекше айырмашылықтарын меңгереді.

Студенттерді бейнелеу өнері туындыларының (кестелер, слайдтар, экрандық құралдар, репродукциялар) түрлері мен мазмұнының әртүрлілігімен дәріс-әңгімелесу сабақта таныстыра отырып, студенттердің көркем дайындығының деңгейін ескере отырып, практикалық тапсырмаларды орындауды ұсына отырып, шығармашылық материалды меңгеруді жалғастыру қажет. Ою-өрнектердің әртүрлі түрлерін, композициялық орталықты, негізгі және екінші дәрежелі

композицияларды таңдау, түстік шешімдердің ерекшеліктері және ою-өрнектің бейнелік түрін күшейтуге бағытталған басқа да мәнерлі құралдар мен көркем тәсілдерді өз бетінше жұмыс істеу барысында алынған білімді тәжірибеде қолдану керек. Мұндай тәсіл пәннің міндеттерін тиімді және мақсатты түрде шешуге, алған білімдерін бекітуге мүмкіндік береді.

Студенттерді отандық және әлемдік мәдениеттің эстетикалық құндылықтарына тиімді тартуға ықпал ететін (7) Бейнелеу өнері және сызу модульдік білім беру бағдарламасының басқа кәсіби пәндерімен пәндерді интеграциялау ою-өрнекті мәдениеттің бейнелеу мұрасын, атап айтқанда, суретші Г. Иляевтің шығармаларын көркемдік-эстетикалық игерудің маңызды шарты болып табылады.

Оқу процесінде аралас пәндер мен пәнаралық интеграцияның формаларын тиімді пайдалану бейнелеу өнерінің әртүрлі түрлерінің тіл ортақтығын түсінуге ықпал етеді, студенттердің көркем-шығармашылық қызметін жандандырады.

Г.Иляев шығармаларының мысалында көркем мәнерлілік құралдарын пайдалануды ауызша талдау және оларды өз бетінше шығармашылықта практикалық қолдану дағдыларын қалыптастыру студенттерді ою-өрнекті өнер тіліне баулуға ықпал етеді.

Жаңа теориялық білімдер мен практикалық дағдыларды меңгеруге ықпал ететін, студенттердің белсенділігін ынталандыратын оқытудың интерактивті түрлерін сабақта жүйелі қолдануға, жаңа білімдер мен практикалық бейнелеу дағдыларын тиімді бекітуге ықпал етеді (8).

Интерактивті формаларды қолдану кезінде оқытушының рөлі күрт өзгереді, орталық болуды тоқтатады, ол тек процесті реттейді және оны жалпы ұйыммен айналысады, алдын ала қажетті тапсырмалар дайындайды және топтарда талқылау үшін сұрақтар мен тақырыптарды қалыптастырады, консультациялар береді, белгіленген жоспардың орындалу уақыты мен тәртібін бақылайды.

Сабақтарда жаңа әдістемелік ұсыныстарды, оқу-көрнекі құралдарды, сондай-ақ оқытудың қазіргі заманғы техникалық құралдарын (9) пайдалану отандық және әлемдік көркем мәдениетке деген қызығушылықты дамытуға, студенттердің суретшілердің шығармашылық мұрасына, Г. Иляевтің шығармаларына қатыстырылуына ықпал етеді.

Студенттерді оқыту процесінде қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды барынша пайдалану тиімді, көркем-эстетикалық цикл пәндерін оқыту деңгейі мен сапасын, студенттер жұмысының нәтижелілігін едәуір арттыруға қабілетті болып табылады.

Оқушылардың репродукцияларын, суреттерін ұжымдық қарауға және шығармашылық талдауға, көркем шығармаларды көрнекі салыстырмалы талдауға арналған экрандық құралдардың танымдық және тәрбиелік мүмкіндіктері шын мәнінде шексіз.

Оқу үрдісінде әлемдік және отандық бейнелеу өнерін меңгеру барысында студенттердің жеке көркем-шығармашылық қабілеттерін белсендіру үлкен маңызға ие (10).

Көркем-педагогикалық білім беру саласындағы педагогикалық тәжірибе мен ғылыми зерттеулер тәжірибесін зерделеу бейнелеу өнері пәні бойынша сабақтарда студенттердің көркемдік-шығармашылық қызметін жандандыру мақсатында көркем-шығармашылық қызметтің әртүрлі түрлерін қолдану қажет екендігін көрсетеді.

Жеке тұлғаның жеке көркем-эстетикалық қабілетін анықтау мен дамытудың, еңбекке дайындығын тәрбиелеудің маңызды құралы - белгілі суретшілердің, атап айтқанда, халық ою-өрнектерінің зерттеушісі Г. Иляевтің өмірі мен шығармашылығын зерттеу болып табылады. Көптеген күш-жігер мен уақытты республиканың ұлттық игілігіне жасаған жерлесіміздің шығармалары студенттерды ұлттық мәдениет пен өнерге баулиды, халықтың салт-дәстүрлерін, тұрмысын, көркем дәстүрлерін таниды. Ою-өрнекті өнердің ең жарқын және мәнерлі үлгілерін қолдану студенттерге бейнелейтін объектілерді шешудің бейнесі, форматты таңдау, композиция, құру, заттардың формасын беру, жарық көлеңкесі мен түсі, композициялық тұтастық сияқты көркем мәнерліліктің әр түрлі құралдарын талдау

Суретшілердің кәсіби мұрасына тиімді баулуға және студенттердің шығармашылық потенциалын белсендіруге халық ою-өрнектік өнерді зерттеуші Г.Иляевтің кәсіби шығармашылығын игерудің жеке және ұжымдық формаларының ойластырылған үйлесімі ықпал етеді (11).

Шығармашылық жобаларды бірлесіп талқылап, іске асыру арқылы көрінетін ұжымдық шығармашылық, студенттердің интеллектуалдық және бейнелеу мүмкіндіктерін жұмылдырады, олардың адамгершілік келбетіне жағымды әсер етеді, эстетикалық тәрбиенің ең тиімді құралы болып табылады. Сонымен қатар, жеке тапсырмаларды бөлу кезінде студенттердің эстетикалық

талғамдарын ескеру, отандық мәдениеттің көркемдік-эстетикалық құндылықтарына қатыстылығын сезіну, өз шығармашылығының қоғамдық пайдалы бағытын ұғынуға ықпал ету қажет.

Әзірленген дидактикалық шарттар ою-өрнекті өнер туындыларының көркемдік ерекшеліктерін зерделеуді ғана емес, сонымен қатар сабақтардың шығармашылық атмосферасын қамтамасыз етуді, толерантты қарым-қатынастарды қалыптастыруды, дәстүрлерге, эстетикалық талғамға, отандық мәдениет туындыларына тарту процесінде ою-өрнекті өнер ерекшеліктеріне қызығушылықты дамытуды көздейді(12,13).

Сабақта қолайлы психологиялық климат, шығармашылық атмосфера құру, эмоциялық қабылдау және өнер туындыларын егжей-тегжейлі талдау - осы контексте «Бейнелеу өнері және сызу» мамандарын кәсіби даярлаудағы сабақтардың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады.

Қазақстанның белгілі суретшілерінің шығармаларын көркемдік-шығармашылық талдау барысында студенттердің өнер туындыларын көркемдік-эстетикалық бағалауы адамгершілік мәнге ие болады. Студенттерді мәдениет пен өнер әлеміне енгізу, жалпыадамзат құндылықтарға тарту сананың эмоционалдық сферасына белсенді түрде әсер етеді, студенттерді әлеуметтік-психологиялық, идеологиялық және моральдық сезім ретінде тәрбиелеуге ықпал етеді.

Білім алушыларды даярлау білімнің белгілі бір саласында білім алуға бағдарлауды ғана емес, сонымен қатар, одан әрі жоғары білікті маман болуға мүмкіндік беретін ғылыми-зерттеу қызметінің барлық сипаттамаларын меңгеруін де білдіреді (14).

Өзінің тиімділігін растаған білім беру үдерісі шеңберіндегі ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі нысандары: зерттеу сипатындағы тапсырмаларды орындау, ғылыми рефераттарды дайындау, әдіснамалық семинарларға қатысу, ғылыми-зерттеу практикасы болып табылады.

Осылайша, халық ою-өрнекті өнерін зерттеуші Ғ. Иляевтің шығармашылығын зерделеудің дидактикалық шарттары кәсіби сәндік өнер құралдары арқылы студенттердің көркем білімі мен эстетикалық тәрбиесінің жалпы талаптарына сүйене отырып, келесі талаптарды орындауды көздейді:

- отандастардың шығармашылығымен танысу барысында студенттердің өзіндік шығармашылық қызметін белсендіру;

- өткен және қазіргі заман суретшілерінің, атап айтқанда Ғ. Иляевтің шығармашылық туындыларын игеру процесінде көркемдік талғамның дамуы;

- қазақ ою-өрнегінің түрлерін, ою-өрнектік композицияның мәнерлі құралдарын және жұмыстың әдістемелік реттілігін зерттеу, ою-өрнектік бейнелеудің практикалық дағдыларын дамыту, ою-өрнектік композицияның мәнерлі құралдары мүмкіндіктерінің алуан түрлілігін меңгеру, ою-өрнектік композициямен жұмыс істеу кезеңдерін зерттеу (Ғ. Иляевтің ою-өрнектік туындылары мысалға келтірілгенде);

- Ғ. Иляев шығармашылығын меңгеру барысында студенттердің бейнелі ойлауы мен көркем қиялын дамыту;

- әлемдік және отандық бейнелеу өнерінің көрнекті туындыларымен және студенттерді Ғ. Иляевтің өмірі мен шығармашылығымен таныстыру;

- Ғ. Иляев шығармашылығының тән ерекшеліктерімен, стильдік ерекшеліктерімен танысу;

- Ғ. Иляев шығармашылығы мысалында студенттердің Қазақстанның ою-өрнекті өнері, өрнектелген композицияның мәнерлі құралдары туралы білімдерін кеңейту;

- Ғ. Иляевтің туындыларын егжей-тегжейлі зерттеу арқылы болмыстың эстетикалық қабылдауын қалыптастыру.

Біздің педагогикалық тәжірибеміздің және қарастырылатын мәселелерді талдаудың негізінде студенттердің көркемдік-шығармашылық белсенділігін дамыту мен эстетикалық тәрбиені табысты жүзеге асырудың маңызды факторлары ретінде педагогтың кәсіби құзыреттілігі, студенттермен жеке-бағдарлы өзара іс-қимылы, сондай-ақ оқу үдерісінің дамытушы пәндік ортасының болуы болып табылады деп есептейміз.

Сәндік өнер туындыларын жан-жақты дәлелді түрде игеру, студенттердің санасының эмоциялық саласына белсенді әсер ете отырып, дүниетанымдық және ұлтаралық қарым-қатынастың тиімді қалыптасуына, қоғамның адамгершілік-этикалық, рухани және мәдени дәстүрлерінің объективті қабылдануын дамытуға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мунинова Н. А. Эстетическое воспитание студентов посредством народного искусства // *Образование и воспитание*. - 2016. - №4. - С. 6-7.
2. Ломов С.П., Аманжолов С.А. *Методология художественного образования: Учебное пособие*, - М.: МПГУ, 2011. - 188 с.
3. Бакушинский А. В. *Исследования и статьи. Избранные искусствоведческие труды*. – Москва, С.Художник, 1981. - 350 с.
4. Неменский Б. *Мудрость красоты. О проблемах эстетического воспитания. Кн. для учителя*. – Москва, Просвещение, 1987. -255 с.
5. Подласый И. П. *Педагогика. Новый курс: Учебник для студ.пед.вузов: В 2 кн.* - М.: Гумант.изд.центр ВЛАДОС, 1999. - Кн.2: *Процесс воспитания*. - 256 с.: илл.
6. Шайгозова Ж.Н., Султанова М.Э. *Казахское народное прикладное искусство: пути и способы передачи*// *Вестник КазНПУ им. Абая, Серия «Художественное образование: искусство – теория – методика» №1(54) Алматы, 2018.*
7. Болысбаев Д.С., Оспанов Д.М., Оспанов Т.М., Абдихадырулы К.Д. *Семь граней великой ступи в ювелирном искусстве*// *Вестник КазНПУ им. Абая, Серия «Художественное образование: искусство – теория – методика» №1(58) Алматы, 2019.*

ӘОЖ 373.1

ҒТАХР 14.25.01

Адамқұлов Н.М., Адамқұлов Е.М.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу Мемлекеттік университетінің қауымдастырылған профессор, п.ғ.к. Алматы қаласы, №61 ОМ «Технология» пәні мұғалімі.

КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҒЫНДА ҚОЛӨНЕР БҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЖАСАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Мақалада авторлар жалпы орта мектептерде бейнелеу өнері, сызу мен технология пәндерін Қазақстан Республикасындағы жалпы білім беретін мектептерде жүргізудің тиімді жолдары мен оқыту әдіс тәсілдерін қарастырылған. Сонымен қатар, авторлар қазақ халқының қолданбалы қолданбалы өнері арқылы оқушыларды оқытып, тәрбиелеу мәселелерін терең ашып көрсетіп, аталған пәндерді жалпы білім беретін орта мектепте оқытудың теориялық және әдістемелік мәселелерін жетілдіру қажеттігін көздейді.

Түйін сөздер: көркем еңбек, сәндік-қолданбалы өнер, оқыту, тәрбиелеу, әдістеме, мектеп, оқушылар, технология, сызу, бейнелеу өнері, көркем білім беру, педагогика, интеграция, өнертану, оқу процесі, мұғалім, мұражай, шеберханалар

Adamkulov N.M., Adamkulov E.M.

*Candidate of Pedagogical Sciences, acting associative professor of
yetisui State University named after Ilyas Jansugurov,
Teacher of the subject "Technology" of secondary school No. 61 in Almaty*

THE IMPORTANCE OF CREATING ART CRAFTS IN ART WORK LESSONS

Abstract

The article reveals ways to solve this problem of subjects of fine arts, drawing and technology in secondary schools in the Republic of Kazakhstan. The authors also reveal the problems of teaching and educating students through declarative and applied arts of the Kazakh people, as well as the authors study the issues and problems of methods and theory of teaching these special educational disciplines in secondary schools.

Key words: art work, arts and crafts, education, education, methodology, school, students, technology, drawing, visual arts, art education, pedagogy, integration, art, learning, teacher, museum, workshops

Адамкулов Н.М. Адамкулов Е.М.

Кандидат педагогических наук, исполняющий обязанности ассоциированного профессора
Жетисуйского Государственного университета имени Ильяса Жансугурова,
Учитель предмета «Технология» средней школы № 61 г. Алматы,

ЗНАЧЕНИЕ СОЗДАНИЯ ХУДОЖЕСТВЕННЫХ РЕМЕСЛ НА УРОКАХ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТРУДА

Аннотация

В статье раскрывается пути решения данной проблемы предметов изобразительное искусство, черчения и технологии в общеобразовательных школах в Республике Казахстан. А также авторами раскрывается проблемы обучение и воспитание учащихся через декоративно-прикладного искусства казахского народа, а также авторами изучаются вопросы и проблемы методики и теории преподавание данных специальных учебных дисциплин в средней общеобразовательной школе.

Ключевые слова: художественный труд, декоративно-прикладное искусство, обучение, воспитание, методика, школа, учащиеся, технология, черчение, изобразительное искусства, художественное образование, педагогика, интеграция, искусствоведение, учебный процесс, учитель, музей, мастерские

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің әзірлеген білім стандарттары мен тұжырымдамаларының жарық көруі, осыған орай мектеп бағдарламаларында болып жатқан өзгерістер, соған сәйкес қолданысқа енген жаңа оқулықтар, оқушыларды дамыту мен шығармашылыққа жетелеуді міндеттеуі, болашақ маман дайындау ісіне жауапкершілікпен қарауды талап етеді. Осыған орай пән мұғалімдерінің кәсіби шеберліктерін жоғары деңгейде болуына қойылатын талаптар да күшейді.

Негізгі көзқараста мектеп оқушыларының көркемдік білімін іске асыруда болашақ мұғалімдерді әдістемелік дайындаудың жүйесі түзілген: - көркемдік практикалық өнертану мен педагогикалық пәндер, педагогикалық практика, ғылыми-зерттеу, тәрбиелік, студенттердің курстық және дипломдық жұмыстары, өнертану мен әдістемелік дайындықтарын оқу үрдісінде интеграциялау, - көркемдік практика мен қолөнер білімінің бірлігі, - технология мен көркем еңбек мұғалімінің көркемдік – практикалық қызметіндегі мамандық ерекшелігіне қарай әдістемелік дайындығының сәйкес болуының қажеттігін көрсетеді.

Технология пәніндегі мектептердегі оқыту үрдісі мұғалімнің басшылығымен жүргізіледі. Оның қызметінің мақсаты оқушылардың белсенді, саналы, танымды қызметін басқару болып саналады. Мұғалім оқушыларға бірте-бірте күрделі талаптар қояды, соның арқасында баланың танымдық ойының ілгерлеу қозғалысын қамтамасыз етеді. Мұғалім оқытудың табысты өтуіне жағдай жасайды; соның көмегі арқасында мазмұн оқушының игілігіне айналатындай әр түрлі әдістерді пайдаланады.

Бүгінгі таңда жалпы білім беретін мектептерде қолөнер бұйымдарын жасау әдістері технология сабағында оқытылуда, бірақ осы пәнді өз деңгейінде жүргізетін теориялық, практикалық және пәнді жүргізудің әдістемесін меңгерген мұғалім жоқтың қасы. Болашақ технология пәні мұғалімдерін қолөнерге оқытуға дайындау шеберлігін қалыптастыратын теориялық және практикалық біліммен оны оқытудың әдістемесін меңгерудің маңызы зор. Сондықтан технология, бейнелеу өнері және сызу мамандығы бойынша білім беретін жоғары оқу орындарында «Қолөнер пәнін оқудың әдістемесі» атты элективті курста енгізетін болсақ, нәтижесінде мектептегі технология пәнінен көркемдік-эстетикалық білімді жан-жақты үгіттей білетін, жалпы мәдени және көркемдік ой-өрісі кең, көркемдік талғамы, эстетикалық мәдениеті биік мұғалім қалыптасады. «Болашақ мұғалімдердің өнертанымдық білімдері» атты ғылыми-педагогикалық зерттеу жұмысы төрт бағытты қамтиды.

Технология пәнінің өнертануы, бейнелеу өнерінің өнертануы, музыка өнертануы, театр өнертануы салалары. Соның ішінде Қолөнер өнертануы: Бейнелеу өнертануын: қолөнер, бейнелеу өнерінің тарихы, қолөнер және бейнелеу өнерінің теориясы, қолөнер және бейнелеу өнерінің сыны болып бірнеше салаға бөлуімізге болады.

Өнер пәні-графиканы зерттеу, кескіндемені зерттеу, сәндік қолөнерді зерттеу, монументалдық өнерді зерттеу, мүсінді зерттеу т.б. бағыттарын қамтиды. Өнер тарихы пәні лекция және пікір алысу сабақтарының түріне жатады. Жалпы білім беретін мектептерде өнер пәнін оқудың әдістемесі

пәнінде студенттерге лекция сабақтарының өтілу әдістерін, сабақ жүргізудің әртүрлі формалары: сабақ материалын түсіндіру (лекция, әңгіме), оқушылар баяндамасы, коллоквиумдер, рефераттар, ауызша және жазбаша талдаулар, көркемөнер қайраткерлерімен кездесу, жергілікті өлкетану мұражайларымен, шеберханаларды аралау арқылы түпнұсқалармен тікелей таныстырудың әдістерін үйрете отырып, студенттерге үлгілі сабақтар жүргізеді. Болашақ мұғалімдерді әртүрлі формада өткізетін сабағына байланысты күнтізбелік жоспарлар әзірлейді және бекітілген тақырып бойынша күнделікті сабақ жоспарын және көрнекілігін дайындайды. Көрнекілікті пайдалана білу, өнердің түрлері мен жанрлары, суретшілер шығармаларының иллюстрация материалдарын көбірек талдау арқылы өнертанымдық білімдері қалыптасады.

Сабағымыз теориялық және практикалық сабақ болғандықтан оның өтілу әдістеріне тоқталамыз.

Лекция-білім берудің ертедегі формасы, лекция үрдісінде мұғалімнің оқу материалын ретімен және жүйелі, монологты түрде баяндауы және түсіндіру әдістері. Ал практикалық сабақтар негізінен оның іс жүзіне асырылуы. Оқушыларды лекция жазуға атап айтқанда: конспект жазудың тәсілдерін, жалпылама қолданылатын қысқартулар мен белгілеулерді көрсету, лекция материалдарын толықтыруға, керекті сызбаларды, кестелерді пайдалануға үйретудің әдістері, иллюстрацияны талдауға, көркем шығармамен өзбетінше жұмыс істеуге үйретеміз. Көрнекілік әзірлеу, пайдалану әдістерінің шарттары:

- а) қолданылатын көрнекілік оқушының жасына сәйкес болуы;
- б) иллюстрацияны көрсеткенде басты, маңызды жақтарын бөліп көрсету;
- в) көрсетілетін көрнекілік материалдың мазмұнымен сәйкес болуы;

Сонымен қатар студенттерге сабақ барысында көрнекілікті шектеулі пайдалануы керектігі және оны бірте-бірте тек сабақтың қажет сәтінде көрсетуін үйрету.

Болашақ технология мұғалімдеріне қолөнерді дайындау әдістемесі пәнінен лекция сабақтары мен семинар сабақтары қатар жүргізіледі. Семинар сабақтарының өтілу әдістерінде оқушылардың әр ақпараттарға терең талдау жасауын және дәл баға беруін, оны оқушыларға өз бетінше атқаруға үйретуге мүмкіндік туғызудың жолдарын қарастырамыз. Егер лекцияда жетекші рольді мұғалім атқарса, семинарда жетекші рольді оқушылар атқарады.

Болашақ технология мұғалімнің кәсіби дайындығы педагогикалық оқу орнында аяқталмайды, ол кәсіби қызметтің барлық кезеңі бойына жалғасады. Мұғалімнің кәсіби білімінің үздіксіздігі оның шығармашылық қабілеті дамуының, оның қызметтінің интегративті элементі және жеке педагогикалық тәжірибесінің әрдайым дамуының алғы шарты болып табылады.

«Кәсіптік білім» мамандығының студенттеріне 3 және 4 - курстарда «Технология пәнін оқыту әдістемесі», «Сәндік қолөнердің теориясы мен тарихы», «Қазақ халқының қолөнері», «Қазақстан бейнелеу өнері тарихы», «Педагогикалық іс-тәжірибе» бағдарламаларына қосымшалар енгізіліп, «Өнер пәнін оқыту әдістемесі» атты болашақ мұғалімдерге арналған элективті курс оқытылса. Бұл пәндерде болашақ технология пәні мұғалімдері төмендегідей іскерліктерді игеретін болады:

- орта және жоғары оқу орындарындағы қолөнер тарихы курсының ғылыми және психология-педагогикалық негізінің құрылымымен мазмұнын;

- қолөнер пәнін оқытудың принциптері мен әдістерін;
- пән бойынша бейнелі күнтізбелік, тақырыптық күнтізбелік және сабақ жоспарларын жасауды;
- сабақта көрнекіліктерді пайдалана білуді;
- иллюстрация материалдарын талдай білуді;
- қолөнер пәні сабақтарында ойын-тапсырмаларын пайдалана білуді;
- қолөнерінің түрлері бойынша шығармашылық көрмелер ұйымдастыра білуді;
- оқушылардың білімдерін бағалай білуді;
- өзінің өткізген сабақтарын талдай білуді;
- әлеуметтік-эстетикалық компоненттілік - қолөнердің өнегелі және эстетикалық құндылықтарын ажырата білуі;

- өнер шығармаларына эстетикалық көзқарасын қалыптастыруды;
- қабылдау және оның ерекшеліктері мен қайталанбастығын бағалай білуді;

Практикалық немесе студенттердің өзіндік жұмыстарында:

- студенттерді оқушылар және жеткіншектермен оқу-тәрбие жұмысын жүргізуде бақылау, талдау шеберліктерін игерту;

- оқушылардың жас ерекшеліктері мен жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие жұмысын жоспарлауды үйрету;

- студенттерді әр алуан типті сабақтарды әртүрлі әдістерді қолдану арқылы оқушылардың танымдық қызметін дамытуға арналған сабақтар өткізуге дайындау;

- ұжым оқушылармен сынып жетекшісі функцияларын тиянақты орындауға, оқушылармен жеке оқу-тәрбие жұмысын жүргізуді үйрету;

- студенттердің педагогикалық қызметке шығармашылықпен, зерттеушілікпен келуін дамыту, өз еңбектерін талдау дағдылықтарын дамыту, өз білімдерін жетілдіру қажеттігін дамыту.

Болашақ технология пәні мұғалімдерін қолөнерге оқытуға дайындауда білімділікке емес, алған білімін өмірдегі кездесетін жағдайларды шешуде пайдалана алатындай етіп дайындау, оның функционалдық сауатының қажетті деңгейде болуына басымдық берілуі керек. Екіншіден, жаңа технология пәні ретінде сабақ үрдісінде студенттердің өзара белсенділігін арттыру (интерактивті) әдісін жетілдіру және оның формаларын түрлендіре отырып, мұғалімдер арасына тарату, педагогикалық жүйедегі жұмыстарды іске асыруда тыңғылықты жүргізу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен Жалпы білім беретін мектептердің 1-11 сынып оқушыларына арналған «Көркем еңбек» бағдарламасы
2. Сарыбаев Б. Қазақтың музыкалық аспаптары. Алматы, Өнер 1981. 26-42 бет.
3. Тарақты Ақселеу қазақтың ұлы күйшілері. Алматы, Өнер 2000 жыл 8-11 бет
4. Ақтаев С. Н. Адамкулов Н. М. Қазақ фолклорының лұғаты. Алматы, 2008 жыл, 298 бет
5. Шаңырақ Үй тұрмысына арналған энциклопедия. Алматы, Өнер 1990 жыл. 814 бет

ӘОЖ 373.1

ҒТАХР 14.25.01

Б.Е. Оспанов

*ҚР және Ресей педагогика ғылымдарының кандидаты, өнертану доценті, профессор,
ҚР Суретшілер және дизайнерлер одағының мүшесі, Абай атындағы ҚазҰПУ,
«Көркем білім» ғылыми және шығармашылық зертханасының меңгерушісі,
Қазақстан. Алматы қ-сы*

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯДАҒЫ КӨРКЕМ-ЕҢБЕК

Аңдатпа

Мақалада автор жалпы орта мектептің көркем еңбек пәнінде инновациялық оқыту технологияларын кіріктіріп оқыту мәселелерін қарастырған. Сонымен қатар оқытудың инновациялық жаңа технологияларының ішінде интербелсенді оқыту әдістерінің түрлерін көркем еңбек пәнінде оқытудың тиімділігін, маңызын қарастырып, аталған жаңа оқыту технологияларының көркем еңбек пәнінде алатын орны мен маңызын ашып, оларға терең талдаулар жасап, анықтама беріп, оның маңызын анықтаған. Сонымен қатар автор жалпы орта мектептерде көркем еңбек пәнін оқытудың тиімді әдіс тәсілдерін, жолдарын, тиімді оқыту жүйелерін анықтап, аталған пәннің басқа да пәндермен интеграциялық тығыз пәнаралық байланысының маңызын нұсқап, олардың бүгінде қажеттілігін анықтап қарастырған.

Түйін сөздер: көркем еңбек, интербелсенді оқыту әдістемесі, жаңа оқыту технологиялар, инновация, әдістер, тәсілдер, интеграция, пәнаралық байланыс, реализм, колданбалы өнер, этномәдениет, бұйымдар жасау, шығармашылық сурет, қашықтықтан оқыту

Ospanov B.E.

*Head of the scientific and creative laboratory "art education" at the Kazakh National Teaching University named Abaya, Ph.D. in Pedagogical Sciences of the Russian Federation and the Republic of Kazakhstan, Professor and Associate Professor of Art Studies, member of the Union of Designers and Artists of the Republic of Kazakhstan.
Kazakhstan. Almaty City*

ARTISTIC WORK IN INNOVATION TECHNOLOGY

Abstract

In the article, the author considers the problems of integrated teaching of new innovative educational technologies in art work in secondary schools. Furthermore, considering the role and importance of new innovative teaching technologies in art labor methods and techniques of interactive learning, revealing the role and importance of these new educational technologies of training, in art of labour, and analyzing them, giving them an in-depth analysis, determined their value. The author also defined effective methods and techniques for teaching art work in secondary schools. Emphasizes the need to address the most important goals and objectives of innovative learning technologies in this subject and pointed out their importance in the educational process and the close interdisciplinary interaction of the subject of artistic work with other subjects in high school.

Key words: artistic work, interactive learning methods, new learning technologies, innovations, methods, approaches, integration, interdisciplinary connections, realism, applied art, ethnocultural studies, product manufacturing, creative drawing, distance learning

Ospanov B.E.

*Заведующий научно-творческой лаборатории «художественное образование» при казахском национальном педагогическом университете имени Абая, кандидат педагогических наук Российской Федерации и Республики Казахстан, профессор и доцент искусствоведения, член союза дизайнеров и художников Республики Казахстан.
Казахстан.г.Алматы*

ХУДОЖЕСТВЕННО-ТРУДОВАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЯХ

Аннотация

В статье автор рассматривает проблемы интегрированного обучения новых инновационных образовательных технологий в художественном труде в общеобразовательной школе. Кроме того, рассматривая роль и значение новых инновационных технологий обучения в предметах художественного труда, методов и приемов интерактивного обучения, раскрывающих роль и значение этих новых педагогических технологий обучения в предметах художественного труда, и проанализировав их, давая им глубокий анализ, определил их значение. А также автор определил эффективные методы и приемы обучения художественному труду в общеобразовательных школах. Подчеркивает о необходимости решение наиболее важных целей и задачи инновационных технологии обучения в данном предмете и указал их значение в учебном процессе и тесного междисциплинарного взаимодействия предмета художественного труда с другими предметами в средней школе.

Ключевые слова: художественный труд, методика интерактивного обучения, новые технологии обучения, инновации, методы, подходы, интеграция, междисциплинарные связи, реализм, прикладное искусство, этнокультуроведение, изготовление изделий, творческий рисунок, дистанционное обучение

Қазақстан Республикасы егемен ел болып әлеуметтік-экономикалық саясатын жаңаша жүргізіп отырған уақытта, жалпы білім беретін мектеп оқушыларын жаңаша оқытуда, әдістемелік жүйелерді құруда алғашқы кезеңдерінен бастап-ақ мәдени салада жаңа құндылықтарды енгізу және іс жүзіне

асыру істері қарастырылуы тиіс. Тіпті бұрынғы білім мен өнердегі жаңа құбылыстарды оқушылар арасындағы іскерлігі мен біліктілігін өзіндік көзқарастар қалыптастыру, шикі заттарды еркін игеру әдістері қамтылу керек. Сондай-ақ Қазақстан ұстаздарының, суретшілердің реалистік туындыларынан бөлек абстракциялық бағыттағы ізденіс-тәжірибелер жасау жолдары, оны дамыту жолдары да ескеріледі. Кез келген бұйымдар жасауда көркемдік композицияларды пайдаланумен бірге, декоративті тиімді әдемілікпен ғана шектелмей этномәдениетпен байланыса отырып туындылар ойластыру, оларды сабақта пайдалану әдістері қолданылу керек. Иновациялық технологияларды іске асыру жұмыстарында:

- оқытудың заманауи технологиялары саласындағы білім беру мақсатында жалпы білім беретін мектептердегі оқушылардың іскерлігі мен біліктілігін арттыру үшін негізгі төрт модуль бойынша дәріс оқылып, сарамандық оқытулар қамтылуы тиіс,

олар:

1. Үздіксіз білім беру жүйесіндегі заманауи әдістер.
2. Өзіндік даму, өзіндік жетілу, өзіндік жүзеге асыру технологиялары.
3. Білім беру нәтижелерін бағалау әдісі.
4. Оқыту жүйесіндегі қазіргі заманға сай сандық технологиялары.

Модуль 1. «Үздіксіз білім беру жүйесіндегі заманауи әдістері»

Модуль оқытудың сапасын арттыратын заманауи әдістемелік әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып оқытуға негіздеу. Тыңдаушыларға оқу үдерісі мен оқушылардың білім алу мүмкіндіктерін арттыруды қамтамасыз ету мақсатында әсерлі стратегиялар мен әдістер, оқыту технологияларын ұсыну, (электронды оқулықтар т.б.).

Осы модуль бойынша инновациялық оқыту технологиялары:

- рөлдік ойындар, (тақырыпса қай ойындар, мысалдар)
- проблемалық оқыту;
- оқытушының құзыреттілігі жөнінде көптеген материалдар көрсету;
- жеке тұлғаға бағытталған технологиялар мен жазу мен оқу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясы жөнінде слайдтар беру;
- оқытудың дәстүрлі және инновациялық технологияларының классификациясын жасап, жан-жақты қарау;
- оларды оқушылар арасында өзекті тақырып ретінде қарастырып, кең көлемде талқылау.

Модуль бойынша «технология, бейнелеу өнері, сызу» пәндеріне қатысты салалық пәндерді оқыту барысында оқытудың белсенді және интерактивті әдістерін жеке тәжірибеде қолдану әдістерін қарастыру. Ол оқушылардың әлеуметтік және оқу белсенділігін арттыруға негіз болып, ондағы практикалық тапсырмалар тек жекелеген үрдістерді меңгертумен шектелмей, проблеманы шешуге бағытталуы, оқушылардың өздігінен шешім қабылдауына келіп тірелетіндей шығармашылық сипатта қарастырылуы тиіс. Белсенді оқыту әдістері ешкімді де танымдық әрекеттен тыс қалдырмайтындай оқу үрдісін ұйымдастыруға тірек болуы керек. Жалпы сабақ барысында мынадай тиімді әдістерді қолданып отыруға болады. Оларға көбінесе іскерлік, рөлдік ойындар, миға шабуыл, дөңгелек үстел, сайыстар оларды талдау, топтық жұмыс, тренингтер қолданылатын интерактивті әдістерді жатқызуға болады.

Модуль 2. «Өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі іске асыру технологиялары»

2 модуль оқытуды аналитикалық тұрғыдан қарастыруға, оқу үдерісінде оқушылардың зияткерлік күш-жігерлерін арттыру үшін жаңа көзқарастар арқылы жаңа әдістерді жетілдіруге, оқушылардың сыни және шығармашылық ойлауын ынталандыруға, оқушыларды түсінуге, қиын мәселелерді жоспарлауға және түйінді мәселелерді шешуге жағдай жасайтын әртүрлі құрылымдарды алдын-ала нақтылап алу керек.

Екінші модульді қорытындылай келе, сабақ барысында мынадай оқушылардың өзіндік жұмысының түрлерін қолдануға болады. Олар:

Бұйымдар жасау, шығармашылық сурет салу кезінде пікірталас. Пікірталас ұғымы диспут (disputo) латын сөзінен алынып, «талқылаймын, таласамын» деген ұғымды білдіреді. Пікірталас – күрделі, сонымен бірге қоғамдық, саяси адамгершілік тәрбиенің тиімді формасы бола алады. Шынайы шындыққа жету жолы еркін пікір алмасу арқылы жүргізілуі керек. Пікірталас кезінде оқушы әрбір сөз сөйлеушінің сөзін мұқият тыңдап, ойын бөлмей, әрбір сұрақтан кейін мысалдармен қорытындылап отыруға тиіс.

Миға шабуыл. Шығармашылық тапсырмаларды шешу идеялары ұжымдық іске қосу әдісі ретінде «миға шабуыл» әдісін А.Ф.Осборн ұсынған. Бұл әдістің мақсаты шығармашылық тапсырманы шешу үшін мүмкіндігінше көп мөлшердегі идеяларды жинауға, ойлау салғырттығынан арылуға, дәстүрлі ойлау үдерісін жаңғыртуға негізделеді. Бұл әдістің негізгі ұстанымы мен ережесі – қатысушылар ұсынған идеяларды сынау мүлдем рұқсат етілмейді. Мұның өзінде мүмкін болған барлық әзілдер көтермеленеді. Әдісті қолдану сәттілігі көбінесе пікірсайыс барысын шебер бағыттап алатын, ынталандыратын сауалдар қоя білетін, жеңілдіктер беретін, әзіл-оспақтар қолдана алатын пікірсайыс басшысына байланысты болады.

“Ми шабуылы” – белгілі бір мәселені шешу үшін тез арада жеткілікті мөлшерде ұсыныстар жинауға көмектесетін әдіс. Бұл әдістің шешімін табуы қажет ететін кез келген қиын жағдайда, сол сияқты топты шығармашылықпен ойлауға жұмылдырып, мәселені шешудің сан түрлі жолын табуға болатындығына көз жеткізу мақсатында қолдануға болады. Сонымен қатар ол жеке тұлғаның бар білімін ортаға салуға кедергі болатын кейбір келеңсіздіктерден арылтады.

Рөлдік ойын. Оқушыларды ойлау мен сөйлеу дағдыларына төселдіруді ойын түрінде ұйымдастыру интерактивті оқыту әдісінің бір түрі болып саналады. Өйткені ойын үстінде мұғалім мен оқушы арасында өзара байланыс пайда болып, оқушылардың ұжымдық түрде жұмыс істеуіне мүмкіндік ашылады. Ойын оқушы белсенділігін арттырумен бірге олардың танымдық қабілетін жетілдіріп, шығармашылық белсенділікке деген қажеттілігін қанағаттандырады.

Кейс-стади – портфельдегі, таспадағы немесе стендтегі нақты өмірдегі факт, дәйек, дәлелдемелерді қолданып оқытудың инновациялық әдісі, оның барысында білім алушылардың тобына нақты кәсіби мәселелерді шешу ұсынылады, олар оны әрі қарай талқылап, алынған нәтижелерді талдап, шешім шығарады.

Кейс-стади кезеңдері: сипатталған жағдайды зерттеп, оқушылар проблеманы анықтайды; шағын топтар оны шешудің нақты жолдарын ұсынады; талқылау мен пікірталастың нәтижесінде әр шағын топ бір шешімге келеді. Оқытушының қатысуымен өтетін талқылауда топтар проблема бойынша өз шешімін дәлелдеуге тырысады. Ортақ бір шешімнің болуы міндетті емес.

Модуль 3. «Білім беру нәтижесін бағалау жүйесі»

Бүгінгі таңдағы білім алушыларды бағалау жүйелері тәлімгерлердің оқу жетістіктерін оқытудың кредиттік технологиясы бойынша ағымдық, аралық, емтихан түрінде жүзеге асады. Бағалау оқушы үшін болуы тиіс (икемді, көп құрамды, түсінікті, психологиялық жайлы, суммативті және формативті бағалау). Суммативті немесе қорытынды бағалау (емтихан, қорытынды тест т.б.) белгілі бір уақыт кезеңінде оқушылардың оқу нәтижелерін айқындайды.

Үшінші модуль бойынша **CASE STUDY** – алтыәдісін қолдану арқылы оқушылар бойына мынадай дағдыларды қалыптастыруға болатындығы көрсетіледі:

1. Аналитикалық дағдылар. Оларға: деректердің мәліметтерден айыру шеберлігі, маңызды және маңызды емес ақпараттарды айыра білу, талдау, елестету және оларға қол жеткізу, жіберіп алған ақпараттарды тауып, оларды қалпына келтіру шеберлігі және т.б. жатқызуға болады. Нақты және логикалық ойлау қабілеті. Бұл әсіресе, ақпарат сапасы төмен болған жағдайда өте маңызды.

2. Тәжірибелік дағдылар. Кейсте көрсетілген нақты жағдайларымен салыстырғанда мәселенің күрделілігі төмен деңгейі экономикалық теорияларда, әдістер мен принциптерде қолданылатын тәжірибе дағдыларын жүйелеуге мүмкіндік береді.

3. Шығармашылық дағдылар. Ережеге сай жалғыз CASE-пен мәселе шешілмейді. Мұнда, логикалық жолмен шешілмейтін, альтернативті шешу генерациясының шығармашылық дағдылары өте маңызды.

4. Коммуникативті дағдылар. Оған: дискуссияны жүргізу шеберлігі, қатысушылардың көзін жеткізу. Көрнекі материалды және басқа қажетті ақпараттар мен құралдарды қолдану – топтарға бірлесу, өз көзқарасын қорғау, оқушылар бір-бірінің көзін жеткізу, қысқа нақты есеп даярлау.

5. Әлеуметтік дағдылар. Мұнда мәселені талқылау барысында CASE-те нақты: адамдардың өзін - өзі бағалау тәртібі, тыңдай білу, дискуссияны қолдау немесе қарама - қарсы көзқарасты дәлелдеу яғни, өзін - өзі ұстау және басқада сынды әлеуметтік дағдылар қалыптасады.

6. Өзіндік саралау. Яғни, пікірталас кезінде келіспеушілік басқалардың және өзінің пікірін жете түсінуге және талдауға септігін тигізеді. Мұнда, туындаған моральдық және этикалық мәселелер оларды шешудің әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру талап етіледі. Кейс әдісін қолдану тек оқытумен ғана шектелмейді, бұл әдіс зерттеу әдісі ретінде де белсенді қолданылады. Сонымен қатар,

оқудағы оқу, білім және ізденіс мазмұнын біріктіру арқылы оқушылардың кәсіптік құзыреттілігін жоғарылатудың нақты тәсілдерінің бірі.

Модуль 4. «Оқыту және оқу жүйесіндегі заманауи сандық технологиялар»

Модуль мұғалімнің кәсіби қызметінде жаңа ақпараттық технологияларды қолдана алу және игеруге арналған. E-learning технологиясы, электронды оқу-әдістемелік материалдар құру; Қашықтан оқыту методологиясы; қашықтан оқыту құрылғылары, электронды оқу материалдарына және технологияларға стандарттар мен спецификациялар. Оқу процестерін жоспарлау және басқару жүйелері; мультимедия технологиясын қолдану арқылы оқу процесін интенсификациялау. Online іс-шараларды ұйымдастыру үшін заманауи технологиялар (веб-конференциялар), online-лекциялар, вебинарлар т.с.с. оқыту үшін интерактивті мультимедиялық инструменттерді қамтитын технологиялар. Вебинарды ұйымдастырудың жолдарын үйренуге бағытталған. Anymeeting бағдарламасында топ бойынша жұмыс жасалып, нәтижесі мұғалімге ұсынылады.

Оқушыларға қажетті әрі тиімді компьютерлік бағдарламалар CamStudio скринкаст жазуға арналған бағдарлама, Free Quiz maker компьютерлік тест тапсырмаларын дайындауға арналған бағдарлама, online шараларын (веб-конференциялар), online-дәрістер, вебинар, т.б. ұйымдастыруға арналған Anymeeting бағдарламасы қарастырылады. Заман ағымына қарай күнделікті сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану айтарлықтай нәтижелерге қол жетізеді. Кез келген сабақты электрондық оқулықты пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптасытуға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Төртінші модульді қорытындылай келе, оқушының ақпараттық технологияны пайдалануы, оның кейбір элементтерінің жеке шығармашылық байланысымен сипатталады. Олардың бір-біріне деген өзара ықпалында байқауға болады.

Сонымен жалпы курс бойынша мынадай нәтижелі түйіндеулер жасауға болады:

- Осы орталықтаалған білімдердің нәтижесінде қазіргі инновациялық оқыту әдістеріне саралау жасауға мүмкіндік туды;
- Мектептердегі оқу бағдарламасы оқушылардың әдістемелік, іскерлік дағдыларын қалыптастыруға негізделген;
- Қолданылған әдістемелерді Технология сабағында жеке практикада қолданысқа енгізуге болады;
- Қазақстанның жалпы білім беретін мектептердегі әріптестерімізбен әдістемелік және әдіскерлік қатынас орнатуға мүмкіндік туды;

Жаңа инновациялық технологияны меңгеру мұғалімнің кәсіптік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген ұстаздық келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие процесін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Білім және ғылым министрлігі бекіткен Жалпы білім беретін мектептердің 1-11 сынып оқушыларына арналған «Көркем еңбек» бағдарламасы
2. Сарыбаев Б. Қазақтың музыкалық аспаптары. Алматы, Өнер 1981. 26-42 бет.
3. Тарақты Ақселеу қазақтың ұлы күйшілері. Алматы, Өнер 2000 жыл 8-11 бет
4. Ақтаев С. Н. Адамкулов Н. М. Қазақ фолклорының лұғаты. Алматы, 2008 жыл, 298 бет
- 6 Шаңырақ Үй тұрмысына арналған энциклопедия. Алматы, Өнер 1990 жыл. 814 бет

УДК 371:2
МРНТИ 14.25.09

Сыдығалиев Д.С., Сыдығали Д.Д.

*к.п.н., доцент, ҚазАТУ им. С.Сейфуллина,
г. Нұр-Сұлтан, Қазақстан.
КАТУ им. С.Сейфуллина магистрант ҚазНУИ,
г. Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

ПУТИ И МЕТОДЫ АРХИТЕКТУРНОГО ОБРАЗОВАНИЯ И ВОСПИТАНИЯ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Аннотация

В данной статье рассматривается проблема пути и методы архитектурного образования и воспитания в общеобразовательной школе. Обосновывается идея о том что необходимо рассматривать три направления изучения архитектуры в средней общеобразовательной школе. Познание архитектуры путем включения соответствующих разделов в курс общеобразовательных предметов: истории, литературы, географии, математики и физики.

Формирование эстетического вкуса и эстетических представлений через натурное ознакомление с лучшими образцами прошлого и настоящего.

Развитие творческих способностей и практических навыков в области архитектуры на уроках технологии труда и изобразительного искусства.

Дается расширенное содержание предлагаемых направлений в изучении архитектуры в комплексе с общеобразовательными дисциплинами.

В данной статье предпринята попытка раскрыть основные причины что, знакомства с архитектурой у школьника сложится представление о национальной самобытности, и он сможет оценить некоторые особенности национального зодчества в их совокупности.

В заключении статьи дан вывод о том, что включения архитектуры в систему эстетического воспитания направлено на достижение следующих задач: развитие творческого мышления, воображения, вкуса, способности эмоционально воспринимать памятники истории и культуры

Ключевые слова: формирование, восприятие, памятники, архитектура, минареты, арки, воображения, объемность, пластичность, живописность, цвет, монументальное искусство.

Д.С.Сыдығалиев, Д.Сыдығали

*п.ғ.к., С.Сейфуллин атын. ҚазАТУ, доценті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
С.Сейфуллин атын. ҚазАТУ магистранты,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан*

МЕКТЕПТЕРДЕ СӘУЛЕТТІК БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада жалпы білім беретін мектепте сәулеттік білім мен тәрбие берудің жолдары мен әдістері мәселесі қарастырылады. Орта мектепте сәулеттік білім берудің үш бағытын қарастыру қажет деген идея негізделген. Тарих, әдебиет, география, математика және физика пәндері курстарына тиісті бөлімдерді қосу арқылы сәулет өнері.

Өткен мен қазіргі заманның ең жақсы үлгілерімен толық танысу арқылы эстетикалық талғам мен эстетикалық идеяны қалыптастыру.

Еңбек технологиясы және бейнелеу өнері сабақтарында сәулет саласындағы шығармашылық қабілеттер мен практикалық дағдыларды дамыту.

Архитектураны оқытуда ұсынылатын бағыттардың жалпы білім беру пәндерімен үйлесімді кеңейтілген мазмұны келтірілген.

Бұл мақалада, егер студент сәулет өнері туралы білетін болса, онда ол ұлттық ерекшелік туралы түсінікке ие болады және ұлттық сәулеттің кейбір ерекшеліктерін толығымен бағалай алатын негізгі себептерді ашуға тырысады.

Мақалада сәулет өнерін эстетикалық білім беру жүйесіне қосу келесі міндеттерді шешуге бағытталған: шығармашылық ойлауды, қиялды, талғамды дамыту, тарихи және мәдени ескерткіштерді эмоционалды түрде қабылдау қабілеті дамиды

Түйін сөздер: қалыптасуы, қабылдау, ескерткіш, сәулет, мұнара, дарбаза, барабандар мен кумбездерде, қиял, мөлшер, келісті, көркемдік, түс, монументальды өнер.

Sydygaliyev D., Sydygali D.

*Kazakhstan. Nur-Sultan t. S.Seifullin Kazakh AgroTechnikal University
Kazakhstan. Nur-Sultan t. Kazakh National University of Arts*

WAYS AND METHODS OF ARCHITECTURAL EDUCATION AND UPBRINGING IN A COMPREHENSIVE SCHOOL

Annotation

This article examines the path and methods of architectural education and education in a comprehensive school. The idea that three areas of architecture study in secondary school should be considered is substantiated. Cognition of architecture by incorporating relevant sections into the course of general education subjects: history, literature, geography, mathematics and physics. Formation of aesthetic taste and aesthetic representations through natural introduction to the best examples of the past and present. Developing creativity and practical skills in architecture in the lessons of labor and fine arts. The extended content of the proposed areas in the study of architecture in combination with general education disciplines is given. In this article, an attempt is made to reveal the main reasons that, familiarity with the architecture of a schoolboy will have an idea of the national identity, and he will be able to appreciate some features ...

Keywords: formation , perception ,monuments, architecture, minarets, arches, imagination, volume, plastic, portrayal , color, monumental art.

В современных условиях развития общества и образовательного пространства особо актуально стало воспитание всесторонне развитых людей, жизненной целью которых и потребностью является творческий труд.

Велика роль всех видов искусств в этом процессе и тем не менее возможности архитектуры в том, чтобы пробудить молодого человека к творческому преобразованию жизни особенно значительны.

В данном случае имеются в виду духовные ценности архитектуры, тот необъяснимый подъем чувств, который охватывает вас, когда вы находитесь в зале Дворца Мира и согласия в Астане (архитектор Найджел Дэнси), площади в Алматы и т.д.

Окружающая среда – природа и город, памятники архитектуры и современные произведения архитектуры могут оказать самое серьезное воздействие на формирование духовного мира молодого человека, участвовать в его нравственном, патриотическом и эстетическом воспитании, но при условии, если он будет подготовлен к восприятию архитектуры как искусства.

К сожалению, программа средней школы этого не полностью это предусматривает. Архитектура не нашла должного места в системе образования и воспитания. Учащиеся не получают элементарных знаний об организации окружающей среды, они не готовы к эмоциональному восприятию памятников и современных произведений архитектуры.

Было бы ошибкой думать, что строительство городов и сел, организация пространственной среды решается только узкими специалистами. Преобразование жизни есть результат созидательного труда всех слоев нашего общества от рабочего до руководителя в городе и на селе. А это требует от всех творческой активности, культуры чувств, хорошего вкуса.

Именно поэтому формирование учащегося как личности, подготовленной к активной творческой деятельности, как человека-преобразователя требует понимания элементарных основ архитектуры, воспитания чувств, творческой активности.

Возникает актуальная проблема определения реальных путей и методов архитектурного воспитания в общеобразовательной школе.

Нами предлагаются методы включения архитектуры в систему обучения и воспитания средней общеобразовательной школы, которая обеспечит принцип компетентности, последовательности и целенаправленности воспитания.

Основной принцип предлагаемого направления базируется на единстве теоретических знаний, эмоционального восприятия архитектуры и детского творчества.

Соответственно предлагаются три направления изучения архитектуры в средней общеобразовательной школе, начиная с младших классов.

▪ **Познание архитектуры** путем включения соответствующих разделов в курс общеобразовательных предметов: истории, литературы, географии, математики и физики.

▪ **Формирование эстетического вкуса** и эстетических представлений через натурное ознакомление с лучшими образцами прошлого и настоящего.

▪ **Развитие творческих способностей** и практических навыков в области архитектуры на уроках технологии труда и изобразительного искусства.

Ниже дается расширенное содержание предлагаемых нами направлений в изучении архитектуры в комплексе с общеобразовательными дисциплинами.

Получение разносторонних знаний об архитектуре может быть осуществлено путем включения отдельных разделов архитектуры в курс истории литературы, обществоведения, географии. Такое всестороннее комплексное изучение предмета не осложнит прохождения курса общеобразовательных дисциплин, а наоборот послужит развитию наглядных образных представлений, приблизит преподавание отдельных предметов к жизни, к практической деятельности, усилит межпредметные связи.

История и архитектура.

В настоящее время, когда задача состоит в сохранении и умножении культурного богатства общества, изучение истории совместно с отдельными этапами развития архитектуры и техники должно занять в воспитании школьника существенное место.

С этой целью можно принять историко-архитектурный принцип, согласно которому архитектурные особенности городов и отдельных сооружений рассматриваются в тесной взаимосвязи с характерными особенностями породившей их эпохи, уровнем производительных сил, состоянием производственных отношений, эстетических воззрений. Такой принцип даст возможность сохранить последовательность изложения материала в соответствии с историей общества, учитывать развитие стиля, связанного с историческими и историко-культурными предпосылками. Примеры архитектуры могут способствовать более активному восприятию истории при изучении древнего мира и средних веков, нового и новейшего времени, глубокому осознанию детьми сложных процессов развития человеческого общества.

В историческом цикле дисциплин необходимо рассказать школьникам, что в годы Великой Отечественной войны гитлеровцы уничтожили сотни городов и тысячи населенных пунктов, превратили в руины шедевры мировой архитектуры, показать разрушенные памятники истории и культуры. Рассказать о том огромном уроне материальной и духовной культуры народов нашей страны, который был нанесен действиями гитлеровских полчищ XX века. Тем самым побудить в школьниках интерес к творческим ценностям, созданным простым народом, к красоте древних памятников. Если в результате знакомства с архитектурой у школьника сложится представление о национальной самобытности, и он сможет оценить некоторые особенности национального зодчества в их совокупности (как, например, гармоническая связь с ландшафтом, гуманистический характер архитектуры, проявляющийся в масштабности и соразмерности сооружения с человеком, силуэтность и объемность, пластичность и живописность, ансамблевость, использование цвета, монументального изобразительного искусства), то его исторические знания станут осязаемыми и прочными.

Литература и архитектура.

Основополагающее воспитательное значение литературы в средней школе вне сомнений. Наряду с духовной информацией, жизненно важной человеку, в литературе содержится чувство родной природы, пейзажа, чувство родной истории и народа. Лицо страны составляет не только географический ландшафт, но и результаты человеческой деятельности – анонимная народная архитектура и архитектура монументальная. Именно потому мы и говорим о Санкт-Петербурге

Пушкина, Гоголя, Достоевского, вспоминаем привязанность Ш.Валиханова к степному краю. Архитектура входит в сознание учащегося в контексте с литературным описанием, как часть культуры. Через литературу раскрывается зависимость архитектуры от социальных условий жизни общества.

Задача педагога обратить внимание учащегося на описание архитектуры, в которой действуют герои литературного произведения.

Большой воспитательный эффект заложен в посещении школьниками литературных мемориалов. В этом проявляется уважение к культурному наследию родины.

География и градостроительство.

Наряду с естественной природой предмет географии призван выявить роль «второй природы» - искусственной, вносящей существенные изменения во взаимоотношения человека с внешней средой.

Можно выделить задачу раскрытия непосредственной роли архитектуры и градостроительства в воспитании учащегося. Атмосфера города, его архитектура является огромным воспитательным фактором. Привязанность учащегося к своему двору, своему городу должна идти через знание истории города, запечатленной в памятниках архитектуры и культуры. Использование различных слайдов, фотографий и плана города на уроках географии стимулирует у детей развитие пространственного воображения, но в меньшей степени, чем целенаправленная экскурсия по городу. Обе формы необходимо развивать, имея в виду обучение географии.

Математика и архитектура.

Математика превратилась в абстрактную науку, тогда как создавалась она исходя из практических требований архитектуры. Полезно было бы в водной беседе рассказать учащимся, что учение в числах как основа соразмерностей создавалась для нужд строительства еще в Месопотамии, что исторический вклад Древнего Египта – развитие геометрии, а вслед за ней стереометрии и тригонометрии был обусловлен необходимостью строительства пирамид и каналов. Говоря о подобии и методах геометрического числового пропорционирования, можно говорить о «священном» египетском треугольнике, об элементах мавзолея Ходжи Ахмеда Яссави, стенах, минаретах, арки, крыши, барабанов и куполах, о двух взаимосвязанных мерах длины у древнерусских мастеров – простой и косой сажени, использовавшихся для построения квадрата, о «золотом сечении» в интерпретации Жолтовского и т. д.

Природоведение, ботаника, биология и экологические проблемы.

Природоведение – один из предметов, создающих необходимую основу для изучения отдельных дисциплин естественного цикла. Само природоведение, как познание природы, позволяет человеку рационально ее использовать, преобразовывать, сохранять, идет навстречу экологической проблематике, которая сейчас приобретает важнейшее значение.

Современные города представляют собой сложные экологические системы, включающие социальные, технические и биологические процессы. Между тем, деградация окружающей среды как в городе, так и в сельской местности, вызывает самые серьезные беспокойства архитекторов, социологов, литераторов, экологов.

Перед обществом в целом стоит проблема борьбы с последствиями загрязнения среды, бесхозяйственностью нерационального использования ресурсов.

В решении предохранительных мероприятий и природовоспроизведения большую роль должны играть школьники. Школьное обучение должно приблизить их к непосредственному участию в организации заповедников, сохранении природного ландшафта, в комплексе мероприятий по охране флоры и фауны, сохранении в городе мест обитания птиц; их подкормку в зимнее время.

С этой целью должны получить развитие отделы охраны природы, детские экологические станции. Однако этого недостаточно. В предметах природоведение, ботаника и биология должны найти место экологический аспект воспитания школьников и понимание ими ответственности за судьбу природы будущих поколений.

Архитекторами формируется концепция сопряженного развития города и его природного окружения. Задача состоит во вращении природы в город, в обеспечении человеку комфортных условий проживания.

Академик Б.Лихачев отметил, что нет пропасти между экологией биологической и культурной. Природная среда необходима человеку для его биологической жизни, среда культурная – для его нравственной духовной жизни.

Таким образом, включения архитектуры в систему комплексного эстетического воспитания направлено на достижение следующих задач: развитие творческого мышления, воображения, вкуса, способности эмоционально воспринимать памятники истории и культуры.

Список использованной литературы:

- 1. Виноградова Н.Ф., Кулакова Т.А. Дети, взрослые и мир вокруг. М.,1993.-С.97.*
- 2. Сыдығалиев Д.С. Архитектура во всестороннем развитии учащихся среднего и старшего возраста. Дис.,канд.пед. наук. М.,1989.-С.8-17.*

ӘОЖ 323.28
МРНТИ 11.25.41

И.Ж. Байкусиева ¹, Б.М. Джанаев ²

*«БМ010700 – Бейнелеу өнер және сызу» мамандығының 2 курс магистранты
Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институты
Алматы қ., Қазақстан, e-mail: hudozhnitsa_91@mail.ru*

² Ғылыми жетекші: Джанаев Мият Баймекеевич п.ғ.к., ҚР Суретшілер одағының мүшесі

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ СӘНДІК ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ БАЙЛАНЫСЫ

Аңдатпа

Мақалада педагогикалық және сәндік қолданбалы өнердегі инновациялық технологиялар мен олардың өзара байланысы қарастырылады. Өнерде педагогиканың өте маңызды орын алатыны белгілі. Зерттеуде әрбір педагог қолданатын дидактикалық принциптер мен жалпыға танылған оқыту әдістерінің негізінде сәндік қолданбалы педагогикалық инновациялар мен технологиялар қолдану мүмкіндіктері қарастырылған.

Жаңа педагогикалық технологияларға талдау жасай отырып сәндік қолданбалы өнер техникалары мен технологияларын оқыту процесінде кіріктіре қолдану жолдары көрсетіледі. Жаңартылған білім беру мақсаттарына сай кәсіптік колледждерде қол өнерін инновациялық технологиялармен оқыту жолдары көрсетіледі. Ғасыр талабына сай бәсекеге қабілетті маман даярлау студенттердің жаңаша ойлау қабілетін ашып дамытумен байланысты. Сәндік қолданбалы өнерде түрлі жаңа техникалар мен технологиялар қолданылады. Осы мақсатты орындау үшін жаңа технологиялар мен оқытып білім беру заман талабы. Зерттеу негізінде біз педагогика және сәндік қолданбалы өнер инновациялық технологиялар үйлесімі арқылы студенттердің көркемдік іс-әрекетін дамытудың тәжірибелік негіздері мен оны оқыту әдістемелерін талдап көрсеттік.

Зерттеу мақсаты педагогика және сәндік қолданбалы өнер инновациялық технологиялар үйлесімі арқылы студенттердің көркемдік іс-әрекетін дамыту болып табылады.

Түйін сөздер: педагогика, инновация, бейнелеу өнері, көркем білім, сәндік қолданбалы өнер, дамыту, оқыту

I.J. Baikussieva¹ B.M. Dzhanayev²

"6M010700 – Fine arts and drawing" 2nd year master's student Kazakh national pedagogical university. Abai's Kazakhstan,
city of Almaty e-mail: hudozhnitsa_91@mail.ru
c.p.s., member of UP RK.
Almaty, Kazakhstan

CONNECTION OF INNOVATIVE TECHNOLOGIES OF PEDAGOGY AND APPLIED ARTS

Annotation

The article deals with innovative technologies in educational and decorative and applied arts and their relationship. As you know, pedagogy occupies a very important place in art. The study examines the possibilities of applying pedagogical innovations and technologies in the decorative and applied arts on the basis of the didactic principles and generally recognized teaching methods used by each teacher.

Analyzing new pedagogical technologies, ways of integration of techniques and technologies of decorative and applied art are shown. In accordance with the updated educational goals, professional colleges will demonstrate ways to teach applied art to innovative technologies. Century in connection with the development of thinking and a new way of training a competitive specialist in accordance with the requirements of students. A variety of new techniques and technologies are used in decorative and applied arts. To achieve this goal, new technologies and training are a requirement of time. Based on the study, we analyzed practical bases of development of students' artistic activity and methods of its training in combination of innovative technologies of pedagogy and decorative and applied art. The aim of the research is to develop students' artistic activity through a combination of innovative technologies of pedagogy and decorative and applied art.

Keywords: pedagogy, innovation, fine arts, art, decorative and applied arts, development, training

И.Ж. Байкусиева¹ · Б.М. Джанаев²

магистрант 2 курса специальности «6M010700 – Изобразительное искусство и черчение»
Институт искусств, культуры и спорта КазНПУ им. Абая
г. Алматы, Казахстан, e-mail: hudozhnitsa_91@mail.ru
² к.п.н., член Союза художников РК

СВЯЗЬ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ПЕДАГОГИКИ И ДЕКОРАТИВНО-ПРИКЛАДНОГО ИСКУССТВА

Аннотация

В статье рассматриваются инновационные технологии в педагогическом и декоративно-прикладном искусстве и их взаимосвязь. Как известно, в искусстве педагогика занимает очень важное место. В исследовании рассматриваются возможности применения педагогических инноваций и технологий в декоративно-прикладном искусстве на основе применяемых каждым педагогом дидактических принципов и общепризнанных методов обучения.

Анализируя новые педагогические технологии, показываются пути интеграции техники и технологий декоративно-прикладного искусства. В соответствии с обновленными образовательными целями в профессиональных колледжах будут продемонстрированы пути обучения прикладного искусства инновационным технологиям. Века в связи с развитием мышления и по-новому раскрыть подготовки конкурентоспособного специалиста в соответствии с требованиями студентов. В декоративно-прикладном искусстве используется разнообразная новая техника и технологии. Для выполнения этой цели новые технологии и обучение – требование времени. На основе исследования мы проанализировали практические основы развития художественной деятельности студентов и методики его обучения в сочетании инновационных технологий педагогики и декоративно-прикладного искусства. Целью исследования является развитие художественной деятельности студентов через сочетание инновационных технологий педагогики и декоративно-прикладного искусства.

Ключевые слова: педагогика, инновация, изобразительное искусство, художественное образование, декоративно-прикладное искусство, развитие, обучение

Кіріспе

Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізген күнінен бастап өркениетті жаңа білім берудің заманауи парадигмасында оқытып тәрбиелеу мәселелеріне баса назар аударыла бастады. Қазіргі таңда Қазақстандағы білім беру жүйесінде көптеген жұмыстар атқарылуда. Өлемдік деңгейге жақындатылған білім беру стандарттарына сай кәсіптік көркем білім беру бойынша оқу-тәрбие жұмыстары барынша жаңа жаһандық үрдісте жүргізілуде. Жаңа педагогикалық бағыт білім алушыға қоғамдық қатынастағы субъект ретінде қарауды талап етеді, сонымен қатар оның өзін ұлт мүшесі, қоғам мүшесі ретінде сезініп, жалпы-адамзаттық жоғары адамгершілік пен ұлттық құндылықтарды меңгеруін талап етеді. Туған елінің тарихи ерекшелігі мен мәдениетін рухани таным мен көркем білім арқылы игереді.

Бүгінгі таңда педагогика және сәндік қолданбалы өнер инновациялық технологиялар үйлесімі арқылы студенттердің көркемдік іс-әрекетін дамытудың тәжірибелік негіздері мен оны оқыту әдістемелері қарастырылмаған.

Қазақстан ұлттық кәсіби сәндік қолданбалы өнерінің тарихында өткені мен бүгінгісін анықтап, оны болашақ визуалды өнер және көркем еңбек педагог мамандарға көркем теориялық білім беру арқылы жеткізу, санасына сіңіру, мазмұны мен маңызын айқындап өнерлі, өнегелі, білімді де, саналы шығармашыл жастарды оқытып тәрбиелеу-бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Осы мақсатта педагогикадағы және сәндік қолданбалы өнердегі инновациялық технологиялар сабақтастығы мен маңызын анықтап өнер сабақтарында қолдану мүмкіндіктерін зерттеу қажеттігі туындайды.

Біз өз ғылыми жұмысымызда педагогикадағы және сәндік қолданбалы өнердегі инновациялық технологиялар сабақтастығы мен маңызын талдап оны қолдану мүмкіндіктерін анықтауға тырысамыз.

Үлкен энциклопедиялық сөздікте «Шығармашылық деген қайталанбайтын тарихи қоғамдық мәні бар, жоғары саладағы жаңалық ашатын іс-әрекет», - деп тұжырымдалады. Ал, Л.С.Выготский «Шығармашылық» деп жаналық ойлап табатын іс – әрекетті атаған [1].

Жалпы қазіргі кезде Қазақстан кәсіби сәндік қол өнер шеберлері мен зергерлік ұста суретшілерінің көркем туындыларымен студенттерді таныстырудағы негізгі мақсат-олардың «көркем қиялын» белсендіріп шығармашылық тәжірибесімен байыту. Бұл ізденіс жұмысымызда біз сәндік қолданбалы өнер саласына маман даярлау ісіндегі қолөнерінің заманауи технологияларын педагогикалық технологиялар негізінде қолдану мәселелерін қарастыруды мақсат етеміз. Кәсіптік оқу орнында инновациялық технологияларды үйлесімді қолдану негізінде сәндік қолданбалы өнерден білім мен көркем-эстетикалық тәрбие беру үрдісі жаңа технологиялар арқылы жүргізілуі тиіс. Қазақстан кәсіби қол өнер суретшілерінің көркем туындыларымен таныстыру арқылы кәсіптік колледж студенттерінің көркем қиялы мен білімін инновациялық технологияларды үйлесімді қолдану арқылы дамыту түрлі деңгейде іске асырылады. Зерттеу барысында біз қазақстан кәсіби сәндік қол өнер шеберлерімен суретшілерінің көркем туындыларымен таныстыру арқылы жоғары курс студенттерінің көркем қиялын дамытуды теориялық тұрғыда негіздеу және инновациялық технологияларды үйлесімді қолдануды әдістемелік тұрғыда жүзеге асырудың педагогикалық шарттарын анықтауға тырыстық.

Сәндік қол өнер пәнінде оқушыларға қолөнер инновациялық технологиялары мен педагогикалық инновациялар үйлесімі арқылы білім беруді жетілдірудің теориялық негіздерін анықтау төмендегідей сатыларда сарапталды:

1. Білімгерлерге қол өнері пәні негізінде инновациялық технологияның білім беруді жетілдірудегі көркем тәрбиелік мүмкіндіктерін анықтау;

2. Сәндік қолданбалы өнері пәнінде білімгерлерге көркем білім беруді жетілдірудің құрылымдық- мазмұндық моделін жасау;

3. Сәндік қолданбалы өнері пәнінде үйлесімді инновациялық технологиялар арқылы студенттерге білім беруді жетілдірудің педагогикалық шарттарын анықтау;

4. Қол өнері пәнінде студенттерге жаңа технологиямен білім беруді жетілдіру жолдарын қамтамасыз етуге бағытталған әдістеме даярлап, оның тиімділігін тәжірибелік педагогикалық эксперимент арқылы тексеруден өткізу.

Кәсіптік колледждердің жоғары курс студенттерінің көркем қиялы мен білімін дамыту - қолөнері инновациялық технологиялары мен педагогикалық инновациялық технологияларды үйлесімді қолдану негізінде нәтижелі болады.

Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу атты еңбекте «Оқытуға арналған дизайн кәсіби оқытуға арналған жаңа үлгілерді зерттеуге және дамытуға, сондай-ақ қолданыстағы дизайнды сыни тұрғыдан бағалауға, талдауға негіз болады. Оқытуға арналған дизайнда тұжырымдарын іс-әрекет теориясымен біріктіру арқылы кәсіби білім беруде қолданылатын іс-әрекеттердің неғұрлым кешенді үлгісін жасауға болады.» [2] деп көрсетілген. Осы пайымды негізге ала отырып біз педагогика және қолөнері технологияларын оқытуға арналған дизайнда тұжырымдарын сәндік қолөнері іс-әрекеттерімен, әдет дағдыларымен интеграциялы қолдану жолдарын қарастырдық.

Педагогикалық және сәндік қолданбалы өнердегі инновациялық технологиялар мен оларды өзара байланыста қолдану кәсіби білім беруде қолданылатын іс-әрекеттерді жандандыра түседі. Бұйымдарды сәндік безендіру, конструктивті орындау неғұрлым белсендіріле түседі.

Кәсіби электрондық оқытуға арналған зерттеулерде қарастырылып отырған әрекетті тиісінше сипаттай алмау, тіпті толық түсінбеу байқалады деп атап өтілген болатын (Cook et al., 2008). Зерттеу контексіндегі іс-әрекеттерді модельдеу және ол жөнінде есеп беруге арналған кәсіптік білім беруде оқытуға арналған әдістер мен көзқарастарды пайдалану осы мәселелерді шешуге айтарлықтай көмектеседі[3].

Қазақстан сәндік қол өнері зергерлік өнерді дамыту жаңашылдыққа бет бұру кәсіби қол өнер шеберлер, ұсталар, суретшілердің көркем туындыларымен танысу арқылы жоғары курс студенттерінің көркемдік қиялын дамытуды нәтижелі түрде қамтамасыз етеді. Сабақ беру негізінде ақпараттық технологиялық программалары мен оқыту әдіс-тәсілдерінің ұтымды және нашар тұстарын салыстыра отырып оларды бөлек қарастыру арқылы қажетті нәтижелерге жетуге болады. Қазақстанның және дүние жүзілік инновациялық технология тәжірибесінен алынған педагогикалық негіздерге сүйене отырып кәсіби қол өнершілер туындыларын кешенді түрде пайдалану жүйесі жасалса, сонымен бірге осы жүйені жүзеге асырудың педагогикалық шарттары анықталып, іс жүзінде оң шешімін тапса, студенттердің көркемдік қиялдары ойдағыдай дамиды. Өйткені, кәсіптік колледж оқу орнында сәндік қолданбалы өнерді оқыту жаңа заман талаптарына сай болғанда, білімгерлер көркемдік дамуы артады. Болашақ шебер-қол өнершілерді оқытып тәрбиелеу инновациялық технологияларды үйлесімді қолданумен анықталады.

Қазақстан кәсіби сәндік қол өнер шеберлері мен суретшілерінің көркем туындыларымен қатар көркем қызмет үрдісімен таныстыру арқылы жоғары курс студенттерінің көркем қиялы мен білімін дамыту - қолөнері инновациялық технологиялары мен педагогикалық инновациялық технологияларды зерделей отырып үйлесімді қолдану негізінде нәтижелі болады. Қазақстан қолданбалы өнерінің бір саласы зергерлік өнерді басқа қолөнер түрлерімен (ағаш, тері, метал, сүйек) байланыстыра өңдеуді-анатомия, медицина мен инженерлік салада (қоса жасанды буын протездері қол, аяқ, тістер, көз, мұрын, сияқты адам мүшелермен жан жанауар мүшелеріне) имплантты жасайтын тәсілдермен байланыста оқыту негізінде маман даярлауға қолдану мәдениетінің қалыптасуы мен даму кезеңдерінің ерекшелігінің тарихи-теориялық негіздерін кәсіптік мектеп студенттеріне икемдеу жолдарын қарастыру маңызды.

Ғалым Г.Пірәлиева былай дейді: үш тірек яғни «ақыл, қиял, көңіл» туралы «аталған үш негіз-адамның жан жүйесін (Ж.Аймауытов), санасын зерттейтін жазушылардың негізгі объектісі. Ақыл, қиял, көңіл терең зерттелмей, адам табиғаты жан-жақты танылып, оның ішкі жан дүниесіне тереңдей ену мүмкін емес-деген. Демек, өнер арқылы адамды зерттейтін ғылым яғни адамтану ғылымы деп алғаш рет А.Байтұрсынұлы айтып, ғылыми айналымға енгізген» [4, 8 б.].

Педагогикадағы және сәндік қолданбалы өнердегі инновациялық технологиялар, «Қиял», «көркемдік қиял», «шығармашылық қиял», «кескіндеме», «қазақстан кәсіби суретшілері», «дамыту» ұғымдарының мәнін анықтайтын философиялық, психологиялық, педагогикалық, мәдениеттанушылық, өнертанушылық аспектілердегі теориялық қағидалар; көркем өнер мен көркемдік қиял туралы қазақ зиялыларының мұрасы, болмыстағы құбылыстарды зерделеу мен пайымдауға тұғыр болатын таным теориясы; адамның танымдық іс-әрекетінің объективтік заңдылықтар жөніндегі көзқарастары; болмыстың жалпыға бірдей байланысы, өзара келісуі мен біртұтастығы туралы теория; біртұтас көркем педагогикалық процесс теориясы. «Композицияның пластикалық, конструктивті-структуралық құрылымдық, түстік-пішіндік, мән-мазмұндық, эмоционалды-сезімдік, материалдық-фактуралық компоненттері өнер түрлері мен көркем қызмет түрлеріндегі көп қырлы тәсілдер мен технологиялар қолданылу процесінде поликөркемдік интегративті тәсілдерді қамтамасыз етеді» [5, 229 б.]. Осы тұрғыда өнердегі инновациялық

техникалар мен технологиялар, жаңа педагогикалық инновациялар тұжырымдарын қорытындылауға мүмкіндік береді.

Қазақстандық суретшілердің қол өнері туындыларындағы инновациялық технологиялар арқылы кәсіптік колледж студенттерінің көркемдік қиялын дамыту мәселесі өзінің мамандық ерекшеліктеріне сай күрделілігімен, өзектілігімен ерекшелінеді. Соңғы уақытта өнердің бұл түріне үйрету туралы әдістемелер, зерттеулер көп болғанымен Қазақстан кәсіби колледждарында педагогикалық инновациялық технологиямен сәндік қолданбалы өнеріндегі жаңа технологиялар байланысында көркем туындыларымен таныстыру арқылы колледж студенттерінің көркем қиялын дамыту мәселесі бойынша арнайы ғылыми зерттеулер жүргізілмегендігі белгілі. Қазіргі кезде Қазақстан кәсіби қол өнер шеберлерінің көркем шығармашылығымен таныстыру мәселесі бойынша жазылған ғылыми теориялық еңбектер тақырып маңыздылығын айқындай түседі.

Мысалы бұл тақырыпта, қазақстан ғалымдары ұрпақ тәрбиелеудегі педагогикалық білімін, ауызекі әдебиетін, ән-күйін, сәндік-қолданбалы өнерін, салт-дәстүрін, даналық ой-пікірін, кәдесіне жарату амалдарын-қосты.

Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, С.А. Ұзақбаева, М.Х.Балтабаев, А.Мұхамбаева, Т.А. Қышқашбаев және т.б өнертанушылар мен суретші қолөнершілер ғалым педагогтардың еңбектерінде қазақ этнопедагогикасының теориялық-әдіснамалық мәселелері өз шешімін тапты [6, 7, 8, 9, 10, 11].

Осы аталған бағытта оқыту болашақта студенттердің көркем теориялық білімдерін дамытып, көркем қабылдауының көкжиегін кеңейте отырып, көркемдік қиялын дамытуына жаңашылдыққа кең жол ашатынына сенімдіміз. Сонымен қатар қол өнер тәжірибелері мен оның теориялық негіздері студенттердің ой-қиялдарын, көркем теориялық білімдерін байыта түсетіні сөзсіз.

Жалпы кәсіптік колледждерде сәндік қолданбалы өнері мен композиция пәндерінде жоғарғы курс студенттерінің көркемдік қиялын дамыту мәселесіне арналған зерттеулер жоқтың қасы. Демек, бүгінгі қоғам сұранысының жаңа талабына сай біз, кәсіби білім беру барысында кезінде әлемдік рынокқа шығу мақсатында қолданылған қол өнердің зергерлік түрінің орындалу техникасы мен қолданылу жолдарын жан жақты қамти алатын ,сәндік қолданбалы өнердің жаңа техникалық, технологиялық мүмкіндіктерінде ашып көрсетуіміз қажет. Оларды, қол өнер түрлерін тек бұйым ретінде емес медицина, өнер кәсіп,стоматология,эндопротез,бионикалық протез, робототехника құрастыру т.б т.с.с мамандық бағыттарындағы техникалық жаңа тәсілдерін педагогикалық инновациялар қолдану арқылы оқытуды интерактивті белсендіру тәсілдерімен де ұштастырып отыру қажеттігін байқаймыз. Яғни, бұл тұрғыда өнер түрлері мен қызметтер түрлерінің байланыстарын анықтауымыз қажет. Осы мақсаттарда басты технологиялық мәселелерді қарастуымыз қажет.

Қазіргі жаһандық дәуірде қолөнерінде техникалық инженерлік инновациялар көптеп қолданылуда. Қазақстан кәсіби қол өнер технологияларының көркем туындыларымен таныстыру арқылы студенттердің көркемдік қиялдарын дамыту мәселесінің теориялық тұрғыдан шешу қажеттігі мен бұл проблеманың ғылыми әдістемелік тұрғыдан жеткіліксіз зерттеліп, арнайы оқу әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілуі арасындағы қарама- қайшылықтар бар екендігі анық байқалады. Сондықтан Қазақстан қол өнерін кәсіби көркем туындыларымен таныстыру арқылы жоғары курс студенттерінің көркем қиялын дамыту мәселесінің зерттеу аясын «Педагогика және сәндік қолданбалы өнер инновациялық технологиялары интеграциялық байланысы - технологиялар тоғысы» деп тануымызға негіз болды. Сондықтан әрбір шәкіртің біліктілігін, шығармашылығын, білім деңгейін көтеру, ойлауы терең адамзатты тәрбиелеу, өзін-өзі тану сияқты өзекті мәселелерді шешу үшін педагогикалық, психологиялық әрекетін ұйымдастыруда заманауи педагогикалық технологияларды қолданудың маңызы зор.

Болашақ кәсіпкер қол өнер шебері, ұсталарды даярлауды қалыптастыру мәселелері көп аспектілі және ол басты мынадай қайшылықтарды шешумен байланысты:

- білім беру саласын жаппай инновациялық технология бағытында компьютерлендіру жағдайында метал, ағаш ,тері ,сүйек даярлайтын сәндік қолданбалы өнер саласына маман даярлауды жетілдіру мен осы даярлау ісін әдістемелік тұрғыдан қажетті деңгейде қамтамасыз етілмегендігі; Кәсіптік орта білім беру жүйесінде қалыптасқан болашақ шеберлерді кәсіби даярлау мен оның даярлығына деген талаптың едәуір өскендігі арасында және де осы талаптарды орындау мақсатында компьютерлік технологиялардың мүмкіншіліктерін қолдану жеткілікті деңгейде болмауы; Қол өнер саласының болашақ мамандарының бәсекелестікке икемділігін қамтамасыз ету мен олардың инновациялық компьютерлік техникалармен еркін жұмыс жасай білу біліктілігінің деңгейінің төмен болуы;

Аталған қайшылықтар ізденіс жұмысының проблемасын айқындады. Мұнда негізгі басты мақсат – сәндік қолданбалы өнер саласында қызмет ететін болашақ мамандарды компьютерлік инновациялық технологияларды қолданып кәсіби даярлаудың педагогикалық шарттарын айқындау және жүзеге асыру жолдарын іздестіру.

Мұндағы басты міндет – түрлі технологиялардың көмегімен қолданылатын амал-тәсілдері бейімделу емес, осы технологияны қолдану арқылы сәндік қол өнер саласын дамыту. Педагогика оқыту технологияларымен тығыз байланысты болғандықтан, олардың дамуына орай, әлбетте, педагогикалық орта мен әдіс тәсілдер де өзгереді. Колледж бен мұғалімнен тыс ортадағы оқыту технологияларының алуан түрлілігі білім алушының жаңа тәсілдерін құруға мүмкіндік беріп отыр. Кәсіптік колледждер мен өнер мектептеріндегі білім сапасы жалпы өнер саласындағы білім беру жүйесінің ең маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Оқытудың дәстүрлі әдістерін талдай отырып, келесілерді атап өтуге болады:

1. табиғаттылық және мақсаттылық принципі, білім алушының табиғи тапсырмаларын орындау, тәрбие, пәндер арасындағы байланыс идеясы, көрнекілік принципі;
2. оқыту білім алушының өзін-өзі дамытуына және белсенділігіне ықпал етуі керек, кітаптік мінез-құлыққа жол бермеуі керек, оқыту балаға қызықты болуы керек;
3. оқыту процесі бір бөліктен тұтас, ортақ бөліктен жеке бөлікке біртіндеп өту жолымен құрылуы тиіс.;
4. оқыту білім алушының қабілетін дамытып, өмірмен байланысы болуы тиіс [12].

Кәсіптік колледж студенттеріне сабақ беру тәсілдері бірден бірі жақсы әдісі әңгімелесу оқу дискуссия болып табылады. Сәндік қолданбалы өнер туындыларын интерактивті тақта арқылы яғни (АҚТ), кітаппен жұмыс, демонстрация, бейне әдісі, бүгінгі интернет желісі арқылы қызықты болу үшін дайындық тапсырмаларын дайындаймыз. Қазіргі студенттерді өздері оқып жатқан мамандықтарға қызығушылық арттыру тәлімгерге көп жағдайлар байланысты, егер мен жақсы дайындалып өз пәнімді тереңдетіп бар ынтаммен беретін болсам оладың болашақ мамандықтарына деген жарқын көз қарасын аша білемін деп ойлаймын. Өздері алдағы айтылған әдістер бойынша көріп білгендерін практикалық әдіс, жаттығу арқылы кері байланыспен нәтиже бере алды шығармашылық сипаттағы жаттығулар орындай білді. Нәтижесінде қол өнершілердің туындыларын инновациялық технология арқылы жасау ынтасы болып өздеріне мақсат қоя білді. Студенттердің белгілі бір нәтижеге жету кезінде өзін өздерін бақылау процесі байқалады [13].

Инновацияларға қандай зерттеу мәселелері ұшырайды? Әрине, бұл оқу мотивациясын арттыру, оқу материалының үлгерімін арттыру, уақыт шығынын жою. Егер заманауи инновациялық әдістерді осындай қырынан алсақ, онда оларда жаңа ештеңе жоқ. Дамудың психологиялық процестері, бұрын пайдаланылмаған теориялық тәсілдер, жоғары нәтижелері бар нақты технологиялар туралы жаңа білімде пайда болатын идеялар мен әдістерді ғана инновациялық жаңалық деп тануға болады. Барлық инновациялық жобалар, жұмыс әдістері "белгілі немесе белгісіз" принципі бойынша, сондай –ақ педагогикалық практикада "болған жоқ" принципі бойынша іріктеуден өтуі тиіс. Оқытудың дәстүрлі және инновациялық әдістері тұрақты өзара байланыста болуы және бір-бірін толықтыруы маңызды. Тәжірибе көрсеткендей, әмбебап әдістер жоқ, оқу іс-әрекеті барысында оқу жұмысының түрлі әдістері қолданылуы тиіс. Бұл екі ұғым бір деңгейде болуы керек. Себебі маман шығарған кезде элементтік нарыққа керекті мамандық шығаруға тиістіміз. Әрине қазақтың ұлттық сәндік қолданбалы өнері өз алдына біздің қазынамыз, байлығымыз, тарихымыз оның орнын ештеңе басуы мүмкін емес. Сәндік қолданбалы өнер шығармашылық бағыттағы өнердің алды болып қалмақ. Оқыту әдістерін таңдау ерікті бола алмайды. Тек бір қарағанда, педагог өзіне қалағандай әдістерді таңдайды. Оқытудың қандай да бір әдісін таңдай отырып, педагогқа көптеген тәуелділікті ескеруге тура келеді – ең алдымен бұл мақсат пен міндеттер. Олар белгіленген міндеттерге қол жеткізу үшін жалпы ерекшелікте жарамды әдістер тобын "қояды". Бұдан әрі білім беру процесін ең жақсы жүзеге асыруға мүмкіндік беретін оңтайлы жолдарды мақсатты түрде таңдау қажет. Білім алу нәтижелерінде қол жеткізуде технологиялардың алатын орны зор, оқыту мәселесіне келгенде бұл басымдық түсіндіріп жатудың өзі артық. Жаңа педагогикалық технология мақсаты – оқытуды ізгілендіру, яғни оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек.

Қорытынды.

Педагогика, психология және сәндік қолданбалы өнердегі инновациялық технологиялар үйлесімділігі мен іс-тәжірибелік жетістіктерін қолдану арнайы кәсіптік колледж білімгерлерінің шығармашылығын белсендіріп мамандық бойынша білім деңгейлерін арттырады. Пәнді оқыту арқылы ойлау, шығармашылық қабілеттерін дамытуда дидактикалық материалдарды осы үйлесімде қолдану, сабақта педагогикалық технологиялар арқылы қол өнері жаңа технологиялары мен орындау техникаларын көрнекі көрсету тәжірибесі мен іске асады. Педагогика және психология ғалымдарының, суретші-педагог ғалымдардың жетістіктерін бейнелеу өнері және сызу пәндерінің әдістемесін оқыту барысында сәндік қол өнері сабақтарында кіріктіре қолдану білімгерлер эстетикалық талғамдары мен шығармашылықтарын қалыптастыруда маңызды компонент болып табылады.

Студенттің түсінігі мен қабілетін жаңа педагогикалық технологиялар арқылы дамыту, олардың өзіндік жұмыс істеу мүмкіншілігіне жол ашу. Педагогикадағы және сәндік қолданбалы өнердегі инновациялық технологиялар үйлесімділігі білімгерлер шығармашылығын арттырады. Мұндай оқытуға арналған дизайнға шолу жасау белгілі бір іс-әрекет жобаларының түрлерін жасақтау, бағалау және қолдану, сондай-ақ әртүрлі қызмет салаларын құрайтын іс-әрекет жүйелерін қарастыру тұрғысынан кәсіби білім беруге толық мүмкіндік береді. Кәсіби оқытудағы дизайнның негізгі тақырыптарына мыналар жатады:

1. Тұжырымдамалық деңгейде оқытуға арналған дизайн салыстырмалы түрде аз түсініліп, сирек қарастырылып отырғанына қарамастан, кәсіптік білім беру оқыту дизайнының сан алуан үлгілеріне бай сала саналады.

2. Кәсіби практика өз қызметін шектеулі дәрежеде жүзеге асырып, жалпы алғанда, мұндай практикаға дейін даму деңгейін, кәсіби білімнің құндылықтары мен мәдениетін белгілеп береді.

3. Модельдеу мен практикум – кәсіби білім берудегі негізгі екі мета-дизайн. Іс-әрекетті модельдеу – практикаға жақындайтын іс-шараларға байланысты әрі практикаға жақын орталар.

4. Кәсіптік білім беру – академиялық білім немесе жалпы білімді игеруден шеңбері кең сала. Сонымен қатар кәсіби оқытуға арналған дизайнер оқушыны мамандыққа бейімдеп, әлеуметтендіруге арналған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Выготский Л.С. *Воображение и творчество в детском возрасте: психологический очерк. Книга для учителя. 3-е издание. М., «Просвещение», 1991-93С.*

2. *«Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. XXI ғасырдағы оқыту дизайны».* Авторлары: Элен Битэм, Рона Шарп ISBN-10: 0415539978 ISBN-13: 978-0415539975 Тілі: Ағылшын Баспа: Oxford University Press, Басылым жылы: 2013, Бет саны: 352, Алғашқы басылымы: 2007

3. *«Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. XXI ғасырдағы оқыту дизайны».* Авторлары: Элен Битэм, Рона Шарп ISBN-10: 0415539978 ISBN-13: 978-0415539975 Тілі: Ағылшын Баспа: Oxford University Press, Басылым жылы: 2013, Бет саны: 352, Алғашқы басылымы: 2007

4. Пірәлиева Г. *Қазақтың көркем прозасындағы психологизм және оның бейнелеу құралдары.* – Алматы: ҚызМемПи, 2007. – 359 б.

5. М.Б.Джанаев. *Композицияны оқытудың поликөркемдік факторлары // Педагогика және психология. Ғылыми-әдістемелік журнал. -№1(38), 2019ж. -Б.226-233*

6. Жарықбаев Қ., Қалиев С. *Қазақтың тәлім-тәрбиесі, Алматы, 1995, 352 б;*

7. Қалиев С. *Ұлттық педагогиканың негізгі қағидалары // Бастауыш мектеп, № 1, 2, 3, 1994.;*

8. Ұзақбаева С. *Тәрбиенің қайнар көзі // Қазақстан жогары мектебі, № 1, 1996, Б. 84-89.;*

9. Балтабаев М.Х. *Современная художественная культура Казахстана: гносеология, ментальность, преемственность, перспективы, Алматы, 1997, 156*

10. Мухамбаева А.Х. *Национальные обычаи и традиции казахского народа и их влияние на воспитание детей и молодежи, Автореф. Дис к.п.н: 09.01.1974, М, 1974.;*

11. *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Ағылшын тілін және жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді (информатика, физика, химия, биология, жаратылыстану) кіріктіріп оқыту. Оқу-әдістемелік құрал Астана 2016.*

12. «Төртінші индустриялық революция» Авторы: Клаус Шваб Аудармашылар: Ақыш Н.Б., Бимендиева Л.Ә., Матыжанов К. I. ISBN-10: 1524758868 ISBN-13: 9781524758868, Тілі: English, Баспа: Crown Publishing Group, Жылы: 2017, Бет саны: 184, Бірінші басылым: 2016.

13. «Төртінші индустриялық революция» Авторы: Клаус Шваб Аудармашылар: Ақыш Н.Б., Бимендиева Л.Ә., Матыжанов К. I. ISBN-10: 1524758868 ISBN-13: 9781524758868, Тілі: English, Баспа: Crown Publishing Group, Жылы: 2017, Бет саны: 184, Бірінші басылым: 2016.

ӘОЖ 37

ВАК 13.00.00

Б.С.Рахимбердиев

*№39 жалпы орта білім беретін мектеп КММ «Сызу, сурет, еңбек» пәнінің мұғалімі,
Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы, e-mail: rusrus302@mail.ru*

ОҚУШЫЛАРҒА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ ҮЙІРМЕНІҢ РӨЛІ

Аңдатпа

Бұл мақалада оқушыларға ұлттық тәрбие берудегі үйірменің рөлі қарастырылған.

Бүгінгі таңда халқымыздың ежелден желісі үзілмей келіп жеткен көне де, ізгі дәстүрі жас ұрпақты ұлттық, сәндік қолданбалы қолөнерінің тұнығынан сусындап, халық шеберлерінің ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан таңғаларлық тамаша шығармалармен таныстыра отырып, өнерге қанат қаққан шәкірттерді шеберлік шыңына жетелеп дұрыс бағыт сілтеу, ұлттық қолөнерге баулу басты мақсатым.

Үйірме жұмысының нәтижесінде, үйірмеге қатысатын оқушылар, үйірмеге қатыспайтын құрбыларына қарағанда анағұрлым толық мағлұматтарға қанығып, шеберлігі шыңдалып, ой-өрісі кеңі түседі. Қазіргі оқыту технологиясы барысында бала тек үйренуші ғана емес үйренуші-шәкірттен белсенді үйретуші, өзіндік ой-пікір бар жан-жақты дамыған ара тұлға дәрежесінде болу керек. Сәндік қолданбалы өнер пәнінде немесе үйірмелерде оқушы тек мұғалімнің үйретуімен бұйым түрлерін жасаумен шектеліп қана қоймай, сонымен бірге оған талдау жасап, жасалу технологиясына өз ой-пікірлері мен ұсыныстарын айтуға дағдыланады. Осылайша балалар әр түрлі шығармаларды зерттей отырып, баға берумен өз бойларында келешек кәсіби ісіне қажетті эстетикалық бағалы қасиеттеді қалыптастырады.

Түйін сөздер: үйірме, ұлттық, мәдениет, оқушылар, халық, дәстүр, шебер, үйренуші, шәкірт, қолөнер, сәндік қолөнер, мұғалім.

B.S. Rakhimberdiev

*Teacher for "Drawing, Fine Arts and Labor" secondary school No. 39,
East Kazakhstan region, the city of Semey, e-mail: rusrus302@mail.ru*

ROLE OF NATIONAL EDUCATION IN CIRCULAR EMPLOYMENT

Annotation

The article discusses the role of national education in circle studies. Craft clubs play a key role in deepening the education of children, in the development of their creativity, interest in work and raising the level of their taste. As a result of this activity, students in the circle become more saturated, more experienced and broader than their non-participants. In modern technology of education, a child should be not only a student, but also a student-student as a fully educated, self-sufficient person. In the field of applied art or circles, the student not only learns to make the type taught, but also analyzes and expresses his thoughts and suggestions on technology.

At the same time, children will evaluate and study various works of art in order to form the aesthetic value necessary for their future professional activities.

Keywords: circle, national, culture, children, people, traditions, master, students, art, applied art, teacher.

Б.С. Рахимбердиев

Учитель по «Черчению, ИЗО и труда» средней школы КГУ СОШ №39,
Восточно Казахстанской области, города Семей, e-mail: rusrus302@mail.ru

РОЛЬ НАЦИОНАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КРУЖКОВЫХ ЗАНЯТИЯХ

Аннотация

В статье рассмотрено роль национального образования в кружковых занятиях. Ремесленные клубы играют ключевую роль в углублении образования детей, в развитии их творчества, интереса к работе и повышении уровня их вкуса. В результате этой деятельности студенты в кружке становятся более насыщенными, более опытными и более широкими, чем их неучастники. В современной технологии обучения ребенок должен быть не только учеником, но и учеником-учеником как полностью образованная, самодостаточная личность. В области прикладного искусства или кружков учащийся не только учится делать обучаемый тип, но также анализирует и выражает свои мысли и предложения по технологии. При этом дети будут оценивать и изучать различные произведения искусства, чтобы сформировать эстетическую ценность, необходимую для их будущей профессиональной деятельности.

Ключевые слова: кружок, национальный, культура, дети, народ, традиции, мастер, ученики, искусство, прикладное искусство, учитель.

Білімі мен ғылымын дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біз болашақтың жоғарғы технологиялық және ғылыми ауқымды өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтауымыз қажет. Білім шаңырағында жүргізілетін көптеген тәрбие жұмыстарының бір саласы өскелең жас ұрпақты халқымыздың ұлттық қолөнеріне баулуға бағытталады, өнерге бейімділіктің алғашқы қадамы баланың өскен ұясынан бастау алып, мектеп қабырғасында оқу-тәрбие жұмыстары барысында ілгері дамытылып, байытылады.

Бүгінгі таңда халқымыздың ежелден желісі үзілмей келіп жеткен көне де, ізгі дәстүрі жас ұрпақты ұлттық, сәндік қолданбалы қолөнерінің тұнығынан сусындап, халық шеберлерінің ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан таңғаларлық тамаша шығармалармен таныстыра отырып, өнерге қанат қаққан шәкірттерді шеберлік шыңына жетелеп дұрыс бағыт сілтеу, ұлттық қолөнерге баулу басты мақсатым.

Баланың білімін тереңдетуде, шығармашылығы, еңбекке қызығушылығы мен ой-өрісін кеңейтіп, талғам деңгейін жоғарылату барысында қолөнер үйірмелерінің орны ерекше. Үйірме жұмысының іс-тәжірибесіне көңіл аударар болсақ, баланың шығармашылық кезеңдерінде танымдық мүддесінің дамуы бейнелеу өнері, геометрия, математика, жануартану, сызу, т.с.с пәндерге тікелей байланысты болатындығы аңғарылады. Бала оқу процесінде алған білімін, үйірмеде іс жүзінде қолданып, қолөнер бұйымдарын дайындау кезеңдерінде пайдаланады. Сыныптан тыс үйірмелер оқушының сабақта алған білімін, әрі қарай жалғастырып, дамытудың негізгі жолы болып есептеледі. Мұның өзі түптеп келгенде баладан шыдамдылық пен төзімділікті қажет етіп, алдына қойған мақсатына жетуге талпынуға, шеберлікке, еңбек сүйгіштікке тәрбиелейді.

Үйірме жұмысының нәтижесінде, үйірмеге қатысатын оқушылар, үйірмеге қатыспайтын құрбыларына қарағанда анағұрлым толық мағлұматтарға қанығып, шеберлігі шыңдалып, ой-өрісі кеңі түседі. Қазіргі оқыту технологиясы барысында бала тек үйренуші ғана емес үйренуші-шәкірттен белсенді үйретуші, өзіндік ой-пікір бар жан-жақты дамыған ара тұлға дәрежесінде болу керек. Сәндік қолданбалы өнер пәнінде немесе үйірмелерде оқушы тек мұғалімнің үйретуімен бұйым түрлерін жасаумен шектеліп қана қоймай, сонымен бірге оған талдау жасап, жасалу технологиясына өз ой-пікірлері мен ұсыныстарын айтуға дағдыланады. Осылайша балалар әр түрлі шығармаларды зерттей отырып, баға берумен өз бойларында келешек кәсіби ісіне қажетті эстетикалық бағалы қасиеттеді қалыптастырады.

Мен осы ұсынысымды пайдалана отырып, сәндік қолданбалы өнер пәнінде «Сәндік қолданбалы өнерді үйрету арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту» деген тақырыпта жұмыс жасап келемін.

Мақсатым: «Жасөспірімдердің ұлт өнері мен мәдениетіне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, қолданбалы өнер жайлы бастапқы түсініктерін қалыптастырып, сәндік қолданбалы өнер

сабақтарында шағын бұйым жасай білуіне, үйренгендерін тұрмыста пайдалануына бағыт беру, қолөнерді сүйеге тәрбиелеу»

Міндетім; халық педагогикасы бойынша оқушыларға, халық қолөнерін үйрету

Бағытым: Сәндік қолданбалы өнерді үйрету, шығармашылық қабілетін дамыту. Оқушылардың кең көлемде мәдениетін, рухани байлығын дамыта отырып, халқымыздың өнерін бағалай білуге тәрбиелеу.

Адамның көпшілік, қоғамшыл болып өсуі үшін де өнерлі болуының маңызы зор. Өнер адамның дүниетанымына, сеніміне, адамгершілік-моральдық қасиеттерінің қалыптасуына, эстетикалық сезімдерінің тұрақты, алдына қойған мақсатының айқындала түсіуіне игілікті әсер етеді. Балалық шақ өнер үйретуге таптырмайтын кезең. Осы кезде қызығу да, құмарлықта күшті болады. Қызығу мен құмарлық, еңбексіз өрге баспайды. Сондықтан халқымыз ежелден қалыптасқан қолөнерінің сан алуан түрлері, ұрпақтан-ұрпаққа үзіліссіз берілуін басты назарға алған. Заман талабына сай мамандықты сапалы меңгеру қажеттігі туындайды. Нәтижесінде еңбек нарығындағы сұранысты қамти алатын еңбекқор болу үшін, үйірме жұмыстарынан бастау алса деген қағидамен өз пікірімді аяқтаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері. XIX ғ. соңы – XX ғ. басы Райымхан К.Н.
2. Адамқұлов, Н. Қолөнерде терме бау өнерін үйрету әдістері [Текст] : оқулық / Н. Адамқұлов, Қ. Кәкейқызы. - Толықт., өңделген 2-ші бас. - Алматы : Эпиграф, 2016

ӘОЖ 373.1

МРНТИ 14.25.01

А.Б. Каинбаева

№39 жалпы орта білім беретін мектеп КММ «Сызу, сурет, еңбек» пәнінің мұғалімі, Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы, e-mail: amangul555@inbox.ru

ТЕХНОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ЖОБАЛАР ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Қазіргі оқу үрдісін ұйымдастыру тек қана білім берумен шектелмеуі тиіс. Шәкірттеріміздің жан жақты дамып, ойлау тәсілдерін меңгертіп, байқампаздығын арттырып, талдау жасау, салыстыра білу, қорытынды жасауға үйрету үшін оларды бастауыш сыныптан бастап ғылыми зерттеу жұмыстарына баулу қажеттігі туындайды. Бастауыш сатыда ғылыми зерттеу жұмыстарына үйрету балалардың ерік жігері, шығармашылық қабілетінің, жалпы мүмкіндіктерінің ашылуына әсерін тигізеді. Бастауыш буыннан бастап зерттеушілік дағдылары қалыптасқан оқушыларды дайындауға қол жеткізсек, орта буынды әрі қарай қиналмай, еркін жалғастырып кететін шығармашыл, теориялық білімін іс жүзінде қолдана алатын, елжанды жас ұрпақты дайындаған болып шығамыз.

Жоба – бұл кез келген пәндегі сабақтарда және сыныптан тыс жұмыстарда қолданыла алатын оқыту әдісі. Ал бұл әдіс технология бағдарламасына енгізілгендіктен, біз оқушылармен жобалауды іске асыруды міндеттіміз. Бірақ осы әдісті қалай іске асыруды көбі білмейді, сондықтан істемейді немесе қысқа түрде орындайды және де осындай қателіктер жібереді: бірінші, жоба кезеңдерін қарапайым түрге дейін қысқартады және екінші, оқушылар алдымен бұйымды дайын технологиялық карталар арқылы жасап алады, содан кейін жоба күнделігін толтырады. Бұл жағдайда оқушылардың қызығушылықтары ескерілмейді, шығармашылық қабілеттері мен жобалау дағдылары дамымайды, оларда жобалау жұмысы қосымша, керексіз жұмыс деген кері әсер пайда болады.

Қазіргі уақытта «жобалау және технология» ағылшын мектептерінде ең танымал пән болып табылады. Жұмысқа алушылардың көбі осы әдістің кез келген кәсіпке жақсы дайындық екенін айтады. Осы әдіс арқылы мұғалім оқушының ғылымилығын, шығармашылық қабілетті дамытады, іскерлікті, ізденімпаздықты, шеберлікті арттырады, дарындылықты ерекшелейді. Ол жоспарлай алатын, өз жұмысына есеп беретін, тез шешім қабылдайтын, өз жұмысын бағалайтын, жұмыстың қорытындысын шығара алатын, нәтижесін тәжірибе арқылы тексеретін, еңбекқор, іскер, өнерлі, техникалық сауатты, икемді, ой-өрісі жан жақты, төзімді ХХІ ғасыр тұлғасын қалыптастырады.

Түйін сөздер: технология, шығармашылық, зерттеу, кәсіп, сурет, сызба, қолданбалы өнер, ши, тоқу, мұғалім, оқушы, іскерлік, жоба, жұмыс.

A.B. Kainbayeva

Contact information on "Intercourse, Research and Development Center", School No.39,
East Kazakhstan Oblast, Semey city

USE OF PROJECT METHODS AT A TECHNOLOGY LESSON

Annotation

The organization of the current educational process should not be limited to education. Starting from elementary school, our students need to do research work in elementary school so that they can develop their mental skills, increase self-awareness, analyze, compare and draw conclusions.

Teaching research in the early stages helps to uncover the will of children, their creative abilities and general abilities. When we prepare students with research skills from the very beginning, we are preparing for a young, caring young generation who can apply their theoretical, practical, theoretical knowledge to the next generation without further ado.

Коммуникативтік құзіреттілік даярлығын қалыптастыруды жеке тұлғаның сан қырлы білімі мен тәрбиесі тұрғысында қарастыра отырып, ақпараттық коммуникативтік технологиялардың әртүрлі

ақпарат көздеріне, шығармашылыққа жол ашып, өзіндік жұмыс жасауға тиімділігі, мүмкіндіктері айқындалған.

Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілік даярлығын қалыптастырудың ұстанымдарына тоқталып, сипаттама бере отырып, қолданыс құралдарына тоқталған. Болашақ көркем еңбек мұғалімдерінің жалпы көркемдік, әдістемелік білімдері қалыптастырылып тәжірибеде көрсету қажеттігі баяндалады. Сонымен қатар болашақ мұғалімдерді бейнелеу өнеріне даярлауға қажетті көркем икемділіктер қарастырылған. Қорыта келе құзыреттілік тұрғыда білім беру, білім алушының тек білімін өсірумен шектелмей, оған іс әрекеттің жан жақты тәжірибесін меңгерту болып табылатындығы көрсетілген.

Түйін сөздер: кәсіби құзыреттілік, құзыреттілік моделі, тұжырымдама, коммуникативтік құзыреттілік, ақпараттық - коммуникативтік технологиялар, визуалды, аудиовизуалды, рефлексия, сурет салу, кескіндеме жазу, сәндік бұйымдар, композициялық сурет.

A.K. Zhanpeissova

*Master's degree, Aktobe regional state University. K. Zhubanova,
Kazakhstan, Aktobe, E-mail:alma_g@gmail.ru*

FORMATION OF PROFESSIONAL COMPETENCE OF STUDENTS AS A SPECIALIST OF ART WORK

Annotation

The article describes that in the conditions of modern Kazakhstan, when the upbringing and education of the young generation are determined by the owners of highly educated professional specialists, aspirations in the world affect important problems of the Kazakh education system.

In this context, the formation of professional competence of future specialists determines their importance in the training of future specialists.

Compliance of the quality of education with the standards in the world educational space depends on the professional and methodological competence of the teacher.

Considering the formation of communicative competence in the context of multi-faceted knowledge and education of the individual, the possibilities and effectiveness of information and communication technologies in the process of independent work, disclosure of the path to various sources of information, creativity are determined.

Questions on the formation of communicative competence readiness of students were considered, recommendations on the formation of communicative competence of students were given. General artistic and methodological knowledge of future teachers of art work, which must be demonstrated in practice, is presented. It also provides artistic skills necessary to prepare future teachers for the fine arts. In conclusion, it was noted that competence-based education, which is trained not only in the development of knowledge, but also in mastering it with a diverse experience of activity.

Key words: professional competency, competence model, concept, communicative competence, information and communication technologies, visual, audiovisual, reflexive, drawing, painting, decorative products, composite image.

A.K.Жанпейсова

*Магистр, Актюбинский региональный государственный университет им. к. Жубанова,
Казakhstan, г. Актобе, E-mail:alma_g@gmail.ru*

ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ СТУДЕНТОВ КАК СПЕЦИАЛИСТА ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТРУДА

Аннотация

В статье описано, что в условиях современного Казахстана, когда воспитание и образование молодого поколения определены обладателями высокообразованных профессиональных

специалистов, стремления в мире затрагивают важные проблемы казахстанской системы образования.

В этом контексте формирование профессиональной компетентности будущих специалистов определяет их значимость в деле подготовки будущих специалистов.

Соответствие качества образования стандартам в мировом образовательном пространстве, зависит от профессиональной, методической компетентности учителя.

Рассматривая формирование коммуникативной компетенции в контексте многогранных знаний и воспитания личности, определены возможности, эффективность информационно-коммуникативных технологий в процессе самостоятельной работы, раскрытия пути к различным источникам информации, творчеству.

Были рассмотрены вопросы по формированию коммуникативной компетентности готовности учащихся, даны рекомендации по формированию коммуникативной компетентности учащихся. Излагаются общие художественные, методические знания будущих учителей художественного труда, которые необходимо продемонстрировать на практике. Также предусмотрены художественные умения, необходимые для подготовки будущих учителей к изобразительному искусству. В заключение было отмечено, что компетентностное образование, которое обучается не только в развитии знаний, но и в овладении им разносторонним опытом деятельности.

Ключевые слова: профессиональная компетентность, модель компетенции, концепция, коммуникативная компетентность, информационно - коммуникативные технологии, визуальные, аудиовизуальные, рефлексивные, рисование, живопись, декоративные изделия, композиционное изображение.

Бүгінгі Қазақстан жағдайында жас ұрпақтың тәрбиесі мен білімін жетілдірудің басым бағыттарын кәсіби білігі жоғары мамандардың көмегі арқылы айқындау педагогика ғылымының көкейкесті мәселелерінің бірі болып отыр. ХХІ ғасыр – Қазақстан үшін әлемдік қауымдастықтың салмақты орынды иелену және салауатты өмір салтын қалыптастыру. Әлемде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және мәдени-дүниетанымдық талпыныстар қазақстандық білім беру жүйесінің алдына жаңа маңызды мәселелер қойды.

Жас ұрпақ санасында отаншылдық, ұлттық рухтың оянып қалыптасуына мектептегі білім берумен қатар тәрбиелік ахуалдың әсері орасан зор. Бұл тұрғыда болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру маңызды. Білім бағдарламасының маңызды аспектісі – бітірушінің құзыреттілік моделі түріндегі оқу барысының тұжырымдамасының болуы, бітірушілерге қатысты талаптар сипаттамасы, білім мен білік көлемінің сипаттамасы, ғылыми дағды әдістемелерінің сипаттамасы, шығармашылық әлеуетінің сипаттамасы түрінде қарастырылады. Яғни болашақ мамандарды даярлау ісінде олардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру маңызды екендігінің дәлелі. Бұл заманауи жоғары кәсіби біліктілікті иемденетін педагогикалық кадрларды кәсіби даярлаумен қатар білім саласында қызмет атқарып жүрген педагогикалық ұжымда қалыпты, өзара сыйластыққа бағытталған әлеуметтік психологиялық ахуалды дұрыс қалыптастыру бірінші орынға шығары сөзсіз[4,66]

Болашақ мамандардың жауапкершіліктің биігінен көрінуі де жас ұрпаққа берілетін білім сапасын мейілінше арттыруды қажет етеді. Ал, білім сапасын арттыру, оның деңгейін әлемдік білім кеңістігіндегі стандарттарға сай келтіру түптеп келгенде, мұғалімге, оның кәсіби құзырлығына, әдістемелік біліктілігі мен шеберлігіне тікелей байланысты. Жас ұрпаққа жоғары сапалы білім беру ісін тек қана көп мәдениетті, шығармашыл, жаңашыл, инновациялық тұрғыда ойлап, қызмет жасай білетін ұстаз ғана мүлтіксіз атқара алады.

Коммуникативтік құзыреттілік даярлығын қалыптастыруды жеке тұлғаның сан қырлы білім алып, тәрбиеленуі тұрғысынан қарастыруға болады. Мұндай білім алу парыздылық сана сезім, таным және ерік үдерістерінің нәтижесі болып табылатын парыздылық месел (уәж) мен кәсіптік мінез-құлқ тәсілдерінің синтезімен, болашақ ұстаздың мінез-құлқындағы кәсіптік құзыреттілікке деген тұрақты көзқарасымен; өзін-өзі икемдеу, жетілдіру көрінісімен сипатталады.

Қазақтан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттында: «Білім берудегі құндылықтарды дарыту негізінде білім алушылардың коммуникативтілік және ақпараттық – коммуникациялық құралдар мен технологияларды тиімді қолдана білу қабілеттері даму тиіс.»[1,186]

Коммуникативтік құзыреттіліктің қалыптасу жолдары: жазбаша қатынас; көпшілік алдында сөз сөйлеу; диалог; өнімді топтық қатынас.

Ақпараттық - коммуникативтік технологиялар бүгінгі күні біздің қоғамымызға кеңінен енді. Компьютерлік технология мен мультимедиялық құралдардың жылдам дамуы мұғалімдердің осы мүмкіндіктерді сабақтарында қолдануы талап етілуде. Ақпараттық технологиялар әртүрлі ақпарат көздеріне жол ашып, оқушылардың өздік жұмыстарының тиімділігін арттырады, оқушылар мен педагогтардың шығармашылығына жол ашады, оқытудың жаңа формалары мен әдістерін іске асыруға мүмкіндік береді.

Ақпараттық - коммуникативтік технологиялар сабаққа дайындалуда қосымша ақпаратты іздеуді кеңейтеді. Интернеттен іздеу жүйесі арқылы информатикалық қызықты оқиғалар, сандардың пайда болуы, өмірбаяндық материалдар, фото құжаттар, көрнекіліктер табылады. Әрине, табылған ақпараттар тексеруді, түзетуді талап етеді. АКТ - ны технология, бейнелеу өнері және сызу сабақтарында қолдану көрнекіліктің және жұмыстың тез орындалуы (жазбаша жұмыстың болмауы) арқасында материалды игеруге уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді. Интерактивті режимде оқушылардың білімдерін тексеру оқытудың тиімділігін арттырып, тұлғаның барлық потенциалын, танымдық, моральды - адамгершілік, шығармашылық, коммуникативтілік және эстетикалық мүмкіндіктерін іске асыруға көмектеседі, оқушылардың зияткерлігін, ақпараттық мәдениетін дамытуға әсер етеді. [2.756]

Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілік даярлығын қалыптастыру келесі ұстанымдарға негізделеді: қалыптастырудың әдістері мен мазмұнының ғылымилық ұстанымы, адамға әсер етудің жаңашылдық пен өзіншілдік ұстанымы, мөлшерлік ұстанымы, кәсіби қызмет тәжірибесін, ғылым жетістіктерін игерудің жүйелілік және бірізділік ұстанымы, студенттердің шығармашылық белсенділігі, саналылығы және дербестік ұстанымы. Оларға қысқаша сипаттама беріп көрелік.

Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілік даярлығын қалыптастырудың әдістері мен мазмұнының ғылымилық ұстанымы студенттерді қазіргі заманғы ғылыми білімдермен қамсыздандырып, тәрбиелеу және оқытудың өзара сабақтастығын ашып, сонымен қатар, болашақ ұстазды педагогикалық құзыреттілігінің алғы шарттарымен, даму тарихымен, кәсібіне сәйкес парызының мазмұнымен және осы саладағы қазіргі заманғы жаңа идеялармен, белгілі ғалымдардың зерттеулерімен таныстыру болып табылады.

Педагогикалық мамандық оқушылардың коммуникативтік құзыреттілік даярлығын қалыптастыруда мына құралдарды қолданған жөн:

- оқудың мәтіндік құралдары (оқулықтар, оқу құралдары, сөздіктер, анықтамалар, энциклопедиялар, ғылыми-әдістемелік журналдар, т.б.);
- визуалды, көрнекі (муляждар, модельдер, карталар, кестелер, диаграммалар, сызбалар, құрал-жабдықтар, оқу коллекциялары, диапозитивтер, диапроекторлар т.б.);
- аудиалды, дыбысты (дыбысжазушы және дыбысшығарушы аппаратура, т.б.);
- аудиовизуалды (видеожазбалар, кинофильмдер, телехабарлар, бейне- және телевизиондық аппаратура т.б.);
- автоматтық (компьютерлік техника, қолданбалы бағдарламалардың жиынтығы, т.б.);
- іс-әрекет түрлері (оқыту, қарым-қатынас, іскерлік ойын, еңбек т.б.).

Болашақ көркем еңбек мұғалімдерін өнер пәнін оқытуға дайындауда келешек маманның бойында жалпы көркемдік білім, өнер пәнін оқыту әдістемесі білімдерін қалыптастыру және тәжірибелік тұрғыдан іс шаралар ұйымдастыру қажеттігін көрсетеді. Ол үшін болашақ көркем еңбек мұғалімдерінің өнер пәнін оқыту әдістемесі пәнінде игерген теориялық білімдерінің нәтижесін дағды мен іскерлікті қалыптастыратын семинарлық, тәжірибелік, элективті курс, оқытушы мен студенттің өздік жұмысы және өнер пәнінен жаңа буын оқулықтары мен бағдарламалардағы теориялық материалдардың берілуіне назар аудару, студенттерді мектеп тәжірибесіне толық енгізу қажет екендігі көрінеді.

Бұл әрекеттер студенттердің мамандығының болашағын болжап, бойында соған қатысты қажеттіліктерді болдырудың қамын білім беру кеңістігінде қамтуға жетелейді. Сонда олар жүйелі түрде өзін-өзі тануға, рефлексияны қолданып, кәсіби дамуға ынталанады және болашақ қызметіне сәйкес өзінің жеке тұлғалық, психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, білімденуге белсенді қатысады.

Соңғы кезде қоғамның дамуына байланысты кәсіби білім берудің алдына қойылған міндеттерінің мазмұны да айтарлықтай өзгерді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес «білім беру жүйесінің басты міндеті – жан-жақты дамуға, кәсіби шеберлікті жетілдіруге, жеке тұлғаны ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптастыруға жағдай жасау» болып отыр [4,446].

Қазіргі уақытта әлеуметтік және рухани өмір саласында, сонымен қатар білім беру саласында да қайта құрулар жүріп жатыр. Білім берудің болмысына бүкіл адамзаттың болашағы тәуелді. Осыған байланысты педагогикалық мамандар даярлауға, соның ішінде ұстаздың кәсіби қызметті жүргізуге даярлығын қалыптастыруға көп көңіл бөлінуде.

Психологиялық-педагогикалық әдебиетте «педагогикалық қызметке даярлық» («ұстаздың кәсіби дайындығы») біржақты қарастырылмайды.

Н.Н. Никитина және Н.В. Кислинская ұстаздардың кәсіби даярлығының екі түрін ерекше атап көрсетеді:

- теориялық даярлығы, яғни жалпы мәдени, ғылыми, арнайы, психологиялық, педагогикалық білім жүйелерін тиесілі меңгеру;

- тәжірибелік даярлығы, яғни іскерлігі мен қабілеті мамандық сипаттамасындағы талаптарға сай болуы.

Көркем еңбек мұғалімінің педагогикалық дайындығы ретінде ғалым педагогтар көркемдік педагогикалық бағыттағы икемділігін қарастырады. Олардың пікірінше «Болашақ мұғалімдердің сурет сабақтарында қолдануға қажетті арнайы икемдік: сурет салу, кескіндеме жазу, сәндік бұйымдар жасауға үйренуі, белгілі көркемдік нысанды орындай білу іс әрекетін, композицияны жасауды игеруді; пәнаралық байланысты белгілеуді; бейнелеу өнері шығармаларын қабылдауға баулуды» жатқызуға болады.

Бұл бағыттар бізге болашақ мұғалімдерді бейнелеу өнеріне даярлыққа қажетті көркем икемділіктерді анықтауға мүмкіндік береді. Болашақ мұғалімдерді бейнелеу өнеріне даярлыққа қажетті көркем икемділіктерге мыналар жатады: композициялық сурет салу, бейнелеу мен салу техникаларын меңгеру, бейнелеуге арналған суреттен шығармашылық жұмысты орындау, бейнелеу өнері туындыларын қабылдау, талдау және бағалай білу әрекеттері. [3,87б]

Бейнелеу өнерін оқыту айналадағы өмір шындығын көркем бейнелеу ерекшеліктерін танытуды, оқушылардың табиғат сұлулығын, халық өмірінің көріністерін жүйелі қабылдауын оның мүмкіндігінше өзінің көркем бейнелеу жұмыстарында қолдана білуін қалыптастыруды көздейді.

Ғалымдардың айтуынша, кәсіби қызметке даярлық - жеке тұлғаның белгілі бір уақыт аралығында сапалы қызмет атқару мүмкіншілігіне себепші икемділігі, соған сәйкесті санасының сипаты, мінез-құлқы.

Қорыта келе, болашақ ұстаздың педагогикалық даярлығының әртүрлі аспектілерін ашатын, «ұстаздың кәсіби даярлығы» түсінігінің бірталай сипаттамалары мен ұстаздың кәсіби дайындық мәселесін зерттеудің көптеген тәсілдері бар. Оларды төмендегідей екі топқа бөлуге болады:

- жеке-тұлғалық сапалармен сипатталатын дайындық ретінде қарастырылатын, қызметінің ерекшелігіне негізделген тұлғалық даярлық;
- мамандығына сәйкес іс-әрекетке қажетті психиканың мүмкіндігін жұмылдыра алу ептілігінде көрініс табатын қызметтік даярлық;

Құзыреттілік ұстанымдарына сәйкес кәсіби міндеттерді орындау үшін ұстаз өз бойында қандай білімділік, іскерлік, дағдылар, қабілет-қасиеттер болу керек екенін білуі тиіс.

Құзыреттілік тұрғыдан білім беруді жүзеге асырудың нәтижесінде білім алушының даралық позициясы мен оның өз іс-әрекеті, пәніне деген қарым қатынасы құрылады. Мұндай тұрғыдан қараудың негізгі идеясы мынада: білім берудің басты нәтижесі-бұл жекелеген білім, іскерлік пен дағдылар емес, ол адамның әртүрлі әлеуметтік-маңызды жағдаяттарда тиімді және өнімді әрекетке қабілеті мен дайындығы. Осыған байланысты білім беруді құзыреттілік тұрғыдан басқару арқылы білім алушының тек білімін ғана «өсіріп» қоймай, оған іс-әрекеттің жан-жақты тәжірибесін меңгерту басты көзделетін мақсат болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. - Астана, - 2006.*
2. *Мырзаканов М.С. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі. Оқу құралы. Алматы: Эверо, 2018- 316 б.*
3. *Ералин Қ, Ералина А.Қ. Бейнелеудің мамандық пәндерін оқыту әдістемесі. Оқу құралы. Алматы: Эверо, 2017. – 120 бет.*
4. *Жанпейсова А.К.Тұлғалық-бағдарлы білім беру негізінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру (педагогика ғылымдарының магистрі академиялық дәрежесін алуға іздену диссертациясы). – Астана, 2018. – 81 б.*

ӘОЖ 378.18
МРНТИ 14.35.19

Асембай Е.

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
Өнер, мәдениет және спорт институтының «көркем білім» кафедрасының
қауымдастырылған профессоры, философия ғылымдарының кандидаты
Қазақстан. Алматы қ-сы. E-mail: altai-73@mail.ru*

АКАДЕМИЯЛЫҚ СУРЕТ ПӘНІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІН БЕЛСЕНДІРУ

Аңдатпа

Мақалада автор жоғары оқу орындарының көркем білім беру аумағында оқытылатын академиялық сурет оқу курсына студенттердің оқу мен шығармашылық іс әрекеттерін белсендендіру жұмыстарының алатын орнын, маңызын, оларды оқу үдерісінде тиімді ұйымдастырып, жүргізудің әдіс-тәсілдерін қарастырған. Жалпы автор студенттердің жеке қабілеттерінің потенциалдық мүмкіншіліктерінің дамуы оқу мен өзіндік жұмысының дұрыс ұйымдастырылуына байланыстылығын атап өтеді. Ол дегеніміз өз кезегінде студенттердің іс-әрекеті қалай жүзеге асса, бұл іс-әрекеттің мазмұны да кәсіби жағының қабылдануымен қатар оның репродуктивті және шығармашылық сипаты жағынан да сол жолмен жүретінін көрсетеді. Академиялық сурет пәнінде студенттердің өзіндік жұмысы ретінде берілетін тапсырмаларды мақсатты бағдарлау мен талқылау қажеттігі және оны осы аталған оқу курсына оқытудың табыстылығының тағы бір шарты болып табылатындығы мен студенттер қызметінің ерекшелігін ескере отырып өзіндік жұмыстардың тиімділігін, оны ұтымды ұйымдастыру қажеттілігінің күннен күнге маңызы артуда. Автордың ойынша, аталған пәнді оқытудың маңызы студенттің білім алуы мен оқуы, шығармашылық тәсілдерді меңгеруі үдерісінің бірегейлігі мен ерекшелігінің ең маңызды қыры болып табылатынын айтады. Сонымен қатар автор осы бағытта көптеген педагог ғалымдардың өзіндік жұмысты зерттеген еңбектерін саралап, талдап көрсеткен.

Түйін сөздер: Академиялық сурет, өзіндік жұмыс, қабылдау, қызығушылық, сурет, шығармашылық, іс-әрекет, оқу, белсендендіру, студенттер, жаттығу

Asembay E.

*Ph.D., Associated professor of the Department of Art Education at the Institute of Art,
Culture and Sport of the Kazakh National Pedagogical University named Abai,
Kazakhstan, Almaty, E-mail: altai-73@mail.ru*

INTERNATIONAL STUDENTS TO THE STUDY AND WORK IN THE STUDY OF THE STUDY

Abstract

In the article, the author considers the issues of teaching methods of the Academic drawing course. It also considers the issues of enhancing the educational and creative activities of students in extracurricular activities and solving effective ways and organization of independent work of students in this course. In General, the author notes that the successful organization of independent work of students, art and pedagogical universities, in turn, allows teachers to successfully develop individual and creative abilities on the subject of Academic drawing. The need to conduct independent work at lessons of academic drawing and as the target orientation and training of students is another condition for the success and effectiveness of independent work taking into account specificity of activity, increasing its value and the need of rational organization of day-by-day. According to the author, the importance of independent work in this subject for students develops a creative approach and interest in the artistic process, successful assimilation of the material. And this is all the most important aspect for today. The author also analyzed the well-known works of many scientists and teachers in this area, and their practical significance and effectiveness in this training course.

Key words: Academic drawing, drawing, independent work, perception, interest, creativity, activity, academic, activation, students, exercise

Асембай Е.

кандидат философский наук, ассоциированный профессор кафедры
«художественное образование» института искусства, культуры и спорта
Казахского национального педагогического университета имени Абая
Казахстан. г. Алматы. E-mail: altai-73@mail.ru

АКТИВИЗАЦИЯ СТУДЕНТОВ К УЧЕБНОЙ И ТВОРЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В УЧЕБНОМ КУРСЕ АКАДЕМИЧЕСКИЙ РИСУНОК

Аннотация

В статье автор рассматривает вопросы методики преподавание учебного курса Академический рисунок. А также рассматриваются вопросы активизации учебной и творческой деятельности студентов внеурочных занятиях и решение эффективных путей и организации самостоятельной работы студентов на данном учебном курсе. В целом автор отмечает, что, успешной организации самостоятельной работы студентов, художественно - педагогических вузов в свою очередь дает возможность педагогам для успешного развития индивидуальных и творческих способностей на учебном предмете Академический рисунок.

Необходимость проведение самостоятельная работы на уроках академического рисунка и качестве целевой ориентации и задач обучения студентов является еще одним условием успешности и эффективности самостоятельной работы с учетом специфики деятельности, растет его значение и необходимости рациональной организации дня за день. По мнению автора, для студентов обучения и значение самостоятельной работы в данном учебном предмете, развивает творческий подход и интерес к художественному процессу, успешному усвоению материала. И это все является наиболее важным аспектом на сегодняшнее время. А также автор проанализировал известные труды многих ученых-педагогов в этом направлении, и их практической значимости и эффективности в данном учебном курсе.

Ключевые слова: Академический рисунок, рисунок, самостоятельная работа, восприятие, интерес, творчество, деятельность, учебный, активизация, студенты, упражнение

Кіріспе бөлім

Біздің студенттерімізге, бүгінгі таңда жетпей тұрған қасиеттердің бірқатары оқытудың жаңа технологияларын енгізілуін талап етеді. Ол қасиеттердің ішінде – белсенділік пен дербестік адамның кез келген қызмет түрінде анықталып дамиды, әсіресе оқу ісінде. Жасалатын жұмысқа білдірілген жоғарғы қызығушылық пен ықылас, білім, білік, дағдыны терең игерудегі талпыныс белсенділіктің нағыз көрсеткіші болып табылады. Белсенділік өзінің кең түсінігінде, оқу және шығармашылық тапсырмалары мен міндеттерін дербес түрде шешілуінде көрініс табады. Белсенділік белгілі бір мақсатқа жетудегі күш салудың тұрақтылығын, жұмыс үстіндегі қажырлылық пен армандаған мақсатқа жетудегі жүйеленген іс-әрекетті талап етеді.

Кейбір жағдайда студенттердің дербестігі еліктеушілік қасиетімен сипатталады; бұл негізінен білікті қалыптастыру мен дамытуға бағытталады. Басқа жағдайларда, жалпы дәрежеде, студенттердің шығармашылық сипаттағы дербестігі айқындалады. Еліктеушіліктің негізінде студенттердің дербестігі қалыптасады. Бұл екеуінің арасында бірлік бар. Бірақ жұмыс кезіндегі бұлардың өзара мөлшері өзгеріп тұрады.

Жаңа білім мен іс-әрекет түрлерін меңгеруге арналған өзіндік жұмысы арқылы студенттердің белсенділігін арттыра отырып, оқытушы белгісіз жаңа материалды жеңіл игеруге жол ашады.

Студенттердің оқу және шығармашылық белсенділігі көбіне олардың жеке тәжірибесіне байланысты болатынын айта кету қажет. Студенттер тапсырмаларды оқытушының тікелей көмегі жүйеленген және жоспарланған түрде азаюы жағдайында, оқу үдерісі тиімдірек өтеді. Ол үшін студенттерде келесі келтірілген құнды қабілеттерді қалыптастырған жөн:

1. Өз бетінше жұмыс істеу ынтасы мен икемділігі.
2. Жаңаша жағдайға бейімделу, оқу шығармашылық міндеттерін шешудегі өз жолын табу.
3. Қабылданатын білімді тек түсініп қана қоймай, оны табудың жолын іздеуге бағыттану.
4. Басқалардың көзқарасын сыни қабылдау.
5. Өз ойлары мен көзқарасының тәуелсіздігі.

Осы тізіліп аталған қабілеттердің дамуына жағдай жасау, оқу іс-әрекетінде маңызды орын алады. Студенттердің жеке қабілеттерінің потенциалды мүмкіншіліктерінің дамуы оқу және өзіндік жұмысының дұрыс ұйымдастырылуына байланысты.

Студенттердің іс-әрекеті қалай жүзеге асса, бұл іс-әрекеттің мазмұны мен кәсіби жағының қабылдануы, сонымен қатар оның репродуктивті және шығармашылық сипаты сол жолмен жүреді.

Негізгі бөлім

Студенттер қызметінің ерекшелігін ескере отыра өзіндік жұмысын ұйымдастыру, менің ойымша, студенттің білім мен оқу және шығармашылық тәсілдерді меңгеру үдерісінің бірегейлігі мен ерекшелігінің ең маңызды қыры болып табылады.

П.И. Питкасистый мен Б.И. Коротяевтың өзіндік жұмысына берген анықтамасына өтейік: «Біз өзіндік жұмысын дидактикалық оқыту құралы ретінде, жасанды педагогикалық құрылым ретінде қарастырамыз. Бұның көмегімен мұғалім оқушының қызметін сабақ үстінде және үй жұмысын орындау кезінде ұйымдастырады. Сонымен қатар оқушы өзіндік жұмысының алуан түрлерін орындаған кезде оқу танымының түрлі деңгейіндегі үдерісіне еліктіріледі» [78, 456]. Осы анықтамадан біз, білім алушының өзіндік жұмысы осы жұмыстың оқытушының басқаруымен жүзеге асыруға болатынын көреміз. Яғни, студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру, студенттердің өнімді қызметінің маңызды шарты болып табылады.

Студенттердің өзіндік жұмысы ретінде берілетін тапсырмаларды мақсат бағдарлы талғау - осы жұмыстың табыстылығының тағы бір шарты болып табылады. Оқытудың өнімділігі істің түрі өзгерген кезде артатыны дәлелденген: репродуктивті-еліктеу түрінен шығармашыл-әрекетті түріне қарай. Сонымен бірге студенттің ұстанымы, жұмысына деген көзқарасы өзгереді. Осының нәтижесінде студенттің тұлғалық қасиеттері қалыптасып дамиды.

Студенттер жұмысының дербестігі, олардың өз бетінше келесі келтірілген шарттарды орындаған кезде артады:

1. қызметтің мақсатын ажырату;
2. қызметтің пәнін анықтау;
3. қызметтің әдісін таңдау.

Яғни, білім алушылар алдына қойылған мәселелерді шешу арқылы өз бетінше жұмыс істеу деңгейіне шығуы шарт. Осындай жұмыста алдыңғы планға гипотезаның пайда болуы, оқу шығармашылық тапсырмаларын орындаудағы идеялардың қалыптасуы шығады. Содан кейін, жұмыстың ұғынған мақсатының негізінде студенттер кейінгі іс-әрекетін айқынрақ қалыптастырады, жоспарланған жұмыстың реттілігі мен құралдарын іздестіреді.

Студенттердің дербестігі, негізінен, практика жүзінде алынған білімді өз бетінше қабылдау, бекіту және қолдану үдерісінде көбірек дамиды. Студенттердің өзіндік жұмысы оқу шығармашылық ісінің белсендіру құралы ретінде шығуы үшін, келесі шарттарға сай болуы қажет:

1. Ол оқу-тәрбиелік белгілі дидактикалық мақсаттарына сай келуі керек.
2. Тапсырманың мазмұны дербестіктің кез келген деңгейіндегі студенттің оқу және шығармашылық қызметін қамтамасыз етуі жөн.
3. Жұмыс барысында әр студенттің өзіндік жұмысы табысты жүруіне жағдай жасайтын түрлендірілген тапсырмаларды енгізу мүмкіндіктері пайдаланылуы қажет.

Танымдылық дербестік - тұлғалық қасиет болып тұрып, ең негізінен білім алушының таным үдерісіне қатынасымен сипатталатын болған соң, аса маңызды шарттардың бірі ретінде студенттерде қызығушылықты, оқу қажеттілігін, шығармашылық ісіндегі қажеттілігін қалыптастыруды бөлек атап кеткен дұрыс. Студент оқуға немқұрайлы қараса, қызығушылық білдірмесе, оны табысты оқыту қиын болады. Бұл туралы К.Д. Ушинскийдің еш бір қызығушылықсыз оқу, студенттің өз білімін жетілдірудегі талпынысын жояды, деген сөзін еске сала кеткен артық болмас.

Америкалық психолог Дж. Брунердің ойынша, оқуға деген қызығушылықтары білім алушылардың дамуының ең маңызды қозғаушы күші. Ол кісінің мотив жайлы идеялары батыс педагогтарының саналарына үлкен әсер етті. Дж. Брунер оқуға қызығушылықты, оқу материалының өзі тудыратын сезімі ретінде қарастырады. Оның ойынша, бұндай қызығушылықты оқуды «жаңалық ашудың әрекеті» ретінде ұйымдастырса тудыру мүмкін. Өзінің осындай жаңалық ашуының арқасында алынған білім – айрықша берік әрі адамның интеллектуалды күшін дамытуында, білімге құмарлық тудыруда әсері мол [79, 1956].

«Жаңалық ашудың әрекеті» ретінде оқу үдерісін ұйымдастыру заманауи педагогикада күннен күнге өсіп келе жатқан табанды талап болып келеді. Француздың атақты педагогы Роже Гальдың айтуынша: «Баланың жеке шығармашылық әрекет жасауына талап қою керек... мұғалім оқушыны өз бетінше жаңалық ашуға итермелеу керек, балада зерттеушілік рух пайда болу керек»[80, 1956].

Оқуға деген қызығушылық ойлау белсенділігін, еңбекқорлығын арттырады, зейінді жұмылдырады, шаршағандықты кетіреді. Осыдан, студенттердің жоғарғы оқу орнын аяқтағаннан кейін өзіндік қызметтері табысты болуы үшін білімдерін үздіксіз, іштей толықтыруларына, кәсіби сипаттағы түрлі шығармашылық мәселелерді шеше білу қабілеттерін дамыту керек, деген қорытындыға келеміз. Бұл студенттерде өз мамандығына, өз бетінше шығармашылықпен айналысуға тұрақты қызығушылық қалыптасқанда ғана мүмкін. Қызығушылықтың ықпалынан білім алушылардың табандылығы, мақсатқа бағытталғандығы, дербестігі артады. Оқуға қызығушылық, шығармашылық ізденіс адамды табанды етеді, қиыншылықтарды жеңуге көмектеседі. Студент қанша жерде оқу жұмысының қажеттілігі жайлы, өзінің міндеттері мен парыздары жайлы, өзіне пайдалылығы мен осы істің болашақ қызыметіндегі маңыздылығы жайлы естісе де, осы естігеннің әділеттігін қандай дәрежеде түсінсе де, егер ол осы іс-әрекетке кіріспей қалса, онда оқу жұмысына, әдетте, оның ешқандай мотивтері туындамайды. Сонымен қатар бұндай жұмысқа тұрақты танымдылық қалыптаспайды. Мотивтер туындап, нығаюы үшін, студент іс-әрекетті бастауы қажет. Егер осы іс-әрекеттің өзі студенттен қызығушылық тудырса, егер жұмыс барысында ол қанағаттанғандықтың айқын жағымды сезімдерін, қуанышты, құмарлықты сезінсе, ондай жағдайда ол студенттен осындай жұмысты қажетсінуі бірте қалыптаса бастайтынын болжауға болады. Яғни, жұмысына тұрақты танымдылық қызығушылық қалыптасады, деген сөз.

Осылай, студенттерден жаңа білім алуға, шығармашылық жұмысқа тұрақты қызығушылық қалыптастыру үшін, оларға оқу жұмысына кірісуіне көмек көрсету керек. Оларды бос уақытын саналы түрде жұмсауды үйрету қажет, белсенді оқу жұмысын тудыратын ынталандырма күшін қалыптастыру керек. Ондай ынталандырма күш жақсы ұйымдастырылған, жүйелі, мақсатқа бағытталған студенттердің өзіндік жұмысы бола алады.

Өзіндік жұмысына практика жүзінде жеңіл әрі тиімді кірістіретін оқу тапсырмасының түрі – бұл жаттығу.

Жаттығу – бұл оқу іс-әрекетінің ең негізгі түрі. Белгілі бір істі игеру үшін, адам бұны бірнеше рет қайталауға мәжбүр болады. Жаттығу қандай болса да іс-әрекет орындаудағы жүйелі әрі мақсатты бағытталған белсенді үдеріс. Оның мәні белгілі бір әрекетті меңгеріп, жетілдіруде жатыр. Жаттығулардың саны мен сапасы оқытудың мақсаты мен қойылған міндеттердің күрделілігіне байланысты болады.

Жекелендіру ұстанымы әр студент тұлғасының қайталанбас ерекшелігін ескеруге мүкіндік береді. Жекелендіруді студенттің жеке ерекшеліктеріне бейімделіп есептесетін оқыту ұстанымы ретінде қарастыруға болады. Бұл студенттің бірегей тұлғасының дамуына жол ашатын психология-педагогикалық жағдайларды талап етеді. Жекелендіру мәселесі – оқыту психологиясындағы ең ескі мәселелердің бірі болып табылады. Тұлғаның бірегейлігі тұрғысынан алып қарасақ, оқыту жүйесі әр балаға бейімделіп құрылуы қажет. Яғни оқытушы бірақ қана студентпен әрекетке түседі. Ал бұқаралық оқытудың көзқарасымен өлшесек оқыту жүйесі неғұрлым әмбебап болуы тиіс. Яғни оқытушы бір мезгілде бір топ білім алушылармен жұмыс істейді. Осы бір-біріне қарсы екі мәселе оқытудың өмір практикасында өзара компромисстік қарым-қатынасқа түседі. Мысалы, оқытушы өзінің студенттерін қабілеттері бойынша «мықтылар», «орташалар» және «әлсіздер», деп топтарға бөледі. Ол тапсырмалар мен талаптарды және қарқынды қай топқа бағытталғанына байланысты түрлендіреді. Осылай, оқу бағдарламасының талаптарын бұзбай отырып, оқытушы бір жағынан бұны студенттердің жеке мүмкіншіліктеріне бейімдей түседі.

1919 жылы америкалық педагог Е. Паркхарст жасаған «Дальтон-план», осы ойды ғылыми негізге келтірудің алғашқы талпынысы еді. Бұл тек педагогикаға жататын технология еді. Бұнда білім алушылар жеке бағдарлама бойынша, әр қайсысы өз екпінімен, өз бетінше жұмыс жасайтын. «Дальтон-планның» заманауи нұсқасының концепциясын орыс ғалымы И.С. Якиманскаяның «еркін сынып теориясында» көруге болады. Әр оқушы үшін жеке оқыту бағдарламасы құрылады. Бағдарлама білім алушының қабілеттері деңгейі мен тұлғасын өте дәл дәрежеде ескеруі қажет. Осыған ұқсас Инге Унттың «оқытудың дербестендірілген технологиялары» және А.С. Границкаяның «адаптивті оқыту жүйесі», деген жұмыстары бар.

Жас өспірімнің өзін-өзі қабылдауы оның тұлғасының дамуы мен оқу іс-әрекетіндегі табыстылығында анықтаушы ықпал етеді. Өзін-өзі табысты, қабілетті, жағдайды қадағалай алушы ретінде қабылдайтын студент, кейін өзіне-өзі берік, мақсаткерлі, байсалды тұлға болып қалыптасады. Ал кері болған жағдайда, біз солғын, жасық, ұялшақ, пассивті және де көп жағдайда ашулы адамды көріп жатамыз. Өз күшіне сенімділігін, сәтсәздіктерге төтеп бере алуын, өзінің мүмкіндіктеріне жақсы баға бере алуын қалыптастыру және кейіннен сол қалпында сақтау – оқытушының ең негізгі мақсаттарының бірі және оқыту бағдарламасының тікелей міндеті. Студенттің қоршаған әлемдегі өз орнын дұрыс сезінуін дамыту өте маңызды.

Осылай, өзін дамыта алатын, өзінің білім қорын өз бетінше толықтырып отыратындай қабілеті болатын, инновациялық қызмет атқара алатын болашақ маманның шығармашыл тұлғасын қалыптастыру, жоғарғы білім берудің ең негізгі міндеті. Осы мәселенің шешімі тек оқытушыдан студентке білімді дайын түрде берілуінде табылар емес. Студентті селқос білімді пайдаланушыдан, мәселені тұжырымдай алатын, осы мәселені шешу жолдарын талдай алатын, ең тиімді нәтижені тауып оның дұрыс екендігін дәлелдеп бере алатын білімнің белсенді жасампазына айналдыру қажет. Қазіргі кезде болып жатқан жоғарғы білім беру реформасы өз негізінде оқыту парадигмасынан білім парадигмасына өтумен байланысты. Осы тұста, студенттің өзіндік жұмысы жай ғана оқу үдерісінің формасы болып қалмай, оның негізгі тірегі болғаны дұрыс.

Бүгінгі таңда студенттердің біразы шығармашылығын дамытатын оқу тапсырмаларын және өзіндік жұмыстарын өздері орындамай, жасырын түрде басқа адамдарға тапсырыс беру арқылы жасататындары мәлім. Әрине, ондай мәселе өзіне асқан назар салынуын талап етеді. Бұл оқыту жүйесінің бағдарламалары керекті шамада жетілдірілмегендігіне көз ашады.

Осыдан біз білімді игерудің белсенді әдістеріне бағытталу, студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға ұмтылуына жағдай жасау, ағынды оқытудан жеке оқытуға өту қажеттілігін аңғарамыз. Бұнда сөз тек өзіндік жұмысына бөлінетін сағат санын көбейтуінде ғана емес. Өзіндік жұмысының мәнін нығайту жоғарғы оқу орнындағы оқу-тәрбиелік үдерісінің қайта қарастырылуын білдіреді. Осы үдеріс оқу икемін дамытып, студенттің өзін-өзі жан-жақты дамытуға ынтасын қалыптастырып, алған білімін шығармашылықпен пайдалануға үйретіп, заманауи әлемдегі кәсіби қызметке бейімделу тәсілдерін қолдану қабілетін дамыта алатындай құрылуы қажет.

Ең алдымен, студенттің өзіндік жұмысы, деп нақты нені түсінетінімізді анықтап алу қажет. Жалпы алғанда, бұл болашақ кәсіби маманның санасын тәрбиелеумен байланыста болатын кез келген әрекет түрі. Студенттің өзіндік ойларының туындауына, танымдық белсендігіне жағдай жасайтын кез келген жұмыс түрі өзіндік жұмысымен тікелей байланысты.

Заманауи білім беру жүйесінде өзіндік жұмыстың алуан түрі бар:

1. Тікелей сынып сабақтары барысында – дәріс-баян сабақтарында, практикалық және семинарлық сабақтарда, лабораториялық жұмыстарды орындаған кезде.

2. Сабақ кестесінен тыс оқытушымен қарым-қатынаста – оқу сұрақтары бойынша кеңес алғанда, шығармашылық қатынас барысында, оқу үлгерімі бойынша қарыздарын өтегенде, жеке оқу тапсырмаларын орындаған кезде, және т.с.с.

3. Студент кітапханада, үйде, жатақханада, кафедрада оқу және шығармашылық тапсырмаларын орындаған кезде.

Осы жұмыс түрлерінің арасындығы шектері айтарлықтай айқын емес. Ал өзіндік жұмыс түрлерінің өзі бірін-бірі қиыса өтеді.

Студенттің өзіндік жұмысы әр студенттің белсенді қызметін тудыру үшін, тапсырмалар әр қайсысының шамасына лайық болуы керек. Өз бетінше және табысты орындалған жаттығу, қиыншылықты өз бетінше жеңгені үшін қанағаттану сезімін тудырады. Бірақ, тым жеңіл жұмыс табысқа оңай жеткізсе де, тез арада студентті жалықтырып жіберуі мүмкін. Өзіндік және шығармашылық жұмысын орындау барысында студенттердің еңбекке қабілеттілігінің деңгейін анықтайтын арнайы зерттеу жұмыстары көрсеткендей, тек қана еліктеуші жұмыс түрін орындайтын студенттерде орталық жүйке жүйесінде тежеу үдерістерінің дамуына байланысты еңбекке қабілеттілігінің деңгейі төмендейді. Жұмыстан жалығу, енжарлық, қанағаттандырылмағандық және басқа да, сол сияқты психикалық жай-күйлер пайда бола бастайды. Бұл жай-күйлер білім алушының қызмет үдерісінің өзіне жағымсыз әсер етеді: жұмысты орындаудағы белсенділігі төмендейді, негізгі психикалық үдерістердің (зейін, есте сақтау қабілеті, ойлау және т.б.) өткірлігі мен ақыл сергектігі бұзылады. Ал өзіндік жұмыстың тек шығармашылық жағына ерекше көңіл аудару кей студенттердің

басқа жағымсыз психикалық жағдайларға соқтырады: өзіне өзі сенімсіздік, шығармашылық жағынан қиын тапсырманы орындау кезіндегі абыржушылық.

Танымдылық қызметінде еліктеушілік және шығармашылық үдерістері әдетте бір тұтастық түрінде жүреді. Сондықтан, студенттердің өзіндік оқу жұмысын орындауы кезінде еліктеушілік және әрекеттесуінің бірыңғай үдерісі жүруі керек.

Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыруында мақсаттың айқындылығы маңызды мәселе болып табылады. Психологиялық зерттеулер, саналы анықталған мақсатқа адам белсендірек, тезірек жетеді. Ал нәтижесі жоғары сапалы болады. Және ең бастысы мақсаттың саналы түрде анықталып, іс-әрекеттің мақсатқа бағытталған кезде адам көп күш пен уақытын салмай үлкен жетістіктерге жетеді, және керісінше: мақсатты толығымен жете түсінбеген жағдайда белсенділігі төмендеп, іс-әрекеті бөгеліп қалады.

Студенттердің өзіндік оқу жұмысы мен шығармашылық жұмысының келесі бір маңызды шарты ретінде біз осы жұмыстың оқытушының басқаруымен жүруін бөлек көрсетеміз. «Тәрбиеде бәрі тәрбиешінің тұлғасына негізделуі керек. Өйткені тәрбие күші тек адам тұлғасының тірі қайнар бұлағынан шығады, тек мінез арқылы басқа мінезді құрастыруға болады», - деп К.Д. Ушинский бекер айтпаған екен [81, 636].

Студенттердің өзіндік жұмысының тиімділігі көбіне оқытушының тікелей немесе жанама басшылығына тәуелді болады.

Жоғарғы оқу орнында жүзеге асырылатын оқу үдерісінде бірін-бірі толықтырып, әрекеттесетін екі тәрбиелеу құрылымдары осы жерде маңызды болып тұр: оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынас және студенттердің өзара қатынасы. Сондықтан студенттердің өз бетінше оқу шығармашылық тапсырмаларын шеше алу қабілетін қалыптастыратын шарттардың ішінде оқытушының сабақ үстінде шығармашылық, ынтымақтастық, көтеріңкі сезімдер ортасын тудыра білу білу өте маңызды. Оқытушының педагогикалық әдептілігі, ұстамдылық көрсете білу, шыдамдылық, студентке тілектестік қарым-қатынас білдіру, оған тұлға ретінде сыйластық білдіру, оның күші мен қабілеттілігіне сенімділік – осының бәрі студенттердің оқу шығармашылық қызметінің белсенділігіне жағдай жасаушы ортаны құруға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда студенттердің өзіндік жұмысының табысты болуына әсер ететін факторларының бірі оқытушы басшылығының демократиялық стилі болып табылады. Студенттерден тұлғалық қабілеті ербестікті қалыптастыру үдерісінде, педагогикалық басшылық «жасырын» ұстанымына ие болады. Оқыту бір-біріне қарсы екі диалектикалық принциптен құралады: оқыту үдерісі оқытушының басшылығымен жүруі және студенттердің оқытуды өдерімен-өздері басқаруы. Осыны ескерудің нәтижесінде біз студенттердің дербестігін дамытушы педагогикалық басшылықты оқытушының осы маңызды қасиеттің әр студенттің оқу жұмысында танылуына, және өзіндік оқу шығармашылық жұмысындағы икемділік пен біліктілікті игеруде көмек көрсету, деп түсінеміз.

Педагогикалық басшылық студент тұлғасын зерттеуді, дербестігінің деңгейін анықтауды, өзіндік жұмысын жетілдіріп ұйымдастырылуын, шынайы дербестіктің жағдайларына кіріктіруді, оның іс-әрекетін бағалап түзетуді, мақсат қойылуындағы студенттің өзі қатысуы, өзінің оқу және оқудан тыс қызметінің әдіс-тәсілдері мен мазмұнын анықтауды талап етеді. Олай, студенттің зерттелетін қасиеті қалыптасуы барысында педагогикалық басшылықтың мөлшері, түрі мен мазмұны өзгереді.

Осы жерде интербелсенді оқытудың бір қыры болып табылатын жекелендіру технологиясы туралы еске салып, айта кеткен артық болмас.

Студенттердің жеке ерекшеліктері, әсіресе жеке алғанда, олардың ақпараттық мәдениетінің даму деңгейі есепке алынбаса жоғарғы оқу орны студенттерінің үйрену процессінің тиімді ұйымдасуы мүмкін емес. Осындай нақты бір тұлғаға бағытталғандық оқудың жекелендіру принципінде көрсетілген.

Жоғарғы оқу орнындағы жекелендіруді өте тиімді түрде жүзеге асыратын, оқуды ұйымдастыру негізгі формасы өзіндік жұмыс болып табылады, деп алдында айтып кеткен едік.

Өзіндік жұмыстың студенттің кәсіби маман ретінде қалыптасуындағы әсері, бұл білім жүйесінің бөлімінің көп қызыметтілігімен анықталады және оқытудың жекелендіруін, шығармашылық қабілетін жетілдіруін, оқытушы мен оқушының бірлескен іс-әрекетімен себептелетін педагогикалық процестің стратегиясын айқындайды. Студенттердің өзіндік жұмысының басты ерекшелігі, өзінің ашық түрде бейнеленген жекеленген сипатынан көрініс табады. Ол студенттің жеке ерекшеліктері

мен жан-жақты іс-әрекетін түрлендіріп, біріктіру мен қатар оның ішкі және сыртқы факторлары болып табылатын үздіксіз өзгеру мен дамуды қамтамасыз етеді.

Жас өспірімнің өзін-өзі қабылдауы оның тұлғасының дамуы мен оқу іс-әрекетіндегі табыстылығында анықтаушы ықпал етеді. Өзін-өзі табысты, қабілетті, жағдайды қадағалай алушы ретінде қабылдайтын студент, кейін өзіне-өзі берік, мақсаткерлі, байсалды тұлға болып қалыптасады. Ал кері болған жағдайда, біз солғын, жасық, ұялшақ, пассивті және де көп жағдайда ашулы адамды көріп жатамыз. Өз күшіне сенімділігін, сәтсәздіктерге төтеп бере алуын, өзінің мүмкіндіктеріне жақсы баға бере алуын қалыптастыру және кейіннен сол қалпында сақтау – оқытушының ең негізгі мақсаттарының бірі және оқыту бағдарламасының тікелей міндеті. Студенттің қоршаған әлемдегі өз орнын дұрыс сезінуін дамыту өте маңызды.

Осылай, өзін дамыта алатын, өзінің білім қорын өз бетінше толықтырып отыратындай қабілеті болатын, инновациялық қызмет атқара алатын болашақ маманның шығармашыл тұлғасын қалыптастыру, жоғарғы білім берудің ең негізгі міндеті. Осы мәселенің шешімі тек оқытушыдан студентке білімді дайын түрде берілуінде табылар емес. Студентті селқос білімді пайдаланушыдан, мәселені тұжырымдай алатын, осы мәселені шешу жолдарын талдай алатын, ең тиімді нәтижені тауып оның дұрыс екендігін дәлелдеп бере алатын білімнің белсенді жасампазына айналдыру қажет. Қазіргі кезде болып жатқан жоғарғы білім беру реформасы өз негізінде оқыту парадигмасынан білім парадигмасына өтумен байланысты. Осы тұста, студенттің өзіндік жұмысы жай ғана оқу үдерісінің формасы болып қалмай, оның негізгі тірегі болғаны дұрыс.

Осыдан біз білімді игерудің белсенді әдістеріне бағытталу, студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға ұмтылуына жағдай жасау, ағынды оқытудан жеке оқытуға өту қажеттілігін аңғарамыз. Бұнда сөз тек өзіндік жұмысына бөлінетін сағат санын көбейтуінде ғана емес. Өзіндік жұмысының мәнін нығайту жоғарғы оқу орнындағы оқу-тәрбиелік үдерісінің қайта қарастырылуын білдіреді. Осы үдеріс оқу икемін дамытып, студенттің өзін-өзі жан-жақты дамытуға ынтасын қалыптастырып, алған білімін шығармашылықпен пайдалануға үйретіп, заманауи әлемдегі кәсіби қызметке бейімделу тәсілдерін қолдану қабілетін дамыта алатындай құрылуы қажет.

Оған қоса, бүгінгі таңда студенттердің біразы шығармашылығын дамытуға арналған оқу тапсырмаларын және өзіндік жұмыстарын өздері орындамай, жасырын түрде басқа адамдарға тапсырыс беру арқылы жасататындары көбейіп кетті. Әрине, ондай мәселе өзіне асқан назар салынуын талап етеді. Бұл оқыту жүйесінің бағдарламалары керекті шамада жетілдірілмегендігіне көз ашады. Осы жағдайда жақсы демеу ретінде, өзінің құрылысы және мазмұны алуан түрлілігімен ерекшеленетін, оқытуды жекелендіру қағидалары негізінде құрылған студенттің өзіндік жұмысы өте орынды болады, деп санаймын.

Студенттің көркемділік сезімі мен интеллектуалдылығын қалыптастыру көбінесе мотивациялық бағдарға тәуелді екендігін белгілеп көрсету артық бола қоймас. Сол себепті, оқытудың заманауи кезеңінде, сурет курсы игеруде студенттің жүйеленген, бағытталған, ұйымдастырылған өзіндік жұмысы ерекше маңыздылыққа ие болуы шарт.

Оқу үдерісін ұйымдастыру оқытушыдан ықыласын дұрыс үйлестіруді, дұрыс ырғақ алуын, қиын материалды игеруді кезеңдерге бөлуді, студенттер алдына перспектива, яғни мақсатты қоды талап етеді.

Тәжірибесі мол оқытушылардың жұмысында маңызды мәндеттерінің бірі студенттердің дербестігі мен ынтысын тудыратын ортаны қалыптастыру және өз тұлғасының әсерімен тәрбиелеп, ынтымақтасу болып табылады.

Сурет пәнінен өзіндік жұмысын орындау барысында студенттер өзінің жеке қабілеттерін, бейімділіктерін, қызығушылықтарын жиі ашық түрде көрсетеді, бұл жағдай олардың оқу шығармашылық белсенділігіне пайдалы әсерін тигізеді. Біздің бақылауымыз бойынша студенттердің көбі оқу ұжымында өзін-өзі бөгеліп қалғандай сезінеді, сонымен қоса оқу бағдарламасымен шектеліп отырғанда, өзінің қабілеттіліктерін толықтай іске асыра алмай қалатындары жиі кездеседі. Ал өзіндік жұмысын орындау кезінде олар еркіндікке қол жеткізеді, өздерін көбірек толғандыратын заттарды бейнелейді.

Осыған байланысты, қойылған заттың өзіне қарап ұзақ уақыт бойы сурет салу, өзінің оқыту жүйесіндегі алып жатқан басты орнына қарамастан, суретшінің кәсіби дайындығына байланысты пайда болатын оқу және шығармашылық қиыншылықтары мен мәселелерін жете шеше алмайды. Осы тұстан алғанда сурет пәнінен өзінің түрі мен мазмұны жағынан алуан түрлі студенттердің өзіндік жұмысы үлкен тірек бола алады.

Сурет пәнінен өзіндік жұмысының тапсырмалары студенттердің тәжірибе деңгейі мен мүмкіншіліктеріне сай болуы қажет. Өйткені кейбір тапсырмаларды орындай алмайтын білім алушыларда өз бетінше шығармашылықпен айналысқанға қызығушылығы жойылу мүмкін. Сондықтан, белгілі бір тапсырманы орындау нәтижесінде табысқа жете алмай қалған кейбір студенттерге ол тапсырманы қайта орындау ұсынылуы қажет. Оқу және шығармашылық тапсырмаларын табысты орындау студенттерге әрі қарай дамуына жол ашады.

Студенттердің сурет пәнінен өзіндік жұмысынан тапсырмасы ретінде тез сурет салудан тапсырмаларын және нобай мен долбарларды салудан тапсырма беру пайдалы болады. Өйткені ұзақ тапсырмаларды олар академиялық сабақтарда орындайды. Нобайларды салу барысында студент тез өзгеретін құбылыстарды, ең күшті көрушілік эсерлерді белгілейді, қойылған заттың бөлшектерінің ерекшеліктерін тотап жинайды, қағаз бетіне дұрыс орналастыру қабілетін шынықтырады. Қойылған заттан нобай салу саналы сипатқа, мақсаттылыққа ие болады, студенттерден жанданған қызығушылық оятады.

Нобай мен долбар салудан өзіндік жұмысын орындау студенттерден көріп еске сақтау қабілетін дамытады, ал орындауға бөлінген уақыттың шектеулілігі оларды сурет салу барысында ықпалын ең негізгі басты нәрселерге бөлуді үйретеді, бейнені бүтін түрінде салуға ықпал етеді. Нобайларды орындау кезінде қойылған затты бейнелеудегі қабылдаудың өткірлігі, оны елестетудің бүтіндігі, басты бөлімдерін, ерекшеліктерін ажырату, суретті жалпылау сияқты кәсіби қасиеттерді қалыптастырады.

Нобайлармен жүйелі түрде айналасу үдерісінде студенттер образдармен жұмыс істеудің қажетті тәжірибесін игереді, бейнеленетін объектінің көркемділікпен салынуын үйренеді. Нобайлар орындау бойынша мақсатқа бағытталған жұмыс студенттерге кәсібиліктің жоғары деңгейінде академиялық суреттерді орындауға, бейнелеу материалдары мен сурет салудың техникалық әдістерін батылырақ пайдалануға мүмкіндік береді.

Оқытушы нобайлар салу арқылы өзіндік жұмысын белсендіруде және ұйымдастыруда басты орын алады. Ол түрлі шығармашылық талаптар қойып, бұлардың орындалуына жеткізуі, суреттің орындалуының ырғағын қадағалауы, студенттердің жұмыстарын талдап кеңес беруі міндетті.

Сурет пәнінен өзіндік жұмысы оқу суреттерін орындау жұмысында білімді, білік пен дағдыны анықтауында маңызды мәнге ие болады. Оқытушының тікелей бақылауымен жүретін академиялық суретпен жұмыс істеудің барысында студенттер оның кез келген уақытта қасынан табылып көмек беруіне, қателерін көрсетіп беретініне, кейде суретін дұрыстап беретініне үйреніп қалады. Әрине, оқытушы студентке түсіндіріп, дұрыс жолын көрсетуіне тиым салынбайды және ол түсіндіріп беруге міндетті де, бірақ, біртіндеп, студенттерге айқын білдірмей олардың жұмыс барысында туындап жатқан қиыншылықтарды олардың өздері шешетіндей жолға бағыттап отыру өте қажетті де маңызды мәселе. Әр бір нақты жағдайда керекті нәтижелерге өз бетінше жету студенттерге келешекте одан да күрделі оқу шығармашылық тапсырмаларды орындап шешуге мүмкіндік береді.

Студенттерді оқу тапсырмасы бойынша жұмыс істеген кезде өзіндік жұмысына баулудың бір жолы ретінде, біздің ойымызша, әр сурет сабағының басында студенттің өзіндік жұмысына арналған уақытты нобайлар салғызып, жаттығу орындатуды алуға болады. Студенттер алдына қойылған талаптарды өз бетінше орындайды. Егер де студент кей бір қателіктер жіберсе де, оқытушы жұмыс барысына араласпайды. Жұмыс соңынан талдау жасалып, бағалары қойылады. Қойылған бағалар ағындыоқу жұмысына қойылатын бағаға өз ықпалын тигізеді.

Сурет пәні бойынша өзіндік жұмысы түрлі графикалық материалдармен жұмыс істеуге кең мүмкіндіктер береді. Бұл сурет салушылардың көркемдік ойына, армандауы мен тәжірибесіне, бейнеленетін объектінің ерекшелігіне байланысты болады.

Қорытынды бөлім

Оқу және шығармашылық үдеріс – бұл ойлау қасиеттерінің, тұлға құрылымының жігері мен эмоционалды компоненттерінің белсендірілуін қажет ететін қиын еңбек. Шығармашылық белсенділік бейнелеу өнері мамандығының студенттері қызметінің үшін ең маңызды шарты болып келеді. Жоғары кәсіби-суретшілік деңгейіне жетуі, студенттердің суреттен жүйелі, мақсатқа бағытталған өзіндік жұмысына байланысты.

Айтылған пікірден ұғарымыз өнерге жаңа қырларын танытқан ағымдар мен салалардың бәрі де сыйа береді. Сондықтан да барлық шығармашылық тәрбиеде суретке оқыту барысында да білім алушылардың жеке дербестік қабілеттеріне, ерекшеліктеріне, шығармашылық қасиеттеріне және ұсыныстарына үнемі назар салып отыру керек. Оқытушы ілгері жылжудың келесі кезеңдерін анықтап және нақты мақсаттар қою арқылы білім алушыға дер кезінде көмек көрсеткені абзал. Себебі кемшіліксіз жастар жоқ, олар өз мүмкіндіктерінің шектеулі екендігін түсінбей, қателіктерге ұрынып жататындығы көреміз.

Академиялық сабақтардағы натурадан сурет салуда бейненің мазмұндылығы көз қызметі арқылы образ жасауға негізделеді де, мұнда көріп отырған нақты объект пропорцияларын әдейілеп өзгертуге болмайды. Өнердегі көркемдік жаңалықтар болмыстағы жаңа образды таба білуге негізделген. Ол әдістер мен техникаларды құбылтудан туындамайды. Білім алушылар шығармашылық жұмыстарға беттегенде, адам мен табиғатты бірде бір-бірімен тығыз үндестікте, бірде қатал драмалық тартыста алып қарастыруы тиіс, олардың шығармаларындағы көпқырлылық осыдан бастау алып, әрі қарай жалғасады.

Өмір шындығынан ауытқымау өзге өнерлердегі сияқты бейнелеу өнеріне де тән қасиет және оған апаратын жолдар да сан қилы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абдрасилов С.Ф., Исаходжаева Н.А. *Изобразительные умения и навыки в процессе выполнения набросков будущих дизайнеров. «Молодой ученый» 2017. -№7. -б. 411-414.*
2. Мельников В.А. *Проблемы обучения рисунку в системе художественного образования. «Педагогика и психология» 2016. –С. 115*
3. Серікқалиев З. *Дүниетану даналығы А., «Егемен Қазақстан». 2018.*

ӘОЖ 377.5.02:37.016
МРНТИ 14.33.09

Г.Д. Абдуллаева

*аға оқытушы, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан, e-mail: gulnar_191071@mail.ru*

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ САБАҚТАРЫНДА КОМПОЗИЦИЯ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫН ОҚИТУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі саласындағы күрделі мәселелердің бірі композиция заңдылықтарын оқыту және осы заңдылықтар негізінде оқушылардың бейнелеу икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыру жолдары қарастырылған. Бейнелеу өнері заңдылықтарын оқыту көркемдік білім берудің мазмұнын құрайды. Бұл мазмұнға перспектива, жарық пен көлеңке, тұстану және композиция заңдылықтарын оқыту кіреді. Бейнелеу өнері сауаттылығын білетін адам мен білмейтін адамның туындыларының бірдей сапада болмайтындығын тәжірибе жұмыстарында көрсетілген. Мақалада бейнелеу өнерінің заңдылықтарын оқыту жолдары мен оны оқытудың формалары ұсынылып отыр.

Түйін сөздер: Бейнелеу өнері; композиция; оқыту әдістері; көркем ойлау; дағды; бейнелеу сауаттылығы; шығармашылық жұмыс.

G.D. Abdullaeva

*senior teacher, International Kazakh-Turkish University name K.A. Yasavi,
Turkestan, Kazakhstan, e-mail: gulnar_191071@mail.ru*

METHODS OF TEACHING COMPOSITIONAL PATTERNS IN FINE ARTS LESSONS

Abstract

In this article, the ways of formation of the skill and skills of the image of schoolchildren on the basis of studying the patterns of compositions, as a complex problem in the field of teaching fine art, are considered. Patterns of teaching fine art is one of the contents of artistic education. Regularities of perspective, luminosity, light science and compositions are included in this content of education. Opot says that there are not single levels of a person who has fine marks and does not have a fine mark. This article presents the norms and ways of learning the laws of the visual arts.

Key words: fine art; composition; teaching methods; artistic thinking; skill; visual literacy; creative activity.

Г.Д. Абдуллаева

*старший преподаватель, Международный казахско-турецкий университет имени
Х.А. Ясауи, г.Туркестан, Казахстан, e-mail: gulnar_191071@mail.ru*

МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ КОМПОЗИЦИОННЫМ ЗАКОНОМЕРНОСТЯМ НА УРОКАХ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО ИСКУССТВА

Аннотация




В этой статье рассматривается пути формирования умение и навыков изображения у школьников на основании изучения закономерности композиций, как сложная проблема в сфере методики преподавания изобразительного искусства. Закономерности обучения изобразительного искусства составляет одно из содержаний художественного образования. К данному содержанию обучения включается закономерности перспективы, светотеней, световедения и композиций. Опот показывает что не одинарные уровни человека который имеющая изобразительное грамоты и не

имеющий основы изобразительного грамоты. Данной статье представляет нормы и пути обучения закономерности изобразительного искусство.

Ключевые слова: Изобразительное искусство; композиция; методика преподавание; художественное мышление; навыки; (умение;) визуальная грамотность; творческая деятельность.

Кіріспе

Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі саласыдағы күрделі мәселелердің бірі-бейнелеу өнерінің негізін құрайтын заңдылықтарын оқыту және осы заңдылықтар негізіне мектеп оқушыларының бейнелеу икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Бейнелеу өнері заңдылықтарын оқыту көркемдік білім берудің мазмұнын құрайды. Бұл мазмұнға перспектива, жарық пен көлеңке, тұстану және композиция заңдылықтарын оқыту кіреді. Бірақ осы заңдылықтардың мазмұны әлі күнге дейін анықталмай, олар белгілі бір жүйеге келтірілмей, әр қайсысының қысқаша мазмұндары әр түрлі әдебиеттердегі, әр түрлі мәселелерге қатысты жерлерінде ғана қолданылумен шектелуде. Бейнелеу өнерінің заңдылықтары туралы білімі сурет салушы адамға бейнелеу іс-әрекетінің сапасын арттыруға жәрдемдеседі. Бейнелеу өнері заңдылықтарын білген адам мен бейнелеу өнері заңдылықтарын білген адам бейнелеу өнері заңдылықтарын (перспектива, жарықтану, тұстану, композиция) білмейтін адамның салған суреттерінің бірдей сапада болмайтындығын тәжірибе жұмыстары көрсетуде.




Композиция заңдылықтарын оқытудың қарапайым жолдары

Суретші өзі бейнелемек болаған туындысын ойластырғанда, ол өз композицияның объектісі – басты кейіпкерді анықтап алады. Композицияның басқа элементтері оған бағынуы және оны айқындауға ықпалдарын тигізуі тиіс. Бірақ, кейде балалардың суреттерінде өздерінің ең бастысы санайтындары басқа формалар арасында ерекшеленбей, тіпті кейде еленбей қалады.

Балаға композициядағы ең бастысын ерекшелей білуді қалай үйретуге болады? Жоғары сыныптарда композицияның мағыналық идеясы туралы айтуға және суретшілер туындыларының композициялық сызбаларын көрсетуге болады. Төменгі сынып балалары үшін бұл күрделі әрі қызықсыз тақырып болар еді. Сондықтан, бұл үшін геометриялық фигуралардан тұратын қарапайым композицияларды қарастыратын сабақ өтуді жөн көреміз. Бірінші мен басты кейіпкер («кейіпкер»–деп бұл жерде шартты түрде айтып отырмыз, суретте ол жансыз заттар–құмыра, ағаш, үй, т. с. с. болуы әбден мүмкін) парақта ерекшеленіп тұруы қажет екенін айтамын. Өйткені, бізге оған көрерменнің бірден назар аударғаны қажет емес пе?

Ал, бұған қалай қол жеткізуге болады? Оның қандай тәсілдері бар екен? Ал, енді қарастырып көрейік. Мен оқушыларға үшбұрыштан тұратын қарапайым композиция ұсынамын. Үш үшбұрыштың қандай да біреуі көзімізге бірден «ұрып» тұр ма, әлде ешқайсысына көз тоқтатпай, жалпылама көз жүгіртіп өттік пе? Әрине, үшбұрыштардың бәрі бірдей болғандықтан, біз олардың ішіндегі бастысын бөліп ала алмаймыз. [1,21].

Енді бір үшбұрыштың өлшемдерін үлкейту арқылы композицияға өзгеріс енгізіп көрейік. Әрине, бұдан соң композицияда қайда орналасқанына қарамастан біздің назарымыз әуелі осы үшбұрышқа ауатыны айдан анық. Сонымен, композициядағы ең басысын ерекшелеу үшін, біз оны қалғандарынан қарағанда үлкенірек етіп бейнелеуімізге болады екен (натюрмортта бұл құмыра, жеміс, ал бір топ адам арасынан - өз тұлғасымен ерекшеленіп тұрған немесе алдыңғы планға шығарылған адам болуы мүмкін).



Біз үшбұрышты үлкейтіп едік, ол басты фигураға айналып, бірден ерекшеленді. Ал енді оның пропорцияларын өзгертсек, назарымыз басқаша формадағы үшбұрышқа ауады.

Үшбұрыштың реңкін өзгертсек, сұр үшбұрыш басқаларына қарағанда ерекше көзге көрінеді. Ол қызыл немесе көк түсті болмасын, композицияның қай жерде орналасқанына қарамай көрермен назарын бірінші сол үшбұрыш тартады. Үшбұрышты негізгі топтан бөлек орналастыру арқылы да оны ерекшелеуге болады. Яғни, қандай да бір объектіні орналастыру орны арқылы да ерекшелеп көрсетуге болады.

Бұған дейін біз геометриялық денелердің бір-ақ түрін – үшбұрыштарды қарастырдық. Ал енді осылардың біреуін, өзіне бірден назарымызды тартатын басқа бір фигура, мысалы дөңгелекпен ауыстырып көрейік.

Жоғарыда айтылғандарды талдай отырып, композицияда ең бастысын төмендегі әдістер арқылы ерекшелеуге болады деген қорытындыға келеміз:

1. Өлшемдер;
2. Пропорциялар;
3. Реңктер;
4. Түстер;
5. Кеңістікте және жазықтықта орналасуы;
6. Жоғарыда көрсетілген барлық нұсқалардың комбинациялары арқылы.

Әзірше біз өзара бірдей объектілердің арасынан біреуін ерекшелеу жолдарын қарастырдық. Алайда басқа нұсқалар да болуы мүмкін. Мәселен, бес түрлі түске боялған үшбұрыштар арасынан біреуін түсін өзгерту арқылы ерекшелеуге болады. Бұл үшін біз оның түстік сипатын өзгертеміз. Бұл үшін басқа фигуралар бірдей түс гаммасында болуы шарт (барлығы жылы түсте болса, біреуін суық түске, бәрі қанық түске боялса біреуін қанық емес, бәрі ашық, ал біреуін көмескі немесе керісінше).

Ал егер барлық үшбұрыштар әртүрлі түстік сипатта, мысалы – біреуі жылы, қанық, екіншісі суық, қанық емес, тағы біреуі – жылы, қанық емес болатын болса, онда түс сипаты арқылы оның біреуін ерекшелеу мүмкін емес. Бұл үшін біреуінің өлшемдерін немесе формасын өзгерту керек. Бұл шарт пропорцияға, реңкке және кеңістікте орналасуына да қатысты.

Геометриялық фигураларды жалпы қарастырып болған соң балаларға осы тәріздес жеке тапсырмалар орындатқан жөн. Бірақ балаларды зеріктермес үшін геометриялық фигураларды нақты заттармен: құмыралармен, ағаш жапырақтарымен және т.б. алмастырамыз. Бұл тақырып әралуан композицияларды орындау барысында одан әрі дамыталады [1,87].

Балаларға геометриялық фигуралардан құралған композицияларды түсіндіру үшін оңай әрі жеңіл болатындықтан мысал ретінде қарастырғанымызды түсіндіру қажет. Геометриялық фигураларды кез-келген нақты формалармен алмастыруға болады.

Мәселен, бізге бір топ адамды салу керек болсын делік (аялдамада, паркте, немесе кезекте тұрған). Осы топтағы бір адамды қалай ерекшелеп көрсетуге болады? Бұл жерде қандай-да бір оқушыға:

– Мәселен, сол адам сенің өзіңнің делік. Өзіңе назар аударту үшін не істер едің?

Ол төмендегідей тәсілдерді тізбелей бастайды:


- Өзімді ашық түсті киіммен бейнелеу арқылы;
- Өзімді топтан бөлектеп бейнелеу арқылы,
- Алдыңғы планға шығарып, үлкейту бейнелеу арқылы...

Балаларға әралуан нұсқаларды – пейзажда, натюрмортта қандай да объектіні ерекшелеуді ұсынуға болады. Ал олар бұған өз жауаптарын айтады.

Бүкіл әлемді адам баласы салыстыру арқылы танып, біледі. Бізді қоршаған кез-келген объектілердің кез-келген параметрлері салыстырмалы. Мысалы, ойыншық үй бес қабатты үйге қарағанда өте кішкентай, ал бес қабатты үй аспанмен таласқан көпқабатты үйлерге қарағанда сіріңке қорапшасындай ғана болып қалады. Сұр түс аққа қарағанда – күнгірт, ал қараға қарағанда – ашық түс болып саналады.

Айқын қарама-қарсылықты білдіретін «контраст» сөзі бізге бұрыннан таныс. Естерінде болса біз контраст түстер және олардың өзара әрекеттесуінің принциптері туралы өткен сабақтарда қарастырған болатынбыз.

Екі немесе одан да көп объектілердің параметрлерінің айырмашылығы неғұрлым көп болса, олар соғұрлым өзара бір-бірін ерекшелік түседі, яғни контраст арта түседі. Контраст заңдылығы дегеніміз осы. Мысалы, үлкен нәрсе кішкене заттың қасында одан сайын үлкен болып көрінеді. Егер алыптың қасына ергежейліні салып қойсақ, қағаз бетінде ол одан да зор, ал керісінше ергежейлі алыппен салыстырғанда тым кішкентай бола түседі. Суреттің өлшемдерін пайдалана отырып, адамды кішкентай қағазға компоновка жасағанымызды еске түсірейік. Қағаз оған тарлық жасады және осы арқылы оның үлкен болып көрінуіне әсерін тигізді. Егер оның қасына кішкентай адам бейнелесек, алып контраст заңдылығы бойынша одан әрі зорая түседі. Ақ түс қараның жанында одан әрі аппақ болып көрінеді.



Мен балаларға геометриялық денелерден (дөңгелек, овал) тұратын композиция, одан кейін эралуан үшбұрыштардан тұратын композициялар жасауды тапсырамын. Жасалған екі композицияны талдап, олардың адамды жалықтыратын біртектес екеніне көз жеткіземіз.

Бұдан кейін балаларға овалдар мен үшбұрыштардан үшінші композиция жасап көруді ұсынамын және бұл жолы үшбұрыштардың сүйір ұштары одан әрі сүйірлене түсіп овалдардың нәзік, жұмсақ формаларын түйреп алуға ұмтылғандай әсер тудыратынын байқаймыз. Контраст формалардан құрылған композиция мағыналы, жанды әрі қызық.

Түрлі суретшілердің шығармаларынан контрасты пайдалануға көптеген мысалдар келтіруге болады. Мысалы, шар үстінде қас-қағым сәтке тепе-теңдікті ұстап тұрған қыз, орнықты куб үстінде жайғасқан сом тұлғалы, ауыр денелі акробатқа қарағанда өзінің албырттығын, нәзіктігін ерекшелік түскен. Пабло Пикассо контрасты формаларды пайдалана отырып, «Шар үстіндегі қыз» картинасына айрықша астарлы мән-мағына бере білген. [1,93].

Түрлі суретшілердің шығармаларынан контрасты пайдалануға көптеген мысалдар келтіруге болады. Мысалы, шар үстінде қас-қағым сәтке тепе-теңдікті ұстап тұрған қыз, орнықты куб үстінде жайғасқан сом тұлғалы, ауыр денелі акробатқа қарағанда өзінің албырттығын, нәзіктігін ерекшелік түскен. Пабло Пикассо контрасты формаларды пайдалана отырып «Шар үстіндегі қыз» картинасына айрықша астарлы мән-мағына бере білген.



Табиғатта да, өмірде де бізді контрастар әлемі қоршап тұр. Көкке өрлеген жіңішке теректер мен жан-жаққа тармақталған еменнің ашық аспан аясындағы күңгірт сұлбалары бірі-біріне барынша карама-қарсы әсер береді. Ағаштың, үйлердің, мұнаралардың, таулардың тік сызықтары мен жердің көкжиек сызығы. Айналамыздағы түстер контрасты, оқиғалар, мінез, көңіл-күй карама-қайшылықтары. Геометриялық формалардан өзге де шағын композициялар, мысалы, өткір тікенектер арасындағы көбелек, контраст формалар, түстерден құрылған натюрморт, «күйеу жігіт пен қалыңдық» (әсіресе қыздар түрлі – түсті тойдың фонындағы қалыңдықты аппақ киімде, күйеу жігітті кара түсті костюмде бейнелеуді аса жақсы көреді) орындауға болады.

Бейнелеу дегеніміз – заттардың, табиғат құбылыстардың, адамның және жан-жануарлардың, өсімдіктердің көрінісін қағаз бетіне орналастыру. Олардың нақтылы бейнесін беруменғана шектелген суретшіні біз «көпшіруші суретші» дейміз.

Ал нағыз суретші болу үшін бейнелейтін заттың, құбылыстың көркемдік жағын ойлау керек.

Көркемдік шеберлігі жоғары туындылар деп сызықты, түсті, форманы, ренді, кеңістікті үйлестіруді, суреттің мазмұнын тақырыбына сай шебер қолданған суретшіні айтады.

Шын мәніндегі дарынды суретшілер адамның бейнесін, келбетін, жан дүниесін, мінезін, қимыл-қозғалысын аса шеберлікпен көрсете алады. Жануарларды салғанда да қимыл-қозғалысын ерекше тұстарын бейнелеуге тырысады. Табиғат құбылысын салғанда да олардың көз тартар ерекше құбылысын, жыл мезгіліне байланысты өзгерістерін, сұлулығын көркемдеп бейнелейді.

Ондай суретшілерге: И. Шишкин, И. Левитан, Ү. Әжиев, Ә. Жүсіпов, Ә. Ысмайылов, О. Таңсықпаев, Ж. Шарденов және басқаларды жатқызуға болады.

Бейнелеу өнері жалпы өнердің бір бөлігі. Негізінде жалпы өнер атаулыға ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеті, ән-күйді, театр мен киноны, бейнелеу өнері мен сәулет өнерін, тағы басқа өнер түрлерін жатқызамыз.

Өнердің өзіне тән ерекшелігі - өнер шындығына байланысты адамның эстетикалық қарым-қатынасын анықтау. Өнер үшін ең басты мақсат дүниені көркемдік тұрғыдан бейнелеу болып табылады. Өмір шындығын бейнелеген әр алуан өнеріміз адамдардың әсемдік сезімдерін оятып, көркемдік заңдылықтар арқылы өнер туындыларын жасайды.

Қаншама дәуір, ғасырлар өтінен сұрыпталып бізге жеткен бейнелеу өнерінің өрісі кең де ауқымды. Осы сан салалы өнер тобымен жан-жақты тереңірек танысу үшін, оның түрлерін айқын ажырата білуіміз қажет.

Өнер - қоғамдық сананың бір формасы. Көркем мәдениеттің бір саласы. Өнер көркемдік (бейнелер бейнелеу өнерінде), дыбыс (музыка), сөз (көркем әдебиеті) және өнерді жеке түрлерінің синтезі арқылы (театр, кино, өмір шындығын көркем бейнелейді. Өнер өзінің барлық түрлері арқылы адам санасына күшті идеологиялық, тәрбиелік әсерін тигізе.

Халық өнері - бейнелеу және сәндік қолданбалы өнер, жиынтығынан тұрады. Халық арасынан пайда болған халық өнеріне қызығушылық әр уақытта басым болады. Қолданбалы өнер зергерлік мәдениетіне дейінгі істерді толық қамтиды [2,35].

Бейнелеу өнері, жоғарыда айтқанымыздай, алуан түрлі болып келеді. Алғашқыда оған тек сурет пен кескіндеме және мүсін өнері жатқызылды. XVIII ғасырда бұларға сәулет (архитектура) қосылды, ал XIX ғасырдың аяғында графика еніп, бұл қатарды толықтырды.

Заманымыздың кейінгі жылдарында жан-жақты тез өркендеп келе жатқан дизайн өнері де бейнелеудің бір саласы болып қалыптасты.

Енді осы өнер салаларының әрқайсысына жеке-жеке тоқталайық.

Бейнелеу өнері - ақиқат көрінетін дүниенің бейнесін кеңістікте немесе жазықтықта көрнекті суреттейтін өнердің түрі. Бұл өнер басқа өнер салалары сияқты болмыстың көркем бейнесін адамның сезуінен туындайды.

Бейнелеу өнерінің сан ғасырлық даму тарихында төмендегідей түрлері мен жанрлары бөлініп шықты: 1. Живопись, 2. Графика, 3. Скульптура, 4. Сәндік қолданбалы өнер, 5. Архитектура.

1. «Кескіндеме» - бұл жазықтықтың бетіне (қағаз, кенеп, ағаш, үй қабырғасының беті) жағылған әр түсті бояу қабаттарының көмегімен жасалатын өнер шығармасы.

Кескіндеме (Живопись) – ең бір ежелгі өнер. Мысыр, Греция, Италия немесе қайта өрлеу дәуірі өнерінің алтын қорынан кездестіруге болады. Живопись - бейнелеу өнерінің ішіндегі бай да толысқан түрі. Ондаған түрлі түс-бояу реңдерінің тоғыса байланысып, көздің жауын алатындай құлпыра бейнеленуі живописке тән нәрсе.

Акварельдік кескіндеме (живопись). Бұл кескіндеме, көбінесе қағазға ғана салынады. Акварель бояулары суға өте ерігіш, күмістей таза мөлдірлігімен ерекшеленеді. Акварельмен «дымқыл» тәсілде жазған кезде суретшіден шап-шаңдық талап етіледі, өйткені бояу кеппей тұрып бір-бірімен араласуы керек, сол араласуы арқылы өзімізге керекті түстерді табамыз. Бояулардың мұндай жымдасуы акварельге өте-мөте тән қасиет.

2. Графика – бұл екі немесе үш теспен ғана салынатын суретті айтамыз. Графика шығармаларына қарындашпен салынған суреттер гравюралар, кітап иллюстрациялары, газет суреттері, эрикатуралар, плакаттар, кітап шрифтілері, түрлі жарнамалар, маркалар жатады. Қағаз бетіне салынған литографиялар, түсті гравюралар, түрлі түсті қарындаш және бормен салынған суреттер де графикаға жатады. Бұл сөз гректің «*grapho*» «жазамын», «суретін саламын» деген сөзінен шыққан.



Кескін түрлі үлгідегі техника көмегімен берілуі мүмкін, қолдың істелген және машина көмегімен беруге болады. Сол себептен графиканы екі түрге бөлеміз: тікелей қағаздағы кескін және баспалық графика.

Қолөнері көне заманнан бері қарапайым еңбек құрал-жабдықтарын пайдапанып, шикізаттардан әр түрлі дайын бұйымдар жасайтын қолөнер өндірісі екендігі белгілі.

Қазақ халқының іскерлік қолөнері негізінен үй кәсібі түрінде дамыған деп айта аламыз. Көшпелі тұрмыстың қажетке байланысты қолөнер шеберлері мал шаруашылығына қажетті шылбыр, ноқта, жүген, шідер, кісен, ер-тұрмандар жасаумен шұғылданған. Олар сазбалшықтан, ағаштан, теріден ыдыс-аяқтар, ағаштан, сүйектен, металдан, мал және аң терілерінен нақышты мүліктер, домбыра, кобыз, сыбызғы, шаңқобыз, дауылпаз сияқты саз аспаптары жасаған. [5,39].

Қазақ халқының қолөнері ішінде киіз үйдің кереге, уық, шаңырағын жасау, тоқымашылық, термешілікпен айналысу кең өріс алғаны көпшілікке мәлім.

Мүсіндеу (скульптура)- бейнелеу өнерінің ішіндегі ең ежелгісі. Тіпті сонау тас ғасырында-ақ адам қарабайыр мүсіндеу өнерімен шұғылданған.

Өнер тарихынан белгілі, талай дәуірлер, сан ғасырлар өтінде өмірмен өзектес дамыған мүсіндеу өнері небір ғажап, қайталанбас туындылар қалдырды. Солардың ішінде: Мысырдағы перғауындардың сом бейнелері, ғажайып сфинкстер, ертедегі. Грециядағы «Родос алыбы», Зевс мүсіндері, әдемі де теңдессіз сұлу Афродита, батырлық пен ерлікке шақыратын Давид мүсіндері (Б.Микеланджело) ерекшелігімен көзге түседі.

Кейінгі дәуірлерде де, қазіргі біздің заманымызда да осындай есте қаларлық, айнала қоршаған ортамен шеберлікпен шешімін тапқан қаншама өнер туындылары өмірге келді. Соның ішінде, жақын елдерінде де осындай ескерткіштер баршылық. Мысалы, Санкт-Петербургтегі Петрге арналған салт аттылы ескерткіш. Волгоградтың Мамаев қорғанындағы - «Отан-Ана» зәулім ескерткіші және астанамыз Алматыдағы Амангелді, Абай, Шоқан ескерткіштерін ауыз толтырып, мақтанышпен айтуымызға болады.

Сәулет өнері - ең ескі өнердің бірі. Сәулет тарихы адам баласының алғаш тасқа сызық сызып өнерді сезінгені сияқты, оның ең алғаш өз еңбегімен баспана ойлап табуынан басталады. Мыңдаған жылдар бойы сәулет өнері дүниенің төрт бұрышында адамзат ой-өрісінің жарқын жемісі ретінде әрқашан да дамып, өркендеп отырды. Бұл өнер жеке дара өзі ғана дамып қоймай, басқа да өнер салаларын заман ағымына қарай өркендетіп адамзат игілігіне өзімен бірге қызмет еткізді. Сондықтан да, көбіне-көп басқа өнер ағымдары сәулет өнерінің ықпалымен өз бет бейнесін өзгертіп, онымен сабақтаса бірге дамып отырды.

Екінші Мекке атанған Түркістандық Қожа Ахмет Яссауи сәулет ғимараты біріншіден, өзінің сәулетінің күрделілігімен, ұлылығымен көзге түссе, екіншіден, қыздың жасауындай көздің жауын алатын әсемдігімен, қалы кілемдей құлпырған керегелерінің ою-өрнектерімен баурап алады. Мұндай халық өнері мен сәулет өнері біте қайнасып ғимаратқа қайталанбас көрік береді. Осындай әлемді тәнті еткен ғаламат сәулет комплексі - Өзбекстандағы Шир-Дор ансамбльдер қорымы. Бұл қорым сәулеті халықтың нақыш, бейнелеу және бедерлеу өнерімен көмкерілген. Әлемдік маңызы бар бұл қорымды кезінде қазақтың ұлы перзенті, сол кездегі Самарқан әмірі және ұлы биі Жалаңтөс Баһадүр батыр салдырған. Қорым сәулетінің кереметтілігіне қайран қала отырып, ұлы бабамыздың эстетикалық талғамының құдіреттілігіне таң қаласың. [4,57].

Келесі әңгімеміз - *дизайн өнері* туралы. Бұл өнер бұрыннан белгілі, кейінгі жылдарда барлық салада - өнеркәсіп саласында, кәсіп саласында кәсіпорындарда, завод-фабрикаларда, құрылыста, сәулет саласында тереңдей еніп келеді.

Дизайн, негізінен, мейлі құрылыс болсын, үй жиһаздары болсын, тіпті кішкене ойыншықтар болсын, соның бәрінің сыртқы кейпін айналамен үйлесетіндей, заманға сай болуын қатаң қадағалайтын жобаларды күнделікті өмірге әкелетін өнер саласы. Мысалға, сәулет саласында дизайншылар жобаланған ғимараттың неге арналғанын сай, оның ішкі интерьерін бір әсемдік үйлесімге келтіріп, ал сыртқы экстерьерін қоршаған айналамен жара-сым табуына баса көңіл бөліп соны іске асырады. Сол сияқты, үй жиһаздарын жобалағанда да оның сыртқы келісімін, қандай бөлмеге арналғанына қарай көркемдеп әшекейлейді. Дизайндық өнер қазір барлық елде алдыңғы орынға қойылған. Қазіргі нарықтық экономика жағдайында әлемдік сапа дәрежесіне көтерілу үшін заттардың, тауарлардың құнын арттыру дизайнға тікелей байланысты. Шебер дизайншылардың озық ойынан шыққан сапалы да көз тартар сүйкімді заттар қайда болса да тез өтеді. Сондықтан дизайн өнері - жаңа да, келешекте сұранысы да мол өнер көзі болып отыр. [6,41].

Міне осылай бейнелеу өнері сабақтарында композиция заңдылықтарын түсіндіру үшін, бейнелеу өнері түрлерімен таныстыра отырып, суретшілердің, шеберлердің шығармаларының композициялық ерекшеліктерімен таныстырып өтеміз.

Сонымен композицияны оқыту екі кезең бойынша жүзеге асырылады. Бірінші кезеңде оқушыларға композицияның «бүтіндік заңы», «үлгі заңдылығы», «қарама-ақсылық заңдылығы», «композициялық идеясы», «композиция мүмкіндіктері», «ырғақ (ритм)», «композициялық сюжет», «симметрия және ассиметрия», «басты тұлға», «композициядағы алдыңғы көрініс», «композициядағы ұзақтағы көріністер», «композиция элементтері», «композиция құрылымы», «түстердің композициясы», т.б. түсініктер беріледі. Олар көрнекті түрде картиналарды талдау барысында түсіндіріледі. [7,132].

Композиция туралы түсініктер беру бейнелеу өнері пәнінің тақырыптық сурет салу сабағында алдымен жеке сабақ ретінде өткізіліп, соңынан бұл түсініктер беру, нұсқаға қарап сурет алу, жоғарыда айтылып кеткендей бейнелеу өнері туралы әңгіме сабақтарда жалғастырылып, отырады. Себебі композиция заңдылықтарымен оны бейнелеу ержелері, олар туралы білімдер жүйесі оқушының нұсқадан қарап сурет салу, сәндік сурет салу, өнер туындысы туралы талдау жасау үдерісінде қажет болып отыратын іс-әрекеттер.

Композицияны оқытудың екінші кезеңі – оқушыларды композиция құрастыруға үйрету. Композиция құрастыруға үйретудің басы оқушыларға қарапайым геометриялық әр түрлі формаларды кеңістікте орналасу көріністерін шартты түрде бейнелеуден басталып, бағытталған жаттығулар жасаумен қарапайым тақырыпқа композиция жасау іс-әрекеттерін үйретуге аяқталады.

Оқушыларды композиция құрастыруға үйрету жаттығулары мынандай бағдарламамен жүзеге асырылады: 1. Төрт бұрыштарды, үш бұрыштарды, түзудің, шеңбердің бойына бірдей қашықтықта, бірдей өлшемдермен орналастыру жаттығулары; 2. Композициялық орталыққа үлкен шеңбер немесе төрт бұрыш бейнелеп, оның жиегіне, (айналасына) үш бұрыштар немесе төрт бұрыштарды бейнелеу жаттығуларын жасау;

3. Симметрия тақырыбына геометриялық денелерді картина жазықтығының бетіне (қағаз бетіне) оң жағы мен сол жағын тепе-тең етіп орналастыру жаттығуларын жасауға үйрету;

4. Геометриялық денелерді жазықтық бетіне қатал симметрия заңымен емес, ассиметрия заңдылығын сақтап орналастыру жаттығуларын жасау; 5. Геометриялық формаларды жазықтық бетіне кеңістіктегі көрушіне жақынын (көлемін үлкен етіп) көрушіден алысын (кіші етіп) бейнелеу жаттығуларын орындау; 6. Түстердің ырғағы (ритмі) бойынша алынған композициялар жасау, натюрморт, пейзаж тақырыптарына композиция жасау жаттығулары.

Қорытынды

Ұсынылып отырған мақала бойынша алғашқы кезде өмір шындығынан алынған көріністер бойынша бірден сапалы композиция жасау қиындық туғызады. Сондықтан композицияның заңдылықтарын үйретуге арналған жаттығулар геометриялық формаларды құрастыру арқылы жасалғандығының ұтымды болатындықтарын тәжірибелік эксперимент жұмыстары көрсетті.

Қорытындылай айтқанда, композицияны оқытуды бірнеше жаттығулар жасау мен суретшілер шығармалар таныстыру нәтижесінде игерілетін оқу үрдісі емес, ол жүйелі, кешенді, бірізділікпен, ғылыми тұрғыдан негізделген оқыту технологиясы нәтижесінде игерілетін композиция заңдылықтары туралы білімдер мен композициялық бейнелеу икемділіктерінен дағдыларынан құралатын мұғалімнің дайындығын қажет ететін іс-әрекеттер жүйесі ретінде тану қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бейсенбеков Ж.Ж., Абдуллаева Г.Д. Бейне және өлшем. «Тұран», 2018. -б. 22-29.
- Ералин Қ.Қ., Ералина Ф.Қ. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі. «Тұран», 2015.-б.115
2. Ералин Қ.Қ. Бейнелеу композициясы «Тұран» 2015. -б.79
3. Жолдасова Б.Б., Қазақтың сәндік-қолданбалы өнері. Шымкент-2012. –б. 5-7
4. Жолдасова Б.Б. Бейнелеу өнері тарихы және теориясы. «Тұран» 2015. -б.79
5. Хьюз Д., Моррисон Л. Обучение критической визуальной грамотности.
6. Евросса –молодые люди тексты культуры. Том: 10 № 2 , 2018, Стр.: 9-41
7. Мишина Н., Javgildina Z., Мишина А., Гайнетдин Д., Беломоева О. Дизайн практика как метод по профессиональной ориентации на подростков в системе издоголнительного образования. Истории культуры и исследования искусства. Том: 7 №4, 2018, Стр.: 132-

ӘОЖ 378.02:37.016
МРНТИ 14.35.09

М.Б. Джанаев

*Абай атындағы Қаз ҰПУ-нің көркем білім кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к., ҚР СО мүшесі.
Алматы, Қазақстан*

КЕСКІНДЕМЕ САБАҚТАРЫНДА ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕР ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Мақалада живопись сабақтарында интербелсенді әдістер қолдану мүмкіндіктері қарастырылады. Оқытудың интербелсенді әдістерін қолдану негізінде білімгерлердің живописьтік бейнені ұйымдастырудағы практикалық әдістері мен тәсілдері зерттеледі.

Бьюзеннің табиғи оқыту әдістемесіне (БТОӘ) сүйене отырып, живопись сабақтарында білімгерлердің шығармашылық қабілеттерін дамыту сұрақтары талданады. Тони Бьюзеннің интеллект-карталары мен басқада инновациялық әрекеттері білімгерлерге живописьтің әдістері мен тәсілдерін көркем игеруде нәтижеге жетуге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, мазмұнды әрі көркем жазуға мүмкіндік береді. Зерттеуде қолданылған әдістер білімгерлердің қоршаған орта әлемін көркем игеруіне ықпал етеді. Живопись сабақтарындағы білімгерлердің көркем бейнелі қабылдауы мен практикалық дағдыларын дамыту әдістері зерттеледі. Білімгерлердің шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда интербелсенді әдістер қолдану мүмкіндіктері анықталады. Білімгерлердің жеке тұлғалық шығармашылық сапасын живопись сабақтарында қалыптастыру жағдаяттарын жасау мысалдары көрсетіледі. Зерттеу мақсаты: живопись сабақтарында білімгерлердің көркем бейнелеу қабілеттерін мақсатты бағдарлы түрде дамыту және білімгердің шығармашылық жеке тұлғалық сапасын қалыптастыру.

Түйін сөздер: живопись, көркем бейне, қабылдау, шығармашылық, қабілет, дамыту, қалыптастыру, интербелсенді әдістер .

M.B. Dzhanaev

*elder professor of pulpit «Creative Specialty » Kaz NPU name of Abay, c.p.s., member of UP RK.
Almaty, Kazakhstan*

APPLICATION OF INTERACTIVE METHODS IN PAINTING LESSONS

Abstract

The article discusses the possibilities of using interactive methods in painting classes. Practical methods and techniques for organizing picturesque images by students based on the use of interactive teaching methods, are studied.

Based on the method of natural learning Buzan (NMEB), the issues of development of students' creative abilities in painting classes are studied. Intelligent cards and other innovative approaches by Tony Buchan will allow students to achieve results in the artistic development of painting techniques and methods, develop creative abilities, and learn to write meaningfully and artistically. The methods used in the study contribute to the artistic development of the surrounding world. Methods of developing artistic and visual perception and practical skills of students in painting classes are also studied.

The possibilities of using interactive methods in the formation of creative abilities of students are determined. Examples of creating a condition for the formation of creative qualities of the personality of students in painting classes were shown. The objectives of the study are the targeted development of the artistic and visual abilities of students in painting classes and the formation of creative qualities of the student's personality.

Key words: painting, artistic image, perception, creativity, ability, development, formation, interactive methods.

М.Б. Джанаев

ст. преподаватель кафедры художественного образования КазНПУ им. Абая, к.п.н., член СХ РК,
г. Алматы, Казахстан

ПРИМЕНЕНИЕ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ НА ЗАНЯТИЯХ ЖИВОПИСИ

Аннотация

В статье рассматриваются возможности применения интерактивных методов на занятиях живописи. Изучаются практические методы и приемы организации живописного изображения студентами на основе применения интерактивных методов обучения.

Опираясь на методику естественного обучения Бьюзена (МЕОБ), изучаются вопросы развития творческих способностей студентов на занятиях живописи. Интеллект-карты и другие инновационные подходы Тони Бьюзена позволят студентам добиться результатов в художественном освоении приемов и методов живописи, развить творческие способности, научиться писать содержательно и художественно. Применяемые в исследовании методы способствуют художественному освоению окружающего мира. Так же изучаются методы развития художественно-образительного восприятия и практических навыков студентов на занятиях живописи.

Определены возможности применения интерактивных методов в формировании творческих способностей студентов. Показаны примеры создания условия формирования творческих качеств личности студентов на занятиях живописи. Задачами исследования являются: целенаправленное развитие художественно-образительных способностей студентов на занятиях живописи и формирование творческих качеств личности студента.

Ключевые слова: живопись, художественное изображение, восприятие, творчество, способность, развитие, формирование, интерактивные методы.

Кіріспе.

Жоғары оқу орындарында кескіндеме сабақтарын оқыту көпшілік жағдайда әдетті дәстүрлі оқыту әдіс-тәсілдерімен өтіледі. Кескіндеме сабағында дәстүрлі әдістер бейне салу кезеңдері, сабақ тақырыбына сай көрнекіліктер қолдану, салу тәсілдерін орындап көрсету т.б. әдіс-тәсілдер қайталанып қолданылып отырады. Әрине бұл тәсілдер қолданылуы тиіс.

Алайда осы аталған дәстүрлі әдіс-тәсілдерді жаңа инновациялық технологиялармен ұштастыра қолдану білімгерлердің сабаққа деген ынталары мен шығармашылықтарын белсендіретіндігін ұмытпаған жөн. Сондай ақ кейде сабақ кестесіндегі арнай сабақты шеберлік кластармен шатастыратын жағдайларда туындап жатады. Онда мүмкін академиялық топтардағы сабақтың атауын өзгертіп шебер класс деп қою қажет шығар? Мұнда нақты тұжырым болуы керек. Әрине шебер кластар қажет. Бірақ шебер кластардың орны мен мәні бөлек мәселе екендігінде дау жоқ шығар. Сабақты шебер кластармен ауыстыруға болмайтындығы туралы білікті мамандар пікірлері жетерлік. Негізінде шебер кластарға арнайы уақыт беріліп мақсат қойылатындығы белгілі.

Оқытушының живопись сабағында бейнелеу жолдарын, әдіс-тәсілдерін, жұмысты орындау технологиясы мен техникаларын өзі түсіндіре отырып, орындап көрсетуі өте маңызды және ұтымды тәсіл. Бұл тәсіл сабақ кезеңдерімен, мазмұнымен біртұтас сәйкестікте қолданылады. Осымен қатар сабақта интербелсенді инновациялық технологиялар қолдану жолдарын игеруіміз қажет. Өнер сабақтарында, әсіресе тәжірибелік сурет, кескіндеме, композиция пәндері сабақтарында инновациялық технологиялар қолдану мүмкіндіктері мен жолдары туралы ғылыми ізденістер мен нақты нұсқаулар, әдістемелер жоқ. Осы тұрғыда жаңа оқыту технологияларын, интербелсенді оқыту тәсілдерін кескіндеме сабақтарында қолдану мүмкіндіктерін қарастырамыз.

Негізгі бөлім.

Интербелсенді инновациялық технологияларды живопись сабақтарында қолдану мүмкіндіктері мен жолдарын анықтау мақсатында алдын ала теориялық әдістемелік және тәжірибелік практикалық ізденіс жұмыстары жүргізілді. Инновациялық технологияны живопись сабағында қандай жағдайда, қалай қолдану қажеттігі алдын ала талданды. Жаңа технологияның сабақ тақырыбымен, мақсатымен үйлесімі қандай болуы мүмкін? Кескіндеме сабағының өнер танымдық, көркемдік мақсаттарына сай қандай жаңа технология қолдануға болады? Бұл технологияларды қай деңгейде, қандай жағдайда, қай

кезеңде қалай қолданамыз? Өнер пәндерінің практикалық сабақтарын оқытуда осындай көптеген педагогикалық, психологиялық, пәндік мазмұндық сұрақтар туындап отырады.

Сондықтан біз талдау жасай отырып кескіндеме сабағында Тони Бьюзеннің табиғи оқыту әдістемесін (БТОӘ) [1], кескіндеме сабағының «қарапайым натюрморт» тақырыбында қолдану мүмкіндіктерін іздестірдік. Сабақ барысында осы технологияның жеке элементтерін пайдаланып көрдік. Алғашқы кезеңдерде білімгерлерге жекелей интеллект-карталар [1], туралы түсініктер беріліп, көркемдік ой-жүйе қалыптастырып, орындау жолдарын көрсеттік. Аталған технология туралы Т.Бьюзеннің еңбегінде « ... для использования всех возможностей мозга нам нужно составлять конспекты и прибегать к методам организации мыслей, которые опираются не только на слова, цифры, порядок и линейную структуру, но и на цвета, размеры, зрительные ритмы, ощущение положения тела в пространстве и так далее – другими словами, на интеллект-карты!» деп айтылған [1, 137 б.]. Т.Бьюзеннің оқыту әдістемесіне сүйеніп бейнелік ритмдер, сызықтық құрылымдар, өлшемдер, түстер, түстік үйлесімдер мен заттардың кеңістікте орналасуын ескеріп көркем ойды ұйымдастыру элементтеріне жүгіне отырып зияттық-карталар құрастыру тапсырмалары орындалды. Интеллект-карта кілтті сөздерден, көру образдарынан тұрады.

Зияттық-карталар қолдану мән-мазмұнын, астары мен тетіктері білімгерлермен бірге талданды. Бұл білімгерлерге өте қызықты да, ынталы жағдай туғызды. Білімгерлер үйге берілген тапсырмаларды осы интеллект-карталармен орындап көркем бейнелі есте сақтау мүмкіндіктері туралы баяндап отырды. Теориялық білім мен практикалық бейнелеу тәсілдерін игеруде көркем бейнені есте сақтау мен оны қайта репродукциялаудағы өз жұмыстарынан деректер алынды.

Келесі кезекте түрлі интербелсенді әдістерді қамтитын көркем бейнелік дағдылар мен бейнелеу шеберлігін қалыптастыру мақсатында түрлі жаттығу тапсырмалары мен тренингтер орындалды. «Шексіз шығармашылық қабілет» - тренингі арқылы психологиялық ахуал қалыптастыру: мысалы, қойылымды алғаш оң қолмен, келесі кезекте сол қолмен алмастыра отырып лездік уақыттық мөлшерлі долбар-этюдтар орындау білімгерлердің уақыттық-кеңістіктік пластикалық сезімдерін қалыптастырады. Келесі кезекте өздері орындаған жұмысты қайтадан еске түсіру, елестету арқылы салып көркем бейнені есте сақтау қабілеттерін дағдыландырып отырды. Жаңа тапсырмада қойылымды күндізгі табиғи жарықта одан соң, осы қойылымды қайталап түнгі жарықта орындап, нәтижесін салыстыра отырып білімгерлер түстік, тондық, ашық жарқын түстік қатынастар мен түстер реңктері мен қатар түстік үйлесім-колорит туралы нақты түсінік алып машықтанады. Мұндай белсендіру жаттығулары білімгерлердің живописьтік көркемдік қызметтерін ынталандырып тапсырманы шығармашылықпен орындауға көмектеседі. Бұл жағдайларда білімгерлер өздерінің алдыңғы тәжірибелерін пайдалана отырып, жаңа шешімдер жасауға машықтанады. «Инновационное обучение, в свою очередь, связано с творческим поиском на основе имеющегося опыта и, тем самым, с его обогащением» [2, с.37.].

Бұл тәсіл бейнеленетін нысанды көркем бейнелі есте сақтау қабілеттерін дамытары сөзсіз. Себебі, адам оң қолымен орындағанын, сол қолымен қинала отырып орындауы бейнелі елестету, есте сақтау қабілетті шыңдайды. Көркемдік қабылдау дағдысын қалыптастырып, белсенді шығармашылық қызметке тәрбиелейді. Суретші көңіл күйіне ықпал етеді. Натюрморт қойылымындағы заттарды тікелей алдынан, жанынан, үстінен, астынан толық пішінде елестету, еске түсіру арқылы нобайлар орындату кеңістіктік, түстік тондық үйлесімдік қызықты шешімдер жасауға мүмкіндіктер береді. Зат түстерін елестетіп еске түсіру, түс реңктерінің өзгерістерін бақылап қолдану түстер үйлесімін айқындауға ынталандырып отыратындығы белгілі болды. Білімгерлерге түрлі тапсырмалар бере отырып, оның нәтижелерін жүйелеп тізімге алып, сараптап отырдық.

Нәтижесінде қуат, ес, шығармашылық мүмкіндіктер туралы пікірлер қалыптасып, бұл тәсілді қолдану жолдары айқындалды. Осындай педагогикалық даярлықтан соң, сабақ әдістемесі мен технологиясын ПООҚ талқысынан өту мақсатында ашық сабаққа қойдық. Сабақ мақсаты білімгерлер ойлау, ес, елес қабілеттерін дамыту болғандықтан мұндай тәжірибе Ұлы Абайдың 175-жылдығына орай осы тақырыпқа арналып өткізілді. Төменде интерактивті тәсілдер қолдану арқылы аталған тақырыпта сабақ оқыту мысалы келтіріледі: Сабақтың тақырыбы: Қарапайым натюрморт этюдтың түсті акварельдік кескіндеме түрінде орындау. Өткізілген күні: 11. 02. 2020 жыл. Оқу орны: Абай атындағы ҚазҰПУ, ӨМ ж СИ, Көркем білім кафедрасы, №506 ауд. Сабақ мақсаты көркемдік ой, ұлттық мәдениет, рухани таным қалыптастыру. Білімгерлердің көркем-эстетикалық талғамдары мен рухани шығармашылық ойын дамыту.

«Визуалды өнер, көркем еңбек және жобалау» мамандығы Ікурс, 12-2 тобына «Визуалды өнер негіздері (кескіндеме)» пәні бойынша Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған ашық сабақ. Ашық сабаққа кафедра ПОҚ мен оқу бөлімінен арнайы комиссия мүшелері қатысты.

Төменде осы тәжірибелік сабақтың жоспары мен әдістемесі беріледі.

Сабақ негізделген оқу мақсаттары:

Визуалды өнер тарауының мазмұнында қарастырылғандар: классикалық және заманауи өнер, қазақстандық суретшілердің шығармашылығы, бейнелеу өнерінің түрлері мен жанрлары; сандық өнер (фотография, анимация, медиа құралдар); бейнелеу өнерінің (визуалды) мәнерлік құралдары; көркем материалдар және техникалармен жұмыс дағдылары туралы түсінік. Кескіндеменің натюрморт жанры туралы теориялық түсінік беріп акварель техникасында натюрморт орындау тәсілдерін игерту.

Сабақ мақсаттары: Натюрморт қойылымын акварель техникасында орындау әдіс-тәсілдерін қалыптастыру. Сабақ мақсаты көркемдік ой, ұлттық мәдениет, рухани таным қалыптастыру. Білімгерлердің көркем-эстетикалық талғамдары мен рухани шығармашылық ойын дамыту.

Сабақ барысында білімгерлер берілген және қосымша зияттық (интеллект)-карталар мен радиалды ой тапсырмаларын орындады. Практикалық жұмыс жасады. Сұрақтарға жауап берді.

Уақыт мөлшерімен шектелген қысқа мерзімді долбар-эюд, нобайлар орындап уақыттық, кеңістіктік сезіну дағдыларын шыңдады. Қойылымнан орындаған алдыңғы жұмысын елестетіп еске түсіру арқылы бейнелеп орындауда қызықты проблемалық жағдайлар туындатып сабаққа ынталандырылып отырды. Сабақ соңында білімгерлер өзі орындаған жұмысы мен тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіріп өз түсінігін, болжамдары мен көркемдік тәсілдер қолдану мақсаттарын, себебін айтады. Бұл жағдай эрудициялық, ықыластылық, әсерленушілік дағдыларын қалыптастырып бейнелеу сауаттылығын дамытады. Живописьтік сауаттылық пен көркемдік әдіс-тәсілдер туралы белгілі өнертанушы, педагог ғалымдар еңбектері пайдаланылды (Алпатов М.В., Беда Г.В., Волков Н.Н., Грегори Р.Л., Жегин Л.Ф., Смирнов Г.Б., Зайцев А.С.) [3,4,5,6,7,8,9].

Бұл тілдік терминдік мақсаттарды жүйелейді. Сабақта бейнелеу өнеріне, кескіндеме мен композицияға байланысты терминдер, мәтіндер, тақырып бойынша жалпы теориялық түсініктер беріліп оларға қысқаша, нақты талдаулар жасалды.

Сабақта құндылықтарды тәрбиелеу мақсатында рухани жаңғыру аясында Абайдың 175-жылдығына орай көркемдік ой, ұлттық мәдениет, рухани таным қалыптастыру жолдары мен тәсілдері қолданылып живописьтік бейнелеуде түрлі интерактивті оқыту әдістері іріктеліп алынды.

Сабақтың рухани тәрбиелік мақсаты живописьтік бейнелеу процесінде білімгерлердің көркем-эстетикалық талғамдарын, рухани танымы мен шығармашылық ойын дамыту. «Творческое мышление и творческая деятельность особенные качества человека. Определенные закономерности творческого процесса способствуют развитию человеческого интеллекта. Изобразительные формы видов изобразительного искусства открывают своеобразные смысловые функции выражения мысли системой элементов изображения и композиции» [10, с.28].

Қуат, ес, шығармашылық - Білу, түсіну, қолдану жүйесінде көркемдік ойлау деңгейлерін анықтау және осы модельмен көркемдік шығармашылыққа белсендіру мақсатында зияттық-карталар жасалынып қолданылды. Зияттық-карталарда живопись түрлері мен жанрлары, орындау техникалары мен технологиялары, жалпы живописьтік бейнелеудің геометралды, түстік қатынастық, академиялық дәстүрлі тәсілдері мен көркем пластикалық әсерлі сезімдік тәсілдері енгізіліп білімгерлер талдауына ұсынылды.

Осы тәжірибелік сабақта қолданылған ресурстар: әдебиеттер, оқулықтар, натюрморт орындау кезеңдері мен жолдары туралы суреттер, репродукциялар мен түстік, тондық көрнекі таблицалар, зияттық (интеллект)-карталар мен радиалды ой тапсырмалары, әртүрлі қойылым заттары, тапсырмалар, натюрморт орындау технологиясы мен техникасы туралы видео көрсетілім, кері байланыс.

Қолданылған әдіс-тәсілдер: интерактивті оқыту әдістерін қолдану, сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, көрнекілік. Пәнаралық байланыс: Абай лирикалық танымдық өлеңдері мен музыка, әдебиет поэзия, қазақ тілі, тарих, көркем еңбек.

Бағалау критерийлері: Натюрморт композициялық құрылымын дұрыс орындау. Натюрморттағы композиция, пішін құрылым, көлем, түс және түстер үйлесімі, кеңістік және перспективалық ұғым туралы түсінік. Абай шығармашылық, тұрмыстық заттарын тарихи рухани танымдық тұрғыда бейнелеу тапсырмаларының нәтижесі. Натюрморт қойылымын «Абай тұрмысы мен

шығармашылығы» тақырыбында түсті акварельдік кескіндеме техникасында орындайды. Абай өмірі мен шығармашылығы туралы өздері орындаған шығармашылық натюрморт этюдтары мен түсініктерін Қуат, ес, шығармашылық - Білу, түсіну, қолдану жүйесінде тексеріп талдау жасау. Сол арқылы сабаққа ынталандырып белсендіру. Жаңа сабақ түсіндіру: Сабақ мақсатымен сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, көрнекілік арқылы таныстыру. Білімгерлерге тақтадан слайдтар көрсету арқылы интербелсенді, ой-түрткі сұрақтар қойылады: Зат түсіне қарап, көңіл-күйді анықтауға бола ма? Қандай түстер үйлесімі көңілді, жарқын, көңілсіз, деп ойлайсың? Сенің күнделікті көңіл –күйіңе қандай түс үйлесімі сәйкес келеді? Живопись өнер түрлері? Бейнелеу өнері және живопись жанрлары? Натюрморт дегеніміз не, ол туралы түсінік?

Қорытынды.

Абай өмірі мен шығармашылығы туралы шығармашылық натюрморт этюдтары мен түсініктері негізінде «Қуат, ес, шығармашылық - Білу, түсіну, қолдану» жүйесінде «Шексіз шығармашылық қабілет» - тренингі арқылы психологиялық ахуал қалыптастырамыз. Мұндай тәсіл шығармашылық еркіндік пен белсенділікке ынталандыру арқылы көркем ойлауға машықтандырады. «Мысль есть первоисточник мироздания, первоисточник всего сущего, ибо всякое творчество зарождается и начинается в мысли» [11, с.40.].

Өз білімін, түсінігін, қолдану сенімділігі мен деңгейін дамытады. «Абай туралы натюрморттыңда не туралы айтқың келді, мазмұны не?., Абай туралы не көріп білгің келеді?, Абай туралы натюрморт жанрынан не білуге болады екен? » осы сұрақтар мазмұнында да білімгерлер интеллект-карталар орындап өздерінің рухани танымдарын көрсетті. Тренинг соңында қатысушылар өз ойларын айтып пікірлерін сараптады.

«Когнитивное функционирование (мыслительные действия, интеллектуальное развитие, познавательный интерес, диалектика и логика мышления) ... в художественно-эстетическом блоке опирается на выразительный язык искусства (ритм, динамика, симметрия, асимметрия, статика, форма, цвет и т.д.) в природе, жизни, искусстве» [12, с.7.]. Білімгерлер натюрморттың теориялық негіздерімен, терминдермен, оқу мәселелері: композиция, пішін құрылым, көлем, түс және түстер үйлесімі, кеңістік және перспективалық ұғым туралы түсініктермен танысады.

Нәтижесінде интерактивті оқытуда Бьюзеннің табиғи оқыту әдістемесін (БТОӘ) сабақ тақырыбы мен мақсатына сәйкес қолдану арқылы К(қуат)+Е(ес)=Ш (шексіз шығармашылық қабілет) шығармашылық қабілетті жан-жақты үздіксіз дамыту мүмкіндігіне ие боламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бьюзен, Т. *Научите себя думать / Т.Бьюзен; пер. с англ. Ю.И. Герасимчик. – 2-е изд. – Минск: Попурри, 2018. -224 с.: ил.*
2. Шаляпин О.В. *Инновации в художественно-педагогическом образовании // Материалы Республиканского коллоквиума «Художественное образование Казахстана в XXI веке: совершенствование образовательных программ с учетом мировых тенденций» 5-6 ноября 2012 года. –Алматы, 2012г. -272 с.*
3. Алпатов М.В. *Композиция в живописи. -М.-Л., 1940.*
4. Беда Г.В. *Основы изобразительной грамоты. Рисунок. Живопись. Композиция. –М.: Просвещение, 1981.-239 с.*
5. Волков Н.Н. *Композиция в живописи.-М.: Искусство,1977.-263 с.*
6. Грегори Р.Л. *Разумный глаз. -М.: Мир, 1972. -209 с.*
7. Жегин Л.Ф. *Язык живописного произведения (условность древнего искусства).-М.: Искусство, 1970.-124 с.*
8. Смирнов Г.Б. *Живопись. –М.: Просвещение, 1975. -143 с.*
9. Зайцев А.С. *Наука о цвете и живопись. –М.: Искусство, 1986. – 158 с.*
10. Джанаев М.Б. *Взаимосвязь образования и художественного творчества в организации обучения и художественной деятельности учащихся // Материалы за 9-а международна научна практична конференция, «Бъдещите изследвания», -2013. Том 14. Педагогически науки. София. «Бял ГРАД-БГ» ООД -72 стр.*
11. Клизовский А.И. *Основы миропонимания Новой Эпохи / А.И.Клизовский. –М.: ФАИР-ПРЕСС, 2006. – 816 с.*
12. Юсов Б.П. *Современная концепция образовательной области «Искусство в школе» // Виды искусства и их взаимодействие. – М.: ИХО РАО, 2001. – 240 с.*

ӘОЖ 745/749
МРНТИ 18.31.51

Ешманова. Ж.М., Ақбаева.Ш.Ә.

*Абай атындағы ҚазҰПУ Өнер, мәдениет және спорт институтының 5B010700-«бейнелеу өнері және сызу» мамандығының 3 курс студенті, Алматы, Қазақстан.
e-mail: jansaya.eshmanova@mail.ru*

*Ғылыми жетекшісі: Абай атындағы ҚазҰПУ Өнер, мәдениет және спорт институтының «Көркем білім» кафедрасының доценті, п.ғ.к., Қ.Р Суретшілер одағының мүшесі
e-mail: akbaeva_sholpan@mail.ru*

КӨРКЕМ КЕСТЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

Аңдатпа

Қазіргі заман жасөспірімдердің шығармашылық жолға, жетістіктерге жетулеріне байланысты, шығармашылық белсенділіктерін арттыру үшін Қазақстан Республикасының жалпы орта мектептердегі еңбек сабағының үлкен ықпалдылығын жоғарлату үдерісін қолға алу. Көркем еңбек сабағының ең үлкен тарауларының бірі сәндік қолданбалы өнер тармағындағы белсенді рөл атқаратын сәндік қолданбалы өнер саласы- көркем кестелеу тармағы болып саналады. Көркем кестелеудің қыр сырын, бағыттарын, жасалу тәсілдерін үйрету барысында оқушыларға берілетін тапсырмалардың өзектілі, қызықтылығы, тиімділігі тікелей еңбек мұғаліміне байланысты болып табылады. Мұғалім сабақ барысында теориялық және практикалық жолдарын сабақ барысында тиімді қолдану үшін тақырыптық жоспардың маңыздылығын түсіну керек. Теориялық бағытта көркем кестелеудің түрлерін толықтай түсіндірілсе, практикалық бағытта көркем кестелеудің орындау барысында орындалатын этаптарды жасайды. Орындалатын бұйымның нобайын, түстік орындалуының дұрыстылығын, кестелеуге керекті құрал-жабдықтармен жұмыс істеу жолдарын оқушыларға сабақ барысында көрсету керек.

Түйін сөздер: шығармашылық, көркем еңбек, сәндік қолданбалы өнер, сәндік қолданбалы өнер саласы, көркем кестелеу, нобай, түстік орындалу.

Yeshmanova J.M., Akbayeva S.A.

*She is a student of the 3rd year of the specialty of 5B010700- "Fine Arts and Drawing" of the Institute of Art, Culture and Sports of the Kazakh National Teachers' University named Abaya,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: jansaya.eshmanova@mail.ru*

*Scientific director: Ph.D., assistant professor of "art education" at the Institute of Art, Culture and Sports of the Kazakh National Teachers' University named Abaya,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: akbaeva_sholpan@mail.ru*

DEVELOPMENT OF CREATIVE ACTIVITY OF STUDENTS ON THE BASIS OF ART-EMBROIDERY ART

Abstract

Қыштан жасалған құмыралар, мүсіндер, ыдыс-аяқтарды жәрмеңкелерде, мұражайларда жиі көреміз. Алайда оларға жете мән бере бермейтініміз рас. Саз балшықта табиғаттың жасырған қандай құпиясы бар? Адам организміне тигізер пайдасы бар ма?, - деген сауалдар еріксіз ойға оралары да сөзсіз. Олай болса, қазіргі адамдардың көпшілігі «арт-терапия» деп атап жүрген саз балшық терапиясы жайлы біреу білсе кейбіреулер біле бермейді. Ата-бабаларымыз іргелі білім алмаса да табиғатпен қандай үйлесімділікте өмір сүргендігіне олар қалдырып кеткен өнер түрлеріне жете мән бергенде адамды таңғалдырады. Сондықтан да болар ата-бабаларымыздың бойында қазіргі таңда адамдар ақшаға сатып ала алмай жүрген теңдессіз қасиеттер мен ұстанымдардың куәсі бола береріміз анық.

Қазіргі таңда еліміздің кейбір білім ордаларында оқушыларға 3-сыныптардан бастап құмырашылық өнеріне машықтандыруда. Атап айтар болсақ, Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан Назарбаев Зияткерлік мектебі, Халықаралық Нұр Орда мектебі, Жамбыл Жабаев атындағы №4 білім ордасы, Әлкей Марғұлан атындағы №40-шы мектептерін ауыз толтырып айтсақ болады. Жоғарыда аталған мектептердің барлығы дерлік Республика тарапынан білім беру әдістері алғышарт болып табылатын жүйелі алдыңғы қатарлы мектептер нысандары екендігін халық біледі. Бұл мектептердің тәжірибесін Республикамыздың барлық тараптарындағы оқу орындарына үлгі ретінде айта отырып оқу методикасына назар аудару маңызды екендігін айтқымыз келеді.

Жалпы білім беретін мектептер мен гимназия оқушыларына еңбек сабағынан тыс сазбалшықпен жұмыс жасай білу машықтарының қыр-сырын тек теориялық тұрғыдан ғана емес, практикалық сағаттарына көбірек ден қойылса жасөспірімдер арасындағы суицид мәселесінің төмендеуіне үлкен септігін тигізетініне күмән келтірмейміз. Саз балшықтан көркем еңбекпен айналысу кез келген жастағы адамның денсаулығына оң әсерін беретін арт-терапия. Себебі, адам мен табиғат әрқашан үйлесімділікте. Табиғи үйлесімділік бұзылған жерде хаос орнайтынын ежелгі грек философтарының еңбектерінен білеміз. Саз балшық – табиғаттың таза бөлшегі. Оның құрамында 60%-ға жуық кальций элементтері бар. Яғни сазды ұстаған кезде балаға алақан арқылы пайдалы дәрумендер тарайды. Оны қолмен илеу арқылы сүйек, бұлшық еттер қатая түседі. Балшық илету арқылы әр түрлі психофизиологиялық аурулардың алдын алуға да болады. Баланың нәзік нерв клеткаларына таптырмас емдік шара екендігіне адамзат мән бере бермесі анық.

Балаларды оқытудың қазіргі жүйесі мектеп және мектептен тыс білім беру болып екіге бөлінеді. Балалардың мектептен тыс оқу іс-әрекеті бүгінгі таңда қосымша білім беру формасы ретінде анықталған. Қазіргі психологтар мен педагогтардың пікірінше, бұл әртүрлі жастағы жасөспірімдердің мүмкіндіктері мен қабілеттерін толық іске асыру үшін ең қолайлы жағдай туғызатын қосымша білім беру жүйесі. Сондықтан осы зерттеу аясында қосымша білім беру жүйесінде көркем қыш бұйымдарымен жұмыс жасағанда мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытудың дидактикалық негіздері қарастырылады.

Көркем қыш бұйымдарын жасауда міндетті түрде шеңбер бойымен жұмыс жасау техникасын жетілдіреміз. Шеңбердің қақ ортасын «кіндігі» деп атаймыз. Шеңбер, яғни айнала кіндіксіз өмір сүре алмайды, ал кіндік болса айналасындағы шеңберсіз-ақ өмір сүре береді. Яғни, кіндік өзінің айналасынан кәміл тәуелсіз. Егер шеңберді «ғалам» деп қабылдасақ, онда:

- Нүкте – 1) ғаламның ілкі тұрпаты (тумақ, протокосмос), 2) ғаламның кіндігі, өсі, өзегі.

- Шеңбер (сәуле) – ғаламның реалды тұрпаты болып шығар еді, - деп қарастырады С.Қондыбай [4, 419 б.]. Ғаламның реалдық тұрпатын сандық символикамен ұштастыра келе мифтік дәстүрлердегі

жи қолданылатын жеті қат көк, жеті қат жер асты, жеті ғалам, тоғыз ғалам, тоғыз қабат аспан, т.б. көрсеткіштердің нәтижелері деп көрсетеді [5,419 б]. Бұл жерде аңғаратынымыздай адам мен материалдық табиғи дене – сазбалшықтың арасында адамның жан дүниесіне терең әсер беретін байланыстың бар екендігін меңзеп тұрғандай. Табиғат пен адамның арасындағы осындай тығыз байланыстың болуы адамның неврологиялық, психосоматикалық жүйелеріне таптырмас ем екендігін ежелгі грек замандарында-ақ адамзатқа мәлім болған.

Қосымша білім беру жүйесінде мектеп оқушыларын оқыту процесінде жалпы педагогикалық міндеттерді нақтылау және шоғырландыру түрінде келесі педагогикалық проблемалар тұжырымдалады:

- Мектеп оқушыларына визуалды сауаттылық негіздері мен композиция, түстерді дұрыс таңдау және ажырата білу машықтарына үйрету;
- Мектеп оқушыларының күнделікті өмірде және кәсіптік жұмыстарда қажетті іс-әрекеттің маңызды әдістерін, дағдыларын меңгеруіне ықпал жасау;
- Оқушыларды көркем қыш бұйымдарының негіздерімен таныстыру;
- Көркемдік талғам мен өнерге деген сүйіспеншілік;
- Ұлттық бірегейлік сезіміне тәрбиелеу;
- Ұлттық тарих пен мәдениетке, дәстүрлі халықтық өнерге деген сүйіспеншілік.

Саз балшықпен жұмыс барысында оқушы мынадай мінез-құлық сипаттарын бойына сіңіре алады:

- Шыдамдылық;
- Сабырлық;
- Зейін;
- Терең ойлай білу;
- Көркемдікке құштарлық;
- Эстетикалық талғам.

Шығармашылық жұмысты екі бөлімге бөліп қарастырамыз: теориялық және практикалық. Теориялық білімге әңгімелеу, дәрістер, бейнекөріністерді тамашалау түрінде өтеді. Практикалық білімде материалдармен және құралдармен жұмыс жасау, сазбен жұмыс жасау техникасын игеру дағдылары кіреді.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:

Түзетүші	Оқу үдерісі	Тәрбиелеуші	Дамытушы	Әлеуметтік
-Жүйелі және мақсатты білім беру арқылы оқушылардың жанымдық іс-әрекетіндегі кемшіліктерді түзету және нысандардың пішінін, көлемін, құрылымын, түсін және кеңістіктегі орнын дұрыс қабылдауды дамыту. - Ауыспалы және қайталанатын технологиялық операцияларды қолдану арқылы көздің координациясын жақсарту.	- Халықтық өнер эстетикасымен таныстыру; - Балшықпен және құмыраның доңғалағымен жұмыс жасау әдістерін оқып-үйрену. - Қазақтың дәстүрінде бар өнер түрі екендігін дәлелдеу. - Оқу үдерісінде аутизм дерті, неврологиялық ерекшеліктері бар балалармен жұмыс жасау технологиясына енгізу.	-Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру - Халықтың мәдени дәстүрлерін құрметтеу сезімін тәрбиелеу. - Еңбексүйгіштікке, табандылыққа үйрету. -Қоғамға бейімделу қабілетін қалыптастыру. - эстетикалық талғамды қалыптастыру.	-Өнердегі сұлулықты көре білу және түсіну. Эстетикалық рецептивті қалыптастыру. - Балалардың сенсорлық мәдениетін, қабылдау механизмін қалыптастыру. - Эстетикалық талғамын қалыптастырудағы дұрыс тұжырым жасауға үйрету. - Ақыл-есі кем балалар үшін қарапайым шығармашылық қабілеттер мен көркемдік қабілеттерін дамытуға ықпал ету.	-Барлық психофизиологиялық кедергілерді жеңуге көмектесу; - Балалардың толеранттылық қарым-қатынас және мәдени деңгейлерін дамытуға ықпал ету. - Балалардың шығармашылыққа деген қызығушылығын нығайта отырып еркін қиялдау арқылы жасқаншақтықтан арылту техникасын дамыту.

Халық арасында ұмытылуға жақын қалған кейбір мәдени дәстүрлердің қайта жанданып, гүлденуіне ұмтылыс болған бірден бір жоба – «Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жобасы. Бағдарламаны жүзеге асыру 2004 жылы басталған болатын және екі жылға есептелген болатын. Кейін тағы екі кезең құрылды: 2007 жылдан 2009 жылға дейін және 2009 жылдан 2011 жылға дейін.

«Мәдени мұра» бағдарламасы халық тарихы, мәдениетті дамыту мәселелеріне мемлекеттің басты назар бөлетіндігінің тағы бір айғағы болып табылады... Бұл бағдарлама – ұлттық мәдениет пен руханиятты, халықтың ұлттық ой-өрісін жандандыруға бағытталған мемлекеттің ірі бастамаларының қатарында, - деп көрсетеді академик Т.С.Садықов [6,146.].

Келесі бір мақтаншпен айта алатын мақалалардың бірі Мемлекет басшысының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында қазақ ұлты этногенезінің негізгі элементтерін қайта жаңғырту мәселесі қозғалады: «...кейінгі жылдары табылған тарихи жәдігерлер біздің бабаларымыздың өз заманындағы ең озық, ең үздік технологиялық жаңалықтарға тікелей қатысы бар екенін айғақтайды». Сондай-ақ, «Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі» деп аталатын тармағында «Ұлы дала» атты ежелгі өнер және технологиялар музейін ашып, қазақ халқының байырғы замандардан мирас болып келе жатқан «аң стиліндегі» өнер бұйымдарын қайта жандандыра түсе отырып, өскелең ұрпаққа терең таныстыра отырып тарихи жәдігерлерді сақтау үрдісіне баса назар аударады [7]. Қазақ халқының байырғы замандардан ел арасында дамып келе жатқан өнер туындыларының ұмыт қалмай, жастардың рухани-мәдени дамуында орнығып қалу үшін оқу орындарында пән бағдарламаларына қосып оқыту арқылы көптеген жетістіктерге жететініміз анық.

Қорыта айтар болсақ, көне қыш бұйымдарын жасау қазақтың рухани мәдениетінің бір көрінісі десек адаспаймыз. Себебі, қазақтың рухани мәдениетінде архетиптік қызмет атқаратын исламға дейінгі мәдени мұралар саласына жататын өнер түрі болып табылады. Әлемге аты мәшһүр жазушы Шыңғыс Айтматов рухани мәдениет үшін ең үлкен қауіп тарихи есті жоғалту болып табылады дей келе, бұл үрдісті «мәнгүрттену» - деп атаған екен [8,706]. Ежелгі грек философы Сократ бойынша пайымдасақ «Өзіңді өзің тани біл!» деген тұжырымының мәні мен мағынасын адам шығармашылықта тереңрек ұғатыны сөзсіз. Қазіргі таңда Елбасымыздың бастауымен қайта жанданып отырған «Рухани жаңғыру» аясында ұмытылуға жақын қалған өнер түрлерін халыққа терең дұрыс насихаттау әрбір педагогтың борышы деп білгеніміз жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байбосынова Г.Д. Құрманғазы философиясындағы музыка тілі // Қазақстан мен Орталық Азияның дәстүрлі және қазіргі өнері. Халықаралық-ғылыми практикалық конференция материалдары. – Алматы: «Үш қиян», 2004. -688 бет.
2. <https://e-history.kz/kz/contents/view/1758>
3. Генинг В.Ф. Древняя керамика: методы и программы исследования в археологии. Киев. – 1992.
4. С.Қондыбай. Дәстүр (Традиция) жөнінде // «Әлемдік мәдениеттанулық ой санасы». Он томдық. 3-том. Дәстүр: ұғым мен тәсіл. – Алматы: Жазушы, 2005.-504 бет.
5. Бұл да сонда.
6. Т.С.Садықов. Қоғамдық ғылымдар және Қазақстанның мәдени мұрасының жандану мәселесі // Қазақстанның мәдени мұрасы: жаңалықтары, мәселелері, болашағы: Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. 19 қазан, 2005 ж. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2005. 964 б.
7. www.akorda.kz ҚР Президентінің ресми сайтынан алынды.
8. Фабитов Т.Х. Рухани мұраны зерттеудің әдіснамалық мәселелері. // Проблема духовности в современном мире. Сборник материалов международной научно-теоретической конференции, посвященной 70-летию К.Ш.Шүлембаева. 16-17 марта 2007 года. КазНПУ им.Абая, ИФиП МОН РК, АСНК, Алматы. – Издательство «СаГа». – 2007. – 560 с.

ӘОЖ 659.128.4
МРНТИ 18.31.07

Г.Б.Кемалова¹

¹Аға оқытушы, магистр, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Қазақстан, Ақтөбе қаласы, e-mail: gul_kemalova@mail.ru

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕГІ КОМПОЗИЦИЯ

Аңдатпа

Мақалада студенттерді композиция өнерін терең меңгеруге, оның заңдылықтары мен ерекшеліктерін түсіне білуге тәрбиелеу сипатталады. Композицияның негізгі мақсатында айналамызда қоршаған ортаны қабылдауға, көзімізге көрінген заттарды бояумен дұрыс бейнелеуге түсініктері анықталады. Композиция өнері кеңістіктегі үш өлшемді заттардың екі өлшемді жазықтықта үйлесімді орналастыруды зерттей білуге үйретеді және кеңістік ойлау қабілетін дамытуды қарастырады. Затқа қарап отырып сурет салуда бақылау әдістері өзіндік бейнелеуге байланысты талғампаздықты қалыптастыратыны сипатталады.

Сонымен қатар, композиция пәні білімгерлерге алғыр, өз бетімен көрнекті ойлауды, эмоционалды қабылдау, елестеу және қиялдауды, көркемдік әсемділікке ие болып, үйлесімділікті сезінуді және түрлі техникалық әдістермен графикалық бейнелеу тәсілдерін игеруге болатыны көрсетілген. Композиция пәнінің сабағының үстінде болашақ мамандар композициялық әдістермен ерекшеліктерінің жалпы принциптерінің шығармашылық негіздерін игеріп, композицияның арнайы тілін меңгеріп, алынған көркемдік білімдерді кеңейте отырып, болашақта шығармашылық түрлерде қолдануын талқылайды. Осыған орай, студенттермен оқушыларды композициялық әдістерімен, жобалау әрекеттерімен және шығармашылық негізгінің бастапқы қалауымен таныстыру және олардың шығармашылық қабілетін, бейнелі ойлауының және мәдениетін жоғарлатуын қарастырады.

Түйін сөздер: Композиция, тұтастық, бірлесе бағыну, мөлшерлестік, тепе-теңдік, бірлік, толық аспау (сипаттамау), контрасттылық, кеңістік, фронтальды.

G.B.Kemalova¹

¹senior lecturer, Master, Aktobe Regional State University named after K. Zhubanov
Kazakhstan, Aktobe, e-mail: gul_kemalova@mail.ru

COMPOSITION IN THE FINE ARTS

Abstract

The article describes the education of students in the in-depth study of compositional art, their understanding of the patterns and features of composition. The main purpose of the composition is to understand the environment around us, to properly visualize what we see with the paint. Composition art teaches the ability to study the proper arrangement of three-dimensional objects in space in a two-dimensional plane, and considers the development of spatial thinking. It is described that in drawing an object, the methods of observation give rise to elegance in relation to self-image.

It is also shown that the subject of the composition is capable of independent thinking, emotional perception, imagination and imagination, artistic beauty, a sense of harmony and the ability to graphically imitate various technical methods. During the course of the subject of the composition, future professionals will discuss the creative use of the general principles of generalization of compositional methods, learn the special language of composition, and expand their artistic knowledge in the future, using them in a creative way.

In this regard, students are encouraged to introduce students to composition methods, design activities, and the original desire for a creative foundation, and to enhance their creative ability, figurative thinking, and culture.

Key words: Composition, integrity, joint submission, proportionality, balance, unit, not full disclosure, contrast, space, frontal.

Г.Б. Кемалова¹

¹Старший преподаватель, магистр Актюбинского регионального государственного университета им. К. Жубанова,
Казахстан, г.Актобе, e-mail: gul_kemalova@mail.ru

КОМПОЗИЦИЯ В ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОМ ИСКУССТВЕ

Аннотация

В статье рассматривается воспитание студентов к обширному освоению композиционного искусства, понимания его закономерностей и особенностей. Для основной цели композиции определяются представления о восприятии окружающей среды вокруг нас, правильном изображении окружающих предметов красками. Искусство композиции учит исследовать гармоничное расположение трехмерных предметов в пространстве в двухмерной плоскости и предусматривает развитие пространственного мышления. При просмотре картин описываются методы контроля формирования эlegантности, связанные с собственным изображением.

Кроме того, предмет композиции позволяет студентам владеть умными, наглядными мышлениями, эмоциональным восприятием и воображением, художественным дизайном, чувством гармонии и способами графического отображения различными техническими методами. В ходе занятия по дисциплине композиции будущие специалисты осваивают творческие основы общих принципов композиционных методов и особенностей, изучают специальный язык композиции, расширяют полученные художественные знания, обсуждают перспективное использование в творческих формах. В связи с этим, знакомит студентов с композиционными методами, проектными действиями и первоначальным предпочтением творческого основания, а также предусматривает повышение их творческих способностей, образного мышления и культуры.

Ключевые слова: Композиция, целостность, совместная подача, пропорциональность, равновесие, единство, неполное раскрытие (описание), контрастность, пространство, фронтальная.

Кіріспе.

Қазақстан Республикасының бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіру айқындалған стратегиясы, барлық өнеркәсіптің түбегейлі жаңаруын болжайды, сонымен қатар жеңіл өнеркәсіп бұйымдарын өндіріс шарттарында жобалаудың ғылыми методологиясының мағынасы артып келеді. Мемлекеттің қазіргі даму кезінде Қазақстан Республикасының экономикалық стратегиясы көпшілік тұтыну тауарлар өндіру шаралар саласының қарқындауымен, оларға икемділік және бейімділік берумен, түржиынды кеңейту мен және өнім сапасын жақсартумен маңыздалады. Қазіргі заманғы экономикалық жағдайлар, жеңіл өнеркәсіп салаларында қызмет ететін дизайнерлерге жаңа талптар қоюда. Кәсіпорын тиімділігі көп жағдайда өнімнің көркемдік және конструктивтік шешімдеріне тікелей байланысты. Кәсіпорын дизайнерінің еңбек өнімділігі, яғни идеяларды жылдам жүзеге асырылуы, сұраныс пен сән өзгерістеріне жылдам жауап табу мүмкіндігін тудырады. Тұтыну тауар нарығында бәсекелестіктің күшеюіне байланысты, шығармашылық еңбектік тиімділігін көрсетуге талпыныс артты. Ол жаңа шешімдер іздеуді, рационалды ұйымдастыратын бірқатар әдістер тәсілдер және әдістемеліктер жасады. Олар адамның ойлау қабілетін белсендіріп, адамның шығармашылық қабілеттерін толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Өндірістің негізгі мақсатытарының бірі-өнімді арттыру, оның сапасын көтеру, заттардың эстетикалық түрлерін нығайту және олардың ассотименттерін жаңартып тұру. Бұйымдарға қойылатын талаптарға мыналары кіреді: техникалық мүлтіксіздік, тиімділік, үйлесімділік, технологиялық өңдеу, сенімділік, ұзақ мерзімділік және адамның психологиялық ерекшеліктері. Заттардың жобалау және өндіруі олардың жоғарғы сапасы композициямен байланысты. Композиция – бейнелеу өнері саласындағы басты білімдердің бірі. Композицияның қазіргі замандағы мәні - көркем шығарамшылықты тұрғызу, жинақтау, топтастыру, қорытындылау шығармашылық үдерістердің қолдануынан пайда болған үйлесімділік сапа. Композицияға тек «сұлулық заңдылығын» қолдана отырып, құастырылған структуралар, шығармашылықтар кіреді. Композицияның туындауына басты қызмет ететін ол – ой.

Суретші көптеген ізденістерден өтіп, нақты бір пішінге тоқтауы үшін, оны тағы бір шолып ойластырады. Ортақ көркем сурет шығармашылығының шешімі мына факторларға бағынышты: заттың функционалдық немесе декоративтік мәндерінің қайсысы басым, ол зат күнделікті қолдануға

немесе арнайы бойынша қолданылуы. Дизайнер затты жобалай отырып, онда конструкциясы мен структурасының және көркем бейнесінің өзара үйлесімді қатынасуын ойластыруы қажет. Жақсы ойластырылған құрастырылған композиция шығармашылық ойды анық және мәнерлі көрсетеді. Композицияның сапалы жағынақты шығармашылық процесінің шешімі пішін түрлерінің көркем ұйымының жиыны; яғни заттар ортасын, келесі категориялар арқылы сипаттауға болады: пішін біркелкілігі, тұтастылығы, композициялық бірлестік, пропорциялылығы, тектоникалығы, масштабтылығы, айнала-орталықсәйкестігі. Жоғарғы оқу студенттеріне және техникалық-кәсіби білімгерлері ой өрістерін кеңейту және түрлі шығармашылық мақсаттарды дербесті шешу қабілетін дамыту үшін «Композиция» көркемдік курсы қарастырылған. Болашақ мамандар композиция әдістерін, жалпы ерекшеліктермен аспектерін қалыптастыру, композицияның түсінігін және негізгі категорияларын икемдеу, композициялық ұсталыққа және шығармашылық процестерге ұғымына көңіл аударып, нәтижесінде маңызды көркемдік құбылыстарға ие болу керек. Пәннің негізгі міндеті студенттермен оқушылардың композициялық ойлануын қалыптастыру [1, б. 5]. Ал, өрнек салушының тәжірибесі мол болса да, өз өмірінде көптеген ұрпақ буындарының ғасырлар бойы жинаған білімдерін меңгере алмайды. Адамзат баласының барлық тәжірибесі өнер теориясына жинақталған. Композиция – осы теорияның негізгі мәселелерінің бірі. Композицияның не екенін біліп, оның заңдылықтары мен принциптерін жұмыста қолдану – таңдалған жолдың дұрыстығына сеніп, саналы түрде, белгілі бір мақсатпен әрекет ету. Қолданбалы өнердегі, нақты айтқанда, ағаш ою өнеріндегі және теория мен практикадағы композиция – өте күрделі мәселе. Бейнелеу өнеріндегі композицияға қарағанда, ол көптеген аспектілер бойынша күрделі. Қолданбалы өнердегі композиция бейнелеу өнерінде шындалған ережелерге негізделеді, алайда оның барлық мүмкіндігін пайдаланбаса да, оны кеңейтіп, толықтырады. Сондықтан да барлық кәсіптік-көркемдік мекемелердегі композицияны оқыту сурет пен көркемсуреттен басталады. Композицияның көптеген мәселелерін түсіндіру барысында бейнелеу өнерінің жалпыға ортақ туындыларынан мысал келтіру бізге де тиімді.

Негізгі бөлім.

Композициямен танысуды оның негізгі принциптерін (бұл жерде принциптер деп бастапқы қалыпты, мақсатқа жету тәсілдерін түсіну керек) санамалаумен бастаған дұрыс, олар: тұтастық, бірлесе бағыну, мөлшерлестік, тепе-теңдік, бірлік. Дәл осы принциптер композицияның мынадай анықтамаларынан көрінеді. Композиция дегеніміз – құрылымдық бөліктері өзара байланыстырылып, әрбір бөлігі тұтастыққа бағынған және жалпы тұтастық өзінің әрбір бөлшегімен байланысқан шығарма құру.

Алайда бұл анықтама соңғы анықтама емес, сондықтан кейде композицияны шығарманың құрылымы ретінде, аталған тақырыптың образдық, көркемдік шешімін табуға бағытталған барлық көркемдегіш құралдарын пайдалана отырып, жалпыланған формада береді.

Композицияның негізгі принциптерінің мәнін аша отырып және оны жүзеге асырудың басқа да көркемдік құралдарымен танысу арқылы жалпы композицияның не екенін түсініп қана қоймай, көрсетілген ережелерді шығармашылық жұмысымызға пайдалануға да болады. Композициядағы жекелеген тәсілдермен егжей-тегжейлі таныспас бұрын оның негізгі принциптерін сипаттап алайық[2, б. 8].

Тұтастық – ең алдымен картина тақырыбын ашуға артық ештеме керек болмағанда және оған бір нәрселерді алып-қосу ынтасы болмаған кезде, сонымен бірге көрерменге түсінікті қарапайым да жай тәсілдер арқылы жеткізуде көркемдік құралдардың қажеттілігі мен жеткіліктілігі туралы мәселе қозғайды. Бейнелеу құралдарының қарапайымдылығына көрерменнің картина тақырыбын өз бетінше талдап, бейнеленген сәтке дейінгі және одан кейінгі жағдайларды өздерінше елестетуге мүмкіндік беретін «толық ашпау» тәсілі де жатады (ал бұл образдылау әдіс болып табылады). Мұнда композициялық тәсілдің тағы бір қыры – уақыт созылыңқылығы сөз болады[3].

Бірлесе бағыну – кез келген картинаның мағыналық орталығымен (идея, тақырып) сәйкес келетін композициялық орталығы болу керек деген түсінік. Картинаның қалған басқа құрылымдары тереңдікте де, жазықтықта да (пландар) композициялық орталыққа бағындырылып, тақырыпты ашуға көмектеседі.

Мөлшерлестік негізгі фигуралардың пропорциясы, өлшемі, масштабтылығымен қатар картинаның өлшемі мен форматын анықтаудан жазықтық және тереңдік құрылымдарына дейінгі қосымша фигуралардың да мәселесін қарайды. Мұндай кезде перспектива, оқшаулау, цезура (бос орын, аралық, қуыс), ритмика, линиялық композициялардың тәсілдері қолданылады.

Тепе-теңдік – картина кадрына орналастырылған фигураларды, түстік және контрасттық дақтарды, т.б. көп қабылдаудағы тепе-теңдікті қарайтын принцип. *Оған* симметрия, алтын қима, музыкалық сандар принципі бойынша қатынас, ритмика, образды геометрия т.б. тәсілдері арқылы қол жеткізіледі.

Бірлік – композицияның барлық басқа принциптерін біріктіріп, оның жекелеген бөліктерінің (композиция анықтамасын қараңыз) өзара байланысындағы бірлік пен қарама-қарсылық ұғымын енгізетін синтездеуші принцип.

Жоғарыда аталған жекелеген түсініктердің мәнін ашып, композициядағы көркем бейненің басқа да формаларымен танысайық.

Толық айнау (сипаттамау) – өнердегі ірі және жиі қызмет атқаратын факторлардың бірі. Суретшілер жағдайдың шешуші сәтін емес, оған дейінгі немесе одан кейінгі уақытты жиі суреттейді. Бұған мысалды И.Репиннің «Иван Грозный және ұлы Иван» картинасынан, Н.Генің «Христостың құпия кешкі астан кейінгі шығуы» суретінен немесе В.Суриковтың «Атқыштардың өлім жазасы алдындағы таң» және т.б. шығармаларынан көруге болады.

Контрасттылық пластикалық өнердің кез келген шығармасына тән. Бұл картинаның хроматикалық (түрлі түсті) жерлерін қосымша түстер принципі бойынша салғастыру немесе ашық түсті жерлерін күңгірт жерлеріне (ең жиі қолданылатыны – 1:2 қатынасы), суық тондарды – жылы тондарға; детальға немесе фигураларға толы орындарды – бос кеңістікке (үздіксіздік және үзілістер); ірі рельефті формаларды – шағын рельефті формаларға (мүсіндеуде, ойып салуда) немесе бұдырлы беттерді – тегіс беттерге; ірі фигураларды – ұсақ фигураларға; фигураны – фонға; адамдардың статикасын динамикаларына қарсы қою болып табылады[4, б. 19].

Алайда контрасттылық тиісті әсерге нюанстар мен ауысулар болған кезде ғана қол жеткізеді. Импрессионист-суретшілер хроматикалық түстердің үйлесімін пайдаланып, бояуларды аз араластыруға тырысу арқылы түсті бояу жақпаларының бір түстен өзін толықтырушы басқа түске, жылы тондардан – суық тондарға ауысуының тұтас көрінісін құрайтын модуляциясына жүгінген. Жартылай көлеңке рефлекстерінің дәл сол нюанстары форманы жарық көлеңкелерінің көмегімен беруге де тән. Осындай принцип суретшінің көзді қарықтырар максимал контрасттылықтан қашып, ең жақын тондарына дейін құбылту арқылы қалыптастырған әлсіз контрастты пайдаланған сәтінен көрінеді, бұл кейде түс мәдениеті деп те аталады. Мысалы қызыл түс көктен сарыға дейінгі контраст түстердің тұтас аймағына ие, ал мұндай кезде контраст максимум болып, толықтырушы түс жасыл болады.

Аналогия – композиция элементтерінің өзара байланысының басқаша формасы, ол элементтердің қайталануынан, мәндер мен акценттердің кезектесуінен көрінеді. Егер қатаң өрнектерде мұндай кезектесу бейне элементтерінің немесе мотивтерінің симметрия заңдылықтары бойынша дәл қайталануларынан көрінсе, станокты көркемсуреттерден, кейде ойып салынатын өрнектерден де мұндай қатаң тәртіп сақталмайды. Қайталану аналогиядан, ұқсастықтан байқалады, сондықтан соңғы уақыттары ол ритмика деп аталып жүр. Мұндай қайталануды біз фигуралардың сұлбасының немесе бастарының контурларынан, киім қыртыстарынан, тондары бойынша бір-біріне жақын, кезектесіп келетін түс дақтарынан немесе жарық түсіру акценттерінен, цезуралардың динамикалық ритмінен және т.б. байқаймыз.

Композиция құру кезіндегі көркемдік шешімдердің басқа формалары жеке-жеке қарастырылады.

Қорытындылай келе, бейнелеу өнеріндегі композицияның үш: фронтальды, тереңдік-кеңістікті және көлемдік-кеңістікті түрге бөлінетінін баса айтамыз. *Фронтальды* дегеніміз – сәндеу-қолдану өнерінде, маркетриде пайдаланылатын жазықтықтық композиция.

Тереңдік-кеңістікті дегеніміз – станокты көркемсурет картинасының композициясы.

Көлемдік-кеңістікті – мүсіндеу өнеріндегі үшөлшемді композиция. Біз басқа екеуінің негізінде жатқан станокты көркемсурет картинасының композициясына толығырақ тоқталамыз да, сызықтық және түстік композицияны ерекшелеп көрсетеміз

Жазықтық композицияға заттардың көркем бездеруінің келесі түрлері жатады: мата, кілем, дастархан, орамалдар, кенеп, қағаз, әйнек, қабырғаларда орындалған сыршырай және графикалық шығармалары. Жазықтық композицияның ерекшелігі – бейне бір жазықтықта екі өлшем (ұзындық және биіктік) арқылы тұрғызылады. Суретшілер графика және сыршырайда заңдылықтар мен әдістер арқылы екі өлшемдік жазықтықта көрерменге үш өлшемдік көлем көрсете алады. Көлемдік композиция – ол түрлі нүктеден байқап және қабылдауға болатын тұйықты үш өлшемдік пішін. Бұл шығармаларды жасаған кезеңдерінде өте маңызды болып саналатын көрнекті шынайы көлем, түрлі

өлшемдік шешімдер, кескін мен материал, түрлі көріністер т.б. бұларға жататын мүсін қолданбалы өнер, киім, бізді қоршаған ортадағы көлемдік заттар мен бұйымдар, жеке сәулет түрлері. Терендік кеңістік композицияның ерекшелігі – көрермен пішіндер мен элементтердің қарым-қатынастарын қозғалыс арқылы, кеңістіктің түрлеріне көз тастап қабылдайды. Бұл композицияның түрлеріне сәулеттік ансамбльдер, саябақ және скверлер, көшелердің жобалауы жатады[5, б. 28]. Бейнелеу өнердің түрлерінің ішінде гобелен (суретті кілем), айнек, керамика (балшықтан, қыштан жасалған бұйымдар) металл-композициясының кеңістіктік түріне жатуына талап етеді. Себебі, гобеленде иллюзорлық кеңістікті көрсету мақсаты қойылады. Гобеленде фон мен суреттің композициясы күрделі қатынастар арқылы түрлі бірнеше жазықтық болып көрінеді. Пішін оптикалық ыдырау арқылы әр түрлі терендікте көпқабатты композициялар кездеседі. Бұл жағдайда композицияның бөлшектерінің бейнелері өзгеше әсер ететін жазықтықтар болып көрінеді. Керамика мүсінде қолданатын бейнелік әдістер арқылы өзіне арнайы жеке кеңістіктік құрады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Уалиев. Б.М. *Композиция. Оқулық құрал. Алматы: Эверо, 2016 ж.*
2. Сокольников Н.М. *Изобразительное искусство. Основы композиции. Обнинск, 1996 г.*
3. Михалькевич А. *Искусство web // Школа web-дизайна. URL: <http://mikhailkevich.narod.ru/shkola.htm>*
4. Григорян Е.А. *Основы композиции в прикладной графике: учеб.- метод. Пособие для студ. и учащихся высш. и средн. специальных учеб. заведений. Ереван, 1986 г.*
5. Жорабеков С.К., Кунжигитова Г.Б. *Композиция негіздері. Оқу құралы - Алматы, Эверо, 2018.*

УДК 7.5527
МРНТИ 18.07

Лян Чжухуй, Рысымбетов Е.К.

Докторант, Казахский Национальный Педагогический Университет имени Абая

*Научный консультант доктор PhD,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: erjan_01.01@bk.ru*

**«ИСТОРИЯ ИСКУССТВ» КАК УЧЕБНАЯ ДИСЦИПЛИНА В ПОДГОТОВКЕ
ХУДОЖНИКОВ-ПЕДАГОГОВ В ВУЗАХ КИТАЯ**

Аннотация

В статье раскрываются некоторые аспекты методики художественного образования Китайской Народной Республики, а в частности методики преподавания такой учебной дисциплины как «История искусств». Авторы на основе анализа нормативных документов, а также научных публикаций и собственного опыта приходят к определенным выводам. Одни из них состоит в том, что методика преподавания и содержание анализируемой дисциплины имеет региональную, так и общенациональную специфику. В ходе обучения дисциплины «История искусств» студенты получают глубокие познания об истории и традициях духовной культуры Китая, а также об актуальных тенденциях в развитии мирового искусства.

Ключевые слова: история искусств, искусствоведение, КНР, вуз, художественное образование.

Лян Чжихуй, Е.Қ. Рысымбетов

Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогика Университетінің докторанты

Ғылыми жетекші доктор PhD,
Қазақстан, Алматы, e-mail: erjan_01.01@bk.ru

«ӨНЕР ТАРИХЫ» ҚЫТАЙ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ СУРЕТШІ ОҚЫТУШЫЛАРДЫ ДАЙЫНДАУДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ПӘНІ

Аңдатпа

Мақалада Қытай Халық Республикасы көркемдік білім берудің әдіснамасының кейбір аспектілері, атап айтқанда «Өнер тарихы» пәнін оқыту әдістемесі туралы айтылады. Нормативтік құжаттарды, сондай-ақ ғылыми жарияланымдарды және өзіндік тәжірибені талдау негізінде авторлар белгілі бір қорытындыға келеді. Олардың бірі - оқыту әдістемесі мен талданатын пәннің мазмұнына және жалпыұлттық аймақтық ерекшеліктерге ие. «Өнер тарихы» пәнін оқыту барысында студенттер Қытайдың рухани тарихымен мәдениеті, дәстүрлері, сондай-ақ әлемдік өнердің қазіргі тенденциялары туралы терең білім алады.

Түйін сөздер: өнер тарихы, Қытай, жоғары оқу орындар, көркемдік білім.

Liang Zhihui, E.K.Ryssymbetov

Doctoral student, Abai Kazakh National Pedagogical University.

*Scientific leader Dr. PhD.,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: erjan_01.01@bk.ru*

“HISTORY OF ARTS” AS A TRAINING DISCIPLINE IN PREPARATION OF ARTISTS-TEACHERS IN CHINA UNIVERSITIES

Abstract

The article reveals some aspects of the methodology of art education in the People's Republic of China, and in methodology of teaching such an educational discipline as “History of arts”. Based on the analysis of regulatory documents, as well as scientific publications and their own experience, the authors come to certain conclusions. One of them is that the teaching methodology and the content of the analyzed discipline have regional as well as national specifics. During the training in the discipline "History of Art", students gain deep knowledge about the history and traditions of the spiritual culture of China, as well as about current trends in the development of world art.

Keywords: history of arts, China, tertiary education institutions, art education.

Система образования Китая является на данный момент одной из успешных в мире. С 1949 года, когда была основана Китайская Народная Республика, правительство всегда уделяло большое внимание вопросам образования. Благодаря непрерывным усилиям в течение последних пяти десятилетий Китай добился значительного прогресса. При этом, художественное образование занимает видное место в структуре школьного и высшего образования Китая: программы по художественно-педагогическим специальностям реализуются и постоянно совершенствуются в большинстве авторитетных вузов страны, существуют также вузы чисто художественного профиля. В стране функционирует ряд таких вузов как: Академия искусств Гуанси, Китайская Национальная академия изящных искусств, Институт кинематографии и многие другие.

Одним из самых знаменитых художественных вузов страны – Национальная академия изящных искусств Китая. Академия является единственной художественной академией высшего образования непосредственно при Министерстве образования Китайской Народной Республики. В ее составе школы и колледжи, которые подразделяются на гуманитарный факультет, школу архитектуры, колледж дизайна.

Академия стремится к построению моделей, дизайна, архитектуры, гуманитарных дисциплин. Фундамент этого учебного заведения заложен еще в 1918 году. Оно было первым национальным учреждением, которое заложило основы современного художественного образования. Но, в целом можно отметить, что в последние годы в художественном образовании в регулярных образовательных высших учебных заведениях достигнут определенный прогресс. В китайских университетах с предметами искусства есть известные ученые и специалисты в художественных кругах, а также выдающиеся преподаватели художественного образования. Судя по развитию китайского искусства вообще, можно судить и о развитии профессионального художественного образования, которое рассматривается нами в формальном и неформальном контексте.

Традиционно учителей искусства готовят в педагогических вузах, их представленность в стране очень большая. Необходимо отметить, что совершенствование системы художественного образования в КНР возведена в ранг государственной политики. Поэтому в стране разработаны и утверждены ряд нормативных документов, самым ранним из них является «Порядок работы по художественному образованию в школах» (1989).

С этого момента общее художественное образование было введено в начальных, средних, старших образовательных школах, профессиональных училищах и высших учебных заведениях. Специалистами разработан механизм развития художественного образования в трех формах: классной, внеклассной и общего художественного развития, которая обновляется каждые десять лет. Другими важными документами являются: «Распоряжение о развитии и совершенствовании школьных художественно-образовательных деятельности» (2007 г.); «Распоряжение о дальнейшем развитии школьного художественного образования» (2008 г.) и многие другие. Анализ данных нормативно-правовых документов показал, насколько актуальным считается в стране развитие и совершенствование художественного образования.

На сегодняшний день, количество высших учебных заведений в Китае, профилирующихся на художественном образовании достаточно количество. Все учебные заведения Китая - государственные, при этом нет единой программы обучения для всех. Университеты отличаются друг от друга тематикой курсов и методикой преподавания. В отличие от большинства европейских и американских университетов, где в одном учебном заведении могут преподавать сотни различных специальностей, китайские вузы имеют специализацию. Есть технические, педагогические, лингвистические и другие институты.

Как отмечают, исследователи [1] содержание воспитания в детских садах Китая основывается на изучении детьми дошкольного возраста самых важных сфер жизни: здоровье, социум, язык, наука и искусства. Тем самым происходит всестороннее развитие личности ребенка, совершенствуются физические возможности, складываются социальные навыки, развивается речь, формируются моральные качества, а также способности восприятия и самовыражения [1]. Поэтому столь серьезный взгляд на качество художественного образования в системе детских садов и общеобразовательных школ в КНР ставит актуальной проблему подготовки художников-педагогов во всех ее аспектах: практической и теоретической. В этой системе немаловажное значение отдается такой теоретической дисциплине как «История искусств». Ее основные моменты обсуждаются на просторах журнала «Искусствоведение» Академии искусств Гуанси, который является одним из ведущих китайских научных журналов в области искусствоведения.

В нем представлен широкий круг актуальных проблем по теории и истории искусства, различным вопросам современной методики преподавания искусства. Этот журнал, предоставляя платформу для научных дискуссий освещает основные тенденции и достижения современного китайского искусствоведения.

Интересно, что художественное образование в Академии искусств Гуанси отражает как региональную, так и общенациональную специфику: в ходе обучения студенты получают глубокие познания об истории и традициях духовной культуры Китая, а также об актуальных тенденциях в ее развитии [2]. Но, также намечается и прогресс в процессе становления учебной дисциплины «История искусств» как дисциплины, где специалисты могут сотрудничать через границы в области специализации. Тому пример деятельности Чикагского университета и ряда пекинских вузов в рамках инициативы «ConnectingArtHistory». Инициаторами данного проекта планируется, что в течение двухлетней программы будут проведены четыре 12-дневных семинара: два в Чикагском университете и два в Пекине. Семинары, проводимые учеными, кураторами и преподавателями, будут

включать презентации проектов;обсуждение их содержания, цели и метода;а также обсуждение состояния области, ключевых текстов, методов исследования и навыков.

В дополнение к встречам в классе, соответствующее программирование семинаров будет включать посещение музеев, выставок, архивов, архитектурных объектов, частных коллекций и / или других художественных пространств.Во время семинаров участники смогут проводить индивидуальные исследования в местных библиотеках, архивах и коллекциях. Так, семинары на 2018-1919 годы проведены профессором У Хунгом в Пекине и профессором Мартином Пауэрсом в Чикаго.Пауэрс - профессор китайского искусства и культуры Салли Михельсон Дэвидсон на факультете истории искусств в Мичиганском университете и выдающийся ученый, изучающий искусство раннего Китая, историю китайской живописи и отношения между китайским искусством и Западом.Семинары на 2019-2020 годы будут проводиться профессором Вей-Ченг Линем в Чикаго и профессором ЧжэнЯнь в Пекине.ЧжэнЯнь - профессор истории искусств, а также директор библиотеки Центральной академии художеств в Пекине.

Профессор ЧжэнЯнь- один из самых известных и уважаемых искусствоведов китайского искусства, он квалифицируется на средневековом китайском искусстве. Согласно программе на начальном этапе изучения истории китайского искусства студенты будут знакомиться с новыми материалами, предметами и сайтами; научатся проводить исследования на месте;изучить возможные темы диссертации;встречаться и обмениваться идеями с местными студентами, учеными, кураторами и чиновниками. При этом, при написании искусствоведческого исследования, акцент делается на субъективном восприятии проблемы исследования, а не наоборот, как принято в постсоветских странах - максимальное стремление к объективности и избегание проявления каких-либо эмоций и личного отношения к проблеме.

Другим вузом, на примере которого нам бы хотелось проследить методику преподавания «Истории искусств» это Академия Гуанси. Она была основана в 1938 г. Сейчас Академия входит в число лучших шести учебных заведений высшего профессионального художественного образования Китая.

Структуру Академии составляют 7 факультетов: изящных искусств, дизайна, китайской живописи, музыки, танца, гуманитарных наук, кино и телевидения.12 магистерских программ, предлагаемых Академией искусств Гуанси позволяют углубить специализацию истории искусства.

Индивидуальная образовательная траектория позволяет студентам сосредоточиться на изучении общей теории современных изобразительных искусств и визуальной культуры, история китайских изобразительных искусств, исследовании педагогической теории в сфере изобразительных искусств. Важнейшими принципами работы Академии являются: сохранение лучших традиций обучения искусству с учетом последних достижений в педагогике; развитие неисчерпаемых художественных возможностей национального, народного искусства; поддержание преемственной связи между традиционным и современным искусством [3, с. 14].

Другой перспективный вуз в области художественного образования – это Нанкинский университет искусств в провинции Цзянсу. Первоначально он назывался Шанхайским колледжем изящных искусств. Нанкинский университет искусств был основан сто лет назад и имеет богатую историю. Это популярный университет, который известен во всем мире. Он установил тесные связи с международными высшими учебными заведениями. Они подписали соглашения с более чем 24 университетами Японии, Канады, Германии, Гонконга, Италии, России, Великобритании и Франции.

Они активно участвуют в программах обмена, в результате чего они направляют своих студентов и преподавателей за границу для обучения и чтения лекций соответственно. Нанкинский университет искусств осуществил международные проекты по совместным программам со многими университетами, а также обучил многих иностранных студентов в области изобразительного искусства. С момента своего создания университет искусств готовит специалистов по истории и теории искусства с помощью образовательных программ, сосредоточенных на трех ключевых областях: теории искусства и истории, художественное образование и культурное творчество. Институт также предоставляет общие курсы по изучению искусств, предназначенные для студентов старших курсов из всех школ и кампусов Нанкинского университета. За семестр предлагается более 30 курсов, включая курсы, семинары, инновационные и предпринимательские курсы.

Также в настоящее время в академии действуют три магистерские программы по изобразительному искусству, религиозному искусству (религиоведению), цифровым медиа и общественному дизайну. Программа магистра искусств (MFA) включает в себя следующие семь

направлений исследований: скульптура, китайская живопись, каллиграфия и вырезание печатей. Цвета, Декорирование и дизайн, Искусство окружающей среды, Теория искусства (История).

Теперь, рассмотрим специфику художественно-педагогического образования Китая. Оно имеет два варианта реализации: специальный трехгодичный (сокращенный) курс и основной курс, время освоения которого 4 года (полный). Степень бакалавра получает студент, успешно прошедший основной четырехгодичный курс. В дальнейшем он может учиться в магистратуре (3 года) и докторантуре (3 года). Вуз с полным сроком обучения как главная база для подготовки учителей изобразительного искусства для школ и училищ. Все это дает основание считать, что в настоящее время художественно-педагогическое образование Китая находится на этапе устойчивого развития.

Традиционно система художественно-педагогического образования Китая ориентируется на советскую школу художественной педагогике. Но, в последние годы наметились некоторые положительные сдвиги. Так, были внесены некоторые изменения в учебные планы и программы изучения рисунка, живописи, скульптуры, прикладного искусства. Однако, в целом «процессы преподавания изобразительного искусства (концептуальные основы, цели, содержание, методы обучения) остаются консервативными: в университетах и педагогических колледжах преподаватели по-прежнему ориентируются при организации процесса обучения на принципы и методы классической дидактики, недостаточно внимания уделяется инновационному направлению в преподавании изобразительного искусства» [4, с.100].

Конструктивный анализ существующих учебных планов и программ обучения изобразительному искусству в педагогических вузах Китая позволил выявить ряд проблем. Эти проблемы были сгруппированы нами в три блока.

В первый блок мы условно назовем организационным. Он подразумевает под собой проблемы, связанные с организацией обучения. Как правило, методика обучения не уделяет достаточного внимания инновационным технологиям в обучении изобразительному искусству, с одной стороны этот процесс мешает введению новых конструктивных идей для творческой деятельности, а с другой позволяет сохранять реалистическое направление в изобразительном искусстве. При этом, в подготовке художников вообще в китайских вузах достаточно огромное количество времени уделяется копированию образцов мировых художников. Поэтому данная сторона нами рассматривается двояко.

Студенты могут выбрать в зависимости от их собственных интересов и профессиональной компетентности одно из этих направлений. Лишь в последнем семестре студенты получают возможность для свободной творческой деятельности. Недостатком такой организации обучения является отсутствие четких эстетических норм, на которые должны ориентироваться студенты в своей изобразительной деятельности.

В качестве значимого вопроса, влияющего на качество подготовки учителей изобразительного искусства, можно отметить недостатки в организации педагогической практики студентов.

Среди недостатков в содержании нами отмечено следующее: при подготовке учителей изобразительного искусства реализуются курсы теории изобразительного искусства, истории отечественного и зарубежного искусства. При этом, учебное время выделяемое на них катастрофически мало. Поэтому в результате студенты лишь запоминают имена некоторых известных художников, скульпторов и их работ. Они очень затрудняются в понимании эстетического смысла и культурного контекста, в котором было создано то или иное произведение. У студентов практически отсутствует глубокое понимание искусства.

В целом, можно сказать что в преподавании истории искусства и теоретических дисциплин в общем, преобладают традиционные методы обучения, разработанные в рамках классической дидактики. Это лекция, рассказ, беседа репродуктивного характера, подготовка докладов и рефератов. Как известно по современным взглядам педагогов подобные методы обучения всего лишь ориентируют студентов на простое запоминание и воспроизведение материала. При этом, в стороне остается такая часть как выявление конечно же понимание смыслов, заключенных в разнообразных явлениях культуры, в произведениях искусства.

Выводы. Сложившая система обучения учебной дисциплине «История искусств» в КНР требует дальнейшей разработки. Намного интенсивнее развитие анализируемой дисциплины проходит в профильных художественных вузах, которые стремятся интегрироваться мировое образовательное пространство. Но, все же намного консервативнее представляется система художественно-педагогического образования, что можно проследить даже на анализе одной дисциплины.

Мы считаем, что в процессе изучения студентами теории и истории искусства практически не применяются инновационные технологии такие как проблемный подход, интерактивные технологии, элементы развивающего и эвристического обучения.

Также в педагогических вузах КНР не в достаточной мере получили распространения такие важные идеи современной художественной педагогики как:

- смысловая дидактика, - технология диалога культур, - герменевтический подход, позволяющий глубже понять культурный контекст того или иного художественного произведения, направления или стиля в искусстве, а также раскрыть культурные смыслы.

На наш взгляд, разработка концептуальных основ обучения истории и теории изобразительного искусства должна осуществляться с учетом академического, традиционного и инновационного подходов.

Список использованной литературы:

1. Чжэн Чжилян. Становление образования в контексте взаимодействия культуры востока и запада: На материале системы высшего образования в Китае: диссертация ... кандидата философских наук: 09.00.13. - Владивосток, 2006. - 159 с.: ил. РГБ ОД, 61 06-9/395.

2. Цзян Сяоянь. Педагогические кадры профессионального образования Китая и России: проблемы и решения / Цзян Сяоянь // Казанский педагогический журнал. – 2008. – №12. – С.108-112.

3. Цзюй Чжаочунь процесс обучения изобразительному искусству студентов педагогических вузов Китая: проблемы и перспективы // Современные проблемы науки и образования. – 2013. – № 6. – с.15-37.

4. Чэнь Вэнхуа. Пропаганда советского искусства в Китае в 30-60-е годы XX века. Традиции художественной школы и педагогика искусства вып. VII/ Сб. науч. трудов Рос. Гос. пед. университета им. А.И. Герцена; науч. ред.: канд. искусствовед. проф. Н. Н. Громов. - СПб., 2007.- С. 105.

ӘОЖ 378.016
МРНТИ 14.35.09

Ж.А. Шажбаева, Е.А. Иманбакиев

*Оқытушы-магистр, Абай атындағы ҚазҰПУ,
Алматы қ., Қазақстан*

*Оқытушы-магистр, Абай атындағы ҚазҰПУ,
Алматы қ., Қазақстан*

**КЕСКІНДЕМЕ САБАҚТАРЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Аңдатпа

Бұл мақалада қазіргі таңда білім берудің басты мақсатының бірі - мамандарды шығармашылыққа дайындау. Өйткені бүгінгі қоғамда «орындаушы» адамнан гөрі «шығармашыл» адамға деген сұраныстың көп екендігін қазіргі өмір дәлелдеп отыр. Өйткені шығармашылықпен айналысуда адамның тек ақыл ойы ғана емес, сонымен қатар оның бастаған жұмысты соңына дейін жеткізе отырып, ойдың еркіндігі мен табандылығы, болжам жасай отырып, өзіне деген сенімділігі сияқты жауапкершілікті қасиеттері маңызды орын алатындығы туралы айтылады. Шығармашылық қабілетін дамыту адамның өмір шындығына өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі болып табылады. Өмірде дұрыс жол таба білу үшін дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек, баланың бойындағы қабілеттерінің дамытып, олардың өшуіне жол бермеу баланың рухани күшін нығайтып, өзін-өзі тануына көмектеседі.

Түйін сөздер: шығармашылық, құзыреттілік, қабілет, мативация, педагогикалық іс-әрекет, ойлау, қызығушылық, тұлға.

Zh. Shazhabaeyeva, Y.A. Imanbakyev

*Magister-teacher, KazNPU name of Abai,
Almaty, Kazakhstan*

*Magister-teacher, KazNPU name of Abai,
Almaty, Kazakhstan*

FORMATION CREATIVE SENCISERES STUDENTS ON LESSONS

Abstract

Біз бұл стильді «полихромды» деп атаймыз, ал оның негізі – көп түстілік, ал оған әр алуан техникалық және көркемдік құралдар арқылы қол жеткізіледі. Бұйымдар композициялық тұрғыдан да, техникалық жағынан да көп қырлы көркемдік түр ала түседі. Полихромды әшекейлер жасалатын түрлі материалдар (бояулар, астар, эмаль), техника (ендірмелердің толтырылған ұяшықтарда, бөлгіштерде орналасуы, тегіс беткі қабатты бояумен өрнектеу немесе ойылған оюды бояумен толтыру және т.б.), техникалық және көркемдік тәсілдердің әр алуандығы полихромды тип түрлерінің міндетті элементі болып табылады. Ғұн дәуірінің полихромды әшекейлері Еуропаның көптеген елдерінде Польша, Румыния, Чехия, Словакия, Венгрия, Германиядан, бұрынғы Югославия

аумағынан табылған. Бұл ғұндардың және готтардың, сарматтардың, аландардың тағы (варвар) тайпаларының батысқа қозғалуымен байланысты. Батыс Еуропада жабайы полихромия одан әрі дамыды.

Ғұн дәуірінде екі еселенген қола пластиналардан құрылған, алтын қақтамамен (фольга) қапталған негізі шаршы немесе үшбұрышты болып келген айылбастар кең таралды. VI ғасырдың басында вестгот көсемдері көйлектерінің беліне алтын жалатылған қоладан жасалған айылбас тақты. Олар тік төртбұрышты тілімшелерімен өз иесінің атағы мен байлығын көрсетті. Зергерлер металды дөнес өрнектермен, ақықпен, альмандинмен, түрлі-түсті шынылармен және абстрактылы айшықтар түріндегі өрнектермен әшекейледі. Герман тайпаларының әйелдері үлкен әдемі айылбасы бар жалпақ белдіктер (7 см дейін) тақты және бұл олардың ең сүйікті әшекейлерінің бірі болды. Белдіктің сән-салтанаты ол кезде абырой-атақтың белгісі болып табылды. Бай германдықтар жамылғыларын иықтарына аратаспен және өзге де тастармен әшекейленген айшықты түйреуіштермен ілді.

Зергерлік әшекейлердің сипаттарынан көріп отырғанымыздай, техникалық ерекшеліктер ғұн дәуірінің көркемдік стилінің қалыптасуында және бүкіл еуропалық зергерлік өнердің пайда болып, қалыптасуында айтарлықтай рөл атқарды.

Шыныны үрлеу тәсілінің ашылуы шыны жасау ісінің дамуында XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басына дейін жалғасқан және бүкіл даму жолында технологиялық тәсілдердің даралығымен сипатталатын екінші кезеңнің бастауы болды.

Сонымен, антик дүниесі ежелгі өркениеттердің қолөнер дәстүрін дамытып қана қойған жоқ, сондай-ақ адамның қолданбалы іс-әрекетінің жаңа түрлерін тудырды, сонымен бірге осы тәсілдерді көптеген мемлекеттер мен мәдениеттерге таратып, оларда эллин дәстүрлерінің негізін қалады деуге болады [9].

1960-1980 жж. монументалды суретшілердің шығармашылық мүмкіндіктері қоғамдық ғимараттар мен үйлердің қарқынды құрылысына байланысты кеңейді. Бұл әртүрлі табиғи жұмыстар: сыртқы ғимараттар мен интерьер панельдері, витраждық терезелер, көп қабатты ғимараттардың қабырғаларында сылақ тәріздес рельефтер. Сонымен қатар, заманауи архитектуралық нысандар сәулет өнерінің кескіндеме және мүсінмен сәтті өзара әрекеттесуін қамтамасыз етпейтінін мойындау керек. Демек, монументалды кескіндеменің шынайы құндылығы туралы қайталанған пікірталастарда, ол үш негізгі бағытты айқындауға болады: элеуметтік маңызды тақырыптарға байланысты кескіндеме; кафелер, мейрамханалар, мәдениет сарайлары және т.б. сияқты ғимараттардың монументалды және сәндік бояуы; таза сәнділік [10].

1950-1960 жж. аралығында мозаиканы одан әрі дамыту үшін А.А.Дейнека (оның мозаикалы «Қайырлы таң», шын мәнінде кескіндемедегі «қатаң стильдің» бастамашысы болды, 1959-1961 жж. «Хоккей ойыншылары», Мемлекеттік третьяков галереясы) 1960-шы жылдардағы монументшілерге күрделі міндет болды - әдеттегідей, қабырғалық кеңістікті өте жалықтырып жіберетіндерді күрт өзгертті және иллюзиялық, перспективалық қысқартулар болды. Сол кездері олар көп нәрсе істеді деп айтуға болады: олар кескінді сыртқы жағына шығарып, жаңа материалдарды енгізді, түстерді кеңінен қолдануға кірісті, кескіндемелік рельефтермен (түпнұсқалық және иллюзиялық, бейнелеу) біріктірді. Мысалы, Мәскеудегі Пионер Сарайының ғимаратының паркінің қасбетіндегі «Жер» әшекейі. Мозаика техникасында «ауыр стильді» суретші Ю.К.Королев сияқты 100 кв.м. Қарулы Күштердің Орталық мұражайының кеңістігін жасады. Сонымен бірге монументалды кескіндеме мүмкіндіктерінің бәрі де пайдаланылмағаны сөзсіз. Бұл көбінесе сәулетшілердің кінәсі. Алайда, «Сармат» павильонының дәм тату кабинетінде А.Васнецов О.Филатчева сияқты монументалды кескіндеме және ғарыштық тарих мұражайында «Ғарышты жеңіп алу» сияқты мозаикалар, Теміртаудағы Мәдениет сарайының фойесінде И.Пчелников пен И.Лавровтың «Театр тарихы» атты, И.Пчелников пен И.Лавровтың кескіндемесі рельеф жасады. Осы жылдары Кеңес монументалдығы белсенді түрде шетелде жұмыс істей бастады.

Монументалды суретшілердің әрқайсысы өзіндік стилі, өзінің манерасымен жасады. Мәселен, А.В.Васнецов, мысалы, М.В.Савицкийдің Минсктегі Ұлы Отан соғысының тарихы мұражайында «Ұлы Отан соғысы. 1944 жыл» кескіндемедегі конструкциялық құрамымен сипатталады және метафоралық ойлаумен жеңеді. Бұл 1970-шы жылдардағы монументалды кескіндеме саласындағы ең қызықты жұмыстардың бірі, оның әсемдігі мен драмасы ең алдымен түстік гаммасы қара, қызыл, ашық қоңырмен түсіндіріледі. О.П.Филатчев Мәскеудегі мұнай-химия өнеркәсібі институтының фойесінде қабырғалық суретпен шешкен, мұнда студенттердің өмірлерінен көріністеріндегі киімдері сақталып және басқа да тұрмыстық заттардың детальдарында ықтималдығын сақтап қалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бартнев И. А., Батажкова В. Н. *Очерки истории архитектурных стилей: Учебное пособие.* - М.: Изобразительное искусство. 1983
2. Чурсин Д.В. *Монументальная живопись в интерьерах современных общественных зданий: дис. ... канд. архитектуры.* Екатеринбург, 2006. Нұрпейіс Б. *Қазақ театр режиссурасының қалыптасуы мен даму кезеңдері (1915-2005): Монография.* - Алматы: "Қаратау КБ" ЖШС, "Дәстүр", 2014. - 520 б.: суретті.
3. Толстой В.П. *Советская монументальная живопись.* - М.: Искусство. 1958. Қазақ сахнасының шеберлері. Алматы, "Таңбалы" баспасы, 2010. 504 бет.
4. Киплик Д. И. *Техника живописи. V Монументальная живопись.* -Л.-М.: Государственное издательство 1939
5. Миронов А. М. *История античного искусства.* - М.: ЛИБРОКОМ. 2010. -255 с.
6. *Монументальная и декоративная скульптура XVIII-XIX веков.* - М.: Искусство. 1951
7. Виллер Б. Р. *Искусство Древней Греции.* - М.: Наука 1972
8. Гапоненко Т.Г. *Монументальная живопись.* - М.-Л.: ОГИЗ, ИЗОГИЗ. 1999
9. *Монументальное искусство.* – Ленинград, "Ордена Ленина Академия художеств СССР", 1990. -154 с.
10. E.V. Auelbekov, E.B. Mambetaev, M.N. Abildaev. *Decorative arts – a means of increasing creative activity of students// Bulletin KazNPU nam. Abai, Series of «Art education: art – theory – methods» №2(59) Алматы, 2019.*

ӘОЖ 7.067

ҒТАХР18.07.21

¹М.Ж. Жақыпбекова, ²Д.С. Болысбаев, ³Т.М. Оспанов, ⁴О.Е. Шертимов

¹ педагогика ғылымдарының кандидаты

² философия ғылымдарының кандидаты, доцент

³ магистр оқытушы

⁴ магистрант

^{1,2,3,4} М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
Шымкент, Қазақстан

ЗЕРГЕРЛІК БҰЙЫМДАРДЫ СУРЕТКЕ ТҮСІРУДЕ ЖАРНАМАЛЫҚ ФОТОӨНЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Андатпа

Мақалада жарнамалық фотоөнердің барлық жанрларды қамтитын және келесі бағыттарда пайдаланылатын фото өнерінің шыңы: зергерлік өнер, плакаттар, сыртқы жарнама, каталогтар, музыкалық және видео өнімдер, буклеттер, корпоративті және өкілдік өнімдерді жарнамалай отырып халыққа жеткізу жайлы айтылады, сонымен бірге, имидждік фотография арқылы киім, зергерлік бұйымдар мен аксессуарлар фотосуреттерінің каталогтарын жасауда, сыртқы немесе журнал жарнамасы жайлы айтылған, бұл жерде фотосуреттер өнімді көрсетіп қана қоймайды, сонымен бірге оның имиджін жасай отырып адамның көзқарасы көбінесе бірден бұйымға бағыттайды. Сонымен бірге бұл мақалада қазақ халқының зергерлік бұйымдарының мағыналық, дәстүрлік мазмұны жайлы айтылып өтеді. Көптеген тарихи деректерге жүйіне отырып, зергерлер әшекей бұйымдардың мағынасына көп көңіл бөлген. Бұл қазақ халқының мәдениетінде ерекше орын алады.

Түйін сөздер: жарнама, фотография, фон, зергер, сурет, бояу, объект, эффект

¹M.Zh. Zhakypbekova, ²D.S.Bolysbaev ³T.M. Ospanov, ⁴O.E.Shertimov

¹*candidate of pedagogical sciences*

²*candidate of philosophy sciences, docent*

³*master lecturer*

⁴*master student*

^{1,2,3,4}*M. Aueзов south Kazakhstan state university
Shymkent, Kazakhstan*

FEATURES OF ADVERTISING PHOTOS OF JEWELRY

Abstract

The article tells about the top of photo products, covering all genres of advertising photo products used in the following areas: jewelry art, posters, outdoor advertising, catalogs, music and video products, booklets, corporate and representative products, as well as image photography, creates catalogs of photos of clothing, jewelry and accessories, considers external and magazine advertising, where photos not only show the product, but also create its image, focus on the product. This article also deals with the semantic and traditional content of jewelry of the Kazakh people. Based on the history of the data, where more than once the great importance of the semantic load and the meaning of taming was prescribed. Which occupies a special place in the culture of the Kazakh people.

Key words: advertising, photography, background, decoration, drawing, painting, object, effect

¹М.Ж. Жакыпбекова, ²Д.С. Болысбаев, ³Т.М. Оспанов, ⁴О.Е. Шертимов

¹*кандидат педагогических наук*

²*кандидат философских наук, доцент*

³*магистр преподаватель*

⁴*магистрант*

^{1,2,3,4}*Южно-Казахстанский Государственный университет им. М. Ауезова
Шымкент, Казахстан.*

ОСОБЕННОСТИ РЕКЛАМНЫХ ФОТОГРАФИЙ ЮВЕЛИРНЫХ ИЗДЕЛИЙ

Аннотация

В статье освещается о жанре фотопродукции, охватывающий все известные жанры рекламной фотопродукции и используемой в следующих направлениях: ювелирное искусство, плакаты, наружная реклама, каталоги, музыкальные и видео продукты, буклеты, корпоративная и представительская продукция, а также имиджевая фотография, создание каталога фотографий одежды, ювелирных изделий и аксессуаров. Рассматривается внешняя и журнальная реклама, где фотографии не только показывают продукцию, но и создают ее имидж, ориентируясь на изделие. В этой статье также идет речь о смысловом и традиционном содержании ювелирных изделий казахского народа. Основываясь истории данными, где не однократно прописывалось большое значение смысловой нагрузки и значения украшений, которое занимает особое место в культуре казахского народа.

Ключевые слова: реклама, фотография, фон, украшения, рисунок, живопись, объект, эффект

Бізге белгілі жарнамалық фотография – бұл фотоөнерді игерудің ерекше түрі. «Коммерциялық фотографияның» бір түрі бола отырып, ол барлық жанрларды қамтиды, бірақ олардың ешқайсысын алмастырмайды.

Жарнамалық фотография - бұл барлық дерлік жанрларды қамтитын және келесі бағыттарда пайдаланылатын фото өнерінің шыңы: зергерлік өнер, плакаттар, сыртқы жарнама, каталогтар, музыкалық және видео өнімдер, буклеттер, корпоративті және өкілдік өнімдер, ал тізім мұнымен аяқталмайды. Коммерциялық фотографияның бар болуы тауарлармен байланысты. Жарнамалық фотографияның міндеті - оның дұрыс реакциясын модельдей отырып, көрерменнің психикасына әсер ету.

Фотографтың міндеті - жарнамалық агенттіктің барлық талаптарын тез, тиімді және дәл көрсете білуі. Бірақ шынайы кәсіпқойлар үшін мұндай шеңбер өзіндік шығармашылығына кедергі болмайды [1].

Мұндай фотосуреттерде дәстүрлі жанрлармен ерекшеленеді: пейзаж, натюрморт, портрет, зергерлік бұйым, сән және сюжеттік көріністер. Ол көркем фотография арқылы жарнамаланатын өнімдердің сапасы туралы айтуымен ерекшеленеді.

Жарнамалық фотография кескінді жай жеткізіп қана қоймайды, ол көрермендердің қатысуымен сезінетіндей етеді. Мәселен, теңіз жағасына қарап, көрермен осы теңіз толқынында шомылғандай сезінуі керек, француз парфюмериясы туралы ойланғанда, олардың иісін сезгендей етеді, ал құлпынайды көргенде балғын жидектің қышқыл-тәтті дәмі мен хош иісін сезінуін керек. Жоғары сапалы жарнамалық фотосурет сізді өнімнің иесі болғыңызды келтіреді және тартады.

Қойылымды жарнамалық фотосуреттерді жасағанда сатып алушыға барынша әсер ету үшін сюжет мұқият ойластырылған және пысықталған болуы керек. Шынайы өмір жарнаманың мақсаты емес, болашақта бақытты өмірді көрсетуі керек, бірақ жарнамаланған өнімді сатып алғаннан кейін ғана. Әдетте сатып алушы өніммен алғашқыда дәл фотосурет арқылы танысуды бастайды.

Жарнамалық мақсатта белсенді түрде фотография 1920 жылдардың соңында қолданыла бастады. Баспагерлер мен жарнама агенттіктері фотография қызметін қолдана отырып сол кездегі суретшілер мен фотографтар әр түрлі авангардтық қозғалыстардағы жаңа сән үрдісін қызығушылықпен қарсы алды. Бүгінгі күнге дейін көптеген әйгілі фотографтар жарнамалық фотография қызықтырады және бұл бағыт адамдардың оған деген қызығушылығын төмендетпеді. Керемет нәтижеге қол жеткізу үшін танымал фотографтар брендтік фирмалармен бірлесіп жұмыс істеді.

Бұл мақалада бірнеше ең атақты жарнамалық фотография түрлері келтіріледі және ол бір мезгілде бірнеше түрлерін көрсете алатындай мүмкіндіктерге ие.

Ең танымалдысы бұл имидждік фотография түрі болып табылады.

Киім, зергерлік бұйымдар мен аксессуарлар фотосуреттерінің каталогтарын жасау үшін емес, сыртқы немесе журнал жарнамасы үшін ерекше атап өткен жөн. Олар сахналық және сюжетті жүргізетіндігімен ерекшеленеді. Мұндай фотосуреттер өнімді көрсетіп қана қоймайды, сонымен бірге оның имиджін жасайды. Мұндай фотосуреттерге адамның көзқарасы көбінесе бірден бұйымға бағыттайды.

Имидждік жарнамалық фотографияда тек портреттік және топтық түсірілімдер ғана емес, сонымен қатар фоторепортаждық - түсірілім оқиғалары, өндіріс процестері және т.б. қолданылады. Есеп беру ештеңемен реттелмейді, оның міндеті не болып жатқанын көрсету болып табылады. Мұндай фотосуреттердің жариялануы тұтынушылардың сеніміне дем береді.

Жарнамалық фотографияның келесі түрі – заттық/каталогтық түсірілім. Фотосуреттер өздерін заттық немесе топтық заттық ретінде көрсете отырып түсірілімде бір композицияға біріктіріледі. Фотографияның тақырыбы кез-келген болуы мүмкін: киім, аяқ киім, зергерлік бұйымдар, парфюмерия, тұрмыстық техника және басқалар. Көбінесе мұндай түсірілімді каталог деп атайды, өйткені фотосуреттер жарнамалық каталогтарда, буклеттерде, күнтізбелерде, сыртқы жарнамаларда, сондай-ақ веб-дизайнда қолданылады [2].

Коммерциялық фотографияларды орындау үшін оларға бірқатар маңызды нюанстарға керек. Солардың ішінен кейбіреулерін келтіріп өтсек:

1. Суретке түсіру кезде көлеңке болмауы керек. Оларды өңдеу процесі кезінде арнайы бағдарламалар көмегінен кейін қосылады, бейненің соңғы шешімін автордың идеясы аяқтайды.

2. бұл жерде фон өзіне назар аудартауы керек, сондықтан ол алып тасталынады немесе жасырын болады. Ол жарнамаланатын өнімді «көлеңкесінде қалдырмау» керек. Көбінесе эффекті одан алыстау жасалынады.

3. Суретке түсіру кезінде шағын заттарды үлкен планда алу үшін алдын-ала дайындық қажет. Әрбір нысан мінсіз таза болуы керек, өйткені фотосуретті қарау кезінде объектінің бірнеше есе үлкейткенде қателер көрініп қалады, бұл кәсіби түсірілім кезінде мұндай нәрселерге жол берілмейді.

4. Барлық матадан жасалынған заттар мен тізбектерді қажетінше ұқыпты дұрыстау және жарықпен қосымша көлеңкелердің біркелкі таралуын болдырмас үшін кез келген бұзылулар мен әжімдерді алдын ала түзетілуі керек.

5. Жарнамаға арналған барлық заттарды суретке түсіруде жақсы жарықтың болуы және фотода жарқыл пайда болмауы керек. Әрине, сіз бір жағынан суретке түсіргенде жарқ етуден аулақ бола аласыз, бірақ көрудің белгілі бір кезеңін қажет ететін жағдай болуы мүмкін.

Жарнамалық фотографиядағы маркеттік эффекттер:

1. Сурет боялған затқа қарағанда әрдайым сенімді көрінеді, өйткені бұл өзіндік «заттай дәлелдер» ретінде пайда болады. Сурет бұрмаланбаған түрде ұсынылады, бірақ өнімнің ең жақсы қасиеттерін ашады.

2. Жарнамалық фотография объектінің біртұтас тартымды бейнесін жасайтын технологиялар кешенінің бөлігі. Жарнамалық хабарламаның мәтіні, ұран, өнімнің атауы және оның бейнесі мұқият қарастырылған комбинацияда жасалынады, оның құрамдас бөліктерінің әрқайсысы басқаларын жақсы жағын толықтырады және баса көрсетеді. Мәтіндік компоненттер мидың саналы бөлігіне көбірек бағытталған, ал суреттер өзін өзі тануға тереңірек әсер етеді.

3. Жарнамалық түсірілімде қолданылатын суреттер белгілі бір тұтынушылар тобының кейбір жалпыадамзаттық құндылықтарын білдіреді, дәл осы құндылықтарды маркетингтер басшылыққа алады. Жарнамалық кескін - бұл кез-келген объектінің көбейтілген, жетілдірілген нұсқасы, әдетте осы типтегі объектілермен байланысты бір немесе бірнеше жақсы қасиеттерді ұқсастырады [3].

Жарнамалық фотографияның ең танымал және түпнұсқа түрлерін зерттей келе фотожарнама сұраныс пен ұсынысты қалыптастыратын, экономика мен баға саясатына әсер ететін, тауарлар өндірісі мен көрсетілетін қызмет саласын дамытатын және ынталандыратын әмбебап құрал деп тұжырымдай аламыз. Сонымен бірге, бұл ерекше өнер түрі, жақсы фотографтың басты міндеті - адамның іс-әрекетіндегі психикалық процестерді бақылау әдістерін игеру, көрерменнің эмоциясы мен шешімдеріне тікелей әсер етеді деп ойлаймыз.

Осы жарнамалық фотографикада тастары бар зергерлік бұйымдарды түсіру. Заманауи фотографияның бір бағыты - зергерлік бұйымдар мен зергерлік әшекейлерді түсіру, бұл ең қиыны болып табылады, өйткені ол заттық түсірілім мен макро түсірілімге де әсер етеді. Бірақ, сіз білетіндей, барлық құпия ерте ме, кеш пе ашылады, ал ашылмағанның бәрі қарапайым. Сондықтан мұндай сауалнаманың кейбір нюанстарын біле отырып, сіз өзіңіз қалаған нәтижеге қол жеткізе аласыз.

Негізгі басты сәттердің бірі дұрыс композицияны таңдау, яғни түсірілімнің ракурсы немесе бұрышы, бұл әшекейлердің өзіндік түпнұсқалылығын жақсы көрсетеді. Сондай-ақ, бұл жерде сәйкес реквизиттерді таңдау немесе фонмен ойнау мүмкіндігі туралы ұмытпаңыз. Мысалы, алтын білезіктерді тастармен суретке түсіргенде, олардың көлемін және түсін жеткізуге тырыса отырып екіншісіне баса назар аудару керек. Сонымен қатар қажетсіз жарқылдан арылу үшін фон біркелкі және күңгірт болуы керек. Бұл ашық тастарға арналған қара фон және ашық немесе қара үшін сұр болуы мүмкін [4].

Екінші мүмкіндік - бұл жарық, тастардың шеттерінен шығатын шағылысуды болдырмас үшін ол жұмсақ және шашыраңқы болуы керек. Егер біз табиғи жарық туралы айтатын болсақ, онда күннің ең қолайлы уақыты - бұл таңертеңгілік, егер ол жасанды болса, онда бұл жерде тастарға керемет жылтылдайтын фотокамералар, 15 Вт лампалар (күндізгі жарық) немесе арнайы «гауһар» жарық диодты шамдар қолдануға болады. Мұндай шамның астында гауһар кемпірқосақтың барлық түстерімен құлпыра отырып жарқырайды, ал фотосуреттер сапалы әрі әдемі болады. Әрине, тіпті бұл құрылғылар бірінші сынақта керемет нәтиже бере алмайтындығын ұмытпаңыз, өйткені бәріне қосымша тәжірибе қажет. Бірақ бұл сізге гауһар тасы бар бриллианты сырғалар сатып алу керек дегенді білдірмейді, сіз өзіңіздің кәсібилігіңізді үнемі жетілдіре отырып арзанырақ заттардан бастай аласыз.

Келесі параметрде фотосуреттің нақтылығына қол жеткізу, оған дұрыс фокусирование арқылы қол жеткізіледі: зергерлік бұйымның алдыңғы жағын көрсетіңіз. Сондай-ақ, қай камераның түсіріп жатқандығы, дәлірек айтқанда оның режимдерін орнату маңызды. Жоғарыда айтылғандай, бұл макротүсірілім режимі. Максимальды әсерге жету үшін суреттер тастың мөлшеріне байланысты 15-50 см қашықтықта түсірілуі керек. Олар неғұрлым үлкен болса, соғұрлым алыс және керісінше. Сондай-ақ, өте маңызды мәселе күйге келтіру – фотосурет қызғылт сары немесе көгілдір реңктермен жұмыс істемеуі үшін ақ балансты орнату өте маңызды. Соңғы және көптен күткен нәтижені көру үшін фотосуретті компьютерде арнайы бағдарламалардың көмегімен өңдеу керек.

Әдетте, әдемі зергерлік бұйымдар қарапайым ақ немесе қара фонда суретке түсіріледі, бірақ бұл жерде бұйымдағы фонмен ойнауға болады, әсіресе, егер сіз зергерлік бұйымдармен немесе қарапайым металдан жасалған зергерлік бұйымдармен жұмыс жасауыңыз керек болған жағдайда. Сары тастар қарапайым күміс әшекейлерімен жақсы үйлеседі, ал өзен тастарымен өңделген алтынмен әдемі ойнайды [5].

Осы жерде белгілі кәсіби зергерлік бұйым фотосуретшісі Джон Перриштің сөзімен айтатын болсақ: *«Никто в здравом уме не пожелает заниматься фотографированием ювелирных украшений. Все это на столько маленькое, хрупкое, всем этим очень трудно манипулировать. Всегда приходится работать с маленькими пространствами 3-4 квадратных дюйма, пытаюсь воссоздать глубину и детализацию. Если в ювелирных украшениях присутствуют драгоценные камни и драгоценные металлы, приходится пытаться осветить внутреннюю сторону камня, а не наружную.»*

Сөзімізді қорытындылай келе фотосурет өнерінде қазақтың ұлттық зергерлік бұйымдары әлемдік деңгейде өз орны бар. Олар қазақтың мәдениеттің, рухани әлемін, дүниетанымын және нәзік эстетикалық талғамын көрсетеді. Зергерлер жасаған әшекейлер әдемілігімен, талғампаздығымен және бөлшектердің ұқыптылығымен таң қалдырады. Осы ұлттық бұйымдарымызды қазіргі таңда кәсіби фотосуретшілердің фотосурет катлогтарынан сирек болса да көруімізге болады. Ондағы ою-өрнектер, алқа, білезіктер, ауыр сырғалар, күмістен немесе алтыннан жасалған жаппай сақиналар - қазақ зергерлерінің мақтанышы. Олар нәзік оюмен, жақсы ойластырылған композициясымен, дәл сызбалармен таң қалдырады. Сәнді тауарлардың мұндай талғампаздығы таңқаларлық емес, өйткені Қазақ даласындағы зергерлік қолөнер қола дәуірінде пайда болған және ұзақ тарихы бар. Даму барысында жасалу техникалары жетілдіріліп, тың дәстүрлі идеялар алынды.

Қазақтың ұлттық зергерлік бұйымдары тек зергерлік бұйымдардың ролін ойнау емес, мұнда ұлттық мәдениеттің және тарихтың маңызды бөлігі, оның тамыры ғасырлар бойы жалғасып келе жатқандығы жайлы ұлттық кодты білдіреді. Қазақ зергерлерінің зергерлік өнерінің негізгі бағыты - әйелдердің зергерлік бұйымдары. Олардың танымалдығы әйелдердің зергерлік бұйымдарға деген сүйіспеншілігімен ғана емес, ұлттық салт-дәстүрлермен де байланысты. Мұнда материалдарды, кескіндерді және ою-өрнектерді таңдауда кезінде көруге болады - олардың барлығы тек сәндік қана емес, ең алдымен оның қасиеттілігі, сиқырлығы, қорғаныш функциясын іске асыра отырып, белгілі бір семантикалық жүктемені көтереді [6].

Мысалы, қазақ зергерлік бұйымдарының көпшілігі күмістен жасалған. Бұл металл асыл деп есептелді, ол ақ планетаға - қазақтар бұрыннан құрметтеп, ән салған Айға ұқсатады. Ата-бабалардың айтуынша, күміс әйелдердің сұлулығын арттыратын сиқырлы қасиеттерге ие болған, ол балалар мен ересектерді жаман көздерден және жын-перілерден қорғаған, адамның жаны мен денесінің тазалығын сақтайды деп есептеген. Сондықтан әйелдерге мүмкіндігінше көп зергерлік бұйымдарды, әсіресе сақиналар мен білезіктерді тағуға рұқсат етілді. Сонымен бірге, балалардың күтімі және тамақ дайындау кезінде мүлдем шешіп тастамауға тырысқан.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, кәсіби фотографтар әлі де зергерлік бұйымдарды суретке түсіріп қана қоймай, болашақта осы бағыт бойынша ісін жалғастырушыларға өздерінің құнды құпиялары мен тәсілдері жайлы жазып өттік. Шыдамдылық пен еңбек бәрін қайтарады, өйткені фотограф өзінің шедеврін жасаған зергер сияқты ұқыпты және мұқият болуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ковалева Л.А., Крайнов С.Н., Куманин В.И. *Материалы ювелирной техники. Учебник для студентов вузов М.: МГАПИИ, 2000. - 128 с. + илл.*
2. Пожарская С.Г. *Фотомастер. Книга о фотофагах и фотографии. М.: Пента, 2001.-336 с.*
3. Стал. Э. *Лучшие фотографы мира и истории создания их работ. Фотожурналистика / Э. Стал. -М.: Арт-родник, 2006.- 176 с.*
4. Болысбаев Д.С. *Әлем халықтарның сәндік-қолданбалы өнер тарихы. Шымкент: Әлем, 2016, 328 б.*
5. Болысбаев Д.С., Оспанов Д.М., Оспанов Т.М., Абдихадырулы К.Д. *Семь граней великой степи в ювелирном искусстве// Вестник КазНПУ им. Абая, Серия «Художественное образование: искусство – теория – методика» №1(58) Алматы, 2019.*
6. Канапьянова Р.Х., Айтмуратова С.Д. *Развитие художественного вкуса учащихся на основе разработки современных ювелирных изделий// Вестник КазНПУ им. Абая, Серия «Художественное образование: искусство – теория – методика» №2(51) Алматы, 2017.*

ӘОЖ 7.08

ҒТАХР 18.07.49

¹Ш.Е. Рсмаханбетова, ²П.Т. Ибраимова, ³Т.М. Оспанов, ³К.А. Есенбаева

^{1,2,3,4}магистр, оқытушы

^{1,2,3,4}М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
Шымкент, Қазақстан

ҚАЗАҚ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ШЕБЕРЛЕРІ МЕН ҒАЛЫМДАР ЕҢБЕКТЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ТАҢУ БАҒЫТТАРЫ

Аннотация

Мақалада қазақстандық шеберлер мен ғалымдардың шығармашылығы мен жұмыстары, қазақ бейнелеу өнерінің ежелгі заманнан бастап қазіргі заманға дейінгі қалыптасуы сипатталған. Орыс өнерінің әсері, ал ол арқылы Батыс, сондай-ақ барлық көршілес мемлекеттер мен мәдениеттердің ықпал еткен әсері қарастырылған. Қазақстан аумағында бейнелеу өнерінің барлық түрлері кеңінен қанат жайып дамыды, бірақ 90-шы жылдары өнер екінші орынға шықты. Қазіргі уақытта өнер қарқынды дамып, жаңа бағыттарды қалыптастырып, өзара синтезделіп келеді. Елбасы "Рухани жаңғыру" бағдарламасының арқасында мәдениет пен өнерге, үлкен көңіл бөлді. "Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық" жобасының арқасында жастарға өнер тарихы бойынша көптеген кітаптар қолжетімді болды. Алға жылжу үшін біз өз тарихымызды білуге міндеттіміз. Оқырман назарына ұсынылған мақалада Қазақстандық қол өнер кестесі, кескіндеме, мүсін, сәндік қолданбалы өнер жайында талдау жасалады. Қазақ халқының көптеген салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары бейнеленген анималистік және тұрмыстық жанр ерекше орын алады. Осылайша, мақала отандық бейнелеу өнерінің қалыптасу және даму тарихының бір көрінісі болып табылады. Жануарлар стиліндегі бұйымдар, олардың семантикалық және функционалдық мәселелерге қатысты кейбір тұжырымдар жасалады.

Түйін сөздер: графика, өнер, халық, картина, шығармашылық, мәдениет, суретші, кескіндеме

¹Sh.E. Rsmakhanbetova, ²P.T. Ibraimova, ³T.M. Ospanov, ⁴K.A. Essenbaeva

^{1,2,3,4}master, lecturer

^{1,2,3,4}South Kazakhstan State University named after M. Auezov
Shymkent, Kazakhstan

COGNITIVE DIRECTIONS OF ARTISTIC FEATURES OF WORKS OF KAZAKHSTAN MASTERS AND SCIENTISTS OF FINE ARTS

Abstract

The article deals with the creativity and works of Kazakh masters and scientists, the formation of the Kazakh fine art from ancient times to the present. The influence of Russian art, and through it, Western art, as well as the influence of all neighboring countries and cultures. The influence of time, wars and revolutions, scientific and technological progress, industrialization and virgin lands, and other changes in the life of the country. Since ancient times, all types of fine art have been organically developed on the territory of Kazakhstan, but in the 90's, art took a back seat. In our time, art is rapidly developing, synthesizing with each other, forming new directions. Thanks to the program of Elbasy "Rukhani Zhangyru", great attention is paid to culture and art, primary sources. Thanks to the project "100 new textbooks in the Kazakh language", many books on the history of art became available to young people. In order to go forward, we must know our history. Article about Kazakhstani graphic artists, painters, sculptors, and applied artists. A special niche is occupied by the animalistic and household genre, where numerous customs, traditions and rituals of the Kazakh people were depicted. Thus, the article is a kind of excursion into the history of the formation and development of Russian fine art.

Key words: graphics, art, people, painting, creativity, culture, artist, painting.

¹Ш.Е. Рсмаханбетова, ²П.Т. Ибраимова, ³Т.М. Оспанов, ⁴К.А. Есенбаева

^{1,2,3,4} магистр, преподаватель

^{1,2,3,4} Южно-Казахстанский Государственный университет им. М. Ауезова
Шымкент, Казахстан.

ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ХУДОЖЕСТВЕННЫХ ОСОБЕННОСТЕЙ ПРОИЗВЕДЕНИЙ КАЗАХСТАНСКИХ МАСТЕРОВ И УЧЕНЫХ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО ИСКУССТВА

Аннотация

В статье рассматриваются творчество и работы казахстанских мастеров и ученых в становлении казахского изобразительного искусства начиная с древних времен и заканчивая современностью, влияние русского искусства, а через него и западного, а так-же влияние всех соседних государств и культур на искусство Казахстана. Издревле на территории Казахстана органично развивались все виды изобразительного искусства, но в 90-х искусство отошло на второй план. В наше же время изобразительное искусство стремительно развивается, синтезируется между собой, образуя новые направления. Благодаря программе Елбасы «Рухани жаңғыру» уделяется огромное внимание культуре и искусству, первоисточникам. Благодаря проекту «100 новых учебников на казахском языке» молодежи стали доступны многие книги по истории искусства. Для того чтобы идти вперед, мы обязаны знать свою историю. Также в статье освещаются сведения о казахстанских графиках, живописцах, скульпторах, прикладниках. Особое нишу занимает анималистический и бытовой жанр, где изображались многочисленные обычаи, традиции и обряды казахского народа. Таким образом, статья представляет собой некий экскурс в историю становления и развития отечественного изобразительного искусства.

Ключевые слова: графика, искусство, народ, картина, творчество, культура, художник, живопись.

Ерте кездің өзінде-ақ Орта Азия мен Қазақстан дүние жүзіндегі өнер, білім ошақтарының бірі болған [1, б.1]. Ондағы халықтардың тарихи-әлеуметтік, экономикалық даму сатысынан өтудегі ерекшелігіне сан-салалы мәдени мұралары дәлел бола алады. Сыры кетсе де, сыны кетпей сақталып келе жатқан әсем ғимараттар мен сарайлар, бекіністер, тас мүсіндер өткен ғасырда талғамы мол шебер суретшілердің өмір сургендігін дәлелдейді. Жалпы Орта Азия, Қазақстан бейнелеу өнерінің тамыры сонау неолит және қола дәуірінен басталады. Атап айтсақ, Дасыбай және Ұлытау тастарына ойып салған өшпес суреттері соның куәсі. Көне дәуір көшпенділерінің графикалық бейнелеу үлгісінде, әсіресе, жан-жануарлар, хайуанаттар дүниесі мейлінше көп мүсінделген. Тастағы бейнеленген суреттерден алуан әдіс-тәсілдерді байқауға болады [2, б.17].

Қазақстан бейнелеу өнерінің алғашқы графикалық түпнұсқасы Шокан Уәлихановтың еңбектерінен басталады десек, ешқандай артық айтпаған болар едік. Қазақ бейнелеу өнерінің көш бастаушысы Әбілхан Кастеевтің өнердегі жетістіктері халық даналығымен, ұлттық әдеп-ғұрып, дәстүрлермен тікелей байланысып жатыр. Жалпы халқымыздың басынан кешірген тарихын, әдеп-ғұрпын, салт-дәстүрін, мекен-жайын мәдени өнері арқылы тани аламыз. Ата-бабаларымыздың өмір салты көшпелі болғанмен, өнері көшпелі болған емес. Осы даланы әнмен әлдилеп, күймен тербеткен ұлы халқымыздың көрегендігін қазақ сахарасында туған өлең-жырлары растай түседі. Шексіз далада өмір сүрген бабаларымыздың ұрпаққа деген өсиеті, үлгісі өнер арқылы жеткен. Халқымыздың ұрпақтарын адал, еңбек сүйгіш, өнерлі етіп тәрбиелеуде өзіндік өнегесі баршылық. Бүгінгі уақыт рухани мұраларымызды терең зерттеп жаңғырту, жете тану, мәдениетіміздің жедел дамуына мүмкіндік туғызды. Ашығын айтқанда, тоқырау кезеңінде мәдениетіміз ұзақ уақыт үстірт түсіндірілді, бұл арада ұрпақ арасындағы сабақтастық үзілді.

Бүгінде халықтардың ұлттық сана-сезімінің жетілуі жаңаша ойлауға жол ашады. Сондықтан тани алмай келген мәдениетіміздің халықтық дәстүрмен сабақтастығын айқындауымыз қажет. Ұлттық өнерімізді насихаттау арқылы халықтың ұлттық мәдениетін өскелең ұрпақтардың санасына сіңіре білуге тиіспіз.

Айтар ой, берер тұлсырым ашық айтылса, сөз құдіреті арқылы шәкірт санасына ұяласа, онда шәкірттің шығармашылық қабілеті оянады. Ұстаз әр уақытта ойын топшылап, жинақтап, дәлелді әрі

өтімді айтуы тиіс [3, б.101]. Халқымыздың ғасырлар бойы өмір сүрген сөз өнерін өнертану саласына енгізу шәкірт бойындағы ұшқыр ойды оятуда маңызды рөл атқарады.

Көшпенді ата-бабаларымыздың сұлулық туралы талғамы киіз үй арқылы көрініс тапқан. Құс салып, құмай жүгіртіп кәсіп еткен, алты жастан асау үйретіп ат мінген халқымыз көңіл көтерерлік талай қызықты таба білген. Жас ұрпақты тәрбиелеуде, ақыл-ойын дамытуда аңшылық, саяхатшылық, ұлттық ойындары бейнелеу өнерінде өзекті тақырып болып келеді, өйткені дәстүрімізді жалғастырудағы бейнелеу өнерінің қосар үлесі мол.

Сонау елуінші жылдары Қ.Телжановтың «Көкпар» атты картинасының бүгінгі жаңашыл суретші Е.Төлепбаевтың шығармашылығында қайталанып отыруы ұлттық өнеріміздің мәңгілік өмір сүретіндігін дәлелдейді. Кез-келген халықтың болмыс-бітімі, салт-дәстүрі мен мәдени мұралары сол халықтың ғұмыр жолының айнасы бола бермек.

Қазақ бейнелеу өнері, ұлттық көркем мәдениеттің бір бөлігі. Ал Қазақстан бейнелеу өнері осы өлкедегі бейнелеу өнері шеберлерінің шығармашылығы олардың шығармаларынан құралады. Қазақ суретшілері график, кескіндеме шебері, сәндік қолданбалы өнермен айналысатын суретшілер, мүсінші және дизайн туындыларын жасайтын суретшілер болып бірнеше топқа бөлінеді.

Қазақстан бейнелеу өнері шығармаларының тақырыптары сан алуан. Олар: «Ежелгі қазақ елінің салт дәстүрі», «Ұлттық ойындар», «Айтыс өнері», «Ұлттық киім», «Үй жиһаздары», «Азамат соғысы», «Қазан төңкерісі», «Ұлы Отан соғысы», «Ана образы», «Тарихи тұлғалар бейнелері», «Қазіргі еңбек, өнер, әдебиет, музыка, ғылым, қоғам қайраткерлерінің образы» деген ауқымды мазмұнды қамтиды.

Қазақстан бейнелеу өнері шеберлерінің шығармалары республикалық шет елдер мен халықаралық көрмелерге қатынасқан. Көптеген шығармалар Ә. Қастеев атындағы Мемлекеттік көркемсурет музейінде, Қазақстан Суретшілер одағының, Қазақстан дизайнерлер одағының, Қазақстан Мәдениет Министрлігінің қорларында, суретшілердің жеке қорларында сақтаулы.

Қазақ бейнелеу өнері басқа ұлт өнері сияқты графика, кескіндеме, сәндік қолданбалы өнер, мүсін түрлері кіретін жеке ұлттық өнер. Қазақ бейнелеу өнерінің қайсы саласы болса да мейлінше кең дамыған. Білім алушыларды бұл өнердің графика, кескіндеме, сәндік қолданбалы өнер, мүсін түрлері, тұрмыстық, тарихи, анималистік, портрет, пейзаж жанрларымен сабақта және сабақтан тыс таныстыруға мүмкіндік мол.

Графика саласында Н.Гаев, Б.Табиев, Е.Говорова, А.Исмаилов, Е.Сидоркин, К.Хожықов, Н.Исабеков, П.Зальцман, А.Хайдаров, А.Дячкин, Б.Чекалин, А.Бортников, И.Андреев, А.Гурьев, Б.Пак, К.Баранов, М.Кисамединов, Ю.Мингазидинов, Т.Ордабеков, А.Оспанов, Б.Байменов, Н.Нұрмаханбетов өнімді шығармашылық еңбек етіп келе жатқандығы айтылады. Бұған М.Қисамединовтың «Махамбет», И.Исабаевтың «Мұхтар Әуезов», Е.Сидоркиннің «Абай», Ә.Қастеевтің «Турксиб», Б.Пактің «Бақыт», Е.Сидоркиннің «Абай жолы», «Қазақ эпосы», П.Зальцманның «О.Сулейменов өлеңдерін оқығанда», С.Романовтың «Даладағы жәрмеңке», К.Барановтың «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғын», А.Гурьевтің «Еске алу: Қазақ жауынгерлерінің әні», Ш.Кенжебаевтың «Жолдағы әңгіме», С.Рахмановтың «Бұғаудан босану», А.Нақысбековтың «Менің жастығымның теректері», Т.Ордабековтың «Бұхар жырау» шығармалары мысал бола алады.

Қазақ бейнелеу өнерінің кескіндеме саласында халық суретшілері Ә.Қастеевтің, Қ.Телжановтың, А.Ғалымбаевтың, Г.Исмаилованың, М.Кенбаевтың, С.Мамбаевтің, Н.Нұрмұхаммедовтың, С.Романовтың есімі оқушыларға таныстырылады. Ә.Қастеевтің «Түркісіб», Қ.Телжановтың «Жамал», «Көкпар», А.Ғалымбаевтың «Дастархан», Г.Исмаилованың «Қымыз», М.Кенбаевтың «Қашағанды қуу», «Шопан әні», «Сары арқа», С.Мәмбаевтің «Жайлауда», Н.Нұрмұхаммедовтың «Папам келе жатыр», С.Романовтың «Жер туралы декрет», С.Айтбаевтың «Бақыт», Т.Тоғысбаевтың «Дала туралы балада», Ә.Жусиповтың «Менің Отанымның әйелдері», А.Степановтың «Жер планетасынан келген адам», А.Молдашевтің «Жер, космос, Қазақстан», О.Нұржұмаевтың «Әке қабыры басында», Е.Төлепбаевтың «Көкпар», Б.Тулкевтің «Әке портреті», «41 жыл», А.Нақысбековтың «Р.Қошқарбаевтың портреті» мазмұнымен де көркемдік деңгейінен де жоғары, көпке танымал шығармалар екендігі көрсетілді [4, б.121].

Қазақ бейнелеу өнерінің мүсін саласында даңқты мүсіншілер Х.Наурызбаев, Т.Досмағанбетов, Е.Мергенов, Б.Толекөв, Е.Сергебаев, Р.Ахметов есімдері құрметпен аталады. Мүсінші Х.Наурызбаевтың жасаған Абай ескерткіші, Т.Досмағанбетовтың Ә.Жангелдин ескерткіші, З.Сергебаевтің құйған М.Әуезов ескерткіші, Б.Толеновтың, Ж. Қуанышбаев портреті, Е.Мергеновтың

«Әке портреті», Р.Ахметовтың «Ашаршылық» шығармаларын өнер сүйер қауымға кеңінен танымалы, шығармалары екендігі әңгіме сабақтың арқауы болады.

Бейнелеу өнері сабақтарында сәндік қолданбалы өнер саласында суретшілер Г.Иляев, Қ.Тыныбеков, М.Қалқабаев, Д.Шоқпаров, Б.Зауырбекова, С.Бөлтірікова, С.Иляев, Г.Жалмұханов, М.Әлімбаев, С.Төленбаев, Ж.Барымбетов шығармашылығысы Қазақстан өнері тарихынан құрметті орын алатындығы айтылады.

Қазақ бейнелеу өнеріндегі соңғы кезеңдегі жаңа бағыт абстракция бағыты. Бұл бағыттағы суретшілер шығармаларының мазмұнының кеңдігі, бір ғана туынды шеңберінде терең мағыналы ойды білдіретін, ауқымды тақырыптарға құрылған сюжетті картиналар мен графикалық туындылар беруде. Бұлардың қатарында кескіндеме шеберлері А.Ниязбеков, М.Қасымбеков, А.Губашев А.Мыңлыбаева, Р.Абдулов, Р.Аспандиярова, С.Сулейменова, А.Есдаулетовтар бар. Бұлардың ішінде М.Қасымбековтың «Көкпар», А.Губашевтың «Арал қасіреті», Р.Абдуловтың кескіндеме туындыларын ерекше атауға болады.

Қазақ бейнелеу өнерінде ұлттық салт, дәстүрді, тұрмыс тірлігін жан-жақты бейнелеген шығармалар көптеп саналады. Бұл бағытта Ш.Уалиханов, Ә.Қастеев, Е.Сидоркин, М.Қисамединов, Қ.Телжанов, Е.Төлепбаев, Е.Кенжебаев, В.Флорова, А.Галымбаев, Қ.Тыныбеков, М.Кенбаев сияқты суретшілер шығармашылық еңбектер жазғандығы туралы сабақта мәліметтер беру орынды.

Бейнелеу өнерінде ұлттың салт-дәстүрді, ұлттық ойындарын бейнелейтін Р.Ахметовтың «Қалындық», «Қонақ жайлық», «Жастық шак», Ә.Қастеевтің «Сатылған қалындық», Е.Сидоркиннің «Жамбыл мен Досмамбет айтысы», В.Фролованың «Жамбыл мен Құлмамбет айтысы», А.Черкасскийдің «Жамбыл мен Дина», Ш.Уалихановтың «Боранбай», «Тезек төре» шығармалары бар. Сонымен қатар Е.Сидоркиннің «Ақсақалдар, К.Телжановтың «Әжесі мен немересі», С.Кенжебаевтың «Жолдағы әңгіме», С.Романовтың «Ас беру», О.Нұржұмаевтың «Әке қабірі басында», М.Кенбаевтың «Сары арқа», Қ.Тыныбековтың «Дала балладасы», «Тау мен дала аңызы», «Байқоңыр», М.Кисамединовтың «Махамбет» шығармаларында үлкенді қадірлеу, халық дәстүрлері, қазақ даласының тарихы, ерлік үлгілері шығармалардың арқауы болған.

Ұлттық ойындар, аңшылық дәстүр, батырлық үлгісі, ат үйрету өнері, суретшілер В.Верещагиннің «Аңшы қырғыз», Қ.Телжановтың «Көкпар», А.Гурьевтің «Батырдың жебесі», М.Кенбаевтің «Асауды ұстау», С.Романовтың «Құсбегі», Е.Сидоркиннің «Қазақтың ұлттық ойындары», «Қазақ эпосы» туындыларында көрініс тапқан.

Қазақтың ұлттық дәстүрін бейнелеуге ерекше ден қойған суретші – Айша Галымбаева. А.Галымбаеваның «Үш ғасыр», «Дастархан», «Бір кесе қымыз» атты натюрморттары, «Дала қызы» картинасы және «Ұлттық киімдердің» эскиздері қазақ бейнелеу өнерінен ерекше орын алады.

Қазақ бейнелеу өнері басқа ұлттардың өнері сияқты өзіндік ерекшелігі бар. Өнердің бір түрі Қазақ бейнелеу өнері өзінің озық туындылары арқылы бүкіл әлемдік өнердің қатарынан орын алады, оның дәлелі суретшілер Әбілхан Қастеев, Қанапия Телжанов, Сабыр Мәмбетов, Нағымбек Нурмаханбетов, Хәкімжан Наурызбаев сияқты суретшілердің еңбектерінен көруге болады. Қазақстан бейнелеу өнері өзіндік тарихы қазақ елінің даму тарихымен тығыз байланысты.

Қазақ елінде қоғамдық құрылыстар дамуы Қазақстан бейнелеу өнеріне ықпал етеді. Қазақ бейнелеу өнерінің дамуы қазақ өмірінің салт-дәстүрі мен тұрмысы, әдет-ғұрпы мен шаруашылығына байланысты [5, б.82]. Қазақстан бейнелеу өнері тарихынан ертедегі жартастағы бейнелер ерекше орын алады. Қазақ халқы бұрыннан мал шаруашылығымен айналысқан. Халық шеберлері сәндік өнерге қажетті жүн, тері, шикізаттарды мал өнімдерінен алып отырған. Сондықтан қазақ халқының өнері оған қажетті материалдар, халықтың тұрмысы мен шаруалығына тығыз байланысты. Ертедегі қазақ халқының өмірін қазақ жерінде болған орыс және басқа шетел суретшілердің картиналарынан көруге болады. Қазақ халқының өнері ертедегі Қазақстан территориясын мекендеген сақ, үйсін, ғұн тайпаларының өнерімен тығыз байланысты. Олар мал шаруашылығымен айналысып, көшпелі өмір сүрген.

«Ат адамның қанаты» демекші көшпелілер өмірінде ат қасиеті ерекше бағаланады. Тұлпардың тұяғы жартасқа бейнеленген сурет қазірге дейін Маңғыстау мен Қаратауда кездеседі. Бұл суретте қазақтар «Тұлпар тас» деп атаған. Қазаққа жылқы малына байланысты көптеген мақал-мәтелдері бар. Мысалы: Жақсы ат, ердің қанаты, қасқыр малдың жауы болса, жүйрік оны қорғаушысы болып көрінеді. Осыған байланысты ат спорт ойынын «Көкбөрі» деп атаған. Кейін ол «Көкпар» болып аталған. Осы сияқты қазақта, қыз бөрі, қыз қуу сияқты әртүрлі ойындар болған. Ежелгі түрік қағанатының туында – ат бейнеленген. Мұндай суреттер қазірге дейін жартастарда сақталған. Түрік

тектес халықтар ертеде бұғы, аққу, өгіз тектес жануарларды, құстарды қасиет тұтқан. Өгіз күш пен бейнеттің символдық белгісі ретінде қабылданған. Бұғы бағыт пен жол көрсетеді деген ниетте болған. Сондықтан ертедегі шеберлер жасаған бұйымдарда бұғы бейнесі жиі кездеседі. Бұғы мен қошқар мүйіз ою - өрнектегі негізгі халық өнеріндегі мотивтің бірі болып табылады. Қазақстан территориясынан сақ дәуірінде табылған ескерткіштер аң стиліне жатады. Сақ дәуірі алғашқы кезеңінде аңдар образы реалдық шындыққа жақын берілсе соңғы кездерде стильдеу, ықшамдау басым болды. Аңдар бейнесі біртіндеп ою - өрнек мотивіне айналды. Тау ешкісі арқарды, бұғыны, жыртқыш аңдарды қозғалыссыз қалпында бейнелеу сақ өнерінің архаикалық кезеңіне тән құбылыс. Аңдар бейнесі салынған кілемді, қазақ кілемдері ішінде болғаны жайлы зерттеуші С.М. Дубин өз еңбектерінде атап көрсетеді. Аң стилінде, негізгі образдар қой, жылқы, қасқыр, бүркіт көріністері, көп фигуралы композиция түрінде немесе осы жануарлар мен аңдардың бас көрінісі түрінде беріледі.

Аң стилі кезеңінің соңында бұл көріністері ою-өрнектері түріне ауыстырылады. Осыған байланысты ат құлақ, бөрі бас, қошқар мүйіз ою-өрнектері пайда болды. Ертедегі өзіндік ерекшелігі бар қазақ өнерінің бір түрі, тастан ойып жасалған қойдың бейнесі. Бұлар Маңғыстау, Орталық Қазақстан және Тарбағатай тауларында кездеседі. Қойдың бейнесі ертеде байлықтың, сәтті істің символы ретінде қабылданған.

Кейбір тас мүсіндерде ою-өрнектер салынып құстар мен адамдардың бейнесі бір қырынан бейнеленген. Тас мүсіндерден басқа Ұлытау тауларында сары немесе қызғыш түсті қолдан жасалған саукеле ұқсас бас киімі бар мүсіншелер табылған. Олар Жезқазған қаласының тарихи өлке тану музейінде сақталған [6, б.25].

Қорыта айтқанда Қазақстанның жерінде дамыған Қыпшақ, Қарлық, Огуз тайпаларының өнері, қазақ халқының көркем мәдениетінің бастауы болып табылатындығы туралы мәліметтер бейнелеу өнері сабақтарында берілетін білім мазмұнының бір саласы болып табылады.

Қазақ бейнелеу өнерінде Шоқан Уәлихановтың шығармашылығы ерекше орын алады. Ш.Уәлиханов қазақ халқының тұңғыш ғылымы ағартушысы болумен қатар сурет өнерімен де айналысқан. Шоқанның бейнелеу өнеріне аса көңіл бөлген тақырыптары пейзаж бен портрет. Олар «Боранбай», «Қашқар қызы», «Тезек төре», «Қытай делегациясын қабылдау», «Автопортрет» шығармалары. Шоқанның салған суреттерінің пейзаж жанрына кіретіндері «Ақ шамшы», «Жатақ», «Құранды», «Таспа тауының көрінісі», «Құс мұрын», «Сырымбет», «Жоңғар алатауы» деген шығармалары. Шоқан бұлардан басқа «Еліктің лағы», «Жайрандар» деген реалистік шығармалар жазып, «Омбыдағы генерал губернатордың үйі», «Айғаным усадьбасы», «Торанғыл түбіндегі үй» суреттерін салып, сонымен қатар архитектуралық құрылыстар бейнелерін жасаған.

Қазақстандағы классикалық сурет өнерінің тууына, оның қарқынды дамуына орыс суретшілері маңызды рөл атқарды, олар қазақ халқының тұрмысы мен өмірін суреттеп, көркем туындылар жазды. XIX ғасырда қазақ халқының өмірін бейнелеген Шоқан Уәлихановтың және Қазақстанға жіберілген Т.Г. Шевченконың, В.В.Верещагиннің графикалары мен акварелдері қазақ бейнелеу өнерінен маңызды орын алды. Қазақстан бейнелеу өнерінің алғашқы графикалық түпнұсқасы Шоқан Уәлихановтың еңбектерінен басталды. Қазақ бейнелеу өнерінің көшбасшысы Ә. Қастеев өнердегі жетістіктері халық даналығымен, ұлттық әдеп-ғұрып, дәстүрлермен ел табиғатымен тікелей байланысты болды. Суретші Ә. Қастеевтің шығармашылық жолын Ә.Бісмайлов, С.Қожықов, Қ. Телжанов, Х. Наурызбаев, С. Мамабеев, Н. Нұрмұханбетов, С. Романов, А. Ғалымбаева, Г. Исмайловалар жалғастырып, олар ел тарихын, табиғатын, дара тұлғаларды, қоғамдық өмірді бейнеледі. 60-90 жылдардағы қазақ суретшілерінің шығармашылығы ұлттық болмысты бейнелеуге ден қойды. 90 жылдардан қазірге дейінгі суретшілер еңбектерінде егеменді еліміздің рәсімдері анықталып, қазақ елінің тарихи, саяси және мәдени өмірі суреттелді. Жалпы, халқымыздың басынан кешірген тарихын, әдет-ғұрыпын, салт-дәстүрін, мекен-жайын мәдениеті мен өнері арқылы тани аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қ.Ж.Тоқаев *Қазақстан халқына жолдауы, «Сындарлы қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақтылығымен өркендеуінің негізі»*. -Ақ орда, Нұр-сұлтан қаласы, 02 қыркүйек 2019 жыл.
2. Аргынбаев Х. *Қазақ халқының қолөнері*. Алматы, 1987, 128б.
3. Жиентаева Б.Ж. *Халық мұрасындағы ұлттық қолданбалы өнерді оқытудың тиімді әдістері*. Жезқазған, ЖезУ, 2000. – 90б.

4. Калыбекова А.А. Теоретические и прикладные основы народной педагогики казахов. Алматы: Баур, 2005. -200 с.

5. Болысбаев Д.С., Оспанов Д.М., Оспанов Т.М., Абдихадырулы К.Д. Семь граней великой степи в ювелирном искусстве// Вестник КазНПУ им. Абая, Серия «Художественное образование: искусство – теория – методика» №1(58) Алматы, 2019.

6. E.B. Auelbekov, E.B. Mambetaev, M.N. Abildaev. Decorative arts – a means of increasing creative activity of students // Bulletin of KazNNPU named after Abay, series "Art education: art - theory - methodology" №2(59) Алматы, 2019.

ӘОЖ 76

МРНТИ 18.31.41

Б.Т. Найманов

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Өнер, мәдениет және спорт институтының 6M041600 – Өнертану мамандығының 2 курс магистранты,
Қазақстан, г. Алматы, e-mail: baukalai@mail.ru*

ЛИНОГРАВИЮРА

Аңдатпа

Мақалада бейнелеу өнерінде қолданылатын техникалардың бір түрі гравюра жасау оның ішінде линолеум бетіндегі гравюра «линогравюра» жайында айтылады. Гравюра деп бетіне сурет ойып салынған тақта да, сондай-ақ ол гравюрадан алынған басылымды да айтады. Орындалу техникасы жағынан ксилографияға жақын линогравюраны өте үлкен көлемде де жасауға болады. Бейнелеу өнерінің басқа түрлеріне қарағанда линогравюраның қызықты айырмашылығы оны көбейтуге болады. Суретші орындаған линогравюрадан алынған әрбір басылым осы жұмыстың түпнұсқаса туындысы болып саналады. Гравирлеу техникасына және линолеум материалына байланысты бірнеше данадан он мыңдаған құнды басылымдар алуға болатындығы жайлы айтылады. Линогравюра жасауға қажетті кескіш құралдардың түрлері және басылым алуға қолданылатын бояулар туралы жазылды. Линогравюралар бір түсті және түрлі түсті-екі, үш және одан да көп бояулы болуы мүмкін болғандықтан түрлі түсті гравюра жасау туралы айтылды. Осы жерде түрлі-түсті гравюраның сапасы ең алдымен бояулардың санында емес, дәл табылған түстік үйлесімдер мен катынаста болатыны қаралады. [6, б. 12]

Түйін сөздер: Гравюра, түрлі-түсті гравюра, линогравюра, басылым, линолеум, эскиз, офорт, штрих, типография, литография, ксилография, офорт станогі

B.T.Naimanov

*2nd-year master's student of specialty 6M041600-art History of the Institute of art, culture and sports of the
Abai Kazakh national pedagogical University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: baukalai@mail.ru*

LINOCUT

Abstract

The article discusses one of the techniques of gravure, used in graphic art, gravure on the surface of linoleum "linocut". Gravure is a panel with an image on it, as well as gravure printing. A linocut made using a technique similar to woodcut can be produced in very large sizes. Unlike other types of fine art, the interesting difference between linocut and others is that it can be reproduced many times. Each linocut print is an original piece of this work. This means that tens of thousands of valuable stamps can be obtained from several copies made by the method of gravure on linoleum. The article also describes the types of blades, tools necessary for making linocuts, and inks that are used in printing. Linocut can be made of one or

different colors - two, three or more colors. In this case, it is considered that the quality of color gravure is associated primarily with color harmony and not with the number of colors.

Key words: gravure, colour gravure, lino gravure, print, lino, sketch, etching, line, typography, lithography, xylography, etching press

Найманов Б.Т.

Магистрант 2 курса специальности 6М041600- Искусствоведение института искусства, культуры и спорта казахского национального педагогического университета имени Абая, Казахстан, г. Алматы, e-mail: baukalai@mail.ru

ЛИНОГРАВИЮРА

Аннотация

В статье рассматривается один из приемов гравюры, используемых в графическом искусстве, которая называется «линогравюра». Гравюрой называют доску с изображением на ней, а также печать гравюры. Линогравюру, изготовленную в технике схожей к ксилографии, можно изготавливать в больших размерах. В отличие от других видов изобразительного искусства, интересная разница между линогравюрой и другими заключается в том, что количество оттисков может быть получено множество раз. Каждый оттиск линогравюры является оригинальным произведением этой работы. Это означает, что десятки тысяч оригинальных оттисков могут быть получены от нескольких экземпляров, выполненных методом гравюры на линолеуме. Также в статье описаны типы резцов, инструментов, необходимых для изготовления линогравюры, и краски, которые используются при печати. Линогравюра может быть сделана из одного или разных цветов - два, три или более цветов. В данном случае рассматривается, что качество цветной гравюры связано, прежде всего, с цветовой гармонией и соотношениями, а не с количеством цветов.

Ключевые слова: Гравюра, цветная гравюра, линогравюра, печать, линолеум, эскиз, офорт, штрих, типография, литография, ксилография, офортный станок.

Кіріспе

This approach helps to identify methods of creating images of heroes and to solve the question whether the development of Kazakhstan's graphics was characterized by the evolution of the Antoschenko-Olenev's linocut, which under the conditions of the canonical poetics of socialist realism, essentially deviated from it as innovation. What artistic traditions did the Russian artist of Kazakhstan rely on? Did he experience the influence of the national art of the country that became his homeland? If so, what artistic decisions did this lead the artist to? What place does the art of Antoschenko-Olenev take in Kazakh art? The answers to these questions lie, in our opinion, in a retrospective analysis of the Antoschenko-Olenev's graphics.

Key words: graphic arts, culture of Kazakhstan, artistic traditions, retrospective analysis, linocut, plot, portrait gallery, images, hero, fragment, innovation.

Для графики В. Антощенко-Оленева характерна широкая разноплановость как в тематическом отношении, так и с точки зрения художественных средств изображения. Многие работы отечественного графика созданы по следам его поездок. Такова серия гравюр, запечатлевшая его восхищение Узбекистаном, датируемая 60-ми годами и позволяющая выделить их в отдельный восточный дискурс в художественном сознании Антощенко-Оленева.

Предметом данной статьи является анализ работ, созданных на протяжении 30 лет и отражающие диапазон тем от портретов знаменитых современников, деятелей науки и культуры Казахстана, до воспроизведения важных событий казахской и советской истории и мировой культуры.

Такой подход способствует выявлению приемов создания образов героев и решению вопроса, характеризовалось ли развитие графики Казахстана на примере линогравюры Антощенко-Оленева эволюцией, означавшей в условиях канонической поэтики социалистического реализма, по существу, отступление от него как новаторство. На какие художественные традиции опирался русский художник Казахстана? Испытал ли он влияние национального искусства страны, ставшей его Родиной? Если да - то, к каким художественным решениям это привело графика? Какое место в

казахстанском искусстве занимает графика Антощенко-Оленева? Ответы на эти вопросы кроются, на наш взгляд, в ретроспективном анализе графики Антощенко-Оленева.

Галерею работ 50-х годов, проникнутых в обществе и, особенно в искусстве, дыханием *оттенели*, знаменуют работы, темы которых воспроизводят образ художника, далекого от конъюнктуры. Если даже появляется неизбежная для художника такого ранга тема вождя («Портрет В.И. Ленина», 1957), то возможные обвинения в спекулятивности темы снимаются рядом обстоятельств. Во-первых, отсутствие риторики и пафосности в создании образа вождя. Во-вторых, портрет Ленина открыл галерею целого ряда современников Антощенко-Оленева, реконструируя самостоятельный пласт, особую серию в его творчестве, реализуя концепцию эпохи, историзм художника.

Линогравюра «В поход на Бочкарёвцев. Чукотка» (1956, 30x24,5) посвящена событиям гражданской войны. Это событие периода, когда японцы оккупировали Петропавловск. На побережье Охотского моря и в долине Колымы подняли мятеж казацкий есаул Бочкарев и генерал Поляков. Помимо исторического ракурса темы, географическая локализация пространства создают не только колорит 20-х годов, но и мотивируют ту романтическую парадигму, которой пронизано и содержание линогравюры, и выбор художественных средств.

Портреты бойцов Красной Армии выписаны рублеными мазками. Автору важно передать не только решительность бойцов, охваченных единым порывом, ему важно сохранить дух героизма, объединившего людей разного возраста. Пожилые люди, представленные в авангарде группы, персонифицируют мудрость, житейский опыт. Суровая природа и трудная жизнь наложили отпечаток на грубость очертаний, скупость жестов. Но даже в таком минимализме выразительность детали свидетельствует о психологическом мастерстве автора гравюры.

Драматический сюжет подчеркнут и четким делением пространства гравюры на два плана. Если доминирует план, воспроизводящий группу бойцов, то не меньшей семантической значимостью обладает правый план, содержащий детали семейного быта. На обобщенный образ семьи «работают» такие полисемантические образы: две женщины, собака, жилище, сопки на заднем фоне и удаляющаяся пара, в которой различимы очертания взрослого человека и ребенка.

Два плана художественно антитетичны: если основной, левый план, создает группу бойцов и делает исторически и сюжетно актуальным событие активного противостояния бочкаревцам с неизвестным исходом, то правый символизирует мир как идеальное состояние покоя и гармонии. При этом характерно, что автор не стремится к воспроизведению неразрешимой трагедийной конфликтности. Правая картина мира и семьи наделена реалистическими признаками, что не только уравнивает состояние войны и мира, но и придает состоянию войны ощущение временного, преходящего.

Такая философия войны (пусть и локальной, гражданской) и мира объясняет природу и истоки психологизма, тяготеющего к традициям русского реализма. Это и синтез социального (поход на бочкаревцев) и лирического (семья), философского и бытийного, вечного и временного.

Тематически к этой гравюре близки две другие работы Антощенко-Оленева – «Моржи» (1956, 22x33,5) и «Рысята» (1959, 30x33). Колыма, побережье Охотского моря и Камчатский полуостров – это не только локализация географического континуума, но и создание особого мира чувств. Продолжение темы романтики мы видим на уровне трансформированного сюжета. Героике борьбы здесь противопоставлен лиризм северной природы с ее красотой, которую открывает художник своему зрителю. В пене волн монументально высятся моржи. Безбрежные воды – символ покоя и высшей правды, которую также олицетворяют обитатели северного края. Единство морских животных с природой утверждает не только ее величие, но и вызывает ассоциации с русскими передвижниками, которые распознавали красоту в аскетической скупой природе, лишенной открыточной экзотики.

Антощенко-Оленев максимально использует преимущества графики, дающей возможность в композиции линий и прорисовке штрихов, технологичности материала воспеть поэзию Севера.

Непередаваемым лиризмом проникнута линогравюра «Рысята». Мастерство художника, психологическое и графическое, обусловлено своего рода сопротивлением графике – ее материалу, художественным возможностям, более отвечающим динамической социальной или статичной портретной заданности. Нежность чувств матери к детенышам, естественный инстинкт хищницы воспеты в гравюре, утверждая вечные истины.

Чуткость Антощенко-Оленева, трепетность его стиля и внимание к жизни во всех ее проявлениях привели к разработке им национальной темы. Наиболее полно она воплотилась в портретной галерее, но не менее интересные решения предложены графиком в серии, воспроизводящей жизнь и быт казахского аула. Линогравюры «Песнь о далеком прошлом» (1960, 44x51) и «Концерт в полевом стане» (1961, 42x35) открывают в графике Антощенко-Оленева новую страницу романтического освоения темы. Годы целины, кульминация в истории советского Казахстана обусловили при выборе сюжета для художника передачу приподнятого состояния казахов, их радости и счастья. Несмотря на казахстанское «содержание» темы, предусматривающей интернациональный подход, автор остановился на точке зрения казахского народа. На первой гравюре изображен старик с домброй, в портрете которого угадывается близость с обликом Джамбула. Допустим, конечно, широкое толкование, автор обобщает в образе героя поколение казахов, с юности переживших с Советской властью свою жизнь. Об этом песня старика, символизирующего опыт казахского народа. Профиль и устремленный вдаль взгляд призваны передать философскую сентенцию, дидактический пафос песни, а поднятая домбра символизирует эмоциональный порыв, приподнятое состояние героя, его взволнованность. Взгляд поющего старика обращен в прошлое. Одежда, черты лица, поза выводят сюжет гравюры за рамки происходящего, расширяют перспективу изображения. Молодые пальцы, летящие по струнам домбры, благородство лика делают героя певцом не только истории, но и современной жизни.

Автор верен в изображении исторической темы реалиям: юрты, пасущиеся лошади и угадывающиеся силуэты элеваторов – это не только синтез времен, но утверждение эпохи, которую народ принял и нашел себя в ней. Автору удастся избежать догматизма и голой общественно-политической риторики: слева на заднем плане зигзагом петляющая дорога ведет к мечети. Затерявшаяся, почти у горизонта мечеть – это не вписывалось в требования поэтики соцреализма, но отражало реалию казахской жизни, казахской культуры. Это надежда на веру сливается с образом певца, персонифицирующего казахскую историю, и придает с современной точки зрения глубокий смысл оценке истории. Эта миниатюрная мечеть на заднем фоне обладает суверенным статусом и сообщает гравюре философский смысл и реализует идею о вечных ценностях человечества.

Гравюра «Концерт в полевом стане» воспроизводит один из моментов праздника трудового целинного люда. Это праздник осмыслен русским художником в координатах национального сознания. Три фигурки танцовщиц коррелируют с сакральным для казахов числом. Их развевающиеся косички и платья в полете танца похожи на всадников на конях. Пластика танца и грация тел составляют центральное композиционное звено и кульминацию сюжета. Освещающий их луч прожектора делает движения танцовщиц интенсивными и полными эмоциональной выразительности.

Кольцевая композиция образована полукружиями сидящих зрителей. Почему автор акцентировал детали казахского костюма: кимешеки (головные уборы замужних женщин), мужские колпаки, камзолы (женские жилеты) и т.д. Так подчеркнута начало новой эры в жизни казахов. Танец символизирует для сельских жителей – целинников новое время, такое же свободное, красивое, радостное. И луч прожектора – это свет в многострадальной жизни казахов.

Концепция нового времени передана и в фигурах заднего плана. Это освещенный вагончик с приоткрытой дверью. В дверном проеме и окнах его множатся зрители, многократно отражая ряды зрителей у импровизационной площадки; это поля в глубине гравюры; фигуры всадников, для которых труд продолжается и ночью.

Правоммерно отметить здесь такую особенность метода Антощенко-Оленева, когда множественность выполняет функцию единства и семантически обобщает концепт счастья. Контраст ночного пейзажа и освещение танца не антагонистичны, а обладают идеей слиянности.

Таким образом, мы видим специфику художественного метода Антощенко-Оленева в решении исторической темы. Это преобразование казахского края и революционная романтика гражданской войны на Севере. Помимо традиций русского реализма, проявившегося в психологической функции детали, намечена и передача реализма путем освоения национальной темы. Пейзажная тема выявила в графике Антощенко-Оленева тяготение к традициям живописи передвижников.

Особое направление в графике Антощенко-Оленева 60-х годов составляют работы, посвященные дальним краям. Это «Индианка» (1960, 27x21), «Крестьянка Мадраса» (1960, 25,5x25), «Фрагмент фрески Аджанты» (1961, 35x25), «Индианки» (1962, 23,5x33,5). Здесь очевиден экзотический этнографический налет первооткрывателя чужеземья. В портрете индианки фактологическая

достоверность уравновешена психологией иноземной женской красоты. На фоне пальм, бедного жилища показана простая крестьянка. Огромные глаза таят грусть, переброшенная коса свисает на скромное сари. Красота крестьянки выразительна и в грусти, заложившей скорбные складки у рта, и согнувшей ее плечи. На фоне популярных в эти годы индийских фильмов с их неизбежно счастливым концом такое восприятие Индии передает типичный для художника реализм. Создание национального колорита преодолевается в этой гравюре реалистическим изображением судьбы крестьянки. Своего рода пунктирность работы, скупость средств изображения, лаконизм сюжетного ряда оставляют впечатление недоговоренности, создают ощущение стиля заметки.

Более позитивной и оптимистичной является гравюра «Крестьянка Мадраса». Образ героини воплощен в живописной манере: плавность линий корпуса тела и спокойной позы, столь же спокойный взгляд, руки, перебирающие дыни, горой сваленные у ее ног, напоминают работы художника узбекской серии.

Если к образу крестьянки стянут композиционный центр гравюры, то дополняющими его ракурсами являются пейзаж и жилища, вносящие в работу мотив быта. Красота женщины, ее выразительные бездонные глаза, свободно спадающий платок символизируют умиротворенность и гармонию ее жизни. Зарисовочность жанра путешествий дополнена здесь, в сравнении с описанной выше работой, полнотой осмысления жизни женщины Мадраса.

«Фрагмент фрески Аджанты» вносит в палитру художника новизну решений, обусловленных жанровой концепцией фрески. «Большая Советская энциклопедия» дает такое определение фрески: «Фреска (от итал. *fresco*, буквально – свежий), техника живописи красками (на чистой или известковой воде) по свежей, сырой штукатурке, которая при высыхании образует тончайшую прозрачную плёнку кристаллического карбоната кальция, закрепляющую краски и делающую Фреску долговечной; Фреской называют также произведение, выполненное в этой технике. Фреска, позволяющая создавать монументальные композиции, органически связанные с архитектурой, является основной техникой стеновых росписей». Другими словами, художник воспроизводит графическую интерпретацию фрагмента бытующей в архитектуре фрески, что обуславливает, казалось бы, своего рода вторичность гравюры Антощенко-Оленева. Однако при ближайшем анализе гравюры выясняется следующее. Композиционная симметрия, характерная для всех графических работ Антощенко-Оленева, осложняется здесь множеством действий. Если в описанных выше работах функцию единства и символическую многомерность воссоздавала множественность лиц, образов, то здесь каждый образ воплощает отдельное действие, и через него обретает самостоятельное значение в общей композиции. Завершенность каждой фигуры корреспондирует с акцентированной сюжетно и стилистически фигурой танцовщицы. Восточный дискурс гравюры усилен движениями танцовщицы. Симметрия движений и рук, ног, корпуса тела, позы организует композиционный центр. Этой симметрии противопоставлены устремленные к ней и подчиненные в этом движении тела других персонажей.

Прислуга образует остальной персонажный ряд, социальные признаки переданы в деталях. Опахало, блюдо с дымящейся едой, признаки невольничьей одежды являются художественной антитезой томному, пронзенному негой телу танцовщицы. Эта работа передает впечатление путешественника-чужестранца, очевидность этого проявляется в подчеркнутой экзотике.

Гравюра «Индянки» воскрешает тему труда. В женщине, которая занята ткачеством ковра, на фоне пальм, принадлежность индийскому народу передана в одежде, окутывающем тело сари. Гравюра, скорее, зарисовка. Сиюминутность впечатления сделала для автора актуальной симметрию геометрических форм. Согбенная в занятии женщина на прямоугольнике ковра – такой композиционный ряд передает идею слияния человека в труде со своим результатом. Увлеченность, объясняющая отстраненность героини, психологически и стилистически автором не завершена. Очевидно, автор и не ставил такой цели. Тем не менее, и в этой работе можно увидеть черты стиля Антощенко-Оленева. Это дифференциация планов изображения. Создающая интонацию повествования и позволяющая рассматривать его гравюру как нарративный текст и глубокую идейную и эмоциональную связь между уровнями изображения.

Портретная галерея Антощенко-Оленева – это направление графики, характеризующееся не только наибольшей длительностью во временной перспективе: с 60-х по 80-е годы прошлого века. Анализ портретной галереи позволяет установить связь художественного образа и национальной культуры, его породившей. Портретная галерея 60-х годов представлена следующими работами: «Портрет В.И. Ленина» (1957, 47х37); «Лауреат Ленинской премии - дирижер Е. Мравинский» (1961,

49x34); «Портрет Ф. Листа, (1962, 33x57); «Портрет Эйнштейна» (1962, 59x43); «Портрет П. Пикассо» (1962, 37,5x46); «Портрет О. Ренуара» (1962, 44x41); «Портрет Винсента Ван-Гога» (1962, 42,5x33); «Портрет Анри Матисса» (1962, 33x45); «Портрет Гогена» (1962, 42,5x42); «Портрет Эрнеста Хемингуэя» (1964, 47x43); «Садыков С.Д. в роли Манаса» (1967, 25,5x25,5).

Интересно, что в период *оттепели* художник стремится «объять необъятное». Люди, персонифицирующие достояния мировой культуры, воспроизведены автором в системе созданных ими творений. Художники – на фоне сюжетов их картин, ставших мировой классикой, ученый – на фоне формул теории относительности, дирижер – за пультом, актер – на фоне декораций, в гриме и костюме. Устойчивость стилистического приема, когда метафорой творчества не только поверяется гармония искусства, но и предпринят опыт прочтения тайны творчества, – такой прием сближает графику Антощенко-Оленева с живописью. Семиотика творчества и творений художников – основной, объединяющий портретную галерею 60-х годов прием.

В портретной галере Антощенко-Оленева 70-х годов также прослеживается устойчивая тенденция воссоздания образов деятелей мировой и казахской культуры. Это «Портрет Дега» (1970, 33,5x46); «Портрет В. Мейерхольда» (1970, 54x31,5); «Портрет Ш. Айманова» (1970, 57x46); «Портрет Беимбета Майлина» (1972, 60x45); «Портрет Бауржана Момыш-улы» (1975, 57,5x40,5); «Абай» (1977, 49,5x41); «Портрет писателя Анова» (1977, 40x50); «В Эрмитаже. М. Ауезов в студенческие годы» (1978, 45,5x42).

В этот период автор избегает прямой аналогии героя и его творения и каждый раз индивидуальность осмысления личности героя отражает поступательное движение графика к новым стилистическим приемам. При этом универсальным, в силу жанровой концепции портрета, является передача сходства героя и прототипа.

«Портрет Дега» интересен не только сходством с французским художником-импрессионистом, но и передачей портретного сходства в стиле самого Дега. Знаменитая пастель Дега «Голубые танцовщицы» стали источником художественного параллелизма у Антощенко-Оленева. И два плана изображения – герой и его творение как семиотический знак художника, и манера воспроизведения образа. Композиционная четкость на фоне импрессионистической мелкой штриховки переносят нас в эпоху господства салонной живописи, которой противостоял Дега. Это противостояние привело у Антощенко-Оленева к реалистической манере создания фона и соединения планов изображения.

«Портрет В. Мейерхольда» также тяготеет к созданию концепции эпохи. Автор использует стиль плаката для передачи идеи революционного театра. Футуристическая концепция эпохи и героя привела к решению фона в виде цитат, Лефовской конструктивистской тематики. Монументальность портрета режиссера сочетается с аристократизмом облика, стиля одежды и запечатленностью мгновения. Профиль выдает в герое Антощенко-Оленева гордого и властного человека.

В «Портрете Ш. Айманова» Антощенко-Оленев отступает как от выработанного им жанрового подхода (линогравюра), выбирая жанр литографии, так и от семиотического прочтения образа. Литография обязывает автора прежде всего в тематическом отношении к масштабной концепции личности. И Антощенко-Оленев находит необычный способ воплощения образа Айманова. Создав идею планетарной личности (показав режиссера и актера на фоне галактики), автор обосновывает значение Айманова не только для локальной казахской культуры, но подлинно мировое значение.

Неожиданное решение нашел Антощенко-Оленев для «Портрета Беимбета Майлина». Ожидаемый акцент на трагической судьбе репрессированного писателя, оправдываемый логикой судьбы и поворотами истории, отклонен как наиболее прогнозируемый. Портрет зрелого (Майлин ушел из жизни молодым), академичной внешности, уважаемого человека – может, таким видел художник будущее писателя. Не оборвись его жизнь так трагически и быстро? Правомерность такой трактовки подсказывает и фон – цветущий край. Каким не застал его Майлин.

«Портрет Бауржана Момыш-улы» открывает в графике Антощенко-Оленева новую страницу романтической парадигмы – героическую ее модификацию. Воспроизведение реалий фронтового быта, сражений и крупным планом портрет Героя Советского Союза выполнен в приемах батальной живописи, наиболее близкой при решении исторической темы.

Необычное решение сопровождает линогравюру «Абай». Модернистская трактовка темы вопреки стилю Антощенко-Оленева и эпохе им изображаемой, открывают для нас новаторство графика. Своего рода театральность, зрелищная событийность сюжета – вскинувший голову читатель Абая на заднем фоне и театральная маска на грифе домбры – таковы приемы декора, искусственность которых отдает колоритом Запада на фоне величия Абая, воплощения национального.

«Портрет писателя Анова», напротив, выполнен в традициях бытописательной манеры. Достоверность интерьера, антуража близки к повествовательным приемам классического реализма, с его приемами передачи психологии человека через его бытовое окружение.

Таким образом, мы видим, что графические работы В.Антощенко-Оленева разнообразны и выполнены в его излюбленной черно-белой линогравюре, которые несут в себе дыхание эпохи и запечатлевшие образы героев его современников.

Список использованной литературы:

1. Антощенко-Оленев Валентин Иосифович (1900-1984) [электрон.ресурс]. – 2019. – URL: <http://tramvaiiskusstv.ru/plakat/spisok-khudozhnikov/item/891-antoshchenko-olenev-valentin-iosifovich-1900-1984.html> (дата обращения: 10.12.2019);
2. Антощенко-Оленев, Валентин Иосифович // *Казахстан. Национальная энциклопедия.* – Алматы: *Қазақ энциклопедиясы*, 2004. – Т. I. – с. 228. – ISBN 9965-9389-9-7.;
3. *Мастера изобразительного искусства Казахстана: сб. науч. стат., 4 вып. / Ергалиева Р.А., Труспекова Х.Х, Шарипова Д. С., МОН РК, Ком. науки, ИЛИ им. М. О. Ауэзова.* - Алматы: *Жибек жолы*, 2009. - 198 с.;
4. Абишева О.Т., Бейсенгали Б.Б. *История изобразительного искусства Казахстана // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, серия «Көркемөнерден білім беру: өнер - теориясы - әдістемесі» сериясы, №2(59), 2019. – С.130-134.*

ӘОЖ 745/749
МРНТИ 18.31.51

Ибраимов Үсен

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
Өнер, мәдениет және спорт институтының «Дизайн» кафедрасының аға оқытушысы,
Қазақстан Республикасының Суретшілер Одағының мүшесі.
Қазақстан. Алматы қ-сы., E-mail: usen.ibraitov61@gmail.ru*

**ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІНДЕ ҚОЛ ӨНЕРІНІҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ТҮСІНІКТЕРІ**

Аңдатпа

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бастап соңғы жылдары ұлттық тарихымыз бен мәдениетімізді ой елегінен, ғылыми зерде сүзгішінен қайта өткізіп, материалдық және рухани құндылықтарымызды жаңғыртып, ұлттық мәдениеттің қайнар көздерін зерттеу жұмыстары жандана түсуде. Адам жеке тұлға ретінде әлемді тануға ұмтылған кезде оны бейнелеп қана қоймайды, ол оны жетілдіріп, дамытуға да тырысады. Сондықтан өмірді жоғарғы рухтың, үйлесімділіктің өте нәзік заңдылықтарына сәйкес өзгертем, яғни оған өз тұрғымнан үлесімді қосам деген жеке адам барлық өмірін шығармашылық әлемінде өткізеді, өмірін соған сарп етеді. Өйткені, қол өнер шығармашылығы адамның рухани болмысымен астасып, оның мәндік түп тамырын айқындай түседі. Қысқасы, халық өзінің барша болмысында бір сәт шығармашылық тұғырынан тайған емес. Қазақ халқының қол өнерінің ертеден келе жатқан ежелгі бай тарихы мен өнегелі дүниетанымдық түсініктері бар, басқаға ұқсамайтын өзіндік ерекшеліктері мол. Енді осыған орай, автор мақалада қазақ халқының материалдық мәдениетінде қол өнерінің ерекшеліктері мен дүниетанымдық түсініктерін жан-жақты, терең қарастырып, оған талдаулар жасауға тырысқан.

Түйін сөздер: қол өнері, қазақ халқы, материалдық мәдениет, дүниетаным, ерекшеліктер, зергерлік өнері, ою-өрнектер, әшекей бұйымдар, ұлттық

Ibraimov U.

*He is a member of the Union of Artists of Kazakhstan and a senior lecturer in the Design Department of the Institute of Art, Culture and Sport of the Kazakh National Pedagogical University named Abai.
Kazakhstan. Almaty., E-mail: usen.ibraimov61@gmail.ru*

WORLD NAME AND SPECIAL APPLIED EXCLUSIVE IN MATERIAL CULTURE OF THE KAYKHSKY PEOPLE

Abstract

Since gaining independence, in recent years, work has been intensified to study the sources of national culture, to revive material and spiritual values, and to revive national history and culture. When a person seeks to know the world as a person, he not only symbolizes it, but also seeks to improve and develop it. Therefore, a person who wants to change his life in accordance with the very gentle laws of high spirit, harmony, that is, to contribute to it, spends his whole life in the world of creativity, makes his life more vivid. After all, folk applied art is combined with the spiritual being of a person and determines its semantic roots. In short, in their realities, the people never gave up on their realities and never slid to the bottom of the creative. The Kazakh people have an ancient rich history and moral worldview. In this regard, in the article the author sought to comprehensively, deeply consider and analyze the features and worldview of applied art in the material culture of the Kazakh people.

Key words: applied art, Kazakh people, material culture, worldview, features, jewelry, ornaments, decoration, national

Ибраимов У.

*Член Союза Художников Казахстана, старший преподаватель кафедры «Дизайна» института искусства, культуры и спорта Казахского национального педагогического университета имени Абая.
Казахстан. г. Алматы, E-mail: usen.ibraimov61@gmail.ru*

МИРОВОЗРЕНЧЕСКИЕ ПОНЯТИЕ И ОСОБЕННОСТИ ПРИКЛАДНОГО ИСКУССТВА В МАТЕРИАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЕ КАЗАХСКОГО НАРОДА

Аннотация

С момента обретения независимости в последние годы активизируется работа по исследованию источников национальной культуры, возрождению материальных и духовных ценностей, возрождению национальной истории и культуры. Когда человек стремится познать мир как личность, он не только символизирует его, но и стремится его совершенствовать и развивать. Поэтому человек, желающий изменить жизнь в соответствии с очень нежными закономерностями высокого духа, гармонии, то есть внести свой вклад в него, проводит всю жизнь в мире творчества, делает ему жизнь более яркой. Ведь народное прикладное искусство сочетается с духовным бытием человека и определяет его смысловые корни. Короче, говоря, в своих реалиях народ никогда не уступал от своих реалиях и никогда скользил творческому к дну.

Казахский народ обладает древней богатой историей и нравственными мировоззренческими понятиями. В связи с этим, в статье автор стремился всесторонне, глубоко рассмотреть и проанализировать особенности и мировоззренческие представления прикладного искусства в материальной культуре казахского народа.

Ключевые слова: прикладное искусство, казахский народ, материальная культура, мировоззрение, особенности, ювелирное искусство, орнаменты, украшение, национальное

Кіріспе

Қазақ халқының материалдық мәдениеті мен өнері жөнінде айтқанда, біріншіден, тарих тезінен өтіп, өзіндік сипатын сақтап келген халықтың рухани қазынасын айтамыз. Бұл қазіргі мұражайларда тұрған тарихи көне ескерткіштер болса, екіншіден, қазіргі халық шеберлерінің қолынан шыққан көркем бұйымдар. Үшіншіден, осы халықтық бұйымдардың қазіргі кезеңде жаңаша көрініс табуы.

Ұлттық материалдық мәдениетіміздің тарихында ұсталық, зергерлік өнері ерекше орын алады. Мәдени мұрамыздың ең негізгілерінен саналатын зергерлік өнері (өйткені көп жағдайда зергерлер - бірнеше өнерді қатар меңгерген, әмбебап шеберлер, бесаспап адамдар) халқымыздың өткен дәуірлердегі материалдық мәдениет дәрежесін, рухани мәдениетін бейнелейді.

Зергерлік өнері Қазақстан жерінде бұдан бірнеше мыңдаған жылдар бұрын пайда болған. Оның пайда болуы о баста малшылық, егіншілік, аңшылық құрал-жабдықтарын жасауға, оларды өз жерімізде кездесетін асыл тастармен, түсті металдармен әшекейлеуге тығыз байланысты. Археологиялық деректер бірнеше жүздеген, мыңдаған жылдар бойында қазақ даласында мыс, қалайы, күміс, алтын сияқты түсті металдар өндіріліп келгендігін көрсетіп отыр. Мысалы, Ә.Марғұланның зерттеуі бойынша біздің заманымыздан бұрынғы IV мың жылдықтың аяғы мен III мың жылдықтың басында-ақ, яғни энеолит дәуірінде Орталық Қазақстанда кен өндіріле бастайды [1, 7]. Академик Қ.И.Сәтбаевтың көрсетуінше көне Жезқазғанда 1 миллиард тонна мыс рудасы өндірілген [2, 69]. Жезқазғанда ертеде қорытылған таза мыс көлемі шамамен 100 мың тоннадай болған [3, 266]. Біздің заманымыздан бұрынғы II мың жылдықтың екінші жартысында Орталық Қазақстан Еуразия континентіндегі металлургиялық орталықтардың біріне айналады да, мыс тек жергілікті қажеттілік үшін емес, тайпалар арасындағы айырбас қажеттілігі үшін де өндіріледі [4, 9].

Түркі халықтарының сан ғасырлар бойы жасаған “көшпелілер мәдениеті” адамзат өркениетінің, ал қазақ халқының мәдениеті көне түркілер мәдениетінің құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақ халқының материалдық мәдениеті тарихи-этнографиялық, әлеуметтік-философиялық, лингвистикалық, өнертану, мәдениеттану тұрғысынан көп жылдар бойы үздіксіз зерттеліп келе жатыр.

Қазіргі ұлттық қолөнері Қазақстан жерін мекендеген ертедегі көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы тайпалардың аңшылық, малшылық, егіншілік кейінірек саятшылық кәсіптерінің шығып-дамуымен сабақтас, өзара қарым-қатынасы негізінде пайда болып, өзінің дамуы барысында шығармашылық сипатқа ие болып, өз ішінде әр түрлі салаға бөлінетін өнер түріне айналған. Қазақ қолөнері – қазақ топырағында дүниеге келген, ұлттық ерекшелікті бойына сақтаған байырғы өнер. Қазақ шеберлері туған өлкеміздің табиғи байлықтарын өңдеуді жоғары деңгейде игеріп, оларды өз орнымен пайдаланып, өсімдіктерден, тас пен құмнан, саздан, сүйектен, теріден, темірден сан алуан шаруашылық және тұрмыстық құрал-саймандарын, алтын мен күмістен, асыл тастардан зергерлік әшекей бұйымдарын жасап, көпшіліктің сұранысын, қажетін қанағаттандырып отырған.

Қазақ қолөнерін зерттеу жұмысы тарихшылар мен этнографтардың, археологтардың ғана емес, көптеген саяхатшылар мен коллекционерлердің назарын аударып келген. Материалдық мәдениеттің, қолөнерінің өткендегісі мен бүгінгі даму жағдайын, оның өзіне тән ерекшеліктерін методологиялық тұрғыдан зерттеу қазіргі күнде де толастаған жоқ. 20-ғасырдың алғашқы жартысына жататын кезеңдегі зерттеулерде қазақ қолөнерінің сипаты, шығармашылық әлеуеті, даму мүмкіндігі дұрыс бағаланбады. Мәселен, Л.Левшин, А.Чепелов сияқты орыс ғалымдары өз заманындағы Қазақстан мен Орта Азияда таралған ою-өрнек үлгілеріне таң қалып, таңдай қақса, С.М.Дудин күнделікті тұрмыстық бұйымдар зауыт-фабрикаларда жасалып, сауда орындарына түсуіне байланысты жойылады, қажеті болмай қалады деп санайды; Р.Картуц, Е.Р.Шнейдер тәрізді зерттеушілер болса, қазақтың ою-өрнектері иран мәдениетінен алынған, иран мәдениетінің көрінісі, олар қазақтың ұлттық өнеріне жатпайды деген тұжырым жасаған. Сөйтіп, мұндай зерттеулерде қазақ қолөнерінің ұлттық негізі жоққа шығарылады.

Қазақ ғалымдары академик Ә.Марғұланның, Т.Бәсеновтің, С.Қасимановтың, Х.Арғынбаевтың т.б. зерттеу еңбектері қазақ халқы қолөнерінің даму тарихын, ұлттық негізін жан-жақты дәлелдеп берді.

Қазақ ғалымдарының еңбектерінде қолөнерінің мыңдаған жылдық тарихы бар екендігі, оның қазақ топырағында қалыптасқандығы жан-жақты дәлелденді. Бүгінгі күнде Қазақстан ғылымында ұлтымыздың тілін, дүниетанымын, материалдық және рухани байлығын, ділін, экономикалық - әлеуметтік жағдайын т.б. зерттеу жұмысы жандана түсуде. Өйткені қазіргі уақытта ғаламның батыстық үлгісі негізіндегі жаһандану процесіне қарсы тұрып, тілімізді, ділімізді, ұлттық төлтума болмысымызды сақтап қалуға айрықша мән беріліп, тәуелсіздікке қол жеткеннен бергі жерде ұлтымыздың тарихы қайта қаралып, қайтадан зерде “сүзгішінен” өткізіліп, ұлттық мәдени құндылықтар жаңғыртылып, ұлттық мәдениеттің қайнар көздері зерттелуде.

Философтардың пайымдауынша дүниетаным дегеніміз адамның дүниеге (әлемге) деген рухани қатынастарының негізі болатын және солардың бәрін жалпылама түрде қамтитын, адам мен әлемнің

саналуан арақатынасын білдіретін ұғым екен. Олар: "адамның дүниемен байланысы, оны тануы белгілі ұлттық жағдайда қалыптасатындықтан, дүниетанымның ұлттық белгілері болады",- деп анықтама береді [5, 33 б.]. Осыған байланысты философтар Избасар Ерғалиев пен Ғазиз Телібаев дүниетанымның түрлерін саралайды. Ол дүниетанымның шығу тегін, жеткізу ерекшеліктерін, оны жүзеге асыру құралдарын белгілейді екен. Ал дүниетанымның сатылары деп олар сол әр түрінде кездесетін, өзіндік көзқарасқа алып келетін дүниені ұғыну сатыларын айтады. Дегенмен дүниетанымның сатылары хаосты және уақытқа байланыссыз қалыптаспайды. Ол әруақыт ретті, жүйелі әрі уақыт аралығында қалыптасады. Дүниетанымға ғылыми көзқарас, әрине, ғылыми дүниетанымнан туындайды. Мәдениет, рухани өмір тұтас алғанда дүниетаныммен байланысты. Кейбіреулер қазіргі адамда өз мағынасында дүниетаным болмайды деп есептейді. Егер дүниетаным болмаса мәдениеттің де болмағаны. Егер біз дүниетанымды алға шығарсақ, сол секілді адамгершілікті, ізгілікті, иманжүзді әлемтану мен өміртануды жоғары қоятын болсақ, біз мәдениеттің құлдырауын тоқтатып, табиғи, жанды мәдениетті жаңғыртқан болар едік [6, 60 б.].

Соңғы шыққан сөздіктердің бірінде дүниетаным дүниеге деген көзқарастар жүйесі мен адамның осы дүниедегі орнын анықтайды, оның осы дүниеге, басқа адамдарға, өз-өзіне қатынасын анықтай отырып, тұлғалық қалыптасуына әсер етеді [7, 639 б.]. Осы сөздіктерде адам - қоғам - табиғат арасындағы өзара байланысқа жүктелгенмен біздің ойымызша дүниетанымның әлеуметтік және ұлттық негіздері бар екендігі сөзсіз. Дүниетанымның ұлттық негіздері тұрақты әлеуметтік қоғам қалыптастырған алғышарттарға сүйенетіндігі сөзсіз. Кейін әлеуметтік қоғам дамып және оның іргелі тұғырлары мен қондырмалары өзгеріске ұшырағанның өзінде дүниетанымның ұлттық белгілері бұрынғы қалыптасқан дәстүрлі негізден ауытқымақ емес. Себебі ол ұлттық ділдің, яғни ұлттық менталитеттің негізін анықтайды. Қалыптасқан және тұрақты дүниетанымдық көзқарастарға байланысты біз өзіміздің ұлттық қасиеттерімізді танимыз. Қазақ екендігімізді білеміз. Қазіргі заманда бүгінгі күн тудырып отырған қоғамдық сана халықтық дүниетанымның сыртқы келбетін өзгерткенмен, біз бұрыннан қалыптасқан ұлттық сананың, салт-дәстүрдің, ырым-жоралармен 21 ғасырдың басына дейін жеткен халықтық мұралардың негізінде дүниетанымның ұлттық негіздерін тани аламыз.

Сондықтан да қол өнері бұйымдарында, соның ішінде зергерлік өнерде мифтік бейненің пластикалы көрінісін байқауға болады. Зергерлік өнерде алдымен пәле-жала, қауіп-қатерден қорғаушы ретінде көрінсе, екіншіден, ол - әлемдік модельдің бейнесі. Одан кейін ол эстетикалық қасиетке ие.

Зергерлік өнер қол өнері бұйымдарының ішінде ерекше көркем, сәнділікпен байланысты өнердің түрі.

Қазақ дәстүрлі мәдениетінде пішін, бояу түсі, өрнек сызықтары ғана емес, материалдың өзі де рәмізді мағынаға ие. "Зер" сөзі алтын деген мағына білдіргенмен, қазақ зергерлерінің сүйіп пайдаланатын материалы күміс болған. Күміс-киелі материал. Бұрыннан күміспен тазалық түсінігі байланыстырылады. Мысалы, жаңа түскен келін тағам жабдығымен еркін араласып кетуі үшін оған енесі өзінің білезігін сыйлаған немесе жігіт келіншегіне әдейілеп күмістен қос білезікті жүзік соққызған. Сәбиді қырқынан шығарғанда да оны күміс теңге салынған суға шомылдырады.

Ал, кейбір әшекейлердің кейінгі кездері әдебиеттерде айтылып жүрген мағынасына тоқталсақ, олардың көркемдік шешімінің кездейсоқ болмағандығын байқаймыз.

Халық әшекейлері тәрбие-тәртіпке, әдет-ғұрыпқа, салт-сәнділіктерге лайық туындалған. Қазақтың көшпелі тұрмыс жағдайында адамгершілік, мейірімділік, әділеттілік тәрбие ұғымдарын жастарға осындай дүниелер арқылы жеткізіп, түсіндіріп отырған.

Сөйтіп, зергерлік бұйымдардың пішіні, кескіні, өрнектері, атқарар қызметі әдет-ғұрып, наным-сенім, киелілік мағыналарына ие. Сондықтан қазақ халқының эстетикалық дүниетанымы әуел бастан зергерлік бұйымдарда оның формасынан, композициясының структуралық түзілімінен көрініс тапты. Кез-келген әшекейдің бойтұмарлық қасиеті болғандығын байқауымызға болады. Әрине, бұрынғы кезде де, қазір де өзінің әсемдік, көркемдік сипатын зергерлік бұйымдар жоғалтқан жоқ.

Негізгі бөлім

Адам баласы өте көне дәуірлерден бері түрлі кәсіппен шұғылданып келе жатыр. Өмір сүру үшін алғаш аңшылық, одан мал шаруашылығымен, егін егумен, бірте-бірте қолөнерімен айналысып, бүгінге дейін кәсіптің көптеген түрлерімен шұғылданғаны, қазір олардың өндірістік сипат алғаны белгілі. Әр заманда да кәсіптің түріне орай көптеген сөздер қолданылған. Кәсіп пен шаруашылық

түрінің молдығы Қазақстан жерінің ерте заманнан-ақ кең, табиғатының бай екендігімен сипатталады. Мысалы, қазақтың қолөнері мен ою-өрнегін тұңғыш зерттеушілердің бірі С.М.Дудин қолөнер бұйымдарының көптеп шығарылуына байланысты оның кейбір түрлері бірте-бірте өшіп, мүлдем жоғалады десе, Е.Р.Шнейдер қазақ қолөнері өзіндік ерекшелігі бар өнер емес, ол иран мәдениетінің бір бұтағы деп есептейді. Егер қолөнерінің әлі де халық қажетін өтей алатын, эстетикалық тәрбие құралы бола алатын түрлерін жоғалтсақ, оған өзіміз кінәліміз. Қазір қолөнерін насихаттау, дамыту, оның озық үлгілерін, әдіс-тәсілдерін игеру т.б. бір сөзбен айтқанда оны сақтап, халық игілігіне жаратуға қатысты тиісті жұмыстар жүргізілуде. Ел мен елдің мәдени, рухани байланыстарын жоққа шығаруға болмайды, бірақ бірнеше мыңдаған жылдық әлеуметтік-экономикалық тарихы бар, жер-суы, қалыптасқан шаруашылығы, өзіндік әдет-ғұрпы, бай әдебиеті, өзіндік бет-бейнесі бар халықтың бүкіл бір өнерінің шығу тегін тұтастай басқа бір халықтың мәдениетінен іздеу ғылымның ауыр, машақаты көп бейнетінен қашу деп білеміз. Кейбір батыс ғалымдары шығыс халықтары ою-өрнегінің қалыптасуына сол елдерге тараған ислам дінінің құдайдың және адамның суретін салуға тиым салғандығы себеп болса керек деп түсіндірмек болған. Археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылып отырған қолөнер бұйымдарының тамаша үлгілері исламизмнің қазақ даласына жайылуынан әлдеқайда көп замандар бұрын жасалған. Сондықтан ою-өрнек тарихын исламизммен байланыстырудың ешбір ғылыми негізі жоқ.

Этнографиялық, өнертану саласындағы зерттеулерде ұсталық өнері мен зергерлік өнері бір-бірімен өте тығыз байланыста қарастырылады, өйткені осы екі өнер де металдан сан алуан үй бұйымдарын, тұрмыстық заттар мен сәндік бұйымдар, қару-жарақ жасаған. Ұсталар, негізінен, темірмен, ағашпен жұмыс істеген. Соған орай ағаш ұстасы, темір ұстасы деп айту да қалыптасқан. Ұсталық өнердің зергерлік өнерден айырмасы: ұсталардың бәрі бірдей зергерлік өнерімен айналыспаған. Осы екі өнердің тағы бір ұқсастық жағы ұсталар да, зергерлер де құрал-саймандардың көпшілігін өздері жасап алатын, көрік, төс, балға, балта, шапқы т.б. құрал-саймандар – екі өнерге бірдей қажетті, ортақ заттар.

Қолөнер бұйымдары тұрмыстық, шаруашылық, әскери т.б. қажеттіліктерді өтеумен бірге қоғамның әлеуметтік жіктелісін көрсететін, реттеушілік яки эстетикалық т.б. қызмет атқаратын болса, оған қатысты салт-дәстүрлер, наным-сенімдер мен тыйымдар жас ұрпақтың ұлттық таным көкжиегін кеңейтіп, еңбекке, адамгершілікке, өскен ортасын, отанын сүйуге, тазалыққа, төзімділікке т.б. тәрбиелеу қызметін атқарған.

Ертеде зергерлік бұйымға асыл тас орнатып әшекейлеудің эстетикалық қызметінен гөрі оның этнографиялық мәні басым болған. Әшекейге тас қондырып, оны көз деп атаудың сыры, біріншіден, асыл тастарды қасиетті деп тануға (мұндай түсінік барлық халықтарда кездеседі), екіншіден, адам көзінің ерекше қасиеттері болады деген көне ұғымға байланысты. Көзге байланысты көне түсініктердің бірін біз жыланның айдаһарға, айдаһардың адамға айналуын баяндайтын “Айдаһар” ертегісінен табамыз. Ертегінің айтуынша, егер жыланға жүз жыл бойы адамның көзі түспесе, ол айдаһарға айналады. Егер екі жүз жыл жыланға көз түспесе, оның маңдайы екі елі болады, сөйтіп түрлі түске (қыз, келіншек, хайуан т.б.) кіре алатын болады да, адамдарға қастық қылуы мүмкін. “Адамның көзі – аса асыл нәрсе”, - дейді аңыз (Қазақ халық әдебиеті. Ертегілер, 2 том., 244-245-б.). Демек, ертедегі адамдар ұғымында көз – қауіп-қатерден сақтаушы құдіретті күш иесі. Халық ұғымында ауру-сырқау да, өлім-жітім де адамның көзі тиюден, сұқтанып қарауынан болады. Тіл-көз тиюден сақтану үшін тұмар тағу салтының болғанын жоғарыда сөз еттік. Халық қиялында зергерлік бұйымдардың желеп-жебейтін қасиетін арттыру үшін, тіл-көз тиюден сақтану үшін айналадағының бәрін көріп-біліп отыратын көз орнату қажет деген ұғым қалыптасады.

Қазақтың зергерлік бұйымдарындағы кейбір ою-өрнек аттары жыланның дене мүшелерімен аталады. Таулы аймақтардағы жартастарда жылан суретінің ұшырауы, жыланның мүшел аты болуы оны киелі деп санаудың көрінісі деп түсінгеніміз дұрыс. Сондықтан қазақ ордалы жыланға тиіспеген, оны балаларға да ескертіп отырған. Жылан кездейсоқ бір себеппен киіз үйге кіріп кеткенде де оны өлтірмей, басына ақ құйып (айран, сүт) шығару салты болған. Өйткені үйге келген жылан – жұрт ұғымында шаңыраққа келген құт-береке; сол семьяның өсіп-өнуіне тілектес мақұлық.

Аңыз әңгімелерді, этнографиялық, ғылыми деректерді пайдалана отырып, ең алдымен жылан мен түсті металл қоры арасындағы байланысқа назар аударуымыздың себебі бар. Ертеректе кез келген әшекей зат секілді алтыннан жасалған бұйым тұмар қызметін атқарады. Жыланды алтын иесі, күзетшісі деп таныған жұрт тұмардың нағыз өзі ретінде жыланның басын тіл-көзден сақтайды деген сеніммен соңғы дәуірге дейін тағып келді. Бұл тұмарды жыланбас деп атаған: жыланбас –

балалардың тақиясына тағатын, жыланның бас сүйегі [8, 220]. Тұмардың бұл түрі өте ерте заманнан-ақ барлық түркі халықтарында кеңінен таралған.

Ежелден негізгі күнкөріс жолы мал шаруашылығы болған аталарымыз жыл мезгілдерін айыруды, мал төлдету, күзем қырку, бие байлау, күйек алу, соғым сою т. б. мерзімдерін, түнде жолаушыласа жол табуды немесе көшіп-қонғанда уақытын да, барар бағытын да аспан денелеріне (Темірқазыққа немесе Үркерге) қарап айырған. Демек, олардың күн, ай, жұлдыздардың қозғалысын, туатын және бататын кездерін ұзақ бақылау, зерттеу нәтижесінде туатын астрономиялық білімдері әжептәуір болған. Ертеде жұлдыздарды бақылап, жұртқа шаруашылық жайында кеңес беріп отыратын адамдар болған. Оларды халық “жұлдызшы”, “есепші” деп атаған. Халық оларды құрмет тұтқан.

Ертеде қазақтардың аспанға (көкке, тәңірге), күнге, айға, жұлдыздарға табынғаны белгілі. Оларды қасиет көрудің өзі, біріншіден, метеорологиялық, астрономиялық құбылыстардың сырын жете түсінбегендіктен, екіншіден, олардың тіршілік үшін маңызынан туған. Ш.Уәлихановтың қазақтардың наным-сеніміне, табиғат құбылыстары мен космологиялық түсініктеріне көңіл аударып, арнайы еңбектер жазғаны мәлім. Ол “Қазақтардағы шамандықтың қалдығы” атты еңбегінде былай деп жазады: “Табиғат пен адам. Өзіңіз айтыңызшы, тіршілікте одан ғажап, олардан құпия не бар? Әлемнің таңғажайыптығын тану, ұғу қажеттілігі, адамға қатысты өмір мен өлім мәселесі және табиғаттың құпиясына деген құштарлық шамандықты туғызды. Шамандық дегеніміз әлемдік дүниені сүю, табиғатқа деген шексіз махаббат және өлгендердің рухын қастерлеу, аруағын ардақтау. Ертедегі адамдардың нәресте, пәк көңіл-санасы күнді, аңды, жұлдыздарды, мәңгілік өзгерістерді, бүкіл жарық дүниені құрмет тұтты, осыларды біз табиғат немесе әлем дүниесі деп атадық” [9, 171-172]. Қазақтардың бұрынғы кезде қымыз ішуден бұрын бетін күнге қаратып, ағаш аяғындағы қымызын күншығысқа шашып, күнге бас иіп барып ішетін әдетінен күнге табынғанын, жаңа туған айды көргенде “Ай көрдім, аман көрдім. Ескі айда есірке, жаңа айда жарылқа” - деп бата қылып, шөп жұлып, үйдің босағасына әкеліп тастау ырымы айды қасиет санағанын көрсетеді. Айсұлу, Күнсұлу, Жұлдыз, Айжарық, Шолпан секілді кісі аттары да аспан әлемін дәріптеуден туғандығы күмән тудырмайды.

Қазақ халқының материалдық мәдениетінде ай, жұлдыз, күнге байланысты түсініктерден қалыптасқан ою-өрнекпен әшекейленген архитектуралық ғимараттар, қару-жарақтар, сауыт-саймандар, тұрмыстық бұйымдар мен зергерлік әшекейлер аса мол.

Қазақ салтында малды басқа теппейді, ұрып-соқпайды. Бұлай ету үлкен күнә есептелген. Өйткені қой, жылқы, түйе киелі болғандықтан, олардың қылы, жүні, сүйегі, тіпті тұяғы да қасиетті деп ұғады. Сөйтіп оларды тікелей тұмар ретінде пайдалану салт болады. Келе-келе мұндай ұғымдар ою-өрнекке ауысты; кейбір заттар, олардың бөлшектері малдың, аң-құстың дене мүшелеріне ұқсатып жасалатын болды, уақыт өткен сайын олардың бұрынғы информациялық мәні жоғалып, жануарлар стиліндегі бұйымдар эстетикалық қызмет атқаратын болды. Қазақ баласы төрт түлікті қадірлеп, қасиет тұтуы жағынан ешбір халықтан қалыспайды. Халық қиялы сонау ескі замандардың өзінде-ақ әр түліктің шығуы жөнінде аңыз-әңгімелер тудырған. Сөйтіп әр түліктің өз пірі, сақтаушысы бар деп түсінеді.

Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері зергерлік, ұсталық өнерінің байырғы замандардан-ақ көркемдік жағынан жоғары деңгейде болғаны дәлелдеп отыр. Мәселен, біздің заманымыздан бұрынғы IV ғасырға жататын, Алматы облысындағы Есік обасынан табылған алтын киімді адам және оның бойындағы сақтардың жануарлар стилінде жасалған алтын әшекейлер жинағы (олардың саны 4 мыңға жуық) әлемді таң қалдырған, дүниежүзілік маңызы бар ғажап оқиға болған еді, Бұл туралы жан-жақты, толық мағұлматты К.Ақышевтың кітабынан алуға болады [10]. Сол секілді Қарғалы бойындағы обадан, Кеген аймағының Ақтас қыстауынан табылған үйсіндер дәуіріне жататын алтын сырғалар мен алтын сақиналар, Бурабай көлі маңынан табылған ғұн дәуірінің алтын әшекейлері, Орталық Қазақстандағы Атасу обасынан табылған алтын сырғалар мен қалыңдықтың бас киімі (қазіргі сәукеле тәрізді), белбеу т.б. соңғы дәуірлерде жасалған зергерлік әшекейлер дүниежүзілік мәдениеттің інжу-маржандарының қатарынан орын алады. Мұндай заттық айғақтар зергерлік өнерінің Қазақстан жерінде өте ерте замандарда пайда болып, қазіргі заманымызға дейін келіп жеткендігінің дәлелі болып отыр. Археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған заттардың соңғы дәуірдегі қазақ шеберлерінің қолынан шыққан әшекей бұйымдарына ұқсастығын жоққа шығаруға болмайды, керісінше, олар көне заман қолөнерінің қазақ халқының ХІХ-ХХ ғасырлардағы материалдық мәдениетімен, зергерлік өнерімен сабақтастығын көрсетеді.

Зергерлік әшекейлер Тұмар ханым, Қыз Жібек т.б. ардақты әйелдер мен асқан сұлуларға арналған тас мүсіндерде (мысалы, сәукеле киген келіншекті бейнелейтін мүсіндер), атақты ел қорғаған батырларға қойылған ескерткіштерде (мәселен, алтын айдары, құлағында сырғасы, белінде кісесі бар мүсіндер) бейнеленіп отырса [11, 13], зергерлік бұйым, әдіс-тәсіл, құрал-жабдық атаулары халық ауыз әдебиеті үлгілерінде молынан сақталған.

Тарихи-этнографиялық, мәдениеттану тұрғысынан қарағанда зергерлік әшекейлер о баста тұрмыстық қажеттілікті өтейтін бұйым ретінде яки сән-салтанат, әсемдік үшін емес, тұмар ретінде тағылған. Ертеде аңдардың сүйегі, тістері, тұяғы, бүркіт, үкі секілді құстардың аяғы, ұлу қабыршықтары, жарқырап тұратын тастар т.б. киелі деп саналып, олардан моншақ, білезік, алқа, сырға т.б. заттар жасау орын алған. Кейінірек түсті металдарды өндеудің шығуына байланысты тұмар қызметін атқаратын бұйымдар мыстан, күміс пен алтыннан яки темірден, күміспен күптеліп, алтыннан соғылатын болды, асыл тастармен безендірілді. Зергерлік әшекейлердің о баста тұмар қызметін атқарғандығына тілімізде көз моншақ, үкіаяқ, жыланбас т.б. деп аталатын бұйымдар айғақ бола алады. Халықтың түсінігі бойынша бұл заттар адамды тіл-көзден, қауіп-қатерден сақтайды. Сондықтан әшекей бұйымдар халқымыздың наным-сенімнің де өнердегі бейнесі болып табылады. Сонымен қатар зергерлік бұйымдар мен түрлі заттар күнделікті тұрмыста өздерінің атқаратын негізгі қызметінен басқа әр алуан мақсатта қолданылып, түрлі ұғымдарды білдіреді. Атап айтқанда, зергерлік заттар сәндік мақсатта жұмсалудан бірге белгілі бір адамның шыққан тегін яки лауазымын, қызмет дәрежесін, жас мөлшерін, жынысын, кәсібін, қай руға, тайпаға жататынын, тұратын жерін т.б. ажыратып көрсететін белгі қызметін атқарған. Мәселен, қазақ даласында екі жарым мың жылдан бері белгілі мөрлі жүзіктерді хандар мен сұлтандар, атақты батырлар пайдаланса, бұдан екі үш мыңжыл бұрын жасалса бастаған сәукелені той салтанаты кезінде тек қалыңдық, жас келіншектер ғана киген. Сол секілді жыға, көзотаға, шоқ белбеу, алтын айдар т.б. деп аталатын әшекейлер мен бұйымдар адамдардың әлеуметтік жіктелісін, байлықты, батырлықты, билікті білдірсе, белбеулер (мысалы кісе белбеу), негізінде, иесінің жолаушы яки аңшы, батыр екендігіне меңзеген.

Жинақтай айтқанда, қолөнерінің кейбір салаларын қысқаша шолып өттік. Халқымыздың материалдық мәдениетіне байыптап қарасақ, күнделікті тұрмыс қажетін өтейтін қолөнерінің жете дамыған түрлі салалары болғандығын көреміз. Айталық, киіз басып, сырмақ сыру, киіз үйге қажетті бау-басқұр, алаша, кілем, аяққап тоқу, кесте тігу, киім тігу, ағаштан қырып ыдыс-аяқ жасау, тері илеу, ер қосу, өрім өру, сүйек өңдеу, тас қашау, алтын-күмістен сәндік бұйымдар жасау, қара темірден тұрмыстық, шаруашылық құралдарын жасау, арба, шана, қайық жасау, үй соғып, құрылыстар тұрғызу т.б. қолөнерінің тамаша туындылары болып табылады. Бұлардың бірсыпырасының қазіргі дәуірімізде өз маңызын жоймағандығы ақиқат. Қысқасы, халқымыздың дәстүрлі қолөнері материалдық және рухани мәдениетімізді тұтастықта бейнелейді.

Қазақ халқының материалдық мәдениетіне, кәсібіне, қолөнеріне қатысты деректерді ХІХ ғасырда жазылған Ш.Уәлихановтың, А.И.Левшиннің, Ә.Диваевтың, Х.Қостанаевтың т.б. еңбектерінен кездестіреміз. ХХ ғасырдың басындағы төңкерістен кейінгі дәуірден бастап қазіргі уақытқа дейінгі аралықта қазақ зерттеушілері тарапынан қолөнеріне байланысты тарихи-этнографиялық, өнертану, мәдениеттану тұрғысынан жазылған еңбектер аз емес. Атап айтқанда, энциклопедист ғалым Ә.Х.Марғұлан, Ә.А.Масанов, И.В.Захарова, Р.Д.Ходжаева, Т.Бәсенов, С.Мұқанов, М.С.Мұқанов, С.Қасиманов, Х.Арғынбаев, Ө.Жәнібеков, Ә.Тәжімұратов, Н.А.Оразбаева, Б.Сарыбаев, Д.Шоқпарұлы, Ж.Бабалықов, А.Сейдімбеков, О.Бейсенбекұлы, М.Нығмет, Б.Кәмалашұлы, А.Нәлібаев, Қ.Ахметжановтың т.б. еңбектерінен этностың рухани – материалдық мәдениетіне қатысты құнды деректерді кездестіруге болады. Дегенмен, солардың ішіндегі елеулісі Ә.Х.Марғұлан, М.С.Мұқанов, Х.Арғынбаев, С.Қасиманов, Ә.Тәжімұратов, Ө.Жәнібеков, Қ.С.Ахметжановтың еңбектері болып табылады.

Қазақ халқының материалдық мәдениеті, қолөнері жөнінде жазылған жоғарыдағы зерттеушілердің еңбектерінде айтылған ой-пікірлер, деректер, қарастырылған мәселелер осы күнге дейін өзінің құндылығын жоғалтқан жоқ. Өйткені бұл еңбектерде қолөнерінің бір ғана түрі емес, оның түрлі салалары ауқымды түрде қарастырылады.

Адамның қоғамдағы орнын, дәрежесін көрсететін белгі алтыннан соғылған көркем әшекейлер, сән-салтанаттық және белгілі бір жағдайларда киетін салттық (ритуалдық) киімдер, мол әшекейленген қару-жарық, аттың сәнді ер-тұрманы т.б. бұйымдар болды. Бұл заттардың бәрі жан-жануарлар мен аң құс мүсіндерімен, кейіннен оларды бейнелейтін ою-өрнектермен безендірілді. Мәселен, Алматы маңындағы Есік обасынан табылған көп заттардың арасында ерекше көзге түсетін

заттардың бірі – сабы алтын қапсырмалармен әшекейленген ақинақ-қанжар. Онда (қапсырмаларда) жылан, қасқыр, арқар, түлкі, киік, тау теке, қоянның шағын мүсіндері бар.

Зооморфтық бейнелерде сақтардың дүниетанымы, әскери көшпелілердің эстетикалық талғам-түсінігі, эстетикалық идеалы бейнеленеді. Жауынгерлік жорықтар заманында, шапқыншылық жағдайында қорғаныс пен шабуылға шығуға әрқашан дайын тұруға байланысты ерлікті, өжеттікті, әскери істі құрметтеу, оған бас ию салты келіп шықты. Міне, нақ осындай жағдайлардан келіп сақтардың сұлулық пен әсемдік туралы түсінігі, талғам-танымы нақтылы түрде көрініс табады. Сақ өнерінде көбіне-көп күшті, жыртқыш аңдардың, құстардың жақсы қорғана білетін жануарлардың бейнеленуі тегін емес.

Қазақ халқының қолөнері, оның түрлі салалары Қазақстан территориясын мекендеуші тайпалардың халық болып қалыптасып, біртұтас елге айналуынан кейін пайда болған жоқ. Қазіргі заманғы қолөнер түрлері ертедегі сақ, ғұн, үйсін, байырғы түрік өнерімен тығыз байланыста жатады да оның пайда болу, даму тарихы одан да тым көне заманнан басталады. Өнердегі осы байланыс, сабақтастық туралы акад. А.Х.Марғұлан атап айтқан болатын: “Есть основания полагать, что народное искусство казахов находится в генетической связи с искусством саков, усуней, гуннов и других племен, населявших в древности территорию Казахстана. Они имели сходные бытовые черты и форму хозяйства. Вели кочевой образ жизни. Занимались скотоводством. Лошадь имела наиболее значение в жизни скотоводства. Лучших коней приносили в жертву. Череп и копыта коня служили оберегом. Например, саки подвешивали к поясу копыта знаменитого скакуна как предмет, приносящий счастье в пути и оберегающий от гибели во время боя. Такой же обычай был и у казахов” [12, 31]. Жануарлар стилі сақтар заманында пайда болған. Бұл стильдің пайда болуының элеуметтік-экономикалық себептері бар. Элеуметтік-экономикалық себеп ғұрып, наным-сенім, меншік, товар сияқты ұғымдарды қамтиды.

Адам баласы табиғатпен тығыз байланыста бола отырып, одан өзіне керегін алумен бірге көп нәрсені үйренеді. Өзін қоршаған табиғаттан адамдар әсемдікті сезініп, сұлулықты байқайды. “Табиғат – суретші” деген қанатты сөз осыған меңзейді. Қазақстан жеріндегі өсімдіктер дүниесін ертедегі аталарымыздың эстетикалық сезімін оятып, өзінің құлпырған бояуымен, хош иісімен, нәзіктігімен, мықтылығымен, зәулім биіктігімен, әдемі формасымен т. б. ерекшеліктерімен еліктіріп, тамсандырады; адам жанын рахатқа бөлейді; қиялын шарықтатып, асқақ армандарға жетелейді. Соның нәтижесінде қолөнер шеберлерінің әсем табиғаттан алған әсерін, сезімін, ой-қиялын өз өнері арқылы білдіру қажеттігі пайда болады. Осыдан келіп өнер иелері табиғат сұлулығына саналы түрде еліктей отырып, ол әсемдікті өзі жасап отырған өнер туындысына көшіреді.

Қазақ қолөнері қалыптасуындағы бір ерекшелік ретінде зат, бұйым жасауға қажетті барлық құрал-сайманның, аспап түрлерінің сырттан әкелінбей, түгелдей шеберлердің өз қолымен жасап алғандығын айтуға болады. Мұндай құралдардың бір тобы бірнеше кәсіп-өнер саласында қолданылып, соларға ортақ құралдар болып жұмсалады. Мысалы, зергерлердің көпшілігі ұсталық өнерді де толық меңгергендіктен, олардың қолында темір, ағаш өңдейтін саймандар да болды. Айталық, мынадай құралдар – көрік, төс, балға, шапқы, тескіш, қысқыш, көсеу, қалақ, қайшы, қорытқыш, ожау т.б. – ұста мен зергерге бірдей қажетті құрал-саймандар.

Сонымен бірге, әр кәсіптің ерекшелігіне лайық арнаулы құрал-жабдықтары да бар. Мәселен, зергерлердің өздері ғана пайдаланатын күміс төсі, іскенже, сым, темір қалып, қадаубас, түтік, біз, мысқалдық т.б. осы сияқты аспаптары, әрбір аспаптың өз арасында бөлініп кететін бірнеше түрлері болды. “Бұйымды ұста жасамайды, аспап жасайды” дегендей, өнердің қай түрін алсақ та оның құрал-саймандары болғанын, кейбіреуінде тіпті олардың мол екенін байқаймыз. Құрал-саймандардың бұлайша жіктелуі – еңбек бөлінісі болғанының белгісі.

Қазақ шеберлері көбінесе ұжым болып бірікпей-ақ, әрқайсысы жеке-жеке жұмыс істеген. Олардың кейбіреулері арнайы шеберхана, дүкен де ұстамаған. Олар жұмысты өз үйінде де, тапсырыс берушінің үйінде де істей берген.

Ұсталық өнер мен зергерлік өнер түрлі металдан шаруашылық, тұрмыстық бұйымдар мен сәндік заттар жасаумен байланысты. Қазақстандағы археологиялық зерттеулердің нәтижелеріне қарағанда, тас өңдеу Қазақстан жерінде неолит дәуірінен басталады. Сол сияқты мыс, жез, темір, алтын, күміс сияқты металдардан бұйымдар жасау ісі де өте көне замандардан басталады. Академик Ә.Х.Марғұлан қола дәуіріндегі қазақ даласы тұрғындарының тас, металл жөнінде сан ғасырлық тәжірибесі болғанын 1979 жылы шыққан “Бегазы – Дандыбаевская культура Центрального Казахстана” деген еңбегінде егжей-тегжейлі баяндай келіп, халцедон, кварц, яшма және т.б. осындай берік тастарды өңдеп, шағын

құрал-саймандар жасағанын, тас құпиясын тереңірек меңгере түскенін жазады. Бұл кезеңдердің өзінде-ақ тастарды өңдеу үшін металл түрлерін пайдалану жасалатын өнімнің сапасын арттырғаны даусыз. Күнделікті өмірге қажетті құрал-саймандар өте берік көкшіл немесе қызғылт граниттен жасалатын болды. Атап айтқанда олар – дән жарғыштар, қол диірмен, кетпен-шот, тау-кен өндірісіне қажетті кен үккіштер, тас балғалар мен келсаптар т.б.

Металл өңдеуге байланысты темір ұсталығы мен зергерлік өнері көшпелі мал шаруашылығының құрал-саймандарын (*үзеңгі, ауыздық, сулық, өмілдірік, ер, арба-шананың* темір бөлшектері), аңшылық құралдарын (*қақпан, аран*), кейіннен егіншіліктің пайда болуына байланысты кетпен, күрек, тырма, соқа, орақ, айыр сияқты құрал-саймандарын жасап, олардың түрлері көбейе түсті. Мұның өзі егіншілік кәсібінде де өнімді молайтудың кепілі болды.

Қорытынды

Жалпы мәдениетті материалдық және рухани мәдениет деп бөлудің өзі шартты нәрсе. Кез келген рухани құбылыс пен оның заттандырылған түрі адам әрекетінің екі жағы. Өйткені қоршаған ортаға адамның әсері тиеді, ал сезімдері, ақыл-ойы сол қоршаған ортадан (табиғаттан) нәр алады. Қазақ халқының материалдық мәдениеті осы өлкені мекендеген көшпелі тайпалар мәдениетімен орта ғасырларда өркендеп, отырықшы және қалалық мәдениеттің дәстүрлерін жалғастыру негізінде қалыптасқан.

Әрбір қол өнер туындысы адам әлемін жаңа рухани күшке, рухани атмосфераға айналдыруы шарт. Ондай деңгейге көтерілмеген қол өнер туындылар жалған құндылықтар мен үйлесімділікті шайқалтушы теріс құралдар болып табылады. Тарихи үрдіс өнерді уақыт таразысынан өткізеді, оның керектісін қалдыруда одан артық сараптаушы, електен өткізуші, сынақшы жоқ. Адамдар тарихи мұраларды, дүниелерді, көне жәдігерлерді сақтауға тырысады. Бұл - барлық халықтардың ұлттық мәдениетіне тән құбылыс. Сондықтан біз халық шығармашылығының, ұлы суреткерлердің туындыларының құдіретті күші осында деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Маргулан А.Х. Джебказган – древний металлургический центр (Городище Милыкудук) // *Археологические исследования в Казахстане. –Алма-Ата, 1973. –Б. 3-42.*
2. Сатпаев К.И. Доисторические памятники в Джебказганском районе // *народное хозяйство Казахстана. 1941, №1.*
3. Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. –Алма-Ата, 1966. –Б. 9-57.
4. Маргулан А.Х. Горное дело в Центральном Казахстане // *Поиски и раскопки в Казахстане. – Алма-Ата: Наука, 1972. –Б. 3-30.*
5. Ергалиев І.Е., Телібаев Ф. Қазақ дүниетанымының негізгі ұғымдары // *Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының хабарлары, 1993, Қоғамдық ғылымдар сериясы, №3, Б. 32-38*
6. Швейцер А. *Культура и этика, М., 1973, С. 60.*
7. *Всемирная энциклопедия: Философия /Главн. науч. ред. и сост. А.А.Грицанов, М., 2001, 1312 с.*
8. Қасиманов С. *Қазақ халқының қолөнері. –Алматы: Қазақстан, 1969. –248 б*
9. Уәлиханов Ш. *Таңдамалы. –Алматы, 1985.*
10. Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. –Алма-Ата, 1966. –Б. 9-57.
11. Марғұлан Ә. *Ұлытау төңірегіндегі тас мүсіндер // Ежелгі мәдениет куәлары. –Алматы, 1966.*
12. Маргулан А.Х. *Казахское народное прикладное искусство. Том 1. –Алма-Ата: Өнер, 1986. – 256 с.*

ӘОЖ 7.04
МРНТИ 18.07.47

Қалжан А.Н.¹, Рысымбетов Е.К.².

¹ Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институтының
6М010416-Өнертану мамандығының 2курс магистранты.

Қазақстан, Алматы қ-сы, [Қазақстан.syrka_juban@mail.ru](mailto:syrka_juban@mail.ru)

² Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институты
«Көркем білім» кафедрасының меңгерушісі, Өнертану PhD докторы
Қазақстан, Алматы қ-сы

ӘЛЕМДІК ГРИМДЕУ, ӘРЛЕУ ӨНЕРІНІҢ БАСТАУ АЛУЫ ЖӘНЕ ТАРИХЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада грим өнерінің қалай бастау алғаны жайлы сонымен қатар грим өнерін әр елде қалай дамып және де қалай қабылдағаны жайлы сыр шертіледі. Театрдағы грим табиғаты спектакльдің көркемдік ерекшеліктеріне, актердің, режиссердің ниетіне байланысты орындау дизайнының түсінігі мен стилі жайлы түрлі деректер жайлы ой қозғалды. Ертеде кездегі грим өнерінің бастау алуындағы тың деректер, олардың өкілдері жайлы деректер мысалға келтірілген.

Түйін сөздер: өнер, грим, парик, мәдениет, қарым-қатынас, ықпалдасты, театр, косметика.

Kalzhan A.N.¹, Ryssymbetov E.K.².

¹ master of 2 course, Kazakh National Pedagogical University named after Abay,
Insitute of Arts, culture and sport syrka_juban@mail.ru

Almaty, Kazakhstan

² Art critic PhD,

Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Insitute of Arts, culture and sport

HISTORY OF MAKEUP, THE BIRTH OF MAKEUP ART

Abstract

This article describes how the art of makeup began, as well as how the art of makeup developed and adopted in different countries. The nature of makeup in the theater, in connection with the artistic features of the play, the intentions of the actor, the Director, touched on various facts about the concept and style of performance design. In ancient times, new data about the beginning of grim art and their representatives are presented.

Keywords: art, make-up, wig, culture, communication, integration, theater, cosmetics.

Қалжан А.Н.¹, Рысымбетов Е.К.².

¹ КазНПУ им. Абая, магистр 2 курса Института искусств, культуры и спорта
г. Алматы, Казахстан. syrka_juban@mail.ru

² КазНПУ им. Абая, Институт искусств, культуры и спорта Искусствовед PhD доктор

ИСТОРИЯ ГРИМА, ЗАРОЖДЕНИЕ ГРИМЕРНОГО ИСКУССТВА

Аннотация

В данной статье рассказывается о том, как начиналось искусство грима, а также о том, как развивался и как приняли искусство грима в разных странах. Природа грим в театре, в связи с художественным и особенностями спектакля, намерениями актера, режиссера, затронула различные факты о понятии и стиле исполнителя дизайна. В древности представлены новые данные о начале гримского искусства, их представителях.

Ключевые слова: искусство, макияж, парик, культура, общение, интеграция, театр, косметик.

Кіріспе. Әлемдік гримдеу, әрлеу өнерінің бастау алуы және тарихы

Грим тарихы ғасырлар бойы келе жатқан әдет-ғұрып кезеңінен бастауын алады. Сол кезде түр-әлпетті немесе денелерін бояу діни сипатқа ие болды және рәсімге қатысушылардың сыртқы өзгерісіне арналған деп саналды. Бастапқыда грим сурет пен бояулар бойынша өте шартты болды және олардың сипаты нақты типтік нұсқасын атап көрсетуге ешқандай ұмтылыс болған жоқ. «Косметика» грек тілінен *kosmetis* - безендіру өнері. «Косметика» ұғымын екі тараптан қарастыруға болады: 1) адамның келбетін жақсарту құралдары мен әдістері туралы ілім. 2) теріге, шашқа, тістерге және тырнақтарға күтім жасау құралы. Грим тек косметиканы ғана емес, хирургиялық, физиотерапиялық әдістерді де нысанына алады. Ежелден бері гримді адамдар сүйсіне қолданғаны жайлы айтылып келеді. Адамдардың сыртқы түрін безендіруге деген ұмтылыс әр түрлі дәуірдегі адамдарға тән болды, олар таза дене мен бетке деген күтімді ұштастырды. (Сурет1)



Сурет 1. Ежелгі бояулар

Жоғарыда көрсетілген бояулар, ерте ғасырлардан бері адамзат бет бояуымен айналысқанына дәлел келтіретін құралдар болып табылады. Мұз дәуірінің үнгірлерінде археологтар көздер мен қастарды бояуға арналған ерін далабының қаламдарын, татуировка салатын шыбық тәріздес қаламдар тапты. Мерекелер, діни рәсімдер мен әскери жорықтар кезінде қарапайым адамдар денелері мен беттерін қарабайыр түстермен бояған: түрлі-түсті саздар мен қарындаштар, көмір, шөптер мен жапырақтардың шырынын қолданып беттерін бояған. Жануарлардың майымен теріні суықтан және ыстықтан қорғау мақсатында, денені ысқылап тастаған. Адамзаттың, қоғамының дамуымен грим объективті және субъективті себептердің әсерінен үнемі өзгеріп отырды. Ғасырлар өзгерген кезде олар эстетикалық жағынан өзгертілді және алуан түрлі бейнеде болды. Бір кездері әдемі болып саналған грим, кейін қарабайыр, кейде тіпті жағымсыз болды.

Ежелгі Грецияда ежелгі уақытта ұзын бұйра шаштардан жасалған шаштар конус тәрізді байламдарға салынып, маңдайдың үстіндегі шаштар толқындарға немесе кішкентай бұйраларға орналастырылған, ал қастар мен шаш өсуінің басталуы арасындағы қашықтықты екі саусақпен кең қалдырған, өйткені сол кездегі эстетикалық тұжырымдамаларға сәйкес саналған.

Ежелгі Греция мен Римдегі грим алғашқы сырт киімге міндетті қосымша болды. Әйелдер мен ер адамдар спортпен шұғылданды, әдемі дене сұлулықтың символы болды. Қаншалықты күшті шыңдалған дене, соғұрлым әсем болды. Грек философтары бір ауыздан сұлулықтың қасиетін мойындады. Адамдар сұлулық пен денсаулық басты құндылық деп санады, ал олар үшін байлық үшінші орынға ие болды. Грек әйелдері көп мөлшерде ағартқыш, ақшыл, иық пен қолдарға, бетке, кірпіктер мен көздерге арналған ұнтақтарды, иіс суларды тұтынды. Хош иісті эссенциялар, парфюмерлер, майлар керамикалық бөтелкелерде сақталды. Жылтыратылған қоладан жасалған айналар сәнді зат болды және өте қымбат болды. Ғарыштық құралдар көбінесе өнер туындылары болған әдемі боялған ыдыстарда сақталды. Көркемдік безендіруге және жақсартуға әрдайым үлкен көңіл бөлінген. Археологиялық қазба жұмыстарының арқасында бізге жеткен материалдық мәдениет

пен өнер нысандары бізге өткен дәуірде өмір сүрген адамдардың қандай болғанын анықтауға көмектесті.

Бұл заттар яғни Грим мен бет бояу, дене бояу Чехия халықтарына (Египет, Вавилон, Ассирия, Греция, Рим, Иудея) танымал болғанын көзіміз жетіп отыр. Мысыр пирамидаларынан қазу барысында көптеген заттар табылды. Әдетте май, жақпа, бояулар мен парфюмерлерге арналған. Мысырлықтар үшін гримді сыртқы бейнесіне ғана емес, сонымен қатар дәрілік мақсатта да қолданды. Олар өсімдік, жануар және арамшөптер мен өсімдік майларынөндіру құпияларын білді. Мысырлықтар ұлпалы ұлулардың несеп қабығынан алынған жарқыраған бояуларды ойлап тапты. Ұнтақтарды дайындауға арналған рецепттер жазылды. Терідегі күңгірт, табиғи кемшіліктерді жасырды, және орны терең тыртықтарды жасыру құпияларын білді. Мысырлық әйелдер қара «бояулармен, көмір ұнтақтарымен» көздерін бояды. Олар кірді күлмен, кірпішпен немесе ұсақ құммен жуып тастады. Пирамидалардан табылған папирустар косметикалық рецепттердің құпияларын ашты. Грим сол кездегі барлық халыққа тән құбылыс болды. Мысырдағы пирамидалардың құрылысы кезінде олардың санының көбейуіне себеп болды. Билеуші Клеопатра мындаған жыл бұрын «Бет терісіне арналған дәрі-дәрмектер » бояулар туралы кітап жаздырды, онда ол бет бояуға көп көңіл бөлді. Ол кітапта 500-ден астам ретцептер, соның ішінде дәрі-дәрмектер, косметикалық мақсаттарда қолданылады (тері, бұлшық ет ауруларын жою үшін де). Рим мемлекетінің әртүрлі даму кезеңдерінде, әсіресе империя кезеңінде, косметикалық өнімдерге керемет ақша жұмсалды.



Сурет 2. Клеопатраның гримі

Мысырлықтар келбетіне өте мұқият қарады: қастарын көмірмен бояса, қара бұқалардың қанымен ағарған шаштарын бояды, сол сияқты (Клеопатра өзі де сұр шаштың солай жасыруға тырысты), тырнаққа арналған лак, ерін далабы және ағартатын минералдары бар өсімдіктер, жануарлардың ұсақталған сүйектері мен тістері және басқада боянатын заттарды ойлап тапты. Грим медициналық мақсатта да қолданылды: мысырлықтар көздерін бояу арқылы, ыстық жел мен күннің әсерінен қабақтың қабынуын және ауруын алдын аламыз деп сенді. Мұндай косметика жиынтығын жоғарыда айтылған Клеопатра жасаған. Тері жұмсақ әрі ақшыл болып тұруы үшін, есек сүтті ваннасы немесе қолтырауын қанының тамшыларынан ванна қабылдады. Ежелгі гректер грим өнертабысын Афродита құдайына жатқызған. Дегенмен, жарқын грим тек гетеросексуалды әйелдерге арналған деп санады. Жарқын гримге ұқсас көзқарастар тарихта бірнеше рет қайталанған.(Сурет 1)

Афиндық Ксенофон бет бояуларын қолдану алаяқтыққа ұқсайды деп жазды, өйткені бұл әйелдің сыртқы келбеті туралы жаңылыстырады. Ежелгі грекәйелдері, басқа косметикалық құралдармен қатар, терінің ақтығын сақтап қалуға тырысты, өйткені тотығу күн астында көп жұмыс істейтіндерге ғана: күл немесе қарапайым адамға ғана тән деген ұғымды ұстанды. Ежелгі Римде өздері бай, үй

шаруасында отырған әр бір әйелдердің үйінде әрлейтін құлдары болған. Бай әйелдерге қызмет етіп, бояндыратын жандарды «Косметиктер» деп атаған. Олар құлдардың деңгейінде болған. Косметиктер өз қожайындарының бетін мінсіз қылу мақсатында түрлі-түрлі бояуларды қолданған. Кей кездері безеу, сүйелдерін жасыру мақсатында-қорғасын немесе ртут ұнтақтарын қолданған. Әрине, ол кезде бұл ұнтақтардың зияндығы жайлы білмеген. Кей кездері айлакер адамдар, бұл улы ұнтақтарды саясатта адам өлтіру мақсатында да қолданды. Кейін келе ол ұнтақ дене еніп, адам ағзасын улап өлтіретіні жайлы білді. Ол кездегі тағы бір сән түріне жатқан, ол беттің кем-етігін жасыру мақсатында шыбынды қолдану болды. Беттің тыртығы немесе тағы да бір кем-кетік тұстары болса, ол тыртықты шыбын қанатымен немесе шыбынды сол тыртықтың үстіне жапсыру сәнге айналды. Сол кездерден бастап мысырлықтар өздерінің боянатын құралдарымен шет елдерге танымал бола бастады. Мысырлықтардың боянатын бояулары, ұнтақтары көптеп сұранысқа келе бастады.

Египеттен әкелінген ұнтақтар мен майлар ерекше бағаланды. Олар сиқырлы қасиеттерге ие болды. Қазынашылық бос болып, ақша болмағандықтан, Рим Сенаты парфюмерлерді сырттан әкелуге шектеу қойды. Рим ғалымы Плиний Элдер: «Үндістан, Қытай, Араб түбегіндегі елдер, ең консервативті бағалауларға сәйкес, жыл сайын Рим қазынасынан жүз миллиондаған қаржы түсірген» деп жазды.

Италияның қалалық штаттары - Неаполь, Рим, Флоренцияда - арнайы парфюмерлік дүкендер болды. Косметикада қызыл және ақ түстер басым болды. Бетті бір түске келтіру әр әйел қолданатын керемет өнерге айналды. Милан герцогы КэтринФорса арнайы нұсқаулық жазды, онда түстерді қолдану ережелері, грим тәсілдері таныстырылды. Әйелдерде де, ерлерде де ашық маңдай әдемі болып саналды. Сондықтан, олар сәнге сәйкес келетін сызықтардың тегістігін бұзбау үшін, қастарын жұлға жүгінді.

Еуропада косметиканы халық кеңінен қолдана бастады. XVII ғасырда ұнтақ сән болды. Ол теріге жағылды, жұмыртқаның ағымен араластырды: қабат неғұрлым қалың болса, соғұрлым жақсы болады. Англия патшайымы Елизавета I терінің мөлдірлігіне аса көңіл бөлді. Бетің мөлдірлігін көрсету үшін бетіндегі қан тамырларын ұнтақ қабатымен аздап бояды. Кейінірек шыбындар косметика жиынтығына кіре бастады - қара немесе қызыл патчтың кесектері, олар шешек пен сүйелді жасыру үшін бетіне шыбынды жабыстырып қою сәнге айналды. XVIII ғасырда сәнді әйелдер тышқан жүнінен жасалған жалған қастарды жабыстыра бастады. Кейінірек Еуропада сән сұранысы бойынша қолданылатын ақшыл және ақ түсті заттар пайда болды. Олармен жұмсақ қызғылт жүздерін жауып тастады. Ол кезде бет бояуы соншалықты күрделі болғандықтан, өнерді қажет еткен, сондықтан ханымдар бұл үшін суретшілерді де шақырған. Францияда XIII Людовик патшаның тұсында сот ханымдары мен мырзаларының боялған жүздері жиі кездесетін жағдай болды. Олардың сыртқы түрі нәзік және әдемі қуыршақтарға ұқсады. Парфюмерлер, шаштараздар иісті жақпа, хош иісті эссенциялар, далаптар, қылшықтар, қастар мен өтірік шаштар ойлап тапты.

Франкфурттағы Сенат қаулы шығарды: егер біздің қаламыздағы кез-келген әйел түрлі жалған тәсілдермен некеге түсіп жатса, мысалы: қызару, ақтау, ерін далабы, парфюмерия, жалған тістер, жалған шаштар, кеудеге және сол сияқтыларға арналған төсеніштер, әйел сиқырлық үшін сотқа тартылады, ал сот неке құқығын бұзуы мүмкін.

Кейде кейбір косметикаға улы ұнтақтар қосылды. Ақымақ және зұлым билеушілер парфюмерлердің қызметін пайдаланды. Сонымен, Мениал көпіріне қонған әйгілі Рене Флорентин әдемі қаптамада улануды жасыратын ерін далабы, парфюмерия, ұнтақтар жасады. Королева Екатеринаның кезінде де Медичидің кезінде де патшайымға қарсы болған көптеген адамдар боянатын заттардың құрамында улы (өлімге әкелетін) заттар бар сәнді «сыйлықтардың» кесірінен қайтыс болды.

Ресейде 17 ғасырда еуропалық костюмдермен қатар косметика мен парфюмерия қолданыла бастады. Танымал ағылшын дипломаты және саяхатшысы Дж.Флетчер «Орыс мемлекетінде» кітабында Ресейде әйелдер беттерін «ағартады және қызартады, оны кез келген адам көре алады. Алайда, бұл жерде оған ешкім мән бермейді, өйткені оларда тек күйеулері ғана ұнатпайтын әдет бар, бірақ олардың өздері әйелдеріне және қыздарына ағартып, бет сырлау үшін аққұба сатып алуға рұқсат береді». Ұнтақ қылшық қалың қабатқа болып жағылады, сондықтан бет маскаға ұқсаған. Көңіл көтеру фестивальдерінің бірнеше сағатында ханымдар макияжды өзгертуге мәжбүр болды, өйткені сәngerлер арасында өте танымал болған мырыш ақтығы құрғап, бетінен құлап кетті. Нобельдер, сот дворяндары Еуропадан әкелінген бояулар мен майларды қолданды.

Француздардың хош иісі әтірлері мен талғампаз қаптама ешкімді бей-жай қалдырмады.

Неміс саяхатшысы Адам Олеариус оған таң қалдырған орыс сұлулығының келбетін еске түсіреді: «Орыс әйелдері ... қалаларда бәрі қызарып кетеді, сонымен қатар өте дөрекі және өнерсіз; оларға қараған кезде, сіз олардың бетіне ұн жағып, содан кейін щеткамен боялған деп ойлауыңыз мүмкін; олар қастар мен кірпіктерді қара, кейде қоңыр түске бояйды». Ауылдарда қызылшамен беті қызарып, қасы күл мен көмірмен көмкерілген. Біз хош иісті шөптер, инфузиялар, ұсақталған жапырақтары мен жапырақтарынан жасалған ұнтақтарды қолдандық.

Және айта кететін жайт сонау 1882 жылы Брокар көрмелердің бірінде субұрқак ұйымдастырды, оның ағындары Мәскеу зауытында шығарылатын гүлді одеколаның хош иісін көрсетті. 1918 жылы зауыт мемлекет меншігін өткен соң «Жаңа таң» деп аталды, ол Ресейде және Еуропада кең танымал болды.

Грим өнері бірден грим деп айтыла қойған жоқ. Қазіргі таңда театрда грим өте алуан түрлі. Грим жағылу түрі де көптеген жағдайларға байланысты: спектакльдің жанры мен стиліне, режиссер тұжырымдамасына, жалпы декоративті - визуалды шешімге (костюмдер мен жарық есебін қоса), сонымен қатар актердің физикалық деректері мен бейненің пластикалық интерпретациясына қарай бөлінеді. Феодализм дәуірінде, кабуки актерлері, халық арасында кең танымал болғанына қарамастан, қоғамда төмен позицияны иеленді. Кабуки театрындағы грим ерекше, маска тәрізді, шашты, сақалды, шаш үлгісін - Яроатама (маңдайын қырып тастау) қолданады. Билік шаш үлгісінде олардың формасын шектеді, орындаушыларды өздерінің тартымдылығынан айыру үшін маңдайларын мұқият қырынуды талап етті. Бұл жағдайда әртістер айла-амалға жүгінді: олар маңдайларына шарф, кішкентай парақшалар, жіңішке жібек бинт кигізді, олар алыстан жылтыр қара шашты болып көрінді. Кейін бинт қара парикпен ауыстырылды. Кабукиде олар Вут театрында парик тәріздіжасанды шаштарды киетін, олардың пішіні мен шаш ұзындығы бойынша ерекшеленетін. Ал Қытай театрларында грим жасаудың түрлері мүлде басқа болды. Кабукиде әртүрлі рөлдер үшін грим және париктер жасалды. Гримдегі гүлдердің символикасы, маска болды. Сонымен, актерлерге жағымды кейіпкер рөлін ойнап, ақ грим жағылды, спектакльдің жағымсыз кейіпкерлерінде қызыл түсті тондар және бетінде көк жолақтар болуы керек. Кумадори бетке бояуды қолданудың ең көп таралған әдісі болып саналды. Бұл түсі, пішіні, өрнегі бойынша әртүрлі сызықтар. Олар бетіндегі табиғи сызықтарды нығайттыдрама театрындағы жындар маскаларын, рухтарды еліктейтін қытай драмасы әсер етті. Грим таңбасы символдық, негізгі түстер қызыл, көк, қара, ал қосымша түстер сирень, қоңыр және алтын. Кейде кумадори сызықтары актердің қолдары мен аяқтарына қолданылады. Кабуки театрында көрермендерге жұқа мөлдір қағазға немесе жібекке кумадоридің ізін беру ежелгі дәстүр болған. Әйел рөлдерін сомдаған актерлер қастардың табиғи формасын бетперде етті, бетін, мойнын, қолын, артын ақ бояумен жауып, басына таңғыш салды. Бояу бетке щеткамен, щеткамен қолданылды: қызыл, жасыл, қара. Кумадоридегі қызыл сызықтар мейірімділікті, әділеттілікті, сезімдердің күшін көрсетеді. Қызыл және қара - иландыру, илану. Көк сызықтар қорқынышты, өз-өзіне күмәндануды, фантастиканы және табиғаттануды көрсетеді. Осындай сынды әлемдік театрдағы грим өнері сан алуан. Елдегі халқына қарай, тұрмыс тіршілігіне қарай грим түрі де сипаты да жағылу техникасы да әртүрлі болып келеді.

Қазақстанға грим өнері театрлардың ашылуымен бастау ала бастады. Ең бірінші қойылған қойылымдар аса грим өнерін талап етпегенімен, кейін келе сомдалатын бейнелерге грим жағу міндетті болды. Яғни сомдалып отырған кейіпкердің бейнесін ашу мақсатында, әртістің толық сол кейіпкерге айналуын қамтамасыз ететін бұл әрине грим.



Сурет 3. Қойылымға дейінгі грим жағу сәтінен

Жоғарыда айтылғандай Грим өнері сурет салу ғана емес, сонымен қатар тұлғаның пішіні мен түсін модельдеу, түзету немесе ұқсату болып табылады. Сәндік боянатын препараттарды қолдана отырып, мақсат тартымды тұлға ерекшеліктерін атап өту және де орындап отырған кейіпкердің бейнесін ашу болып табылады. Ең бастысы - бұл грим өнерін жетік қолдана білу. Гримді дұрыс қолдану және уақтылы жою кезінде терінің әдеттегі процестерін бұзбайды. (Сурет 3) Грим жасаудың маңызды компоненттерінің бірі болып табылады сахналық бейне, актерлердің сыртқы және ішкі тұлғалық ерекшеліктерімен, спектакль басталатын кезеңмен тығыз байланысты. Театрдағы грим табиғаты спектакльдің көркемдік ерекшеліктеріне, актердің, режиссердің ниетіне байланысты орындау дизайнының түсінігі мен стилі. Сонымен бірге сәтті грим мінез-құлық белгілерінің айқын көрінуіне ықпал етеді, пьесаның жалпы шығармашылық ниетін түсіндіруге негізделген кейіпкердің рухани және физикалық портреті. Актер үшін гримнің рөлі бойынша жұмыс жасаудың шығармашылық процесі бейнені одан әрі ашуға өзіндік серпін мен ынталандыру болып табылады. Гримнің арқасында актер бет-бейнесін өзгерте алады, оған көп нәрсеге көмектесетін экспрессивті форманы беретін гримнің орны ойып алардай бір өнер тұсы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сыромятников И. *Грима, шашұлгілері және сахналық бейне*. – М.: Рипол Классик, 2005. – б. 139–143.
2. Станиславский К.С. *Грим туралы кітапша*. Музей МХТ, ин. №1011056).
3. Арто А. *Театр және оның егізі*. М.: Мартис, 1993 192 б.
4. Вахтангов Е. *екі оқушының ойы Евгений Вахтангов Жинақ* М.: ВТО, 1984-565б
5. Владимиров В. *Школа театрального искусства. Руководство к практическому изучению мимики, декламации и грима*. М.: тип. Вильда, 1887 -416 б.
6. Гарин Э.С. *Мейерхольдом (воспоминания)*. М.: Искусство, 1974 211 с. Герцен А.И. *Собрание сочинений в 30-ти тт., Т. 4*, М.: изд. Академии наук, 1955- С.342
7. Гладков А.К. *Театр: воспоминания и размышления*. М.: Искусство, 1980 -463 б
8. Гоголь Н.В. *Довести. Пьесы. Мертвые души*. М.: Художественная литература, 1875, 654 б.

УДК 75
МРНТИ 18.31.31

М. У. Қайдаров

доцент, Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: Malik.Uays@mail.ru

ОСОБЕННОСТИ МОДЕРНИЗМА

Аннотация

В статье предлагается компаративный обзор философии модернизма. Модернизм (с перевода с итальянского языка означает *modernismo* - «современное течение»; от лат. *modernus* - «современный, недавний») - общность направлений искусства конца XIX - начала XX века, признаком которых можно считать разрыв с предшествующей художественной традицией, стремление к новому, условность стиля и непрерывное обновление художественных форм^[1]. Модернизм был основным направлением в западноевропейской культуре XX века, проявив себя в различных видах искусств. Модернизм определяют как своеобразную философию и новую форму художественного мышления. Наиболее заметными течениями в рамках классического модернизма принято считать фовизм, экспрессионизм, кубизм, футуризм, дадаизм, сюрреализм. Также к модернистским течениям относят более ранние импрессионизм и постимпрессионизм и более поздние - оп-арт, кинетическое искусство. Классический модернизм, как правило, использовал абстрактную форму, поэтому абстрактную живопись часто считают одним из наиболее характерных примеров модернизма. В то же время, модернизм не ограничен абстрактными принципами и многие его канонические примеры были созданы в рамках фигуративной живописи. В широком смысле модернизм - «другое искусство», главной целью которого является создание оригинальных произведений, основанных на внутренней свободе и особом видении мира автором и несущих новые выразительные средства изобразительного языка, нередко сопровождающиеся эпатажем и определенным вызовом устоявшимся канонам. Модернизм – дает возрождение в искусстве мифологическую методичку. В статье предлагается компаративный обзор философии модернизма с образом мышления и культуры кочевников. Особое внимание уделяется к труду В.В.Кандинского «О духовном в искусстве», в особенности о его «Принципе внутренней необходимости» и сравнивая его с изобразительным искусством кочевников и их отношение к бытию.

Ключевые слова: Модернизм, Кубизм, Фовизм, Постимпрессионизм, Футуризм.

Қайдаров М. У.

доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., E-mail: Malik.Uays@mail.ru

МОДЕРНИЗМ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада модернизм бағыты туралы пікір қозғалады. Модернизм (итал. *modernismo* - «заманауи ағым»; от лат. *modernus* - «заманауи, жуырдағы» ұғымын білдіреді) - XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы өнердің жалпы бағыты, оның белгілері осыған дейінгі көркемөнердің дәстүрлі бағытының басқа арнаға бұрылуы, жаңаға ұмтылыс, стиль шарттылығы және көркемөнер түрінің үздіксіз жаңаруы. Модернизм - XX ғасырдағы батысеуропалық мәдениеттің өзін өнердің әртүрлі бағытында көрсеткен негізгі бағыты болды. Модернизм философияның және көркем ойлаудың жаңа бір түрі ретінде анықталады.

Классикалық модернизмнің аясындағы елеулі ағым фовизм, экспрессионизм, кубизм, футуризм, дадаизм, сюрреализм саналады. Сондай-ақ модернистік ағымдарға ерте басындағы импрессионизм және постимпрессионизм және одан кешеуілдеуі - оп-арт, кинетикалық өнер жатады. Классикалық модернизм әдетте абстрактілі түрді қолданды, сондықтан абстрактілі живопись көбіне модернизм

үлгісінің бір сипаты саналады. Сонымен бірге модернизм абстрактілі принциптермен шектелмейді және оның көптеген канондық үлгілері фигуралы живопись аясында дүниеге келді.

Модернизм кеңейтілген ұғымда – «басқа өнер» деген сөз, мағынасы, басты мақсаты – ішкі еркіндікке негізделген, автордың дүниені ерекше көруімен бейнелеу тілінің жаңа жолдарын айқындайтын, ол эпатажды болуы мүмкін, орныққан канондарды белгілі бір дәрежеде өзгертуге түрткі болатын дара шығармаларды дүниеге әкелу. Модернизм өнердегі мифологиялық тәсілді жандандыруды көздейді.

Мақалада көшпенділердің ойлау ерекшелігі мен мәдениеті қамтылумен модернизм философиясына салыстырмалы шолу берілген. Әсіресе В.В.Кандинскийдің «Өнердегі рух бейнесі туралы» еңбегіне, оның «Ішкі қажеттілік қағидаларының» ерекшеліктеріне ерекше назар аударылған, ол көшпенділердің бейнелеу өнерімен және олардың дүниеге көзқарасымен салыстыра қарастырылады.

Түйін сөздер: Модернизм, Кубизм, Фовизм, Постимпрессионизм, Футуризм.

M. U. Kaidarov

*associate Professor, Abay Kazakh national pedagogical University,
Kazakhstan, Almaty, E-mail: Malik.Uays@mail.ru*

FEATURES OF MODERNISM

Abstract

The article offers a comparative review of the philosophy of modernism. Modernism (Italian modernismo - "modern movement"; from Latin modernus - "modern, recent") - a commonality of art trends of the late XIX - early XX centuries, a sign of which can be considered a break with the previous artistic tradition, the desire for a new, conventional style and continuous updating of art forms [1]. Modernism was the main direction in the West European culture of the twentieth century, having proved itself in various types of art. Modernism is defined as a kind of philosophy and a new form of artistic thinking. The most notable trends in classical modernism Fauvism, Expressionism, Cubism, Futurism, Dadaism, Surrealism are considered to be. Also, modernist trends include earlier impressionism and post-impressionism, and later - op art, kinetic art. Classical modernism, as a rule, used an abstract form, so abstract painting is often considered one of the most characteristic examples of modernism. At the same time, modernism is not limited to abstract principles and many of its canonical examples were created in the framework of figurative painting. In a broad sense, modernism is "another art", the main purpose of which is the creation of original works based on inner freedom and a special vision of the world by the author and carrying new expressive means of a pictorial language, often accompanied by shocking and a certain challenge to established canons. Modernism - gives a revival in art of a mythological technique. The article offers a comparative review of the philosophy of modernism with the way of thinking and culture of nomads. Particular attention is paid to the work of V.V. Kandinsky "On the spiritual in art", in particular on his "Principle of internal necessity" and comparing it with the visual art of nomads and their attitude towards being.

Keywords: Modernism, Cubism, Fauvism, Post-Impressionism, Futurism.

Кіріспе

Дүние жаралғаннан бері адам баласы өзін қоршаған ортаның әдемілігі мен келеңсіздігін, өзінің ішкі жан айқайын әртүрлі формада бейнелеп көрсетіп келеді. Қоғам дамуына қарай өнердің барлық түрі өзгерістер мен жаңаруға ұшырағанындай, бейнелеу өнерінде де заманына қарай оның дамуы мен шырқау кезеңі болады. Бір кездері Еуропа суретшілерінің шеберханаларында (нақты айтқанда ХҮІІІ ғасыр) живописьтің классикалық бейнелеу түрі шырқау биігіне жетсе, уақыт өте келе ойшыл суретшілердің бағыт-бағдар беруі арқасында бейнелеу өнері қоғамның жоғын жоқтайтын үлкен күшке, құралға айналды. Соның айғағы ретінде ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында Еуропа өнерінде «Модернизм» деген ұғым пайда болды.

Еркін ойдың нәтижесі

Жалпы өнердің даму сатысы бойынша талдайтын болсақ, импрессионис-тердің өмірге келуін классикалық өнерден қол үзбей, ХҮІІІ ғасырға дейін сақталып келген, Еуропа бейнелеу өнерінде

жаңаша көзқарас қалыптастырған Эдгар Манеден бастауға болады. «Модернизм» өнерде живопиське ғана қозғау салып қойған жоқ, өнердің барлық түріне де әсерін тигізді. Мысалы театр, кино өнеріне, әдебиет пен музыкаға үлкен өзгерістер әкелді. Дәл осы кезеңде өнердегі көптеген модернистік ағымдардың келуіне жол ашқан импрессионизмнің орны ерекше. XIX ғасырдың 80-шы жылдары Францияда импрессионизм идеясы пайда болды. Француз тіліндегі «impression» деген сөздің мағынасы «әсер» дегенді білдіреді. Импрессионист суретшілер өздерінің өмірдегі көзқарастары мен әлем жаратылысының мың құбылған қас-қағым сәттерін қарапайым және әсерлі етіп көрсетуге күш салды. Осы ағымдағыларға ХҮІІІ ғасырдың ортасында құрылған Париж Корольдігінің живопись және мүсін академиясы барынша қарсылық білдіріп бақты. Академия классикалық орындалуы мен сюжеті жағынан классикалық канонға келмеген шығармаларды жыл сайын астанада болатын көрмеге қабылдамай отырды. Қабылдайтын комиссияның мүшесіне тек қана академияның мұғалімдерін бекітетін. Өз заманынан оқ бойы озық тұрған бұл суретшілер 1874 жылдың сәуір айында Париждегі Капуцин бульварында ресми емес көрме ұйымдастырады. Бұл көрмеге 30-ға жуық живописьтің жас шеберлері қатысады. Әрине бұлардың бәрі академияның салонына суреттері қабылданбаған суретшілер болатын. Көрмеге қатысушылар ол кезде көпшілікке аса танымал суретшілер емес еді. Олар Клод Моне, Камилль Писаро, Поль Сезанн, Альфред Сислей, Эдгар Дега, Огюст Ренуар және т.б. суретшілер. Көрмеге қойылған суретшілердің шығармалары дәстүрлі классикалық живопиське төңкеріс жасап жіберді. Жаңадан құрылған импрессионистер үшін тарихи сюжеттерден гөрі, күнделікті өмірдің шындығы мен қарапайым адамдардың шынайы өмірін бейнелеген сурет әлдеқайда құнды болып есептеледі. Олар өздерінің күнделікті өмірден алған әсерін кенепке ерекше техникалық тәсілде еркін орындауға тырысты. Дегенмен де дәстүрлі классикалық живописьтен қана алшақ кетсе де, импрессионистер өздерінің алдындағылардан қалған мұрадан бас тартқан жоқ. Импрессионистер шығармаларына Кубс, Делакура, Констебель және басқа суретшілер мен классикалық живопись мектебінің өкілдері үлкен әсерін тигізді. Кейін импрессионистердің шығармаларын өнер танушылардың зерттеп, талдауы живописьтегі жаңа ағымдардың жаңа тұрғыда дамуына негіз болды. Әсіресе, импрессионизм, постимпрессионизм және модернизмге үлкен түрткі болды. Осы бағыттардың ішіндегі постимпрессионизм бағытының бір саласы – кубизм, 1900 жылдары Францияда өз бетімен дүниеге келді. Бұл ағымның қалыптасуына аса көп күш-жігер жұмсаған және негізгі өкілдері П.Пикассо, Ж.Брактар деп айтылады. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген француз ақыны Гийом Аполинер өнердің осы ағымы жөнінде былай дейді: «Өнер көзге көрінген шындықтан ауысып, элементтерге жаңа үйлесім туғызады. Тек ол суретшілердің жасауы мен шындыққа күш береді». Модернизмнің экспрессионизм және дадаизм, абстракционизм мен кубизм, футуризм мен сюрреализм бағыттары әлемнің әр елдерінде пайда болды. Және бұл ағымдар бір-біріне ұқсамайтын ерекшеліктерімен өнер тарихында өшпес орын алды. Белгілі модернизм тарихшысы М.Рейналдың сөзімен айтсақ: «Қозғалыс тізбектегі реакция сияқты. Кубизм фовизмге қарсы, неопластизм футуризмге қарсы, дадаизм экспрессионизмге қарсы, т.с.с. Расында олар бірінен бірі шығады, бірімен бірі байланысты, бүтін нәрсе құрайды» (1 б).

Сырттай әртүрлі болғанымен модернизмнің даму сатысы, белгілі бір ішкі заңдылықтарды бірыңғай логикалық схемаға бағынады. Модернизмнің ішкі айқын қарсылығы қатып қалған классикалық үрдіске қарсы шығуы және де өмір шындығын көшіруден, жаңғыртудан бас тартулары еді. Модернист ағымының суретшілерін біріктірген негізгі ойды абстракционист К.Раушанбергтің сөзінен толық түсінуге болады: «Мен ешқандай философиялық ой айтқым келмейді және біздің уақытты түсіндіргім келмейді. Керісінше раманың ішінде картинада әлемді жасағым келеді», - дейді.

Авангардизм ағымының алға қойған мақсаты бұрынғы классикалық үлгіден бас тарта отырып, орныққан эстетикалық өлшемге қарама қайшы жаңа өнер жасауынан, соған ұқсас немесе басқаша модернистік ағымдар пайда болды. Олар дадаизм, экспрессионизм, фовизм және футуризм. Олардың басын біріктірген мазмұнға қарағанда формасы бай классикалық өнерден бас тартулары. Осы ағымның өкілдерінің қажымай-талмай ізденулері бейнелеу өнерінде жаңа көзқарас қалыптастырды. Кубизмнің жалғасы экспрессионизм мен футуризмді абстракционизм деуге немесе затсыз өнер деуге болады. Бұл құбылыс XX ғасырдың басында, 1920 жылдардың аяғы, 1930 жылдардың бас кезінде туылып, бөлек дербес бағыт алады. Алғашқы абстракттылы өнер өмірдің нағыз шындығын бұрмалап көрсетсе, кейін оны мүлдем бұзды. Ақырында өмірдің нағыз шындығы өнердің объектісі сияқты мүлдем жоғалды. Осындай образ арқылы, шынайлықтан қашу арқылы абстракционист суретшілер өздерін қоршаған әлемнің объективті шындығын әсермен қабылдауларын кенепке көрсетуге мүмкіндік алады. Лирикалық абстракционизмнің өкілі, орыс суретшісі Василий Кандинский 1912

жылы өзінің «Рухани өнер туралы» жұмысында абстрактылы живописьті «Ішкі қажеттілік» деп атайды. Өрісті өнер еркіндікті қалайды, ішкі қажеттіліктен туындаған өнер ғана өміршең болады. Нақты айтқанда, жанның айнасындағы көріністерді тұншықтырмай, еркін көрсете- айта білу.

Табиғаттағы нысандардың бәрі осы көрініске кедергі жасайды. Сондықтан барлық нысаннан бас тарту керек. Василий Кандинский «Ішкі қажеттілікті» үш түрге бөледі. Мысалы, көркемдік, дәстүр, тұлға деп. Оның пайымдауынша, тұлғалықтың көрінісі – адамның жан-дүниесінде болу керек болса, дәстүр жаңашыл рухты бейнелеуі тиіс. Ал көркемдік арқылы автор өнердің мәнін түсінеді дейді. XX ғасырдың ортасында затсыз өнер түрі әлемнің түкпір түкпіріне тарады. Суретші абстракционистердің рухани еркіндікті көрсетуі мен дүниені өздерінше сезініп, әлемнің жаратылысын түсінуге ұмтылуы негізгі мотивіне айналды. Бұл дегеніміз тылсым дүниенің құпиясын түсінуге, рухани тазаруға түскен суретшінің жан айқайы. Мұндай биіктікке жету үшін өнер адамына өзін қоршаған ортадағы алдамшы нәрселерден мүлдем бас тарту керек. Сонда ғана таза өнер туары сөзсіз.

Ал енді осы Еуропада ұзақ жылдар, ғасырлар бойы дамыған өнердегі көзқарастарды дала мәдениетінен іздеп көрсек. Әрине көшпенділердің мәдениетін отырықшы кәрі еуропаның өркениетті мәдениетімен салыстыру оғаштау көрінуі мүмкін.

Жоғарыда айтып өткендей Еуропада модернизмнен бастау алған өнердің дамуы мен ізденістері қандай жолмен әлемдік өнер тарихында ойып орын алды? Осы жолда олар нені іздеді, қандай тығырықтарға тап болды? Василий Кандинскийдің «Ішкі қажеттілік» деп отырғаны дала мәдениетінің, жалпы жер бетіндегі ұлттардың өз бет бейнесін, ұлттығын сақтау жолындағы арпалысы емес пе? Өйткені далалықтардың ойлау жүйесінде қоршаған ортаны, табиғатты бәз қалпында сақтай отырып, еркіндікте өмір сүру заңдылықтары «Ішкі қажеттілік» емес пе? Көшпенділердің ежелгі даму мәдениетінен бастап, күні бүгінге дейінгі дүниені тұтас көру, еркін ойлау, абсолюттік таным мен көзқарасты көруге болады.

Қорытынды

Көшпенділердің ғарышты, дүниені тануында тіршілік атаулының бәрі қозғалыста болады, бәрі бір бірімен жалғасып жатқан мәңгілік иесі дейді. Далалықтар мынау өмірді жалған өмір деп қарау арқылы кез келген затты белгімен таңбамен көрсету арқылы абстрактілі ойлауға, көрсетуге тырысқан. Жалған дүниені көшіруден бас тартқан. Ал өнердің тек еркін ойдың, еркіндіктің арқасында дамидығын әлемдік өнер тарихынан көреміз. Мысалыға, П.Пикассо, Брак, Модильяни өнерде өз жолдарын табу үшін Африкалық маскілер мен мүсіндерден сүйеніш тапса, Матисс шығыстың ою-өрнегі мен текемет, алаша, құрақ - көрпешеден, дала мәдениетінен өздеріне арқау іздеп тапты. Олар өнердегі жолдарын көп ізденіс арқылы тауып, осылай жаңалық жасады. Осы тұрғыда, ойымызды саралай келе, өнерді жасау үшін ұлттық өнердің алғашқы формасына арқа сүйенеріне көзіміз жетеді. Қандай да бір ұлт өзінің бастапқы дүние танымы мен қолөнерін, мәдениетін, тілін, дінін сақтамаса тұтастығы мен ұлттығынан айрылып қана қоймайды, өзге ұлттың өнерінен демеу іздейді. Өзін іздейді. Осы құндылықтарды, көзінің қарашығындай сақтай отырып, бағалай білген өнер адамы, өнерде адаспай өз жолын табары хақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Рычкова Ю.В. Р93 Энциклопедия модернизма –М.:Издательство ЭКСМО пресс., или 221 стр.
2. Б-17 Байжігітов Б. «Бейнелеу өнерінің теориялық мәселелері» -Ақтөбе: «А-полиграфия» ЖШС, ж. 240 бет.
3. «Малая история искусств» - Искусство, Москва, 1991 г. стр.117-134.

ӘОЖ 745/749
МРНТИ18.31.51

Орынбасарұлы Е., Жеделов Қ.О.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Өнер, мәдениет және спорт институтының 6M041600-Өнертану мамандығының 2 курс магистранты

Қазақстан., Алматы қ-сы.,

Ғылыми жетекші: Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Өнер, мәдениет және спорт институтының «Көркем білім» кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы

Қазақстан., Алматы қ-сы.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРЫНДА КЕЗДЕСЕТІН ДӘСТҮРЛІ МОТИВТЕР

Аңдатпа

Мақалада авторлар қазақ ұлттық қол өнерінің түрлеріне, даму тарихы мен өзіндік табиғи ерекшеліктеріне жете тоқталып, қазақ халқының ұлттық қол өнерінің ішінде орын алатын ағаш ұсату өнері бағытында ұлттық музыка аспаптарын жасауда және әшекейлеуде орын алатын дәстүрлі мотивтердің, олардың ішінде әсіресе, қазақ халқының ұлттық ою-өрнектерінің мәні мен маңызын, семантикасы мен семионтикасын, табиғи ерекшелігін, олардың түрлері мен даму тарихын, қолданысын анықтап қарастырған. Сонымен қатар, авторлар мақалада «миф», «дүниетаным», «қол өнер», «мәдениет» ұғымдарына анықтама беріп, қазақ халқының көне музыкалық аспаптары мен дәстүрлі қазақ музыка мәдениетінің даму тарихын, өзіндік ерекшелігін қарастырып, жандануына елеулі үлес қосқан этнографтардың, археологтар мен философтардың еңбектеріне талдау жасап, дәстүрлі қол өнеріне оның ішінде ағаш ұстау өнері бағытындағы «жетіген» ұлттық музыкалық аспабына анықтама беріп, оның өзіндік қасиетін, мағынасын ашып, аталған аспаптың даму тарихы мен ерекшелігін қарастырып, ол аспап туралы халық ауызында қалған аңыздың мазмұнымен таныстырып өтті. Авторлар аталған тақырыпқа байланысты зерттеген ғалымдарымыздың еңбектерін саралап, оларға терең анықтама беріп, талдағаны аңғарылады.

Түйін сөздер: музыкалық аспаптар, қазақ халқы, эстетика, мотивтер, дәстүр, мәдениет, қол өнер, ою-өрнек, архитектура, бұйымдар, шеберлер,

Orynbasarov E., Gedalof K.O.

2nd year master's degree in 6M041600-art History of the Institute of art, culture and sports of the Kazakh national pedagogical University named after Abay

Kazakhstan, Almaty,

Scientific consultant: doctor of pedagogical Sciences, Professor of the Department of "art education" of the Institute of art, culture and sports of the Kazakh national pedagogical University named after Abay

Kazakhstan, Almaty

TRADITIONAL MOTIFS IN MUSICAL INSTRUMENTS OF THE KAZAKH PEOPLE

Abstract

In the article, the authors consider in detail the history of development and the original and distinctive features of the Kazakh national applied art, defined the history of development, the essence and significance of traditional motifs, in particular, national ornaments of the Kazakh people, their semantics and semiotics, natural features and their use in national musical instruments of the Kazakh people. In addition, the authors defined the concepts of "myth", "worldview", "applied art", "culture". They studied the history of the development of ancient musical instruments of the Kazakh people, traditional Kazakh musical culture. We analyzed the works of ethnographers, archaeologists and philosophers who made a significant contribution to the revival and development of the culture of Kazakh music, including the national musical instrument "Zhetygen", and also revealed its identity, meaning, and studied the history and features of the development

of this instrument. In this regard, the authors analyzed and gave deep definitions to the scientific works of famous scientists in the field of Ethnography, art history and cultural studies.

Key words: musical instruments, Kazakh people, aesthetics, motives, traditions, culture, applied art, ornament, architecture, products, craftsmen,

Орынбасарулы Е., Жеделов К.О.

Магистрант 2 курса специальности 6М041600 - Искусствоведения института искусства, культуры и спорта Казахского национального педагогического университета имени Абая

Казахстан, г.Алматы,

Научный консультант: доктор педагогических наук, профессор кафедры «художественное образование» института искусства, культуры и спорта

Казахского национального педагогического университета имени Абая

Казахстан, г.Алматы

ТРАДИЦИОННЫЕ МОТИВЫ В МУЗЫКАЛЬНЫХ ИНСТРУМЕНТАХ КАЗАХСКОГО НАРОДА

Аннотация

В статье авторы подробно рассматривают вопросы истории развития и своеобразной и самобытной особенностей казахского национального прикладного искусства, определили историю развития, сущность и значение традиционных мотивов, в частности, национальных орнаментов казахского народа, их семантику и семиотику, природные особенности и использование их в национальных музыкальных инструментах казахского народа.

Кроме того, в статье авторы дали определение понятиям «миф», «мировоззренческий», «прикладное искусство», «культура». Разносторонне изучили историю развития древних музыкальных инструментов казахского народа, традиционную казахскую музыкальную культуру. Проанализировали труды этнограф, археологов и философов, внесших значительный вклад в возрождение и развитие культуры казахской музыки, в том числе и национального музыкального инструмента «Жетыген», а также раскрыли его самобытность, значение, изучили историю и особенности развития данного инструмента. В связи с этим, авторы проанализировали и дали глубокие определения научным трудам известных ученых в области этнографии, искусствоведении и культурологии.

Ключевые слова: музыкальные инструменты, казахский народ, эстетика, мотивы, традиции, культура, прикладное искусство, орнамент, архитектура, изделия, мастера,

Кіріспе

Қазақ қолөнерін зерттеу жұмысы тарихшылар мен этнографтардың, археологтардың ғана емес, көптеген саяхатшылар мен коллекционерлердің назарын аударып келген. Материалдық мәдениеттің, қолөнерінің өткендегісі мен бүгінгі даму жағдайын, оның өзіне тән ерекшеліктерін методологиялық тұрғыдан зерттеу қазіргі күнде де толастаған жоқ. 20-ғасырдың алғашқы жартысына жататын кезеңдегі зерттеулерде қазақ қолөнерінің сипаты, шығармашылық әлеуеті, даму мүмкіндігі дұрыс бағаланбады. Мәселен, Л.Левшин, А.Чепелов сияқты орыс ғалымдары өз заманындағы Қазақстан мен Орта Азияда таралған ою-өрнек үлгілеріне таң қалып, таңдай қақса, С.М.Дудин күнделікті тұрмыстық бұйымдар зауыт-фабрикаларда жасалып, сауда орындарына түсуіне байланысты жойылады, қажеті болмай қалады деп санайды; Р.Картуц, Е.Р.Шнейдер тәрізді зерттеушілер болса, қазақтың ою-өрнектері иран мәдениетінен алынған, иран мәдениетінің көрінісі, олар қазақтың ұлттық өнеріне жатпайды деген тұжырым жасаған. Сөйтіп, мұндай зерттеулерде қазақ қолөнерінің ұлттық негізі жоққа шығарылады.

Қазақ халқының көне музыкалық аспаптары мен дәстүрлі қазақ музыка мәдениетінің жандануына елеулі үлес қосқан ғалым Болат Сарыбаев, қазақ халқы қолөнерінің даму тарихын, ұлттық негізін қалап, жан-жақты дәлелдеп берген ғалым академиктеріміз Ә.Марғұланның, Т.Бәсеновтің, С.Қасимановтың, Х.Арғынбаевтың зерттеу еңбектерін атап кетпеске болмас. Мәселен, қазақ ою-өрнегін зерттеп, оны жіктеп көрсеткен Т.Бәсеновтің “Орнамент Казахстана в архитектуре” деп аталатын еңбегінде көптеген құнды мәліметтер келтіріліп, зерттеушінің тұжырымдары өз

кезеңінде қазақ қолөнерін зерттеген орыс, шетел ғалымдарының теріс тұжырымдарына берілген үлкен соққы болды. Бұл мәселе жөнінде қолөнерін зерттеген бірсыпыра қазақ ғалымдарының еңбектерінен кездестіруге болады [1,2,3,4,5,6].

Қазақ ғалымдарының еңбектерінде қолөнерінің мыңдаған жылдық тарихы бар екендігі, оның қазақ топырағында қалыптасқандығы жан-жақты дәлелденді.

Ал, қазақ қолөнерінің өзіндік көпғасырлық шежіресі бар. Халық шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдар XIX ғасырда Петропавлдың, Көкшетаудың, Төменгі Новгородтың және т.б. қалалардың көрмелерінің көркі болғаны анық. Бұйымдардың дайындалу тәсілі мен жасалу жолдары атадан балаға мирас болып қалып отырған. Керемет сырмақ, текемет, төсеніш, алаша, тұскиіз, қабырғаға ілінер кілемдер және т. б. киізден жасалған бұйымдар көздің жауын алар қазақша ою-өрнектермен әсемделіп, жануарлар бейнелері, өсімдіктер суреттері, әртүрлі геометриялық сызулармен өрнектелген. Сонымен бірге ертоқымды күміспен, сүйекпен әсемдейтін, қамшы өретін, асыл бұйымдар жасайтын шеберлер де болған. Біртендеп тұрғылықты өмір салтына көше бастағандық олардың өнерлеріне басқаша бағыт бере бастады. Ағаш шеберлерінің өнері де өте жоғары бағаланды. Олардың қолынан шыққан бұйымдар сол замандағы өмір салтына, тұрмыс- тіршіліне байланысты болды. Сүйектен ойылып өрнектелген, асыл тастармен апталған заттар халық шеберлерінің мәртебесін көтерді. Әйелдердің, ер адамдардың киімдерін, әшекей бұйымдарын дайындауда қолөнер шеберлері кесте тігу өнерін қолданды. Киіз үйдің ішін безендіруге де көп көңіл бөлінген. Күні бүгінге дейін ауылды жерлерде фабрикада жасалған заттардан қолөнер шеберлерінің қолынан шыққан бұйымдар әлдеқайда биік тұрады. Темірден жасалған бұйымдардың да алар өз орны бар. Жалпы алғанда қолөнері – ұлттық мәдениетіміздің айнасы. Өйткені этностың күнкөрісіне, өмір сүруіне қажетті азық-түлігі, киімі мен баспанасы, күш-көлігі мен тұрмыстық бұйымдары т.б. бәрі де қол еңбегінің арқасында қарапайым түрде яки шығармашылықпен жасалған материалдық мәдениеттің үлгілері.

Негізгі бөлім

Адамның күнделікті өмірі мен идеалдарын көрсететін өнер демократиялық кәсіби өнердің дамуына ықпал еткен маңызды факторлардың бірі болып табылады. Өнердің барлық түрлерінің көрнекті шеберлері өз шығармашылығында халық өнерінің негіздерінен шыққан. Қазақ халық өнерін қоғамның эстетикалық мәдениетінің саласы ретінде зерттей отырып, фольклордың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін Ұлттық өмір мен ойлау салты ретінде көркем-шығармашылық процесі, оның әлеуметтік-мәдени функцияларында көрініс табатын эстетикалық және мәдени құндылығын зерттеу қажет. Әр халықтың өнерінің өзіндік ерекшелігі оның еңбегі мен тұрмысының әлеуметтік-экономикалық жағдайларымен, сондай-ақ ол өмір сүретін табиғи жағдайлардың ерекшеліктерімен анықталады. Халықтар арасындағы қарым-қатынас және олардың арасындағы сауда-экономикалық байланыстар әр түрлі халықтардың көркем мәдениеті арасындағы өзара іс-қимылды тудырады.

Алайда, осы өзара іс-қимылдарға қарамастан, әрбір халық өнерінің ерекше ерекшеліктері әрқашан күшінде қалады және оның өнерін басқа халықтардың өнерінен ажыратады. Діни жүйенің ажырамас бөлігі болып табылатын музыкалық мифтер мен аңыздар ғарыш тәртібін жасаушы және тасымалдаушы, үйлесімді тұтас ғарышқа, табиғат пен адамды біріктіретін таза энергия жолсерігі ретінде әлемнің жоғарғы сатысына музыкалық аспапты қояды. Халықтың аспаптық музыкасының бірнеше кейінірек пайда болған архаикалық үлгілері, күйлер де өзінің пайда болу кезеңінде сиқырлы функцияларды орындады.

Ал, енді өзіміздің зерттеу тақырыбымызға жақындау келетін болсақ, қазақ халқының музыкалық аспаптарының ішінде ең көне музыкалық аспап болып табылатын ол- «жетіген» музыкалық аспабы. Жетіген – жасаулы да, ойналу әдіс-тәсілі де өте күрделі аспап. Ертеректе ел арасында сақталған көне жетігеннің ішегі аттың қылынан тағылып, тиектің орнына асықтар пайдаланылатын болған деседі. Аспаптың құлақ күйі осы асықтарды әрлі-берлі жылжыту арқылы келтірілген. Ішек сандары жетеу болғандықтан, аспап жетіген болып аталған. XVIII ғасырда қазақ даласын аралаған саяхатшы-этнографтар И.Лепехин, И.Георги, т.б. ғалымдар екі ішекті домбырадан басқа көп ішекті аспаптардың да болғандығын жазады. Ал саяхатшы А.С.Паллас 1786 жылғы қазақ даласын аралаған сапарында осы күндегі жетігеннің көне түрін кездестірген. «Бұл аспап шыршадан жасалған шағын ғана жәшік, оның түбі ғана бар» - деген сипаттама берген екен. Бұл аспапқа ішектер ешбір құлақсыз керілген екен. Сонымен қатар аспапты құлақ күйіне келтіру үшін, әрбір ішектің астына кішкене тиек - қойдың асықтары қойылатын болған. Музыкант ішектің ұзын жағын сол қолымен тартады да, оң қолымен дишкантта ойнайды, - деп жазған. Этнограф-саяхатшылардың осы секілді жазбаларына

қарағанда жетіген аспабы қазақ халқы арасында ХІХ ғасырдың ортасына дейін сақталып, бертін келе жойылып кеткен. Осы этнографтардың тұжырымдары мен сипаттамалары бойынша қалпына келтірілген немесе жетілдіріліп жасалған жетіген аспабының алғашқы үлгісі өмірге қайта келіп, өнеріміз бен аспаптық музыкамызда бүгінде өзінің орын ала бастады. 1817 жылғы «Сибирский Вестник» журналында жазылған анықтама бойынша белгілі шебер Оразғазы Бейсенбекұлы 1966 жылы жетіген аспабының алғашқы нұсқасын қалпына келтіріп жасап шыққан екен. Бұл алғашқы үлгінің дыбыс ауқымы бір жарым октава болып, 13 ішек тағылып жасалғандығы айғақ. Оның ұзындығы 1060 мм. Шанақ екі 250 мм болып бетіне екі-үш жерден тиектер қойылып жасалыпты. Жетігеннің ноталық жүйесін тұңғыш рет анықтаған ғалым-зерттеуші Болат Сарыбаев болатын. Жетіген аспабына байланысты ертеде халық арасында көптеген аңыздар болған. Сол аңыздардың біріне аздап тоқалып өтелік. Байырғы заманда жеті ұлынан айырылған күйші-өнерпаз жасап, «Жетігеннің жеті күйін» шығарыпты дейтін аңыз бар. Қарттың жеті ұл болыпты. Бір күні жұт кезінде қарттың жеті ұлын өлім алып кетті. Бірінші ұлы қайтыс болғаннан кейін қария "Қарағым"- "Родной мой" күйін ойнайды, екінші баласы қайтыс болғаннан кейін екінші ішекті тартып, "Қанат сынды"- "сынған қанаттар" күйін ойнайды, келесі ұлдарға арналған күйлері: "От сөнер" - "Погасло пламя", "Бақыт көшті" - "Счастье ушло", "Күн тұтылды"- "Солнце затмилось", "Ай Ай" Жеті баламнан айрылып, құса болдым " - "жеті ұлынан айрылып, соқыр болдым" деген күйлерін орындап, соңғы жетінші ішекті тартады. Сөйтіп, ұлдары жоқтап, жылап, жеті ұлын жоғалтады екен. Бұл аңыз жетіген атты ежелгі музыкалық аспабы туралы бұл аңыз еді, аталған аңыздың шығу тарихы мен терең мазмұны жақындары өзінен алшақ кетіп, әлемнің аламан апатымен байланысты болып, әлемнің екі полярлы оты сөніп, жоғалуы, өмір отының сөнуі, жер бақытының кетуі, күн мен Айдың жоғалып, ғарыш әлемі соқыр да, жансыз көрінбейтін күйде болғанын сипаттайды. Бұндай қайғыға қарама - қарсы төтеп беріп, тұрудың жалғыз тәсілі ол - қайғы-қасіретті жеңе отырып, тазару, көз жасын төгіп, жеті ішекті құрал жасау (өйткені жеті саны ол - өмірдің символы), ал ішектердің дірілдері жаңа өмір циклінің пайда болуына түрткі болатынын меңзейді.

Қазақ дәстүрлі қоғамында әрбір ру тайпалардың өзіндік музыкалық аспаптардың жиынтығы қол астында болып, сол аспаптарда өзіндік орындаушылық мәнері мен арнайы репертуарлары болған. Балалар болса саз балшықтан жасалған үрмелі аспаптарда: саз сырнай, тастауке, ысқырықта ойын ойнап көңіл көтеретін болған. Аталған саз балшықтан және жарқыраған глазурьмен көмкеріліп жасалған үрмелі аспаптар шеберлер немесе баланың өз қолымен жасалғанда олардың мотивтері мен образдары жануарлар, құстар, балықтар немесе жылқылардың жарқын суреттелген бейнелері болатын.

Аспаптық-фольклорлық музыкамызда ерекше орын алатын бұл аспап 1970 жылдан бері Б.Сарыбаев, Е.Құсайынов, С.Мерекеев, т.б. музыкашылардың орындауында жаңаша сипатқа ие болды. Жетіген аспабының қазіргі шеберлер жасаған үлгісінің дыбыс ауқымы 2-2,5 октаваға дейін жеткізілді. Қазақ халық музыка аспаптары мұражайында жетіген аспабының этнографтар сипаттамалары бойынша жасалған көне үлгісі мен жетілдірілген үлгілері сақталған. Оларды О.Бейсенбекұлы, Н.Әбдірахманов, Д.Шоқпарұлы, С.Ділманов секілді аспапшы шеберлер жасап шықты. Аспап «Сазген», «Мұрагер», «Адырна», «Отырар сазы», т.б. белгілі өнер ұжымдарында ойналып келеді. Жетіген аспабы түркі тілдес халықтардың барлығында да бар және өз тілдік атауларымен аталады. Мысалы, татарлар - «етиган», тывалықтар - «жадықан», хақастар - «шатқан» деп атап, музыкалық аспаптарымыздың да этнографтардың шығу, даму мен пайда болу негізінің ұқсас, тектес екендігін байқатады.

Қолөнерінің шығу тарихы, оның дамып қалыптасуы көне замандағы өмір сүру қажетін қамтамасыз еткен аңшылық, малшылық, егіншілік кәсіптерінің шығуымен тығыз байланысты. Қолөнері ежелгі заманда түрлі шаруашылық түрлеріне құрал-сайман, мал өнімдері мен жабайы аңдар терілерінен, өсімдіктерден, тастар мен металдан сан алуан тұрмыстық бұйымдар жасаудан бастап шығармашылықты қажет ететін зергерлік, үйшілік т.б. осы тәрізді нағыз өнер түріне айналғанға дейін ұзақ даму жолынан өтті. Қолөнерінің қай саласында болмасын өнім өндіруге қазақ жерінің табиғи байлықтары пайдаланылды. Өнім өндіру барысында табиғи құбылыстар мен жергілікті жердің табиғат жағдайы, уақыт, маусым, адамдардың тұрмыс күйі, әлеуметтік жағдайы мен қоғамдағы орны т.б. мұқият ескеріліп отырды. Соның нәтижесінде шындық болмыс, ғалам, дүние туралы, қоғам туралы білімдер жиынтығы, тәжірибе жиынтығы пайда болды.

Қолөнер рухани мәдениетпен тығыз байланысты. Қазақтың салт-дәстүрлері, наным-сенімдері, тыйымдары, ырымдары рухани мәдениетімізді бейнелейтін болса, олардың күнделікті тұрмыста

қолөнер бұйымдарына, материалдық мәдениетке қатысты тұстары аз емес. Наным-сенімдер, тыйымдар және “салт-дәстүрлер жай қолданбалы нәрсе емес, я науқандық, мерекелік көрнекі құрал емес. Ол – ұлтты рухтандырып, оның ішкі, сыртқы келбетін өрнектеп көрсетіп тұратын сипаттарының бірі. Ал осындай рухани дүниесі, сонымен сабақтас қалыптасқан материалдық өндіріс пен тұрмыс күйі әркімнің жеке басының жағдайына байланысты, тұрмыстық, дүниетанымдық жағдайына байланысты қалыптасқан жалпыхалықтық құбылыс [7].

Әрбір өнер туындысы адам әлемін жаңа рухани күшке, рухани атмосфераға айналдыруы шарт. Ондай деңгейге көтерілмеген туындылар жалған құндылықтар мен үйлесімділікті шайқалтушы теріс құралдар болып табылады. Тарихи үрдіс өнерді уақыт таразысынан өткізеді, оның керектісін қалдыруда одан артық сараптаушы, електен өткізуші, сынақшы жоқ. Адамдар тарихи мұраларды, дүниелерді, көне жәдігерлерді сақтауға тырысады. Бұл - барлық халықтардың ұлттық мәдениетіне тән құбылыс. Сондықтан біз халық шығармашылығының, ұлы суреткерлердің туындыларының құдіретті күші осында деп білеміз.

Қолөнер бұйымдары тұрмыстық, шаруашылық, әскери т.б. қажеттіліктерді өтеумен бірге қоғамның әлеуметтік жіктелісін көрсететін, реттеушілік яки эстетикалық т.б. қызмет атқаратын болса, оған қатысты салт-дәстүрлер, наным-сенімдер мен тыйымдар жас ұрпақтың ұлттық таным көкжиегін кеңейтіп, еңбекке, адамгершілікке, өскен ортасын, отанын сүйуге, тазалыққа, төзімділікке т.б. тәрбиелеу қызметін атқарған.

Қазақ халқының қолөнері - өткен тұрмыстағы материалдық мәдениеттің көрсеткіші. Ол сонымен бірге рухани мәдениетпен тығыз байланыста дамыған. Ұлттық мәдениет өмірдің барлық саласында көрінеді. Нақтылай айтқанда мәдениет халықтың үй-жайынан, киім-кешегінен, тұтынатын тұрмыстық және шаруашылық бұйымдарынан, тілі мен дінінен, еңбекке тәрбиелеу жүйесінен т.б. байқалады.

Табиғат немесе қоршаған орта қолөнер мәдениетінің қалыптасуына ерекше ықпал еткен факторлардың бірінен саналады. Географиялық ортаның, ауа райының қолөнеріне ықпалы киіз үйден, оның түрлі мақсаттарға пайдаланылатын түрлерінен, түрлі заттардың жасалатын материалдарынан т.б. көрінеді.

Қазақ ғалымдарының еңбектерінде қолөнерінің мыңдаған жылдық тарихы бар екендігі, оның қазақ топырағында қалыптасқандығы жан-жақты дәлелденді.

Бүгінгі күнде Қазақстан ғылымында ұлтымыздың тілін, дүниетанымын, материалдық және рухани байлығын, ділін, экономикалық - әлеуметтік жағдайын т.б. зерттеу жұмысы жандана түсуде. Өйткені қазіргі уақытта ғаламның батыстық үлгісі негізіндегі жаһандану процесіне қарсы тұрып, тілімізді, ділімізді, ұлттық төлтума болмысымызды сақтап қалуға айрықша мән беріліп, тәуелсіздікке қол жеткеннен бергі жерде ұлтымыздың тарихы қайта қаралып, қайтадан зерде “сүзгішінен” өткізіліп, ұлттық мәдени құндылықтар жаңғыртылып, ұлттық мәдениеттің қайнар көздері зерттелуде. Олай болса, зерттеу жұмысының бағыт-бағдары заман талабына сай келетін, [8] қазіргі ғылыми сұраныспен өзектес болып отыр.

Қазақ халқының қол өнері, мәдениет жөнінде айтқанда, біріншіден, тарих тезінен өтіп, өзіндік сипатын сақтап келген халықтың рухани қазынасын айтамыз. Бұл қазіргі мұражайларда тұрған тарихи көне ескерткіштер болса, екіншіден, қазіргі халық шеберлерінің қолынан шыққан көркем бұйымдар. Үшіншіден, осы халықтық бұйымдардың қазіргі кезеңде жаңаша көрініс табуы. Төртіншіден, осы құбылыстардың көркем шығармашылығында өз қырынан сомдалуы. Егер осы жағдайды тікелей жанамалап айтатын болсақ, әрине, бұл халықтық мұраны, қол өнерді бүгінде қоғам мүшелерінің өзінше қабылдауы, пайымдауы, бағалауы.

Қазақ халқының қол өнері ата-бабамыздан келе жатқан көптеген ғасырлар бойы шыңдалып, санамызда, рухымызда, болмысымызда өзіндік қолтаңба ретінде сіңіп қалыптасқан өнер түрі болып табылады.

Біз бұл жерде екі түрлі нәрсені ескеруге тиіспіз. Біріншісі - қазақ халқының қол өнерін алғашқы қауымдық кезең өнерімен шатастырмауымыз керек. Себебі қазақ халқының қол өнері алғашқы қауымдық кезеңдегі, тіпті одан бергі сақ, қыпшақ-қимақ, түркі мәдениеті өн бойында тұтас сақталып жатқанымен, ол - кейін де өзгерістерге ұшырап, бүгінгі күнге жеткен халықтық өнер.

Екіншісіне, кейбір зерттеушілер қол өнері деп 1920 жылдарға дейінгі өнерді жатқызады. Кеңес үкіметі кезеңінде реалистік өнердің қалыптасуына байланысты қол өнері жойылған секілді. Бұл да сыңаржақты түсінік деп есептеуіміз керек. Себебі қалай мойындамаймыз десек те кеңес үкіметі

тұсында қаншалықты қудалауына қарамастан ұлттық мәдениет өз болмысын сақтап қана қалған жоқ, сонымен бірге бейнелеу өнерімен жарысып, кей жағдайда онымен ұштаса отырып дамып келді.

Біз сөз етіп отырған қол өнер өнердің басқа түрлерінен өзгеше болып келеді. Оның өзінің болмысы, табиғи сипаты бар. Яғни дәстүрлі өнер қазақ халқының дәстүрлі өмір салтымен, материалдық және рухани дүниесімен, халықтық психологиясымен ерекшеленетін әлем мәдениетіндегі өз орнымен сипатталады.

Қол өнері - ғасырлар бойы шындалып практикалық іс-тәжірибе негізінде қалыптасқан іс-әрекеттің жемісі. Сондықтан ондағы шеберлік "қалыптау", "өру", "тігу", "бастыру", "қашау", "құрастыру", "түрлендіру", "бейнелеу" секілді "қолдан қолға", "атадан балаға" берілетін дәстүрлі тәжірибемен байланысты. Халық қол өнері, яғни дәстүрлі өнер киіз үйдің ағашын, жабынын дайындаудан, оның ішіне қойылатын мүлік-жиһаздарын әзірлеуден, көшу, қону, жол-жорық, қару-жарақ жабдықтарын жасаудан, киім тігуден, әшекей сәндік әсем бұйымдарды дайындаудан, т.б. көрінді. Бір сөзбен айтқанда көшпелі өмірдің табиғи болмысын құрайтын да, оның сәнін келтіретін де осы нәрселер мен бұйымдар еді.

Халықтық қол өнер түрлерін тану, дамыту, жаңғырту мен пайдалана білуде белгілі әдебиет сыншысы М.Қаратаевтың 1960 жылдары айтқан ойымен сәйкес келеді: "Тұскиіз, оюлы текемет, кілем, сүйекті өрнек, кесте өрім - міне, осы өнердің бәрін халық жасаған, халықтың әсемдікті сүю сезімі, талғамы осы өнерде бейнеленген... өнердің халықтың арғы негізінен қол үзбедер, себебі өнердің шын мәнісіндегі халықтығы ғана жақсы. Ол тамғамның, өміршеңдіктің, өшпес әсемдіктің кепілі болып табылады" [9, 26-27 б.].

Қазақ ою-өрнегін зерттеуге тұтас өмірін сарп еткен сәулетші Т.К.Бәсеновтің айтуынша: "Халықтық қол өнерге әдет-ғұрып жабдықтарымен қатар, аң-аулауға, мал өсіруге және егіншілікке қажетті жабдықтар да кіреді. Киіз үйдің сүйегін (кереге, уық, шаңырақ), ағаш кереует, кебеже сандық жасау, кілем, сырмақ, алаша, ши, түрлі басқұрлар тоқу, арқан жіп есу, көннен және шиулі теріден қайыс таспа тігу, өрімдер өру, қолдан әр түрлі ыдыстар, бесік жабдығы, т.б. көптеген заттарды халық шеберлері, өнерпаздар өз қолдарымен жасап, түрлі нақыштармен әшекейлейтін болды. Қолөнердегі көңілге қонымды мәнерлер мен ондағы қолданылған әдістер архитектурада кеңінен қолданылып келеді" [10, 72 б.].

Қазіргі халқымыздың бойынан табылатын жақсы моральдық қасиеттердің түп негізі ғасырлар қойнауында қалыптасқан құндылықтар әлемінде деп білеміз. Ол құндылықтар ұрпақтан-ұрпаққа ауыз әдебиеті арқылы берілген эпостарда, фольклорда, аңыз-әпсаналарда, айтыс өнерінде, қол өнер түрлерінде, дүниетанымдық түсінікте жақсы сақталып келеді.

Енді "дүниетаным" мәселесіне келейік. Біздің тақырыбымыз бойынша қазақ халқының музыкалық аспаптарында кездесетін дәстүрлі мотивтер мәселесі берілген. Бұл кездейсоқтық емес.

Мәдениет, рухани өмір тұтас алғанда дүниетаныммен байланысты. Кейбіреулер қазіргі адамда өз мағынасында дүниетаным болмайды деп есептейді. Егер дүниетаным болмаса мәдениеттің де болмағаны. Егер біз дүниетанымды алға шығарсақ, сол секілді адамгершілікті, ізгілікті, иманжүзді әлемтану мен өміртануды жоғары қоятын болсақ, біз мәдениеттің құлдырауын тоқтатып, табиғи, жанды мәдениетті жаңғыртқан болар едік [11, 60 б.].

Соңғы шыққан сөздіктердің бірінде дүниетаным дүниеге деген көзқарастар жүйесі мен адамның осы дүниедегі орнын анықтайды, оның осы дүниеге, басқа адамдарға, өз-өзіне қатынасын анықтай отырып, тұлғалық қалыптасуына әсер етеді [35, 639 б.]. Осы сөздіктерде адам - қоғам - табиғат арасындағы өзара байланысқа жүктелгенмен біздің ойымызша дүниетанымның әлеуметтік және ұлттық негіздері бар екендігі сөзсіз. Дүниетанымның ұлттық негіздері тұрақты әлеуметтік қоғам қалыптастырған алғышарттарға сүйенетіндігі сөзсіз. Кейін әлеуметтік қоғам дамып және оның іргелі тұғырлары мен қондырмалары өзгеріске ұшырағанның өзінде дүниетанымның ұлттық белгілері бұрынғы қалыптасқан дәстүрлі негізден ауытқымақ емес. Себебі ол ұлттық ділдің, яғни ұлттық менталитеттің негізін анықтайды. Қалыптасқан және тұрақты дүниетанымдық көзқарастарға байланысты біз өзіміздің ұлттық қасиеттерімізді танимыз. Қазақ екендігімізді білеміз. Қазіргі заманда бүгінгі күн тудырып отырған қоғамдық сана халықтық дүниетанымның сыртқы келбетін өзгерткенмен, біз бұрыннан қалыптасқан ұлттық сананың, салт-дәстүрдің, ырым-жоралармен 21 ғасырдың басына дейін жеткен халықтық мұралардың негізінде дүниетанымның ұлттық негіздерін тани аламыз.

Философтардың пайымдауынша дүниетаным дегеніміз адамның дүниеге (әлемге) деген рухани қатынастарының негізі болатын және солардың бәрін жалпылама түрде қамтитын, адам мен әлемнің

саналуан арақатынасын білдіретін ұғым екен. Олар: "адамның дүниемен байланысы, оны тануы белгілі ұлттық жағдайда қалыптасатындықтан, дүниетанымның ұлттық белгілері болады",- деп анықтама береді [12, 33 б.].

Дүниетанымның тарихи формасы мифология болып табылады. Мифология, біріншіден, адамның өзін таныту құрылымы, адамның шығармашылық қабілеттерін айқындаудың ежелгі, мәңгілік бітімі. Екіншіден, мифология мифтің теориясы мен түсініктемесі. Миф теориясын зерттеуші ғалымдар Э.Тайлор, Дж.Фрезер, К.Леви-Стросс мифологияның дәстүрлі өнерге және дәстүрлі дүниетанымға қатысты табиғатын ашуға мүмкіндік жасады [13]. Леви-Стросс үшін мифология белсенді әлеуметтік күш болумен бірге дәстүрлі өнерді модель ретінде түсіндіруші құрал ретінде қарастырады. Психологиялық мектеп пен оның өкілдері Л.Леви-Брюль, З.Фрейд, К.Г.Юнг мифшығармашылықтың негізінде дәстүрлі қоғам адамының дүниені қабылдау ерекшелігі арқылы түсіндіреді.

Дүниетаным үшін мифология да жалғыз бола алмайды. Бұл жерде діннің де рөлін айта кеткен жөн. Дүниеге діни көзқарас және соған сәйкес келетін дүниетаным типі алғашында мифологиялық сана шеңберінде қалыптасады екен. Алайда миф пен діннің арасында айырмашылық бар. Өйткені миф нақты бейнелер арқылы қабылданады.

Мифтік аңыздар мен эпсаналар қол өнердің пластикалық сипатын ауызша суреттеуге, оны бейнелеп түсіндіруге көмектеседі. Мифті табиғат пен қоғамдық өмірдің синкреттік образды бейнесі ретінде қарастыруға болады. Сондықтан да қол өнері бұйымдарында, соның ішінде музыкалық аспаптарда бейнеленетін дәстүрлі образдық мотивтерде де мифтік бейненің пластикалы көрінісін байқауға әбден болады. Алдымен ол мотивтер мен көркем образдар пәле-жала, қауіп-қатерден қорғаушысы ретінде көрінсе, екіншіден, ол - әлемдік модельдің бейнесі ретінде де көрініс тапқан. Одан кейін ол эстетикалық қасиетке де ие. Жалпы, өзіміздің тақырыбымыздың аясына келіп тоқталатын болсақ, қазақ халқының музыкалық аспаптарында кездесетін дәстүрлі мотивтерде де өзіміздің қарапайым ою-өрнектерімізді жатқызуға болады.

Ш.Уәлиханов, Фзарре, Е.Херцфельд, А.Попе, С.Дудин, В.Чепелев, С.И.Руденко, В.Кантор, Ә.Марғұлан, Т.Бәсенов, Е.Микульская, А.Медоев, М.Мұқанов, Х.Арғынбаев секілді ғалымдар қазақ халқының дәстүрлі өнерін, соның ішінде осы ою-өрнектің көрініс сипатын тарихи-этнографиялық, өнертанымдық, теориялық жағынан зерттеді. Кеңес үкіметі алғаш құрылып, қазақтың дәстүрлі мәдениеті теориялық, этнографиялық тұрғыда енді меңгеріліп жатқан кезде С.М.Дудин [14], Е.Р.Шнейдер [15,1596] зерттеулерімен салыстырғанда В.Чепелев қазақ өрнегінің өз тарихи дамуы бар, ол өзінше дәстүрлі рухани мәдениетпен, дәстүрлі әлеуметтік өмірмен байланысты екендігін айтады. Ол қазақ халқының шығармашылығының өзіндік тарихы, спецификалық ерекшеліктері бар екендігі сөзсіз дейді [16,7 б].

Кез-келген өнер секілді ою-өрнектің де мазмұны бар екендігі белгілі. Тек қана оның астарлы мазмұнының жан-жақты және терең мәтіндері бізге жетпей қалды. Оған 70 жыл бойы "халықтық өнер - кертартпа өнер" деп жар салып келген социалистік идеология да кінәлі екендігін айтуымыз керек. Егер бұл өнердің мазмұны болатын болса, оның тақырыбы, қозғайтын мәселелері және белгілі бір сюжеті болуға тиіс. Ондай сюжеттер кейде халық арасынан алынады, кейде жазушылар өз қиялынан құрастырып жатады.

Ою-өрнек өзінің тарихи дамуы барысында нақышталып, күрделене түсті. Ою-өрнек - ұлттық дүниетаным мен көзқарастың форма түріндегі көрінісі еді. Бертін келе оның көптеген мазмұндық белгілері ұмытыла бастады. Сондықтан да ХХ ғасырда ою-өрнектің сәнділік, раужды үйлесімі әшекей сәнді өрнек ретінде ғана қолданылатын болды. Дегенмен ер адам мен әйел киімдеріндегі, күнделікті пайдаланылатын тұрмыстық бұйымдардағы, қару-жарақ пен киіз үй безендірілуіндегі көптеген заттардың ою-өрнегі, әшекей-нақышы, оған пайдаланылатын материалдар өзінің киелі қасиетін, салт-жоралармен байланыстылығын, ырым ретіндегі нышанын әлі де болса жоғалтқан жоқ.

Көптеген әдебиеттерде *ою-өрнек* төртке бөлінеді деп көрсетілген. Олар: өсімдік тәріздес өрнектер; зооморфтық ою-өрнек; космогониялық өрнектер; геометриялық өрнектер. Әрине, бұл шартты ажыратулар. Қазақ ою-өрнектерін зерттеушілердің бірі С.Қасиманов күнделікті қолданыста ою-өрнектің 200-ге тарта түрі бар екендігін айтады [17,32 б].

Зерттеушілер космогониялық өрнектің екі түрлі қасиетін атап өтеді: өрнектердің дүниенің құрылымдық структурасын білдіруі және оның дүниетанымдық түсінікпен байланысты болуы; мәңгілік қозғалыстағы табиғат (жыл мезгілінің ауысып келуі) және табиғи құбылыстар (аспан әлемі және ай, күн, жұлдыздардың қозғалысы) [18,896]. "Фольклорда, салт-дәстүрде, ою-өрнекте осы

кезеңде көрініс тапқан адамды толғандырған екі нәрсе жөнінде айтуымызға болады. Біріншісі - дүниенің құрылымы. Екіншісі - табиғат құбылыстары. Алғашқы адамның Жаратылыстың структурасы жөнінде күн мен түн, жыл мезгілдерінің айналып келуі; күн, ай, жұлдыздардың қозғалысы; климаттық құбылыстар мен стихиялы жағдайлар т.т. жөнінде тереңірек ойланып, олардың рәмізді белгілерін образды бейне ретінде қалыптастырды. Ол өзінің тарихи дамуы барысында нақышталып, күрделене түсті. Ою-өрнек - ұлттық дүниетаным мен көзқарастың форма түріндегі көрінісі еді. Бертін келе оның көптеген мазмұндық белгілері ұмытыла бастады" [19,110 б].

Оюлардың ішінде түрлі-түсті бояулармен, айшықты бейнелеуге икемдісі - өсімдік тәріздес өрнектер. Ол шығыс халықтарының арабескі үлгілеріне жақын.

Қазақ оюларының ішінде біз берген классификацияға кіре бермейтін түрлері де бар. Олар стильденген реалистік бейнелер. Кейбір тұрмыстық бұйымдар бұрын сюжеттік композициялармен таңбаланатын. Оларды реалистік өнердің бір варианты ретінде айтуға болады.

Шоқан Уәлиханов қазақтар айды ерекше құрмет тұтқанмен, күнді ай секілді қасиет тұтпағанын айтады [57,20 б]. Дегенмен "күн көз" өрнектің басқа өрнектердің ішінде басты таңбалардың бірі екендігін білеміз. Сәндеп кестеленген "күн шеңбері" өрнегі хандардың, халыққа қадірлі би, батырлардың, сұлтандардың, бір әулеттің үлкені саналатын адамдардың шапанының арқасына салынған. Қ.Мұратаев "арқасына дөңгелек оюды қондырған адамдарды сахнадан да, көшеден де кездестіресің" деп қынжылады. "Олар оны тек сән үшін деп ұғады. Ал мұндай оюды ертеде хандар, билер, сұлтандар, бір әулеттің үлкендері ғана пайдалана алған. Себебі онда күннің бейнесі бар. Яғни, "асыраушың (жарылқаушы) мағынасын білдіреді. "Менің арқамда күн көріп жүрсің" қарапайым қазақтың сөзінің тұжырымы іспетті" - деп тұжырымдайды [20,8 б].

Сөйтіп, космогониялық өрнектің табиғатында ежелгі дүниетанымдық түсінік жатыр екен. Өрнек арқылы ырым-жоралар мен діни-мифологиялық түсініктер негізделеді.

Қазақтың қол өнерінің өзіне ғана тән сипаттық ерекшелігін ою-өрнектің көркемдік жүйесі негізінде қарастыратын болсақ, оның композициясындағы тұрақтылықты ою-өрнектің симметриялылығы, тепе-теңдігі, жайсаң жазықтылығы айқындайды. Дегенмен сырт көзге тұрақты болып көрінетін осы композициялық құрылым керемет ішкі энергия мен динамикалы күшке толы. Қол өнері бұйымдарындағы ою-өрнектің сыртқы құрылымына зер сала қараған адам бір өрнектен екінші өрнекке әуенді өтулерден, бір түстен екінші бояу түсіне үйлесімді ауысуларынан кез-келген ою-өрнектің негізін құрайтын симметриялық пен статикалықтан асимметриялық пен динамиканың пайда болғанын байқар еді. Ою-өрнектің сыртқы контур сызықтарының пластикасы мен өзіндік пішіндерінің бір-бірін ырғақты қайталаулары, иірімді өтулері композицияны қозғалысқа ендіреді.

Оның дүниетанымдық мағынасының көркемдік мүмкіндіктері жөнінде Қ.Нұрланова кез-келген қоғамның өзіне қажетті белгілері болатындығын және дүниеқатынастағы үйлесімділіктер оның өнерінен де байқалатындығын атап өткен [21, 209 б].

Қорытынды

Адам жеке тұлға ретінде әлемді тануға ұмтылған кезде оны бейнелеп қана қоймайды, ол оны жетілдіріп, дамытуға да тырысады. Сондықтан өмірді жоғарғы рухтың, үйлесімділіктің өте нәзік заңдылықтарына сәйкес өзгертем, яғни оған өз тұрғымнан үлесімді қосам деген жеке адам барлық өмірін шығармашылық әлемінде өткізеді, өмірін соған сарп етеді. Бұл жерде, З.Фрейд түсіндіргеніндей, шығармашылықтың қайнар көзі тек қана сублимациялық үрдістерде дей алмаймыз. Өйткені, шығармашылық адамның рухани болмысымен астасып, оның мәндік түп тамырын айқындай түседі.

Өзінің дүниедегі орнын жаңа жағдайда табу қажеттілігіне душар болғанда, өткендегісін ұмытып, өз халқының тарихи тәжірибесінен қол үзген адамның болашағы болмайды. Өткендегісі жоқ адам рухани дүниесі тар адам. Сондықтан ол тек күнбе-күн күйкі тіршіліктен шыға алмайтындығын Шыңғыс Айтматов ағамыз өткен ғасырдың 80-ші жылдары айтқан еді [22,46].

Осы үлкен рухани олықтың орнын толтырып, халқымыздың рухани – мәдени тұлғасын қалпына келтіріп, оның нәрінен рухани қуат алу – біздің басты борышымыз.

Өзгелер сияқты бүгінгі таңда қазақ халқы да өзінің рухани-әлеуметтік тіршілігінің өн бойында фольклорлық мұраларды дүниеге әкелу үстінде. Ондай мұраларды тіліміздің даму процесінен, қол өнері мен бейнелеу өнерінен, салт-дәстүрімізден, музыкамыздан, сөз өнерімізден, ойын-сауықтарымыздан мол ұшыратуға болады. Қысқасы, халық өзінің барша болмысында бір сәт шығармашылық тұғырынан таймақ емес. Халық бар жерде фольклорлық мұраның жасалу процесі

тоқтамайды. Ал енді халықтың сол шығармашылық ұмтылыстары тудырып жатқан айғақтар бірыңғай асыл ма немесе жасық па, оны іріктей, жіктей тану біздің көркемдік талғамымыздың мәселесі.

"Қазақтың аса бай ән-күйі шындықты көркем бейнелеуде адамгершілік нәзік сипатымен, саф тазалығымен, өмірге күштар көтеріңкі лебімен және тіршілікпен қойындасып жататын шынайылығымен – халық жаратылысын ерекше асқақ адамгершілікпен толғаған, терең философиялық синтезге толы әсерге бөлейді",- деп көрнекті музыка зерттеушісі Б.В. Астафьев жазған болатын. Эпостарымыз бен сәулет өнері, сын тастар мен петроглифтеріміз, ән-күйлеріміз, қол өнеріміз бен салт-дәстүріміз тарихи ескерткіштер ғана емес, ол біздің өмірбаянымыз бен тарихи құжатымыз. Сонымен бірге бүгінгі заманымыздағы рухани өрістеріміздің баршасына төлтума қасиет дарытатын қайнар бұлақ. Бүгінгі болмысымыздың асылы мен жасығы – неғұрлым артқа шегініп қарасақ айқын көрінеді. Қазіргі рухани толысуымызға ғасырлар қабатын зерделей қарай білуіміз керек. Мәдени үрдіс жаңа сапаға көтерілерде өзінің бастау тегіне ұдайы шығармашылықпен қарауды талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Маргулан А.Х. *Казахская юрта и ее убранство*. –Москва: 1964;
2. *Казахское народное прикладное искусство*. –Алма-Ата: *Өнер*. Том 1, 1986, том 2, 1987, том 3, 1994;
3. Басенов Т. *Орнамент казахстана в архитектуре*, 1957;
4. Қасиманов С. *Қазақ халқының қолөнері*. –Алматы: Қазақстан, 1969. –248 б.;
5. Тәжімұратов Ә. *Шебердің қолы ортақ*. –Алматы: Қазақстан, 1977. –96 б.;
6. Аргынбаев Х. *Қазақ халқының қолөнері*. –Алматы: *Өнер*, 1987. –128 б.
7. Манкеева Ж. *Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы*. Филол.ғыл.док. ... дисс. авторефераты. –Алматы, 1997. –53 б., 5б
8. Қайдаров Ә. *Қазақ тілінің өзекті мәселелері*. –Алматы: Ана тілі. –304 б., 8
9. Қаратаев М. *Әсемділікке үйрететін ұстаз*, Алматы, 1965.
10. Басенов Т.К. *Орнамент Казахстана в архитектуре*, Алма-Ата, 1957.
11. Швейцар А. *Культура и этика*, М., 1973, С. 60.
12. Ергалиев І.Е., Телібаев Ғ. *Қазақ дүниетанымының негізгі ұғымдары //Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының хабарлары, 1993, Қоғамдық ғылымдар сериясы, №3, Б. 32-38*
13. Тайлор Э.Б. *Первобытная культура /Пер. с англ, М., 1989, 573 с.*; Фрэзер Д.Д. *Золотая ветвь: Исследование магии и религии /Пер. с англ, 2-е изд, М., 1983, 703 с.*; Леви-Стросс К. *Структурная антропология*, М., 1983, 535 с.
14. Дудин С.М. *Ковровые изделия Средней Азии, В сборнике: Музей антропологии и этнографии, Т.VII, Л., 1928.*
15. Шнейдер Е.Р. *Казахская орнаментика, //Казахи: Сборник статей антропологического отряда Казахской экспедиций АН СССР. Исследование 1927, Вып. II, Л., 1930, 334 с, (159).*
16. *Казахский народный орнамент /Вводная статья и прим. к таблицам В.Чепелева; Зарисовки художника Е.А.Клодта, М., 1939.*
17. Қасиманов С. *Қазақ халқының қолөнері*, Алматы, 1995, 240 б.
18. Байжігітов Б.К. *Ою-өрнектің тұрақты белгілерінің табиғи сипаты //Ізденіс-Поиск, 1996, №1, Б. 79-89.*
19. Байжігітов Б.К. *Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелері: Кеңістік пен уақыт ырғағындағы тұрақты сурет үлгілері*, Алматы, 1998, 192 бет.;
20. *Ұлттық ою-өрнек сырлары //Заман-Қазақстан, 1992, 22 мамыр, 8 б.*
21. Нурланова К. *Символика мира в традиционном искусстве казахов //Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством*, Алматы, 1993, 264 с, С. 208-237.
22. *Новый мир, № 1980, С. 4-6.*

UDC 7.5527
SRSTI 18.09

M.M. Shalenova

*master student, Abai Kazakh National Pedagogical University
Kazakhstan, Almaty e-mail: mashulya_22@mail.ru*

DECORATIONS OF CHILDREN'S ILLUSTRATIONS OF POLYGRAPHIC PRODUCTS IN KAZAKHSTAN

Abstract

The article is devoted to the analysis of the genesis of the phenomenon of Kazakhstan children's book illustration. The author, considering it in historical retrospective, is trying to highlight its features and specifics. The article also touched on some aspects of the design of the book in general, and children in particular. At the present stage, book illustration is an interesting dynamically developing kind of graphics. Moreover, the author focuses on the importance of children's book illustrations as the most important cognitive and informative content that is of particular importance in the development and upbringing of the child.

Kazakhstan illustrators of children's books are striking in their stylistic diversity. Indeed, it is clear that every artist is a bright individuality and, starting from the text, creates his own artistic world - amazing and magical. But, at the same time, there is still something to which we strive for children's book illustrations.

Key words: illustration, book, children, age features, specificity. Kazakhstan

M.M. Шаленова

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің магистранты,
Қазақстан, Алматы e-mail: mashulya_22@mail.ru*

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАЛАЛАР БАСПА ӨНІМДЕРІНІҢ ИЛЛЮСТРАЦИЯЛАРЫН БЕЗЕНДІРУ

Аннотация

Мақала Қазақстан балаларының кітап иллюстрациясы феноменінің генезисін талдауға арналған. Автор тарихи ретроспективада қарастырып, оның ерекшеліктерін бөліп көрсетуге тырысады. Мақалада кітап дизайнының кейбір аспектілері, әсіресе балалар кітабы туралы айтылды. Қазіргі кезеңдегі кітап иллюстрациясы - графиканың қызықты дамып келе жатқан түрі. Сонымен қатар, автор баланы дамыту мен тәрбиелеуде ерекше маңызы бар танымдық-ақпараттық контент ретінде балалар кітап иллюстрациясының маңызына ерекше назар аударады.

Қазақстандық балалар кітабының иллюстраторлары стилистикалық әртүрлілігімен таң қалдырады. Шынында да, әр суретшінің жарқын даралық екендігі және мәтіннен бастап өзінің көркемдік әлемін - таңқаларлық және сиқырлы етіп жасайтындығы айқын. Сонымен бірге, балалар кітаптарын иллюстрациялауға әлі де тырысып жақсартуға мүмкіндік бар.

Түйін сөздер: иллюстрация, кітап, балалар, жас ерекшеліктері, Қазақстан

М.М. Шаленова

магистрант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: mashulya_22@mail.ru

ОФОРМЛЕНИЕ ДЕТСКОЙ ИЛЛУСТРАЦИИ В ПОЛИГРАФИЧЕСКОЙ ПРОДУКЦИИ КАЗАХСТАНА

Аннотация

Статья посвящена анализу генезису феномена казахстанской детской книжной иллюстрации. Автор, рассматривая ее в исторической ретроспективе пытается выделить ее особенности и специфику. В статье также затронуты некоторые аспекты дизайна книги вообще, и детской в частности. На современном этапе книжная иллюстрация - интересный динамично развивающийся вид графики. При этом, автор особо акцентирует внимание на значении детской книжной иллюстрации как важнейшего познавательного-информативного контента, имеющего особое значение в развитии и воспитании ребенка.

Казахстанские иллюстраторы детской книги поражают стилистическим разнообразием. Ведь, безусловно, что каждый художник – это яркая индивидуальность и, отталкиваясь от текста, творит свой художественный мир - удивительный и волшебный. Но, вместе с тем детской книжной иллюстрации есть еще к чему стремиться.

Ключевые слова: иллюстрация, книга, дети, возрастные особенности, специфика. Казахстан

A children's book, like any other, is a holistic ensemble in which work on an illustration is a consistent harmonious process. It is clear that the illustrations that accompany children's books figuratively open the child to a literary text, while decorating the book and enriching its substantial and decorative structure. Therefore, we believe that a children's book is a synthesis of publishing, art and aesthetic education of children. Here we “kill” two “birds with one stone” at once: training and education. At the same time, unobtrusively. Therefore, the effect of the book on the child is largely determined by the role and place in it of an artistic drawing - illustration. A well-known debate on whether or not an illustration is needed in an art book is unfruitful for children's literature.

It has long been proven that illustration for children is also important as the text of the book itself, and for younger age even more important than the text. An illustration in a children's book is a kind of visual way cognition, which is included in the system of cultural universals that provide the child with an understanding of the world. The task of the illustrator is to dynamically expand the knowledge obtained through the book” - writes M. A. Alueva [1, p.2].

Illustration in a children's book is the most effective means of aesthetic and moral-cognitive education of a child.

In Kazakhstan, there is a certain school of illustrator artists. The most significant masters of their time turned to children's book illustrations, such as E. Sidorkin, I. Isabaev, B. Pak, K. Bekenov, T. Ordabekov, N. Gaev, A.R. Yuldashev, S. Utemisov, K. Kametov. They set themselves the task of seriously and fully revealing the images and contents of the work of art, creating wonderful illustrations for the works of Kazakh and foreign literature. Certainly that their skill, not considering, of course, an excellent approach to drawing and modeling, consisted in deciding which information should be brought to the fore and which to the background? Namely, these illustrators demonstrated a special Kazakhstan approach to illustration: the possibilities of illustration go far beyond the original context of a literary work, and try to comprehend it with deeper categories.

With Kazakhstan gaining independence, artists have gained a wider opportunity for the realization and embodiment of artistic expression. The modern graphics of Kazakhstan are represented by a variety of names, an extensive stylistic range, the latest technologies and other innovative forms. Artists along with a close connection with the national tradition got free access to the world cultural space. World experience and traditional values in the work of modern graphics were interpreted to new forms of expression of creative thought. Along with innovation, artists continue to use classic graphic techniques, such as etching, woodcut, lithography and linocut. However, it should be noted that widespread computerization played a negative role in the development of graphic art, which was due to a kind of rejection of traditional graphic techniques in favor of graphic design in book design using advanced technologies [1, p.181].

One of the most interesting modern Kazakhstan book illustrators Dina Buksikova, working both for domestic publishers and foreign. For a long time she worked in the children's magazine "Shusha". Her illustrations are distinguished by a special composition; color and rhythm (the alternation of large volumes with small ones) help to feel the mood of the heroes of the book.

Naturally, the artist must read the manuscript before starting work. So, for young readers, illustrations should be close to realism, be sure to be vivid. After all, they need juiciness, brightness.

Another Kazakhstan illustrator: Marat Kumekov. The artist illustrated about a dozen domestic publications. All drawings are created on a computer. The versatility of the artist is striking. It is easily controlled by comics and drawings in traditional themes.

No less interesting is T. Myasnikova. The artist works a lot with Russian and Kazakh publishers. The work is distinguished by laconicism and elegant simplicity.

A special place in this series is occupied by the work of E. Sidorkin. So, we can safely say that the book illustration of Kazakhstan is inextricably linked with the name of E. Sidorkin. His work is recognized as one of the brightest pages of Kazakhstan graphic art. During his lifetime, he was widely known both in the Soviet Union and abroad. This is evidenced by his victories: the bronze and gold medals of book exhibitions in Leipzig, the 1st prize and the gold medal of the International Biennale of Graphic Arts in Krakow, diplomas of exhibitions in Venice, Budapest [2]. His lithograph "Lullaby" gained European and world fame, back in 1963 it became a symbol of Kazakh art, recognized as the best at the international graphic biennale in Germany. High appreciation of the works of E. Sidorkin is an indicator international recognition of Kazakhstan book graphics.

The artist's arrival in Kazakhstan (1957) and a meeting with Kazakh culture became a significant event not only in his personal life, but also in his creative career. At its core, it is the Creator, who was able to comprehend a different ethnic culture with incredible depth, to feel it to the deepest foundations.

The unique art of the Kazakh people, its rich folklore and history all their lives fascinated the artist. Perfectly owning all kinds of graphic techniques, E. Sidorkin was not only an excellent drawing designer, but also a teacher, a master of printing. Based on Kazakh folk tales E. Sidorkin created a series of lithographs and colored watercolors "Merry cheaters" (1958-1959).

The artist's work is filled with the real humor of the people, original and brilliant characteristics of the characters, in which the peculiarities of national character, spirit and thinking are concentrated [3]. This is Zhirenshe (Жиренше) (1958) from the series on the topics of Kazakh folk fairy tales "Merry cheaters," and Kyz-Zhibek, Er-Targyn, Alpamys-batyr from illustrations to "Kazakh Epic" (1958), and heroes of "Kyrgyz fairy tales". Stylized images of numerous characters conquer the naughty and characteristic of each type. To create visual parallels of images of folklore stories the artist helped to carefully study Kazakh ornamental art with its centuries of refined plastic, sophistication of lines, spots and masses.

So, for his short life E. Sidorkin illustrated a lot of the domestic literary heritage. The following works are considered the most outstanding: in the late 50s and early 60s, the artist illustrates the two-volume book "Kazakh Epic" and the Kazakh folk tales "Funny Cheaters"; in 1963, the Kazakh National Games series of easel lithographs appeared, which includes four auto lithographs: Кызкуу (Қыз қуу), Вага (Бәйге), Көкпар (Көкпар) and Hunting with Eagle. In 1964, the artist creates a series of monumental auto lithographs "Reading Saken Seifullin" and in the 60s and 70s, the artist illustrates M. Auezov's novel "The Way of Abai".

For a series of illustrations to M. Auezov's novel "The Way of Abai," E. Sidorkin was awarded the State Prize of the Kazakh CCR. This work was addressed twice by E. Sidorkin. The first time, in 1960, the artist worked on a product in the technique of linocut, and in the second, ten years later, for the series "Library of World Literature" - in the technique of autolithography. For the first, Kazakh, edition E. Sidorkin worked with the author himself, planning with M.O. Auezov node moments of future graphic sheets. The writer was very imbued by the artist's idea to make these sheets not literally illustrated, but in the form of generalized images. The preference of M.O. Auezov shows his attitude to the book illustration, which he perceived as an independent work [2].

Here it is possible to say boldly: through Abai it is possible to discover the talent of E.M. Sidorkin, and then E.M. Sidorkin will open to us his Abai as the greatest thinker of Eurasia, and the whole world. I think that starting with the creativity of E. Sidorkin, the whole subsequent rise of Eurasianism is defined as the ideas of peace through the rapprochement of cultures in Kazakh fine art, he on his personal example showed that such symbiosis, synthesis of dialogue of cultures of Eurasia, in particular Russian and Kazakh.

The artist recalled: “performing them, I tried to bring the plastic layer of the image as close as possible to the folklore basis. Indeed, it is in the search for this plastic equivalent of the verbal fabric of the work that the main difficulty of the illustrator lies. To connect the pearls of folklore with the figurative expression of the theme as close as possible, I turned to the ancient Kazakh art. To that art, which is still in vain, we discover it during archaeological excavations, art that literally goes back centuries, when the language was born, the nation, the culture of the people was born. Therefore, in my illustrations, the characters are of a sculptural nature. It is as if they were cast from bronze, from the gold that we extract from our research [4].

Each work clearly shows how in the soul of the artist the sense of national shape, plastics, features of composition, rhythms, character, gesture and figurative expression matured and strengthened. But the artist's illustrations for the novel "The Way of Abai," where the artist is co-authored with the writer, demonstrates his vision and figurative interpretation of the era, heroes and their characters, events described in the novel, are especially noteworthy for us. Each sheet is a self-contained work.

Distinguishing the artist's handwriting, it is his desire not only to follow the story, but also the desire for deep knowledge and figurative transmission - his author's interpretation of the literary work. It is striking how much the artist can be woven into the precious foundations of the national image of the world of Kazakhs, available to a person with a wide world view and a thin flair, that is, a real artist.

